kazconf
media conference

«ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

14-15 мамыр 2020

PROCEEDINGS

of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC POTENTIAL OF CONTEMPORARY YOUTH»
14-15 May 2020

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции
«НАУЧНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ»
14-15 май 2020

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 001.8(063)
КБЖ 72
Қ 16

Редакция алқасы:
А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:
А.А. Амангелдиев , Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:
A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Elamanov

Қ 16 **«Қазіргі жастардың ғылыми әлеуеті»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020. – 384 б.
«Научный потенциал современной молодежи» Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Нур-Султан: Центр «Bilim Innovations Group», 2020. – 384 с.
Proceeding sinternational scientific and practical conference **«The scientific potential of contemporary youth».** – Nur-Sultan, Center «Bilim Innovations Group», 2020. – 384 p.

ISBN 978-601-332-747-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ғалымдардың қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых по по актуальным проблемам современной науки.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and scientists on topical issues of modern science.

ӘОЖ 001.8(063)
КБЖ 72

ISBN 978-601-332-747-1

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020
© Center «Bilim Innovations Group» 2020

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

ҒТАМР 17.71.91

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ СИПАТЫ

И.Ж. Ермуханова
Аға оқытушы, магистр, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ.
А.А. Алданазарова
Студент, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ.

Мақалада Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы ескі сөздер іріктеліп алынып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескі сөздердің қазіргі кездегі сипаты талданған. Қазақ халқының тарихынан ақпарат берген ескі сөздер көп кездеседі және ғылыми тұрғыдан баға берілген.
Түйін сөздер: архаизмдер, тарихи шығарма, тіл, этноатаулар, Ә. Кекілбаев.

Ұлттың рухани қазынасын танып білудің бір кілті сөзде жатыр. Тарихи және мәдени кезеңдерден өткен ескі сөздердің тілдік табиғатын білу ғылым мен адам үшін маңызы зор болмақ. Өйткені, сөздердің тарихынан тіл тарихы жасалатынын жақсы білеміз.

Тіл қоғамдық құбылыс екендігін ескере отырып ондағы болып жататын неше алуан өзгерістер сөздік құрамның дамуына да түр түрлі әсер ететінін де ұмытпауымыз қажет. Көп жағдайда тілдің лексикасы жаңа сөздердің есебінен кемелденіп, үнемі толығып отырса, енді бір ретте кейбір сөздердің тозығы жетіп көнеруіне әкеп соғады. Көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі, қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біріне жеткенмен, кейінгілерге еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмтыла бастайды. Бара-бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне карай көнерген сөздер *архаизмдер* және *историзмдер* болып екіге бөлініп, бұл қолданыстар көбіне тарихи жанрдағы шығармаларда орын алады. Архаизмдер көркем шығармада экспрессивті-эмоционалды реңкке ие болады да, автор өз ойын ерекше, көзге түсетін сөзбен білдіреді. Архаизмдер белгілі стилистикалық эффект беру үшін де қолданылады.

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыра да мол дүние. Әрбір қалам қайраткерінің табиғи талантын, дүниетанымын, қабілетін, білім дәрежесімен қатар келетін сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері болады. Көркем сөздің жан дүниемізге рухани нәр беріп, әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры оның эстетикалық қызметіне байланысты.

Классикалық биік деңгейге көтеріліп, әлемдік көркемөнерге асыл қазыналар қосқан қазақ прозасында 70-80 жылдары халқымыздың өткен тарихына ден қою, ата-бабаларымыздың мұрат-мүддесін, мақсат-тілегін бейнелеу үрдісі сипат алып қадау-қадау қадамдар жасалынса, соның бірі Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы.

Әбіш Кекілбаев – қазақ көркем әдебиетіне үлкен үлес қосқан жазушылардың бірі. Оның халық тарихын бейнелі түрде суреттеген шығармасының көкжиегі ретінде саналатын «Үркер» романы. «Үркер» романы – қазақ елі басынан өткерген аса ауыр кезеңдерді, XVII-XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды тарихи деректерге сүйеніп жазылған, көп қанатты, тарих шежіресін жырлайтын тамаша туынды. Роман мазмұнының өзекті мәселесі – қазақ елінің өз жері, өз бостандығы, дербес ел болып қалыптасуы үшін талай жылдар бойы табан тіресіп жүргізген саясаты, айбынды асулары. Сондай ірі туынды авторының жазушылық шеберлігінің бір қыры – дүниетанымдық сөздік қорын, тілдік қолданыстағы ұлттық болмысты, қазақ рухын танытатын тілдік амалдарды шеберлікпен қолдана білген [1, 85 б.].

Қазақ халқының бар болмысын, табиғатын, тыныс-тіршілігін эмоционалды-экспрессивті стильде жеткізу үшін, әрине, ескі сөздер көмекке келетіні сөзсіз. Себебі архаизмдерден сол жермен жүріп, суын ішкен, киімін киген сезімге ие боласың. Назар аударсақ, *«Иықтарындағы көк найзаның сүңгісі, күлдір мамай, жеке ауыз, бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, шиті, берен мылтықтардың қап-қара ұңғысы, белдеріндегі көк семсердің жарқылдақ қыны мен кіселері, үстеріндегі жалаңқат, зере, кіреуке көк сауыттары, бастарындағы темір дулығалар мен түйенің қап-қара көнінен жасалған жылтырақ жағылар ашық аспаннан айран-асыр қарап тұрған күннің нұрынан жалт-жұлт етіп, жағалай тізіліскен қара нөпір қалың қолдың көркіне көрік, сұсына сұс қоса түскен»* [2, 135-136 б.]. Үзіндіден әдемі тарихи көріністегі батыр-балуандардың сымбатты бейнесі, арыстандай айбатты жігіттеріміздің жауапты іске сақадай сай жинақталған киім-киісі,

көзбен көрудің өзі ауырлық сезімін ұялататын қару-жарақ түрлері тізіліп тұр. Бір қабат қалың металдан тұтас етіп соғылатын сауыт – **жалаңқат**, кеудеге киетін қорғаныш, шынжыр сауыт **зере**, бәкі тәріздес затты сақтау үшін былғарыдан тігіп, белбеуге іліп бекіткен, қалта маңында орналасқан **кісе** – тарихи кезеңнің**,** әлеуметтік тұрмыстың көрінісін ашып суреттеп тұр.

«Этноатаулар көркем шығармада тіл мен мәдениеттің ғана байланысын көрсетпей, оқырманға ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Осының өзі қаламгерлер тілінде этномәдени фон жасаудың негізгі құралы» [3, 46 б.] болып есептелінетінін А.Сейілхан баса айтып, көркем шығарма авторының шеберлігінің асып түскендігін алға тартады.

Сонымен қатар, романдағы этнографизмдер ұлттық ерекшеліктерді танытатын, қазақ халқының ұлттық сипатын беретін лингвомәдени бірліктер болып табылатын ханталапай, қалжа, сыралғы секілді сөздерді көптеп қолдану арқылы тарихи дәстүріміздің ұмытылып бара жатқандығын ескерткендей.

«Қалжалы бала – батыр, қалжасыз бала – қалжыр» деген мақалдың тектен айтылмасы да анық. Қазіргі таңда жас босанған әйелдің денсаулығы мен бала денсаулығының үлкен бөлігі осы қалжаның олжалы болуында екенін де ұмытқа айналдырған секілдіміз. «Қалжасы жарасқан әйелден қанжардай ұл өседі» демекші сақталып қалған дәстүрді жоғалтып алмай, оны алдымен мектеп оқушыларына оқытып, бойларына сіңіру қажет. Ал тарих қойнауында қалған ескірген дәстүрлердің негізін сақтай отырып, заманауи үлгіге орай ұстанса, келешек жас ұрпақ тарихи құндылығымыздың қадірін түсініп, болашаққа батыл қадам басар еді. Жазушы бұл ойларды да анық және дәл жеткізе білген.

Этнолингвистика саласында көп жылдар зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғалым Ж.Манкеева: «Киім – кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанатты жарасқан қазақтың киім ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі» [4, 222 б.], - деп көрсетеді. Шығармадағы заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлтымыздың киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, тұрмыстық бұйымдар ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан, ұлттық болмысты көрсетіп лингвомәдени бірліктер болса, екінші жағынан белгілі бір стильдік жүк арқалап тұратыны анық. Шығармада кездесетін тарихи киім-кешек, мата , аяқ-киім, ыдыс-аяқ тағы басқа атаулардың кеңінен қолданылуы – қазақ халқының заман ағымына сай бейімделе өмір сүргенін, сонымен қатар қолөнер шеберлерінің де аянбай еңбек етіп, өзіндік қолтаңбаларын қалдырғанына көзіміз жетеді.

Тығыз тоқылған жібек мата – **патсайы,** зерлі жіптен тоқылған жібек – **қамқа**, малшылардың аяздан, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырт киімі – **көбенек** секілді ескі сөздері де тарихи шығарманың реңін келтіріп, халық жадынан ұмыт болған сөздерге жан бітіргендей.

«Абажа» сөзін қазір біз – үлкен, көлемді, зор мағынасында қолданып келеміз, ал Әбіш Кекілбаев сөздің түп төркінін былай түсіндіреді: *«Арамдап жүрер көлденең сұрғанақ тұмсық жоқ па екен деп, төңірекке қарап еді абажадай екі бірдеңе қарауытты»* [2, 50 б.]. Бұл жердегі абажа – ағаш тақтайшалардан құралып, былғарымен, киізбен қапталған, беті жұқа қаңылтырмен әшекейленіп жасалған, ұзындығы бір құлаштай, биіктігі жарты құлаштай көлемді үй жиһазы. Осы үй жиһазының үлкен, көлемді болуы қазақ тілінде «далиған, зор» деген мағынаны білдіретін абажадай деген жиі қолданылатын теңеуге негіз болған секілді.

«Көнек» сөзі де мал шаруашылығына қатысты кәсіби сөз ретінде қалып қойса керек, алайда бұл ескі сөздің қазақ баласы үшін ұғымы мол дүние екенін ұмытпаған абзал, себебі түйе сауу өнері, бұл мал сүтінің адам ағзасына пайдалығы, қазақ дәстүрінің қайталанбас әсер қалдыратын көрінісі – былай суреттеледі: *«Ертеңіне таң жарқырап атты. Күн шықпай жатып, үй-үйден бір-бір келін тұрды. Желектерін желкілдетіп барып түндік ашты. Білектерін жарқырата жүріп жуынды. Сосын үйге кіріп, қолдарына көнек ұстап барып түйе сауды»* [2, 326 б.]. Бұндағы көнек өте жеңіл металдан жасалған дүние, сонда бие шошымай, тітіркенбей, еркін иіп, сүтті мол береді екен. «Көнектен шошыған бие оңбас, көптен бөлінген үй оңбас» деген мақал бекерге айтылмаса керек.

Көркем әдебиетте архаизмдердің қолданылуының арнайы стильдік ерекшелігі бар. А.Айғабылұлы осыған байланысты үш түрлі мақсатты атап көрсетеді. Ең біріншісі, автор суреттеп отырған белгілі бір дәуірдің колоритін жасау, анық тарихи шындықты оқырманның көз алдына елестету үшін қолданылады. Екінші архаизмдер автордың көтеріңкі стиль жасау мақсатымен де қазіргі дәуірді суреттеген шығармаларда қолданылуы мүмкін. Үшіншіден кейде архаизмді ирония, сатира, комедия туғызу үшін арнайы тілдік құрал ретінде жұмсайды» [5]. «Үркер» романындағы архаизмдер ғалым көрсетіп отырған мақсаттардың біріншісіне келеді. Яғни автор заманның тарихи шындығын көз алдымызға ескі сөздердің көмегімен еркін жеткізе білді. Себебі уақыт сөздер

мен заттарды жойып, жаңа белеске көтереді, ал ескіні еске алу арқылы тарихымызға жақындай түсеміз. Рухани өмірімізді сезіне түсеміз. Қазақтың тахихи шығармаларын зерттеу ғылыми-практикалық және танымдық мәнге ие. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» тарихи романының тілі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, материалдық және моральдік мәдениетінен баға жетпес сенімді лингвистикалық ақпарат көзі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Шалабай Б., Шакирова Д.Т., «Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени сипаты», KazNU Bulletin Philology series.№3 (155). 2015.
2 Үркер: Роман. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 1999. – 584 бет.
3 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттік танымдық мәні Фил. ғыл.канд....дис: – Алматы, 2001. – 130 б.
4 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 б.
5 Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – А., 2007. – 66 б.

ҒТАМР 17.71.91

САТИРА САҢЛАҒЫ

А.Қ. Қасымов
Ф.ғ.к., аға оқытушы, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.
Г.Қ. Шайхынова
Студент, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Мақалаға арқау болып отырған журналист, сатирик, аудармашы Ғ. Қабышұлының шығармашылығы алғашқы қадамдарынан бастап бүгінгі күнге дейін жазған еңбектері зерделене отырып, қаламгердің өмір жолы мен шығармашылық қырлары сараланып, жүйеленіп, жан-жақты зерттелді. Мақалада жазушының негізгі жанры болып табылатын сатирасынан бөлек аудармашылық қыры мен шығармашылығына жете көңіл бөлінді.

Түйін сөздер: Сатира, сатиралық жанрлар,әдебиет, Ғ. Қабышұлы, әзіл-сықақ, жанр, баспасөз, газет, қоғам.

Қазақ сатирасының дамуындағы сатириктердің орны ерекше. Себебі, олар арқылы әдебиетке сықақ, сарказм жанрлары келіп, оқырмандарды жадыратып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Қазіргі қазақ сатирасы жаңа ғасырдың жаңаша талаптарына сәйкес адамды жан-жақты жетілдіруге тәуелсіз еліміздің алға қойған мақстатарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін кесір-кесапаттарға қарсы күресте айбынды қаруға айналып отыр.

Сатира, юмор жанры – әдебиетіміздегі салыстырмалы түрде айтқанда, жаңа жанр. Осы атаулар аталғанда бойымызды тегеурінді күш билейді, көңілімізге әр сырлы күлкі нұры құйылады, кеудемізге болашаққа деген оптимистік зор сенім ұялайды, қолымызда жасампаздыққа жат нәрселерге қарсы сермер семсер тұрғандай болады, көзге сол қаруды әділдік пен теңдік, игілік пен ізгілік жолында бар жарқылымен, ерсілі-қарсылы сілтей білген күштілер елестейді. Осы қаһарлы қару жазушылар, оның ішінде сатира жанрында жазатын бір топ адамдардың қолында. Қоғам өміріндегі, жеке адамдар басындағы жағымсыз мінез-құлықтарға қарсы күресте сықақтың, мысқылдың үлесі зор. Сатираны адам туғызады, қаламгер жазады. Сатира сарбаздарының біздің дәуірге берген жан азығы аз болған жоқ. Сатираның өткір жүзімен, тікенек тілімен қоғамдағы олқылықтар мен кемшіліктерді илеп берген сарбаздар көп. Асқар Тоқмағамбетов, Садықбек Адамбеков, Жүсіпбек Алтайбаев, Қалтай Мұхамеджанов, Оспанхан Әубәкіров, Үмбетбай Уайдин сынды аға сатириктер халықтың аузында. «Мүлкіңнен айрылсаң да, күлкіңнен айрылма ...ей, екеуінен де айрылмай аман-есен жүрші» – деп қалжыңдап қоятын Ғаббас Қабышұлы – әдебиетімізге Қасым Қайсенов, Уаһап Қыдырханов, Қалихан Ысқақов, Кеңесхан Зекенов, Оралхан Бөкеев, Кәдірбек Сегізбаев, Марат Қабанбаев, Тоқтарбек Қызықбаев және басқа ақын-жазушыларды берген асқар Алтайдың тумасы, түлегі [1].

Адамгершілік, ар-ождан мәселесі – адамзат тарихының өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген

үшінші мыңжылдыққа қадам басар кезеңде де рухани асыл мұрат – адамгершілік, азаматтық парыз, ар тазалығы қалпында қала бермек. Бүгінгі таңда барша ізгі ниетті адамды елеңдетіп отырған үлкен көкейкесті мәселе – ғасырлар бойы тірнектеп құраған адам баласының рухани байлығының құнсыздана бастауы. ХХ ғасырда адамзат екі бірдей дүниежүзілік соғысты бастан кешті. Адам ойының жетістігінен қаншама ядролық зардаптарға тап болды. Ғарышты бағындыру мен ғылыми-техникалық шарықтаулар әсерінен табиғат зардап шегуде (жер сілкіністері, су тасқындары, өзен, көлдер, теңіздердің тартылуы, мұхиттардың ластануы, дүниежүзіндегі ормандардың көлемінің азаюы, бағалы аңдар санының күн санап кемуі). Сонымен қатар мыңдаған жылдар бойы ұрпақтар санасының елегінен өтіп, жинақталған рухани игіліктердің арзандауына, ең бастысы адамгершілік асыл қасиеттердің төмендеуіне, тіршіліктің алтын қазығы іспеттес махаббат сезімінің әлсіреуіне жол беруде. Мәселен, өркениет биігіне көтерілген Батыс Европа, Италия, Америка елдерінде рухани құлдырау өріс алуда. Бұл жағдай енді ғана қаз басып келе жатқан біздің мемлекетіміздің жастары арасында да көрініс беруде. Еш мән-мағынасы жоқ, тек қана даңғырлаған дыбысқа құрылған музыка, кісіні қорлау, зорлау турасында жазылған детектив кітаптар, ату, асу, небір адам жаны түршігерлік оқиғалар туралы түсірілген кинофильмдер адамдар санасына кері әсерін тигізуде. Адамды рухани мәңгүрттікке жетелеуде. Нашақорлық, қанішерлік, жезөкшелік сынды адамға жат қасиеттерден жас ұрпақты сақтандыру бүгінде парасат иелерін алаңдатып отырған өзекті де өткір проблема. Қайткенде жастарды рухани құлдыраудан сақтап қаламыз? Дүниежүзілік дертке айналған саддизмді ұрпақ санасынан қалайша өшіреміз? Жер бетінде ізгі ниетті тіршілікті қайткенде сақтап қаламыз? деген сауалдар төңірегінде әлемдік деңгейде, яғни ЮНЕСКО, БҰҰ-ның шеңберінде семинарлар, конференциялар өтуде. Саддизм дерті ояна бастаған, адам бойынан өшпенділік пен қаталдық жиі көрініс беріп, мейірімділік пен қайырымдылық күн санап өз жағалауынан алыстаған қазіргі заманда жастардың жанына парасат дәнін себетін, қайырымдылық пен адалдыққа, жан тазалығы мен ізгілікке баулитын, рухани құндылықтар биігінде тәрбиелейтін көркем әдебиеттің, оның ішінде классикалық әдебиеттің орны ерекше [2]. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, адам баласының материалдық жағдайының жақсаруы адамдар санасын өзгертудің субъективтік факторлары ғана. Адамның ар тазалығы, рухани байлығын, ішкі жан-дүниесінің сұлулығын, сезімінің мөлдірлігін қалыптастырудағы әдебиеттің қызметін ешқандай да сыртқы күштер ауыстыра алмайды, Әдебиетіміздің ең жауапты да, абыройлы миссиясы да осында жатыр. Бұл жөнінде орыс ғалымы Ф. Кузнецов: Шын мәніндегі әрбір әдебиет үшін, егер ол әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті, – деп жазады. Кемелденген әдебиетіміздің ұлы көкжиегі саналатын кемеңгер жазушы М.Әуезов кезінде: Әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шақта, әр дәуірде адамды оның жан дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеуі керек болатындығын жете түсіндірген еді. Себебі: көркем туынды, ең алдымен адамды ойлауға, толғануға үйретіп, оның рухын арттырып, әсемдікке қарай талпынтуға міндетті. Бұл қолына қалам алған жазушының шығармашылық міндеті екені сөзсіз. Осы ойымызды орыстың ұлы жазушысы М.Шолоховтың: Жазушы шығармашылығы дегеніміз ол ең алдымен, мораль, адамгершілік, гуманизм ісі емес пе?! деген сөздері нақтылай түседі. Олай болатын болса, әлемдік өркениетке жетуге күн-түн демей мігірсіз тырбанып жатқан Қазақстан халқын біртұтас патриотизм мен интернационализм рухында баулудағы, өзімшілдік пен қара бастың қамын ойлауға (эгоизм), тоғышарлық пен мансапқорлыққа, жексұрындық пен сұрқиялылыққа қарсы тәрбиелеудегі қазақ әдебиетінің орны айрықша. Осы орайда әдебиеттің мәңгілік ізденісі адамгершілік, гуманизм мәселелерін, моральдық проблемаларды бүкіл шығармаларына өзек еткен қазақ қаламгері Ғаббас Қабышұлының сатирасын зерттеу – бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін өзекті. Мәселенің зерттелу деңгейі. Қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының дамуына елеулі үлес болып қосылған Ғ. Қабышұлы сатирасының көркемдік қасиеті, қаламгер шеберлігі, тіл айшығы жайында байыпты толғамдарды М. Базарбаев, Р. Бердібаев, А. Нұрқатов, С. Қирабаев, Н. Ғабдуллин, З.Қабдолов, Ә.Кекілбаев, Р.Нұрғалиев, Х.Есенжанов, Т.Тоқбергенов, С.Шаймерденов, М.Иманғазиновтың еңбектерінен кездестіреміз. Ғ.Қабышұлы сатирасы туралы баспасөз бетінде көптеген әдеби-сын мақалалар жарық көрді. Ол мақалаларда қаламгер шығармаларының біраз қырлары сөз болған. Солардың ішінен Ш.Елеукеновтің, М.Атымовтың, Ә.Нарымбетовтің, Қ.Құттыбаевтың, С.Әшімбаевтың, Б.Тоғысбаевтың, Қ.Куандықовтың, Н.Оразалиннің, Ш.Нұрпейісованың, М.Иманғазиновтың мақалаларын атап өткен орынды. Жазушының мерейтойларына байланысты өмірі мен шығармашылығы туралы туған-туысқандары мен дос-жарандарының естеліктері, Қ.Мұхамеджанов, С.Сейітов, Х.Бөкеева, Т.Әлімқұлов, Т.Медетбеков, Ш.Мұртазаев; Е.Домбаев, Б.Мұқай, Г.Бельгер, Б.Қорқытов, М.Мәжитов, С.Жұмабеков, Д.Исабеков, Т.Нұрмағамбетов, Г.Ахтанова, Ә.Сарай сияқты замандас жазушылардың, қаламдас інілерінің мақалалары қаламгер шығармашылығы жайында ой

қорытуға болатындай біраз материал бар екенін аңғартады [3]. Ғ. Қабышұлы сатирасындағы сыни-адамгершілік, сатиралық ізденістер келешекте жүйелі түрде күрделі зерттеу жұмыстарының нысаны боларлық зерделі түрде зерттелетін ғылыми еңбектердің еншісінде деп тұжырым жасауға әбден болады. Біз өзіміздің шағын зерттеу еңбегімізде сол мақалалардың мақсатымызға қажетін саралап, ғылыми талдауымызға арқау еттік. Сатира туралы түсінік «Сатира терминінің шығу тарихын, этимологиялық төркінін әркім әртүрлі түсіндіреді. Біреулердің айтуынша ежелгі гректер жүзім өсірушілердің, жүзім шарабын жасаушылардың құдайы – Дионистің ән салып, би билеп, күлдіріп, көңілдендіріп жүретін жол серіктерін «saturas» деп атаған.

«Сатира» атауы сол сөзден шыққан. Екінші бір зерттеушілердің пікірінше, бұл терминнің тарихы латынның «satura» «смесь» – аралас, әр нәрсенің қосындысы «всякая всячина» – анау-мынау деген сөзінен басталады. Кейінірек Ежелгі Рим әдебиетшілері сынап-мінеуші, әшкерелеуші сипаты бар шығармаларды «satura» деп атаған. Қазір «Сатира» атауы әр түрлі мағынада қолданыла береді. Біреулер оны әдебиеттің бір тегі (род) деп түсінеді. 1941 жылы шыққан «Шетел сөздерінің сөздігінде»: «Сатира – болмыстың жағымсыз құбылыстарын ащы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі (род)» делінген. Енді біреулер сатираны нақты бір өмір елестерін, болмыс сәттерін суреттеп, жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны көп зерттеген, бұл түрдің үлкен теоретигі Я. Эльсберг: «Сатира – болмысты әдебиет пен өнерге көрсетудің бір әдіс-тәсілі» - дейді. Тағы біреулердің ұғымынша, сатира – жағымсыз болмыс, құбылыс атаулыны сынап-мінеп, әшкерлейтін әдеби шығарма [4]. Сөйтіп, сатираның қоғамдағы жағымсыз болмыс, құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлық, әдеп-тәртіптерді әшкерлеп, күлкіге жығу, келемеж ету ниетімен жазылатыны жөніндегі әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға сияды, бәрі де оның осы пафосын мойындайды. Бірақ олардың бірі үшін сатира – әдебиеттің бір тегі (род), екіншісі үшін өмірдің жеке елестерін суреттеп берудің әдіс-тәсілі, үшіншісі үшін әшкерлеуші әдеби шығарма, төртіншісі үшін көркем әдебиеттің өзіндік түрі». Байыптап қарар болсақ, осы пікірлердің бәрі де қате емес. Олардың әрқайсысы сатираның әр қырын, әр қасиетін айтып отыр. Шынында да сатира – алымды да, шалымды нәрсе, оның өмір сүру, көрініс табу мүмкіншілігі мол, болмыс-құбылыстарға үңілу, араласу, суреттеу жолдары да әр қилы. Сатира әдебиеттің бір тегі ретінде де көріне алады. Ақын, жазушыларымыздың бастан-аяқ күлкілі ситуацияға негізделіп, сықақтық тіл, стильмен жазылған, таза сатиралық шығармалары әдебиеттің дербес бір тегін құрайды. өйткені оларда өмірді зерттеп білудің, суреттеп берудің өзіндік эстетикалық принциптері, көркемдік әдіс-тәсілдері пайдаланылады. Болмыс құбылыстарды бағалап, түсіндірудің ерекше түрлері қолданылады. Яғни сатира қиялдауға, шарттылыққа, кездейсоқтыққа, түсінбестікке, әсірелеуге, негізделеді. Шаржадауға, карикатуралауға, гротеск, сарказм, иронияға иек артады. Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, үкім айту, адам қиналысын аңылау, адам жүрегінің түпкіріне үңілу, көңілділік пен күрсініс, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Сөйтіп, сатира, қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды. Белгілі бір сатирик творчествосының ерекшелігі осылардың қайсысын қай тұрғыда, қандай ниетпен пайдаланғанына қарай аңғарылады. Аристофан сатирасында қайғылы үн, Щедринде өмірді трагедиялық тұрғыдан сезіну, Гогольде күйзеліс, Чеховта күрсініс басым дейтіні де сондықтан. «Сатираның жеке бір іс, құбылысты білудің әдіс-тәсілі ретінде көрінетіні де рас. Бұл салада ол эпостық, лирикалық, драмалық шығармалардың бәрінде, барлық түр жанрында пайдаланыла береді. Солардағы белгілі бір елестер мен образдарды суреттеп берудің құралы, поэтикалық әдіс түрінде ғана қолданылады. Мысалы, Ғ.Қабышұлының «Жолдастары», М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» – эпостық шығармалар. Сөйтсе де олардың кей беттері сатиралық үн-тілмен жазылған. Сатира жеке бір эпизод, образдарды суреттеп, сипаттап берудің құралы, тәсілі ретінде көрінген. Сатира дәстүрін жалғастырушылар, сатира мен юмор қашан, қайда пайда болды? Бұл сұрауға жауап беру, олар алғаш пәлен ғасыр, түген елде пайда болды деп кесіп айту мүмкін емес.

Сатира жанры – әдебиеттану ғылымында өте жиі сөз болған, бұл күнде жан-жақты дамыған өте күрделі, теориялық мәні мол мәселе. Сондықтан да ғалымдарымыздың назарын үнемі аударып келеді. Замандас бейнесі мен оның рухани әлемінің көркем әдебиеттегі, сатирадағы көрінісін зерттеуге Н.Ғабдуллин, Ш.Елеукенов, Ж.Исмағұлов, Т.Кәкішев, Қ.Тұрсынов, Б.Майтанов, А.Нығметов, Ә.Нарымбетов, Ф.Оразаева, С.Байжанов, Т.Сыдықов т.б. ғалымдар айтулы үлес қосқан [5]. Әдебиеттің алтын діңгегі ретінде уақыт озған, заман өзгерген сайын жаңа көркемдік тәсілдермен шешімін тауып келе жатқан сатира, сын, мораль мәселелері әдебиеттану ғылымында да өзгеше қырынан жаңаша дамуда. Өйткені адам жаны диалектикасының әдебиеттегі сыр-сипатын әлі де жан-жақты қарап, көңіл бөлетін жайттар көптеп саналады. Қазіргі таңда бұл мәселе жекелеген суреткерлер шығармасын зерттеу барысында қарастырылуда.

Бұл ғылыми жұмыс барысында журналистика саласында өзіндік ізі қалған дара тұлға – Ғаббас Қабышұлы көптеген тың ақпараттармен таныса келе ағамыз тек қана журналист қана емес, қазіргі таңда «сайқымазаққа» айналып бара жатқан сатира бұлағының көзін ашқан тұлға екенін көрдік. Бұл сатира деген салаға алғашқы қадамын аудармашылық арқылы жасағанын ашып айтқан жөн болар.

Ал аудармашылық Тәуелсіз Қазақстанның әлем алдындағы бейнесінің нығаюы ақпарат алмасуға, тілдік, мәдени ауыс-түйісті арттыруға да тәуелді. Ұлттық рухани байланысты басқа ұлттар мен ұлыстарға өз тілінде ұсынудың мүмкіншіліктері, әлемдегі озық үлгілерді қазақша сөйлету жолдары назардан тыс қалмауы қажеттілігінен туындап отыр.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі таңда қарым-қатынасқа деген ұмтылыстың дамуы, елдер мен халықтар арасындағы экономикалық, саяси, мәдени байланыстар ауқымының кеңеюі тек қана аударма ісінің ілгерілеуімен білікті мамандарды қажет етіп қоймай, сонымен қатар аударма қызметінің көптеген зәру мәселелерін күн тәртібіне ұсынып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қабышұлы Ғ. «Адамның кейбір кездері», 2006 ж. «Нұрлы әлем» баспасы.
2 Қожакеев Т. Таңдамалы шығармалар. Алматы: ҚазАқпарат. 137 б.
3 https://kk.wikipedia.org сайты
4 https://kk.wikipedia.org сайты
5 Қабышұлы Ғ. «Адамның кейбір кездері», 2006 ж. «Нұрлы әлем» баспасы.

ҒТАМР 17.71.91

ТҰРҒАЗЫ НҰҚАЙ, СЕРІК ҒАБДУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Н.А. Мұқаметқанова
Студент, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ.

Қоғамдық сананы, қоғамдық ойды қалыптастыруда қаламгерлер мен журналистердің еңбегі елеулі. Ел өміріндегі осынау өзгеге кіріптарлықтан бостандыққа қарай жасалған алғашқы қадамдар белгілі қаламгерлердің шаң басып, қаттаулы қалған мол мұрасын заман рухына сәйкес қайтадан зерделеу мен зерттеуге мүмкіндік тудырып отыр. Солардың ішінде оқырманын рухани қазынамен байыта түсетін қаламгерлер еңбегін ерекше атап өтуге болады. Осы бір шағын ғана мақаламызды Ұлан ауданының шағын ғана Шымқора ауылынан шыққан, замандас екі қаламгер – Тұрғазы Нұқай, Серік Ғабдоллаұлының өмір жолдары мен шығармашылық еңбектеріне арнауды жөн көрдік.

Түйін сөздер: Қаламгер, Тұрғазы Нұқай, Серік Ғабдуллин, ақын, Шығыс Қазақстан.

Мақалаға арқау болып отырған екі қаламгер де Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде ұзақ жылдар еңбек еткен, жастары шамалас, екеуі де қазақтың тіл білімі мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым Сәрсен Аманжоловтың ауылынан. Баллада, толғау, деректі хикаяттар шебері Т.Нұқай сол ғалым ағасының үйінде тұрып оқыған, тәрбиесін алған. Қаламы жүйрік ақын С. Ғабдоллаұлы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының төрағасы, «Шабыт» жас ақындар мектебінің жетекшісі болған.

Тарихтың тұңғиығына тереңдемей-ақ, ХХ ғасырға беттейтін болсақ, кеңес үкіметі тұсында Сәрсен Аманжоловтан бастау алып, алаш арыстары Қасым Қайсенов, Серік Ғабдоллаұлы, Мүсілім Құмарбекұлы, Тұрғазы Нұқайұлы сынды ақын-жазушыларды, атақты спортшыларды, белгілі адамдарды қасиетті Ұлан ауданының топырағы дүниеге әкелген. Сол атақты таланттың бірі Тұрғазы Нұқайұлы. Баршамызға қаламы ұшталған тәжірибелі журналист-публицист, ақын -жазушы ретінде таныс.

Бәлкім әлі қасиетіңді білмес ем,
Тәтті ұйқыдан оятпасаң түнде сен.
Мәңгілік мен өкінумен өтер ем.
Жүрегімде, жырым, өмір сүрмесең, - деп «Кел, жырларым» деген өлеңінде жырлап өткендей,

Тұрғазы Нұқайұлы Ұлан ауданының Егінсу ауылдық кеңесіне қарасты Тұяқ ауылында 1937 жылы 27-ші маусымында дүние есігін ашқан. Ел жақсылары қудалауға түскен зұламат, қиын-қыстау заман оны ата-анасынан ерте айырды. Төрт жасында соғыстың сұрапылына тап болды. Ол қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып-ақ колхоз шаруасына араласты. Жетімдіктің батпан жүгін арқалай жүріп, еңбекпен ерте есейді. Бұл өмір сынағының өзі жас таланттың бойына еңбекқорлық пен тиянақтылықтың дәнін екті. Ақынның әдебиетке, оның ішінде поэзияға деген талабының ұшталып, талантының ашыла түскені сол кезден бастау алды десек, қателеспегеніміз.

1955-1960 жылдары Абай атындағы педагогика институтында оқып, тарих және филология факультетін бітірген ол 1960-1966 жылдары Ұлан ауданы мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып жұмыс істейді. Бұл жылдары Тұрғазының өлеңдері, балладалары, мақалалары облыстық, республикалық басысылымдарда жарық көрді. 1966-1997 жж. Облыстық партия комитетінде нұсқаушы, облыстық «Дидар» («Коммунизм туы») газетінде жауапты хатшы, Бас редактордың бірінші орынбасары болып еңбек етті. «Казцинк» ашық акционерлік қоғамында «Казцинк жаршысы» газетінің редакторы қызметін атқарды.

«Дидар» газетінде істеген жылдары ішінде Т.Нұқайұлынан тәлім тәрбие алып республикамыздың сан қиырында журналист, жазушы болып жүргендер қаншама. Ол «Тұңғыш» (1977), «Ұлы даланың ұлымын» (1995), «Әз ағамыз Әдекең» (1996, «Ана арманы» (1997), «Жарқыраған қос жұлдыз» (1999) атты кітаптардың авторы. Ақын Жазушылар одағының мүшесі. Ақын жырлары байсалды, өлеңдерінде бекзаттық, азаматтық әуен басым.

1978 жылы «Жалын» баспасынан «Тұңғыш» атты жыр кітабы жарық көрді. Жылдар өткен сайын ақын талай күрделі тақырыптарды игерді, өлеңдерінің көркемдік қасиеттерін жетілдіре түсті. Шығармалары әрдайым нақты өмір тәжірибесінен алынған шынайылығымен оқырман жүрегінен орын алған. «Ауыл», «Жол үстінде», «Тау тарланы» т.б лирикалық дастандары мен толғаулары осының айқын куәсі. Сондай-ақ Т. Нұқайұлының көптеген шығармаларында ел бірлігі, өзара ынтымақ мәселелері айқын, анық айтылып, береке бірлік, ынтымақты нығайтуға шақырады.

Тұрғазы Нұқайұлы – З.Баянов атындағы облыстық журналистер жүлдесінің иегері.

Ақын Тұрғазы Нұқайұлының есімі – тек Шығыс Қазақстан облысына ғана емес, республика жұртшылығына да кеңінен танымал. Себебі, «Жалын» баспасынан шыққан нәзік лиризмге толы жыр жинағы еліміздің өлеңсүйер оқырмандарымыздың құмарта оқыған қуанышына айналып үлгерген еді.

Тұрғазы Нұқайұлы – сыршыл лирик. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер – пәк сезімді адал жан. Ол алыстан арманын күткен, өмірге құштар адам. Әр нәрседен, әр құбылыстан әсер алады. Дүниедегі тылсым күштермен тілдеседі, өмірмен сырласады. Туған еліміздің табиғатын, салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын, еңбек адамдарының өмірін арқау етіп, жан-жүректі тебірентер өзіндік әсем өрнегімен баурайды.

«Әрине, көп ақындар – өз заманының, өз қоғамының жыршысы. Сондықтан кешегі Кеңес өкіметі тұсында Қазан төңкерісі әкелген теңдік, халықтар достығы, мызғымас одақ, нұрлы болашақ – коммунизм, коммунист, партком, тағы сол сияқты тақырыптарды жырлап-ақ ақын атанғандар қаншама, бірақ олардың көпшілігі өздері өлмей жатып, сөздерінің «өліп» қалғанын көріп жүрміз. Ал, Тұрғазы саясат жағында істегенімен, саяси қасаң өлеңдерге бармайды, олай дейтінім, оның алғаш жазған өлеңдерімен де ауылдас болғандықтан таныспын. Содан бері Тұқаңның сиқырлы, сыршыл өлеңдерін білем десем, мақтанғаным да, өтірік айтқаным да емес, тұжырымдап тиянақты ой білдіруімнің де себебі сол» - дейді бала күнінен бірге өсіп, біте қайнасқан досы, жазушы Мүсілім Құмарбекұлы.

Ақын – тек қана нәзік лирикадан тұратын өлеңдерді жазбайды. Ақын – сауатты, оқыған-тоқығаны, көрген-білгені мол адам болуы тиіс. Кітап оқымаған адам ақын болмақ түгілі, адам бола алмайды. Қазіргі жастардың көбісінің міні – осы. Кітапты керексіз, одан қалса қызықсыз көреді. Адамның ойын, жанын сәулелендірер – киелі кітап болса, оны жазушы адам да осал емес. Бұл тұрғыда Тұрғазы ақын былай деп толғайды:

Жассың ғой, саған артар аманатым:
Басыңды, өміріңді бағала тым.
Ақыл – нұр, ойлы зерде бар бойыңда,
Жұртыңа жан нәрі боп таралатын.
Жігер мен жүрек отын жұмсап өтер
Жолың тұр шығаруға Абай атын.
«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «Менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі...»
Деп ақыл айтпады ма Абай бізге,
Ойланып таянғанда өмір шеті.
Қарағым, жасым озған, әкеңдеймін,
Өтпеген бұл ғұмырым бекер деймін.
Бойымнан жігер, қуат, әл кеміді,
Батылдан, еңсеңді енді көтер деймін.
Шығуға абақтыдан ақыл ізде,
Қамалып бұл жатқаның бекер деймін» - дейді, бұл барлық жастарға әкелік мейіріммен айтылған жылы лебіз.

«Менің мамандығым екеу ғана: бірі – журналистік, екіншісі – жазушылық. Демек мен қос моторлы самолетке ұқсаймын...» - дейді, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы, Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы Әзілхан Нұршайықов. Ол өзі айтқан мамандықтардың тізгінін қатар ұстаған. Ал Әз-атамыздың замандас әрі жерлес бауырлары Тұрғазы Нұқаев, Серік Ғабдуллаұлы, Мүсілім Құмарбековтар да сондай мамандықтың иелері.

«Ақылмен ойлап білген сөз, - Бойына жұқпас, сырғанар, - Ынталы жүрек сезген сөз, - Бар тамырды қуалар» демекші, адамзат санасындағы сан қилы сезімді бейнелі өрнекпен кестелеп сөз арқылы ғана жеткізуге болады. Өйткені көркем сөз – көрікті ойдың көрінісі. Сондай сөз шебері, белгілі қаламгердің бірі – Серік Ғабдоллаұлы. Жазушы шығармашылығындағы көркемдік ізденістер және сол ізденістер нәтижесінде пайда болған поэтикалық ерекшеліктерді, жетістіктерді ашып көрсету, көздеген нысанамыз да осы. Әр сала жазушы шығармашылығындағы бір толық, бүтіндіктен тұрады. Жазушының өзі жоқ, шығармалары сайрап тұр. Бейнесі мен мінезі, тұрмысы, барша тағдыры шығармаларынан көрініп шыға келеді. Шығармалары сөйлеп тұрған жазушыны өлді деуге бола ма? Әрине, жоқ. Серік Ғабдоллаұлы 1937 – жылы 17-тамызда туған. Жамбыл атындағы орта мектепті 1957 жылы бітіріп, республикамызда алғашқы игі бастама көтеріп, бүкіл кластастарымен сол кездегі Жамбыл атындағы колхоздың товарлы сүт фермасында комсомол бригадасын құрып, жастық жалынмен еңбек етті.

Ел қатарлы орта мектепті аяқтап, ауыл шаруашылығында жұмыс жасап, отбасын құрғаннан кейін 1959 жылы Шымқора ауылының клуб меңгерушісі болып істеді. Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1966 жылы аяқтап шыққан соң Өскемендегі «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетіне қызметке орналасты. Кіші әдеби қызметкерден бөлім меңгерушісіне дейінгі журналистік жолда кәсіби мамандығын ұштап, табиғи талантын таныта білді. Ол өзінің творчестволық жолын облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдебиет қызметкері болудан бастап, өлең өнеріне құлаш сермеп, қаламы жүйрік, ойы ұшқыр, талабы жоғары, талантты биік журналист екенін таныта бастады. Осы «Комммунизм туы» қазіргі «Дидар» газетінде 1990 жылға дейін қызмет атқарды. 1991 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы басқармасының төрағасы болып сайланып, 1995 жылдың қаңтарына дейін жұмыс істеді. 1995 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағы Шығыс Қазақстан облыстық бөлімшесі секретарының орынбасары болып қоғамдық жұмыс атқарды. Серік Ғабдуллиннің университет қабырғасында жүргенде-ақ алғашқы туындылары жарық көрді.Өмірдің өзенінде, өнердің өзегінде өзіндік өрнегімен таныла білген Серік Ғабдуллаұлының әр жылдары шыққан «Көктем лебі» (топтама 1975), «Бұқтырма сарыны» (1978), «Көктем-көк өрім шағым» (1982), «Ақ босаға» (салт-дәстүр танымы, 1993), «Жылдардан жеткен жаңғырық» (очерктер жинағы,1995), «Сөйле менің жүрегім» (1998) т.б. кейінгі жылдары жарық көрген «Алтай асу» (2003), «Ұланғайыр» (2003), орыс тілінде басылып шыққан «Седой тулпар» (2006) жыр жинақтарын оқырмандар жылы қабылдады. 2007 жылы жарық көрген 2 томдық таңдамалы өлеңдер жинағы өнегелі өмірінің, ұзақ жылғы еселі еңбегінің жемісі. Ақын осындай шығармашылық жұмыстармен, поэзиямен шұғылданумен бірге көптеген қоғамдық жұмыстармен айналысады. Атап айтсақ, «Айтыскерлер мектебінің» директоры, Қалалық кітапханада құрылған «Шабыт» атты жас ақындар үйірмесінің жетекшісі жұмыстарын атқарады. 1991-1995 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық ұжымының төрағасы болып қызмет істеді. 2001 жылдан бері Өскеменде шығатын аймақтық әдеби-мәдени және қоғамдық «Ақ Ертіс» журналының бас редакторы қызметін атқарған.

Серік ақын шығармашылығының алты ағыны бар:

– Бірінші ағын – «Ар дауысы».
– Екінші ағын – «Жан дауысы»
– Үшінші ағын – «Ауылым – жыр, далам – дастан»
– Төртінші ағын – «Сезім күнделігі»

– Бесінші ағын – «Көңіл күнделігі»
– Алтыншы ағын – «Толғаулар мен дастандар»

Жалпы, Серік Ғабдоллаұлының шығармашылық қуаты, ой деңгейі, көркемдік биігі зор. Шұрайлы тілмен кестеленген әсем өлеңдері, толғаулары мен дастандары оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Серік-ақын өлеңді жаны жасып, қу жалғаннан түңіліп отырғанда жазатын сияқты. Дегенмен, поэзия атты тылсым дүниенің кілтін ұстаған ақын жұрттың көңіліне қарамайды, жазған үстіне жаза түседі. Өнер адамдары үшін бұл пәниде жұмыстан басқаның бәрі алдамшы. Өмір – өтпелі, уақыт – көшпелі, қызық – өтеді, сауық – кетеді, ұлы мәртебелі асыл торғын ақ қағаздың бетіндегі тынымсыз шайқас қана көңіл делбеу. «Ақында адамзаттан дос болмайды, - Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына...» - деп құдіретті Мағжан ақын жырлағандай, ақын мимырт тірліктен шаршағанда жазу үстінде баракат табады.

Биыл – Ұлы Жеңістің 75 жылдығы. Осы айтулы мерекеге орай, Серік Ғабдоллаұлының «Ертегідей ерліктер» атты дастанынан үзінді келтіруді лайық көрдім.

«Қазақ халқының біртуар ұлы Қасым Қайсенов кітаптарында ағаның сәтті-сәтсіз сағаты, күнгейлі-көлеңкелі күндері, жарқын да, салқын ойлары түгел берілген. Қасым аға жайлы жаза отырып, Батырды Алпамыс та, Қобыланды да, Қабандай да жасауға болар еді. Ал мен дастан жанрының дағдылы үлгісінен бас тартып, шындық ауылынан алыстамауды жөн көрдім» - деп түсінік беріпті. Шыны керек, жер-әлемде теңдесі жоқ қазақ фольклорында, оның ішінде батырлар жырында пафос көп. Демек фальш бар. Кейбір жерлеріне сенбейсіз. Күмәнданасыз. Әйткенмен, бұдан жыр ұтылмайды, ұтады. Өйткені ескілікті қазақтың жыр толғау өнері – әлемдік әдебиетте қазақтан өзге ешкімде жоқ, ешкімге ұқсамайтын өзгеше, тың, соны үлгісі. Адамның қиялын шарықтатар, жан тебіренер, жүрек қозғар лекітпе, шұрайлы лепес. Жыршылар күні-түні отырып толғайды екен, жырдың әуезділігі, әсемдігі өз алдына, адамдардың есте сақтау қабілетіне таңырқайсыз. Ал жиырмасыншы ғасырда соларға ұқсатып жыр жаза алмайсыз. Себебі адам ортамызда жүр. Ыңғайсыз болар. Шындық – әманда жағымды. Көркем шындық болса да. Қайта оралайық, Серік ақын былай деп жырлапты:

Жалын жалмап дүниенің пұшпағын,
Сезінді ел бастан бақыт ұшқанын.
Тіршілігің болу үшін тыныш та
Аяғыңда жату керек дұшпаның.
Үзілгендей болды үміт ел сенген,
Қайғы бұлты басты келіп еңсеңнен.
Күн тұтылып, Ай қорғалап аспанда,
Табанда Жер теңіздейін теңселген.
Жау жағадан, бөрі етектен жармасты,
Қуаныш пен қайғы орын алмасты.
Ортақ үйді оттан қорғап қалуға
Басталды ұрыс соңғы... және алғашқы, - дей келе:

Қарағайға сүйеп қойып арқаны,
Қара бұта жасырылар қалқаны.
Ұйқылы-ояу Қасым отыр қимылсыз,
Ой қиялға, қиял қырға тартады...
«Жаңғырады Ақтауының жартасы,
Бауырсаққа толы Қасым қалтасы.
Асубұлақ сылдырайды сылаңдап,
Жайбарақат жатыр туған Жантасы.
Тал-тоғайда «айтшылап» кеп ойнайды,
Бауырсаққа Қасым тіпті тоймайды.
Сақыпзада, Күлзапыран, Шәмшия
Ағасына қыңқылдауын қоймайды,

Шіркін, балалық шақ! Сұрапыл майданда, оқ пен оттың ортасында жүргенде, шайқас біткен түн баласында жетім түс күңірене зарлап өткенге оралмағанда қайтсін!

Кеңестік жүйе мен тәуелсіздік жүйесі сияқты екі бірдей қоғамдық формацияда өмір кешіп, еңбек еткен, Советтер одағы сияқты қуатты империяның күйреуі, саяси-экономикалық сілкіністер,

қоғамдық қатынастардың өзгеруіне куә болған, осы диплом жұмысының нысаны болып отырған журналистердің, ақын-жазушылардың шығармашылығына қалай ықпал етті, бұқаралық ақпарат құралдар жұмысына қандай өзгерістер әкелді? Зерттеу жұмысының барысында осы қаламгерлердің әр жанрдағы шығармаларын оқып, саралап, талдап, ғылыми айналымға енгізу басты мақсатым.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Нұқайұлы Т. Ұлы даланың ұлымын: өлеңдер, балладалар, толғаулар мен дастан / Т. Нұқайұлы, - Өскемен : Полиграфия, 1995 . - 177 б.
2 Жылдардан жеткен жаңғырық – құраст. С. Ғабдуллин. М. Құмарбекұлы
3 Ғабдуллаұлы С. Таңдамалы шығармалар жинағы.Т. 1-2, 2007. - 357 б.
4 Ғабдуллаұлы С. Ұланғайыр: Өлеңдер мен толғаулар / Ғабдуллаұлы С. - Өскемен : Медиа-Альянс, 2003. - 356 б.

ҒТАМР 16.41.99

«КҮН» МИФОЛОГЕМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

А.К. Кадирхан
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мифологиялық ұғымдар мен түсініктердің тілдік мағынасын түркітанымдық контексте зерттеу қазақ және түрік халықтарының рухани мәдениетін, ұлттық құндылықтар жүйесін танып-білуге мүмкіндік береді. Бастауын әлем әдебиетінен алатын мифтік шығармашылық жүйесі бүгінгі күнге дейін негізінен әдебиеттік зерттеулердің ғана арқауы болып келгені белгілі. Қазақ тіліндегі мифтер мен аңыздар қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында көркемдік қызметі тұрғысынан ғана жан-жақты талданған . Біз бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі мифтік туындыларда кездесетін «Күн» мифологемасына тілдік тұрғыдан талдау жүргіздік.
Түйін сөздер: миф, мифологема, этимология, лексика, күн санау жүйесі.

Түркітектес халықтардың арасында мифологиялық символға ие болған аспан денелерінің бірі – Күн. Ертеде алғашқы өркениет Күнді әлемді қараңғылық билегенде оны жарық сәулесімен нұрландырып, зұлымдыққа қарсы күресетін ерекше қасиеттілігі үшін құрметтеп, оған табынған. Түркі халықтарының ішінде қазақ пен түрік мифологияларында Күн ерекше маңыздылыққа ие болған. Ислам дініне дейін түркі халықтарының танымында «Күн» - шығыстың, «Ай» - батыстың белгісі болған. Алайда уақыт өткен сайын олардың бұл тұжырымға деген көзқарасы өзгерді. Мәселен, теле түріктерінің аңыздарының бірінде Ай – солтүстіктің, Күн – оңтүстіктің символына айналған. Яғни Ай қараңғылық пен түннің жері саналатын – солтүстіктің, Күн – жарық пен жылу беретін – оңтүстіктің символы болса, ежелгі түріктерде «Күн шығыстың» символы болды. Олар Күннің батуына ерекше мән берген. Яғни Күннің бағытына байланысты оларда «Gün batısı» (күннің батуы), «Gün doğuşu» (күннің шығуы) деген тілдік бірліктер қолданысқа ие болған. Сол секілді қазақ халқының тілдік қолданысында да Күннің бағыт-бағдарына байланысты «күншығыс», «күнбатыс» деген бір ұғымға ие болған сөздерді де атап өтуге болады. Бұл ұғымдардың ортақ мәнге ие болуы ең алдымен Ислам дінінің таралуына байланысты деп айтсақ болады. «Күнге табыну» дәстүрінің сарқыншақтары Ислан діні кіргеннен кейін де сақталып, өз жалғасын тауып отырды. Бұл тұста сөзімізге дәлел ретінде қазақ халқының «Күн тумыш» деген аңызынан үзінді келтірейік: «Әулие ата Қараханның бір туысы Ақсыдахан болып тұрыпты. Оның аты Абдолла екен. Абдолланың ханымы Күннен жүкті болып, бір бала туады. Күннен пайда болып туғандықтан баланың атын анасы Күнтумыш деп қояды. Күнтумыш батыр болып өседі. Өзінің батырлығымен бүкіл мұсылман еліне даңқын шығарады...» [1, 41 б.]. Байқасаңыз, бұл аңыздың желісі бойынша қазақтар өздерін мұсылманбыз дей отырып, Күнтумыш батырды Құдай емес, оны Күн жаратты деп көрсетеді. Ал түркі халықтарының діни сенімінде Күнге табыну рәсімі болғанымен, оның жаратушысы Құдай деп білген. Яғни Күннің де, Айдың да бойындағы күш пен жарық Құдайдан келеді деп түсінген. Жалпы тіліміздегі «Күн» сөзінің жалпытүркілік атау екенін қазіргі қолданыста

бар түркі тілдерінен анық көруге болады. Мәселен, қазақ тіліндегі «Күн» сөзі әзербайжан, түрік тілдерінде «gün» түрінде қолданылады. Бұл жердегі ерекшелік к-г дыбыстарының сәйкестігі, яғни ол бұрыннан тілде бар қалыпты құбылыс. Ал татар, башқұрт тілдерінде «Күн» сөзі «кояш/ көн» түрінде мүлде жаңа формада қолданылады. «Күн» сөзінің этимологиясына байланысты Түрік тілінің этимологиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Eski Türkçe küne – «ışımak» fiilinden + Aş sonekiyle türetilmiştir. Eski Türkçe fiil Eski Türkçe kün «gün» sözcüğünden + A-sonekiyle türetılmiştir» [2]. Яғни «Күн» сөзі көне түрік тілінде «жарқырау» деген етістіктен жасалған. Ал Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» (1070) сөздігінде «Күн» сөзі «gün ışığı», яғни жарық, сәуле деген мағынаны береді екен. Қарап отырсақ, «Күн» деген сөздің шығу тарихының өзінде оның ассоциациялық табиғатына сай келетін тілдік бірліктердің барлығы дерлік қолданылған. Яғни Күн адамзаттың тілдік санасында әлемге жарық сыйлайтын, сәуле шашатын, жылу беретін ерекше күш иесі.

Түрік халық мәдениетінде Күнге байланысты мифтік таным-түсініктің негізінде қалыптасқан бірнеше наным-сенімдер де күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мәселен, күн батқаннан кейін суға баруға, біреуге ақша, сүт, мал беруге болмайды, сондай-ақ басты орамай жалаң бас шығуға да болмайды: Güneş battıktan sonra ineği olan bir evden süt istenmez; Süt istenirse, ineğin sütten kesileceğine inanılır [3, 131 s.]. Күннің бағыт-бағдарын бақылап, Күнге қарап «güneş çıktı» (күн шықты), «güneş battı» (күн батты) деп те айтуға болмайды екен. Егер бұл тыйымдарды орындамаса, Күн ашуланып, ренжіп қарғыс жіберуі мүмкін деген түсініктер қалыптасқан. Мысалы, Күнге қарап тұрып «güneş çıktı» (күн шықты) деп айтатын болса, Күн саған: «Көзің шықсын» деп қарғыс жіберуі мүмкін деп, оған аса құрметпен қараған. Бір қызығы түріктердің осы «güneş battı» яғни, күннің батуы мен «güneş çıktı» күннің шығуына байланысты олардың әлемдік бейнесінде бір айдын су болған. Яғни қараңғы болғанда Күн сол суға батады, ал таң атқанда сол судан жүзіп, қайта шығады деген таным-түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар Күн атауына байланысты түрік халқында мынадай да тұрақты тіркестер қолданылады: «güneş yüzü» күннің жүзі, «güneş yakıyor» күннің жануы (қатты ыстық болуы), «güneş yemiş» күннің жеуі, «güneş patlaması» күннің көзі т.т. Бұл фразеологизмдердің негізінде түрік халықтарының әлемдік бейнесінде Күннің аузы, көзі, жүзі, аяғы болған. Осылайша күн бейнесінің жәдігерлері тілде жақсы сақталған. Сол секілді Күнге табынудың үрдістері қазақ халқынының тілінде де тұрақты тіркестердің негізінде жақсы сақталған. Өздерін «Күннен жаралғанбыз» деп санаған ата-бабаларымыз өзінің өмірге келуін, өмірден өтуін Күннің бағыт-бағдарына байланысты теліп отырған. Мәселен, Күн туды деген тұрақты тіркес екі мәнде жұмсалады: 1. Көксеген мезеті жетті, дер кезеңі келді; 2. Басына қиыншылық түсті, істі болды .Сондай-ақ қазақ тілінде «күн» сөзінің фразеологиялық парадигмалары тақырыптық семантикалық жағынан әртүрлі.

Күн батты – күн ұясына қонып, қараңғы түсті, ымырт үйірілді, көз байланды.

Күн көрді – өмір сүрді, тіршілік етті деген мәнде қолданылады.

Күн құлақтанды – халықтық ұғым бойынша ауа-райы бұзылып, күн суытты.

Күні таяды болмаса жақындады – бұл тіркес көбінесе аяғы ауыр әйелдерге қолданылады, яғни босануға күні жақындады деген мағынаны білдіреді.

Күн жеді – күн күйдіріп, киімнің т.б. түсі оңды деген мағынаны береді.

Күн көрсетпеді – қинады, қалыпты өмір сүруге мүмкіндік бермеді деген мәнде.

Күні бітті – ажалы жетті, дәм-тұзы таусылды [4, 702-703 б.].

Қарап отырсақ, бұл мифтік таным-түсініктің негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің мағыналық астарында сол халықтың ұлттық менталитеті, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, дүниетанымы толық сақталған. Осындай мифтік сарындардың көрінісі тіл арқылы жарыққа шыққанда ол кез келген халықтың өткен тарихынан сыр шертері сөзсіз. Түбі бір түркі халықтарының танымында осы атауға байланысты Күн санау деген де ұғым қалыптасқан. Күн санау – бұл халықтың ертеден келе жатқан күн жүйесіндегі есептік қағидасы. Күн санау жүйесі негізінен жеті күннен есептеліп, оны бір апта деп атайды. Апта сөзі (hафта) парсы тілінен аударғанда бір жеті деген мағынаны береді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде апта атауына мынадай анықтама берілген: Ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі [4, 93 б.]. Парсы тілінің жүйесі бойынша апта күндері толық атауымен емес, рет-ретімен, яғни реттік сан есім негізінде бірінші күн, екінші күн, бесінші күн сол секілді кете береді. Жалпы қазақ және түрік халықтарында аптаның әр күніне, оның ерекшелігі мен қасиетіне байланысты да мифтік таным-түсініктер қалыптасқан. Мәселен, қазақ халқының ұғымында аптаның сәтті күні – Сәрсенбі (парсыша- бесінші күн). Яғни бұл күні жолға шығуға болмаса қандай да бір игілікті істі бастауға өте қолайлы күн деп есептеледі. Ал сәтсіз күн - Сейсенбі (парсыша – төртінші күн). Дүйсенбі (пар.- үшінші күн), бейсенбі (пар. – алтыншы күн), жұма күндері ең қасиетті күн ретінде саналады. Өйткені Ислам діні бойынша бұл

күні жамағат нағыз имандылыққа, инабаттылыққа бой бұрады. Бұл күндері ауыз бекітіп, жақсы сөз сөйлеп, өмірден өткен әруақтарға Құран бағышталады. Дәл осы күндері ұстаған оразаның сауабы көп болады деген сеніммен бұл күндер қасиетті деп саналады. Ал жексенбі (парсыша – екінші күн). Қазақтардың күн санау жүйесіндегі ең соңғы күн. «Жексенбіде жер-жаһан жаратылыпты» деген ұғым бар. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.ғ.с): «Жексенбі – ежелден сәтті күн. Жұма – мұсылмандардыкі, сенбі – яхудилердікі, жексенбі – христиандардыкі», - деген екен. Христиан дінін ұстанатын халықтардың үрдісімен, бүгіндері Жер шары тұрғындарының көп бөлігі жексенбі күні демалады. Мұны Еуропа мен АҚШ-тың саяси-экономикалық гегемондығымен түсіндіруге болады [5]. Сол секілді түркі халықтарының танымында да апта күндеріне байланысты қалыптасқан ұғым-түсініктердің тілдегі көрінісіне де назар аударайық. Мысалы, Salı günü yapılacak işin sürüneceğime, bitmeyeceğine inanılır. Bundan dolayı bu günde nakış başlanmaz, biçki yapılmaz veya herhangi başka bir işe başlanmaz. Bugün başlanılan işlerin sürüneceğime yani işin bitmeyeceğine inanılır [6, 42 s.] . Түріктер үшін де аптаның ең сәтсіз күні – Сейсенбі. Өйткені олар сейсенбіде басталған жұмыс аяқталмайды деп сенген. Çarşamba günü çamaşır yıkanmaması gerektiğine inanılır [6, 42 s.], яғни аптаның Сәрсенбі күні кір жууға болмайды. Ал аптаның ең сәтті күні түрік халқы үшін Бейсенбі екен. Perşembe gününün hayırlı gün olduğuna inanılır. Bunun için biçki yapılacaksa ya da gelin için düğün alışverişi yapılacaksa, bu işlerin perşembe gününe denk getirildiğinde işlerin hayırlı olacağına inanılır [6, 42 s.], олар бұл күні бастаған істің қайыры болады есептеген. Сондай-ақ, салт-дәстүрлері бойынша егер үйлену тойды бейсенбі күнге өткізетін болса, онда екі жастың өмірлері бақытқа толы болады деп сенген. Ал қасиетті Жұма күніне байланысты түрік халықтарының ұстанатын өзіндік бірнеше қағидаттары бар:

− Cuma günü ev süpürüldüğünde evin pisliği dışarı atılmamalıdır. Evin pisliği dışarı atılırsa, meleklerinin kollarının evin içine girmeyeceğine inanılır. Жұма күні егер үйді сыпырып, оның қоқысын сыртқа шығаратын болса, онда періштелердің қолдары ол үйге кірмей қояды деп есептеген;

− Cuma günü saç, sakal tıraşı olunmayacağına inanılır; Cuma günleri ağaç budamanın iyi olmayacağına inanılır [6, 43 s.]. Жұма күні шаш, сақал алуға және ағашты кесуге болмайды ол жаманшылық шақырады деп сенген. Жалпы бұл түсінік Ислам діні кең таралғаннан кейін пайда болған. Яғни, мұсылман ер адамдар шариғат бойынша бұл күні шаш алғызбаған. Қарап отырсақ, екі халықтың да апта күндеріне байланысты қалыптасқан мифтік таным-түсініктерінің астарында негізінен Діни мифтердің сарқыншақтары сақталғанын анық байқауға болады.

Қазақ және түрік халықтарының лексикалық қорынан мифтік шығармалар тілінде кездесетін «Күн» мифологемасына байланысты қойылған кісі есімдерінде көптеп кездестіруге болады. Мәселен, халқымызда «Күн» атауымен байланыстырылып қойылған Күнсұлу, Күнімай, Күнту, Күнай секілді адам аттарын жиі естиміз. Жалпы бабаларымыз кезінде кез келген есімді балаға қойғанда, оның ең алдымен беретін мағынасына басты назар аударған. «Сөздің киесі бар» дегенге сенген дана халқымыз адамға қойылған есім оның өмірі мен тағдырының жарқын болу, болмауының негізгі кепілі деп түсінген. Сондықтан да балаға ат қоюда аса сақтықпен қараған. Жоғарыда келтірілген адам есіміне байланысты мысалдардың да өз сыры бар. Мәселен, Күнсұлу есімін күндей сұлу, әдемі болсын деген ниетпен берсе, ал Күнімай, Күнай есімдерін – күн мен айдай жарық болсын деген мақсатпен қояды екен. Күнту есімі негізінен халқына, еліне күн боп туды деген мағынада қойылған. Сондай-ақ қазақ тілінде «Күн» лексемасымен байланысты қолданылатын деминутивтерді де жиі кездестіруге болады.

Деминутив дегеніміз – (ағылш. diminituve – кішірейтілген) – кішірейту, еркелету мәніндегі сөздер. Мысалы, «Күнім» деген сөз баланы немесе жақсы көрген адамды еркелету үшін айтылады. Сонымен қатар еркелету мәнінде жұмсалатын лексикалық бірліктерге: жарығым, сәулем, сәулетайым, шырағым деген сөздерді де жатқызуымызға болады. Сол секілді түркі халықтарының тілдік көріністерінен Күннің қасиеттілігіне байланысты қойылған есімдерді де көп кездестіруге болады. Мысалы, Günal: Işık al, ışıklı ol (Гүнал: жарық болсын), Günden: güne ilişkin, güneşe ilişkin (Гүнден: Күндей жарық, жарқын болсын), Günhan: Oğuzhan´ın altı oğlundan biri (Гүнхан: Оғыз ханның алты баласының бірі) [7, 72 s.] деген мақсатпен қойылған екен. Жалпы берілген мысалдар арқылы қазақ пен түркі халықтарының тілдік қолданыстарында Күн сакральды ұғымға ие болып, өзінің бойынан әлі де болса мифологиялық қасиетін жоғалтпағанын байқаймыз. Демек мифологемалар тіл арқылы адамзаттың санасында қалыптасып, өзінің құндылығын өткен заман еншісінде қалдырмай әлі де жалғасын тауып, сақтап келе жатыр десек те болады. Сонымен қорытындылай келе, қазақ және түркі халықтарының тілдік қолданыстарында «Күн» атауына байланысты туындаған мағыналық топтардың айырмашылықтарынан гөрі ұқсас жақтары басым болып шықты.

Күн	
Қазақ тілінде: *зат.* 1. Таңның атысынан, күннің батуына дейінгі аралық; күндіз. 2. Жиырма төрт сағатқа тең уақыт; тәу-лік, сөтке. 3. Аптаның жеті күнінің бірі. 4. Уақыт, мезгіл, шақ, кез. 5. Өмір, тіршілік	Түрік тілінде: güneş (*belirtme hâli* güneşi, *çoğulu* güneşler) -şi (*gök bilimi*) herhangi bir yıldız sisteminin merkezinde yer alan gök cismi (*termodinamik*) Güneş'in yaydığı ısı ve ışık, güneş ışınlarının ve ısısının etkilediği ortam *Güneş yakmasın diye onun güzel başını. Gördüm siper olurken iki arkadaşını.* - F. N. Çamlıbel gölgelik olmayan, Güneş ışığına ve ısısına maruz kalınan yer (*mecaz*) bilgi, zafer, mutluluk, rahatlama v.s. kaynağı olan kişi veya şey

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.

2 Güneş kelime kökeni // https://www.etimolojiturkce.com/kelime/g%C3%BCne%C5%9F

3 Öner M. Aydın dağları toponimlerinde mitonimler ve dil incelemesi – Izmır, 2018. – 224 s.

4 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.

5 Апта күндері туралы ұлттық таным// el.kz/news/vazhno_znat_/apta_kunderi_turali_ulttik_tanim/

6 Akyol N.S. Adana (merkez) halk kültüründe halk inançları bayramlar ve törenler. – Adana, 2006. – 191 s.

7 Koradan L. En güzel çocuk isimleri. – AZ kitap.2015. – 168 s.

ГРНТИ 16.31.41

КОММУНИКАТИВНЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕВОДА ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Ж.С. Алтынбеков

PhD докторант, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы

В статье рассматриваются некоторые аспекты перевода текстов, относящихся к политическому дискурсу: текстологические аспекты, метафорология и перевод, прецедентные феномены в переводе, интертекстуальность и политически корректная лексика в переводе, этикетные моменты. Мы полагаем, что переводоведческий взгляд может быть плодотворным для дальнейшего развития политической лингвистики.

Ключевые слова: политический дискурс, перевод, переводчик, устный перевод, устный переводчик

Во многих ситуациях переводчику приходится играть роль эксперта по межкультурным коммуникациям и объяснять инвариант восприятия национального ПФ. Одно и то же прецедентное имя, ситуация и т.д. может восприниматься с точностью до наоборот. В этом случае во избежание коммуникативной неудачи переводчик должен проявить культурологическую компетенцию и помочь коммуникантам понять намерения друг друга.

Рассмотрим несколько вопросов, представляющих интерес с точки зрения теории и практики перевода. Первый вопрос: имеет ли переводчик право *заменять ПФ ИЯ* на ПФ ПЯ? Например, можно ли было переводить сказанное вместо приветствия Дж. Шульцем М.С. Горбачёву *All the usual suspects are here*, известную любому среднему американцу прецедентную фразу из фильма «Касабланка», грибоедовским *Знакомые всё лица?* Если да, то какова свобода при замене одного ПФ другим?

Второй вопрос: как передавать *национальные ПФ* (Штирлиц, Василий Иванович) в устном переводе, в условиях дефицита времени? Объяснение (переводческая экспликация) занимает мно-

го времени, а рассказанный политический анекдот не всегда бывает смешон. В таких анекдотах регулярно встречаются каламбуры. Каламбуры, основанные на омонимии (как в анекдотах про Штирлица) особенно трудны для передачи. Появление в текстах политического дискурса национальных ПФ «третьих культур» в терминологии также вызывает трудности.

Даже при том, что политические анекдоты – это периферия политического дискурса и не каждому устному переводчику приходится переводить их, они ярко иллюстрируют проблематику, связанную с передачей национальных ПФ.

Что делать переводчику, если патрон всё-таки рассказывает такой анекдот, который относится, к текстам для внутреннего употребления? Выдающийся российский лингвист и переводчик А.Д. Швейцер вспоминает, как однажды переводчик-синхронист ООН «решился на отчаянный шаг [1, с. 41]. «Дамы и господа, - сказал он, - сейчас оратор рассказал совершенно непереводимый анекдот, но я думаю, что ему будет приятно, если вы засмеётесь». В зале раздался смех посочувствовавших бедному переводчику слушателей». В устном общении с известными российскими переводчиками автор этих строк слышал такие рекомендации: надо сказать «В этом месте у нас в России смеются». Сам А.Д. Швейцер пошёл по другому пути: «Поскольку <…> анекдоты генерала были, по существу, непереводимыми, я обзавёлся американским сборником, содержавшим шутки на все случаи жизни, и тщательно его проштудировал. Выслушав очередной образчик генеральского юмора, я пересказывал вместо него один из подходящих по ситуации анекдотов из сборника, причём с неизменным успехом.

Совершенно очевидно, что связь между прецедентной фразой и текстом в сознании русской языковой личности и так слаба. Обновление делает эту связь ещё слабее или разрывает её вовсе. Нам представляется, что ни за одним из предложенных нами вариантов перевода фразы *Bedfellows make strange politics* тень Шекспира не видится.

Словари не всегда успевают фиксировать ПФ и афоризмы политиков. Афоризмы, используемые англоязычными политиками, проиллюстрируем знаменитым рейгановским *evil empire → империя зла* и трумэновским *The buck stops here → Доллар останавливается здесь* (т.е. все окончательные решения принимаются здесь, здесь последняя инстанция). Такие афоризмы имеют шанс войти в группу прецедентных феноменов. [2].

Ещё одна черта современного политического дискурса – аллюзии на сакральные тексты. Политический и религиозный дискурсы могут «переплетаться». Религия в конце XX – начале XXI века влияет на политику всё больше. Так, в дискурсе Б.Обамы значительное место занимают мессианские мотивы (сейчас в меньшей степени, чем до прихода к власти), аллюзии на библейские сюжеты и речи М.Л. Кинга. Весьма плодотворными в этой связи представляются исследования на пересечении дискурсов (интердискурсов).

Парадигма политкорректности. Постколониальное западное общество, движения за права женщин и сексуальных меньшинств привели за последние десятилетия к значительным изменениям в лексическом составе английского языка.

Колониализм, этот «первородный грех Европы и Америки», вызывают в постколониальном обществе чувство вины. Постколониализм стал диктовать выбор литературы для перевода и выбор лексики. Политкорректная лексика появляется как желание вербально изгладить вину.

Что касается «политически корректного» выбора самой литературы для перевода, то сегодня всё больший удельный вес приходится на произведения афроамериканских, латиноамериканских, африканских и азиатских авторов. Всё громче звучат требования к переводчикам сохранять национальный колорит, иначе в условиях глобализации и большого объёма выпускаемой литературы появляются этакие новопереводы (with-it translatese), в которых «проза женщины из Палестины начинает напоминать прозу мужчины из Тайваня».

В гендерных политкорректных эвфемизмах наблюдается нейтрализация по признаку пола путём ухода от «сексистских» суффиксов -*man*, -*woman*, -*er* и -*ess*:

– *policeman*, *policewoman → police officer* «офицер полиции»;

– *chairman, chairwoman → a chairperson* или даже *chair* «председатель» (обращение *Madam Chair* звучит пикантно);

– *air hostess → flight attendant* «бортпроводник»;

– *waiter, waitress → server*;

– *fireman → a firefighter* «огнеборец» и т.д.

Нужно ли отражать такие изменения в переводе? Отрицательный ответ, казалось бы, очевиден. Внутренняя форма слова вторична. Носители русского языка вряд ли обращают особое внимание на сочетания *диссертант Иванова* или замечают катахрезы вроде *рыжая белка, красное бельё, фруктовый чай* (в советское время *ячменный кофе*) и т.п. [3].

Следующий вопрос: как передавать при переводе политкорректные эвфемизмы-словосочетания? В английском языке, особенно американском варианте, их десятки:

− *deaf* «глухой» → *aurally inconvenienced*, что-то вроде ?«испытывающий слуховые неудобства»;

− *drunk* «пьяный» → *person of different sobriety* ?«человек альтернативной трезвости» или *tired and emotional* «уставший и эмоциональный»;

− *old* «старый» → *temporally challenged* ?«преодолевающий временные трудности», или *experientially enhanced* ?«обременённый опытом», или *senior citizen* ?«старший гражданин».

Одним из наиболее продуктивных в образовании новых эвфемизмов является суффиксоид -*challenged*:

an invalid «инвалид» → *a physically challenged person*, что можно попробовать перевести как ?«человек, преодолевающий физические трудности»;

− *fat* «толстый» → *horizontally challenged* ?«преодолевающий горизонтальные трудности»;

− *bald* «лысый» → *follicularly challenged* ?«преодолевающий фолликулярные трудности» или ?«фолликулярно отсталый»;

− *orphan* «сирота» → *parentally challenged* ?«преодолевающий трудности, связанные с родителями» (точнее – с их отсутствием!?);

− *retarded* «умственно отсталый» или *stupid* «тупой» → mentally challenged или *cerebrally challenged* ?«преодолевающий умственные трудности»;

− *bad cook* «плохой повар» → *culinarily challenged* ?«преодолевающий кулинарные трудности» или ?«кулинарно дезориентированный» [4].

Американские дипломаты неоднократно выражали пожелание видеть/слышать в ПТ эвфемизмы. Во-первых, пожелание патрона к переводчику и тексту перевода – закон. Во-вторых, хороший переводчик должен, по Н.В. Гоголю, стать «как стекло». Следовательно, политкорректные эвфемизмы следует передавать эвфемизмами, делая максимально близкую кальку. Вместе с тем мы переводим не только с языка на язык, но и с культуры на культуру, а в нашей русскоязычной культуре эвфемизмы распространены отнюдь не так широко. Проблему усугубляет то обстоятельство, что до сих пор далеко не все эвфемизмы, порожденные толерантностью, зарегистрированы толковыми словарями, не говоря уже о словарях двуязычных. Продекларировать благое намерение всегда проще, чем претворить его в жизнь. Политически корректные эвфемизмы иногда столь замысловаты, что от переводчика требуется недюжинная фантазия, чтобы из контекста, если под рукой нет электронных ресурсов, угадать смысл сказанного и за деревьями увидеть лес.

Поставленная проблема серьёзна, и решение ее вряд ли может быть быстрым и однозначным. Толерантность нужно воспитывать ещё со школьной скамьи, обогащая речь юной языковой личности словами, дотоле ей неведомыми. Необходимо расширять границы языка, ибо «границы моего языка означают границы моего мира» Пока же, в обозримом будущем, расширять границы нашего мира и нашего языка предстоит общими силами и писателям, и журналистам, и филологам, и переводчикам.

Таким образом, затронутая в настоящей статье проблематика указывает на соприкосновения интересов политической лингвистики и переводоведения. Каждый из намеченных пунктиром аспектов заслуживает более глубокого исследования.

Литература

1 Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. М.: Воениздат, 1973. – 280 с.

2 http://www.nytimes.com/2008/09/05/us/politics/05repubs.html?_r=1, New York Times, 05/09/2008.

3 http://news.bbc.co.uk/2/hi/americas/obama_inauguration/7840646.stm, BBC

4 http://traditio.ru/wiki/Инаугурационная_речь_президента_США_Б._Обамы, Traditio.

ҒТАМР 16.31.41

ҚАЗАҚ АУДАРМАТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Қ. Жұмабай
Студент, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы қ.
Р.Б. Ержаханова
А.і.м., акад.доцент, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Алматы қ.

Мақалада аударма теориясы, соның ішінде, қазақ аудармасының теориясының жас, жаңа ғана туып, қалыптасу дәуірін бастан кешіріп отырған кенже ғылым екені сөз болады. Осы жайттарды зерттей келе, аударма әрқашан да адамдар, қауымдар, тайпалар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік-экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың алмасуы, айырбастаудың құралы, ел танудың құралы, достықтың, тәжірибе-тағылым алысудың дәнекері екені зерделеніп, түпнұсқа мәтінін тіл білмейтіндерге таныстыру жайттары жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: аударма, түпнұсқа, дәнекер, балама, дәлме-дәл, сіреспе аударма.

Жер бетінде ежелден өмір сүріп келе жатқан халықтардың көбі осыдан жарты ғасыр бұрын бір-бірінің дүниеде бар екені жайлы да бейхабар болатын. Бірақ дүниені дүрліктірген ұлы оқиғалар бұйығып жатқан елдердің өміріне орасан өзгерістер әкелді. Ғылымның, техниканың дамуына байланысты халықтар арасындағы кеңістіктер жақындасып, қашықтықгар қысқарды. Енді адамдар өз үйінен алысқа ұзамай-ақ бір-бірін біле бастады. Осының нәтижесінде ортақ мүдде, бірегей мақсат, бірегей сөздер пайда болды. Бірақ адамдар тілінің әртүрлілігі бұрынғы қалпынша қала берді де, халықтар достығының дәнекері ретінде аударма өнері жандана бастады.

Аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын мәдени өмірдің бірде-бір саласы жоқ.

Аударма деген сөздің ауқымы (аумағы) кең. Бір тілден екінші тілге өлең, көркем проза, ғылыми және ғылыми-көпшілікке арналған әрқилы еңбектер, дипломатиялық құжаттар, іс-қағаздары, саяси қайраткерлердің мақалалары мен шешендердің сөздері, газет материалдары т.т. толып жатқан дүниелер аударылуы мүмкін. Мұның бәрінде де аудармашыға қойылатын талап аударма теоретиктерінің айтуынша екі ыңғайда көрінуге тиіс.

1) Аударманың мақсаты – түпнұсқа мәтінін тіл білмейтіндерге таныстыру;

2) Ал аудару дегеніміз – өзге тілдің құралдарымен баяндалған текстi екінші тілдің құралдарымен барынша толық, әрі дәл жеткізу деген сөз.

Әр тілде сөйлейтін халықтар мекен еткен әлемді және сол халықтардың мәдени мұрасын танып білу тек аударма арқылы мүмкін. Әрине бұдан кез келген аударма түпнұсқаны толығымен танытар дәрежеде деген қорытынды жасалмауы тиіс. Сонда да кез келген аударма, оның ішінде, әсіресе, көркем аударма басқа тілдің амалдарымен жасалған шығарманы екінші тілдің құралдарымен қайта жасау болып табылады. Бұл процесс әр алуан халықтардың өзара қарым-қатынасы негізінде тарихи дәлелденген және жасалған тәжірибелер мұның әбден мүмкін екенін көрсетіп отыр. Ал енді бұл аудармалардың сапасы, салмағы т. б. түрлі қасиеттері деген мәселенің бәрін көркем аударманың теориясы тексеруге тиіс. Аударма теориясы осындай қажеттіліктен келіп туған [1].

Аударма – өмір танытатын, білім тарататын, тәрбие беретін құрал ғана емес, ол сонымен бірге халық пен халықты қауыштырады. Бейнелі сөзбен айтсақ, аудармашы – халық пен халықты таныстырып, достастыратын дәнекер. Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма етек алды. Одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды. Шынайы шығармашылыққа еркіндік керек. Дегенмен, тіл аяғынан тұсауын алған ат емес, құйғытып шаба жөнелмейді. Тіл морфологиялық, орфографиялық, синтаксистік ережелерге бағынады. Аударма – қиын мәселе. Аудармаға қойылатын талап пен талғам да зор [2].

Аударма теориясын зерттеу қашан да өз маңызын жойған емес. Аударма шығармашылық іс, рухани өнер. Ұлттар, халықтар, мемлекеттер арасындағы рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық-сауда қарым-қатынастарының ең қажетті құралы, дәнекері болған аударма жұмысы бұрын да зор рөл атқарған және қазір де солай. Шын мәнісінде осыншама рөлі мен маңызы бар және өмір тынысының барлық жақтарын қамтитын іс-әрекеттің өзіндік теориялық негізі, ғылыми дәйектірегі болуға тиіс. Яғни, аударма теориясының міндеті – шығарманың түпнұсқа мен аудармасының

арасындағы ара қатынастардың заңдылықтарындағы ізін табу, аударманың жеке элементтерін барлап байқаудан туған тұжырым, қағидаларды ғылыми негізге сүйеніп қорытындылау және аударма практикасына көмек көрсететін, практик аудармашыға себін тигізетін межені белгілеп беру. Сонымен, аударма теориясының негізгі зерттейтін объектісі – түпнұсқа мен аударманың арасындағы арақатынас және оны пайымдау мен қорытындылауды керек ететін нақты жайларға көшкен формаларының айырмашылығы [2].

Қазақ елінің мәдени даму екершеліктеріне қарай аудармада түрлі әдіс орын алғаны белгілі. Әдебиет тоериясы көркем аударманың негізгі үш түрі бар деп біледі. Олар: еркін аударма, сөзбе-сөз және балама аударма.

Біріншісі – еркін аударма, бұл тәсіл түпнұсқа тілін, әдеби ырғағын жетік білмеуден, түпнұсқаның өзіне тән ерекшелігін сақтаудан гөрі, аудармашының өзіне тиімділік жағын қарастырудан туады.

Аудармадағы екінші әдіс – сөзбе-сөз аудару. Бұл тәсілді көбінесе түпнұсқаның тілін жақсы білетін аудармашылар қолданады, түпнұсқадан пышақ жүзіндей ауытқымайтын кемшіліктер осыдан туады. Сөйтіп, басқа халық өкілдері жаза басудан қаймығып, жеке сөздерді, тіпті, нүктесін қисайтпай түсіруді күйттеп кетеді.

Аударманың үшінші тәсілі – балама (адекват) аударма. Бұл – ең қиын түрі. Мұны екі тілді жетік білумен қатар, сол түпнұсқаның жан-жүрегін, ішкі сырын сарқа түсінетіндер қолданады. Оның үстіне аударманың бұл тәсіліне автордың стилін, жазу мәнерін, тіл мүсінін қалтқысыз, жете ұғынатындар ғана барады.

Қазіргі таңда елімізде барлық мемлекеттік және жеке кәсіби ұйымдар мен мекемелердің қазақ тіліне толық көшу үрдісі орын алып отыр. Бұл үрдіс – мемлекеттік тіліміз, қазақ тілінің, өзінің мәртебесіне лайық болуының бірден-бір кепілі болмақ. Өйткені бұл елбасымыздың қойып отырған талабы. Сондықтан қазіргі кезде аудармашылыр, әсіресе, орыс-қазақ тілінің аудармашылары зор сұранысқа ие. Тіпті аударматану ғылымының кейбір терминдерінің атаулары әлі күнге дейін тұрақтала қойған жоқ. Сондай терминдердің бірі баламалық термині. Аудармада эквиваленттті, балама, дәлме-дәл, сайма-сай, адекватты аударма сияқты терминдер семантикалық жағынан синонимдес болып келеді. Дегенмен, қазіргі аударма саласында бұл терминдердің ұғымдық мағыналары бір-бірінен бөлек, өзіндік анықтамасы бар жеке терминдер ретінде қалыптасып келеді.

Қазақ аударматану ғылымында жиі қолданылып жүрген балама, баламалы аударма, баламалылық (эквивалент, эквивалентный перевод, эквивалентность) деген терминдердің қазірге дейін ұғымдық анықтамасы нақтылана қойған жоқ. Кей тұстарда сөз болғалы отырған аталымдар теңбе-теңдік (тождественность), дәлме-дәл аударма (адекватный перевод) деген терминдермен теңбе-тең дәрежеде ұғынылады. Сондай-ақ балама (эквивалент) дегендегі түпнұсқа тілдегі сөздің басқа тіл сөздігінде көрсетілген варианттары немесе аудару үдерісі кезінде түпнұсқадағы сөзге, тіркеске, фразаға, синтаксистік тұтастыққа тәржімашы аударылатын тілден таңдап, іріктеп алған мағынасы жуық нұсқалар деп түсіндіретін реттер де жоқ емес.

Баламалық жөнінде орыс ғалымдарының ішінен алғаш пікір айтқан Я. Рецкер болды. Оның айтуы бойынша «балама» дегеніміз мәтінінде тұрақты, тәуелсіз, теңбе-тең сәйкестік, ал, зерттеуші-ғалым А. Алдашеваның түсіндіруі бойынша, екітілді сөздікте берілетін нұсқалар. Дегенмен, А .Алдашева балама теориясы туралы Я. Рецкердің айтқан тұжырымдамасынан оның баламалық ұғымдарын дәл басып, тани қоймағандығын баса айтады. Ол: «балама аударма үдерісінің катализаторы, бұның әсіресе ауызша аудару үдерісі кезінде рөлі жоғары, өйткені сөздіктерде көрсеткен балама аудармашының санасына алдымен түседі де, контекстің мағынасын тез түсінуге ықпал етеді деп есептейді. Бірақ ғалым екітілді сөздіктер де дәл баламаны бере алмайтынын мойындай отырып, эквивалент дегендерге географиялық атауларды, жалқы есімдерді, терминдерді жатқызу керек деп санайды; ал басқа сөздер, сөз тіркестері баламалы сәйкестік деп танылуы тиіс; сондықтан толық балама, ішінара балама, абсолютті балама, шамалас балама типтес түрлерді ажырату қажет деген тұжырымдарға келеді. Дегенмен, біздің байқауымызша, зерттеуші қалай болғанда да балама, баламалылық ұғымдарын дәл басып тани қоймаған» дейді. Әрине, Я.Рецкердің еңбегі баламалылық туралы алғаш рет сөз қозғалған зерттеу болғандықтан, ондағы пікірлердің болжау-пайымдау бағытында екендігін де ескерген жөн [3].

Балама аударма – көріксіз көшірме емес, түпнұсқаның эмоциялық жеке эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде түгел мүсіндеу. Мұның үлгілерін біз қазақ поэзиясында алдымен Абайдан табамыз. Ұлы ақын аударған Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың ғибратты шығармаларының төл туындымыздай халқымыздың көкейіне қонып, зердесіне ұялауы; аударма өнерінің құдірет-күшін танытуы. Абай өзі қазақша сөйлеткісі келген шығарманың қан тамырын дәл басып, жүрек тынысын дәрігерше тыңдап, мүлтіксіз сөзді М.Ю. Лермонтовтан аударған, Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін алайық. «Горные вершины Спят во тьме ночной; Тихие долины Полны свежей мглой;

Не пылит дорога, Не дрожат листы... Подожди немного, Отдохнешь и ты». Абайдың аудармашы ретіндегі сезімталдығына қайран қалмасқа болмайды. Орыс өлеңі арқылы неміс елеңінің тіршілік-тынысын тап басуы қандай ғажап! Лермонтов: «Қараңғы түнде тау шыңдары ұйықтайды» десе, Абай «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп қазақшалайды.

Аударма теориясын зерттеуде кездесетін қиындықтар. Аударма теориясы, соның ішінде, қазақ аудармасының теориясы да – жас, жаңа ғана туып, қалыптасу дәуірін бастан кешіріп отырған кенже ғылым. Міне, осы себептен де қазақ аудармасының тарихы да жазылмаған. Ал «заттың тарихы жоқ жерде – заттық теориясы жоқ, ал заттың теориясы жоқ жерде оның тарихы туралы тіпті сөз болуы мүмкін емес». Өйткені ондай жағдайда зат туралы, оның шекарасы мен мағынасы туралы мүлде ұғым болмайтыны айдан анық.

Аударма өнерінің дәл өзіне арналмағанмен, ұлт тілінің тазалығын сақтау, қазақшаға аударылған еңбектерде оқырманға түсінікті етіп жеткізу жайында» қазақ оқымыстыларының XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың бас кезінде айтқан пікірлері бар. Қазақ аудармасы ұлттық мәдениетіміздің, әдебиетіміз бен публицистикамыздың құрамдас бір саласы ретінде дамып отырған кезде оның теориясы, тарихы, жеке аударманың шеберлігі жайында келелі пікірлер айтыла бастады, жеке авторлардың монографиялық зерттеулері, жинақтар, мақалалар жарияланды. Аударманы зерттеу ісінде соңғы 30-40 жылдың ішінде елеулі. Бір кезде В.Г. Белинский «Орыс тіліне аударылған шығарма орыс әдебиетінің туындысы» деген болатын. Аударма қызметінің ең басты мақсаты, В.Г. Белинскийдің айтуынша, халықтардың бір-бірімен танысып, өзара идеялар алмасуы, соған орай, әдебиеттерінің гүлденіп өсуі, ақыл-ой өрісінің үлгілері бір халық әдебиетінің екінші халық тіліне аударылуына негізделеді.

Аударманың тарихын сөз еткенде оның өзі әрбір ұлттың әдебиет пен мәдениеттің құрамдас бөлігі болғандықтан, ізін де, дәстүрін де, даму дәрежесінің қандай сатыда болған да сол ұлттың әдебиеті мен мәдениетінің тарихынан іздеген дұрыс.

Демек, қазақ тіліне аударылған әдеби туынды – қазақ әдебиетінің қазынасына қосылған дүниелік, ол казак, әдебиетінің төл туындысымен туыстас, үзеңгілес бола алады.

Аударма әдебиет жеке бір жанр емес, ол – ана тіліміздегі әдебиетіміздің барлық жанрын қамтитын бел баласы, солардың ажырамас бір бөлігі.

Қаламгер – өз ортасының, өзі өмір кешкен заманының перзенті. Ол өзімен бағыттас, әріптес қайраткерлердің шығармашылық-тәжірибелері мен тағылымын бойына сіңіргенде, олармен өзектес, үндес болғанда ғана қоғам алдындағы қарызын өтеген.

Аударма әрқашан да адамдар, қауымдар, тайпалар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік-экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың алмасуы, айырбастаудың құралы, ел танудың құралы, достықтың, тәжірибе-тағылым алысудың дәнекері болады [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. - Алматы: Жазушы, 1994. – 265 б.

2 Қазыбек Г. Аударма тәжірибесі. Хрестоматия. – Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 245 б.

3 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. –Москва, 1989. – 292 с.

4 Жұмабекова Т.С. Аудармтанудағы өзекті мәселелер туралы //ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. -№4(76). – Б.41-42

ҒТАМР 16.21.61

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТІЛІ

Д.Т. Уралбаева

Студент, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық қ.

Мақалада Жайдарман тілінің субкультурасы қарастырылады. Жайдарман тілінің ерекшелігі негізгі сәйкестендіруші маркер ретінде анықталады, формалар мен проблемалар талданады. Бос уақыт түрінің бірі мысалында студент жастардың қарым-қатынас мәдениеті сипатталады, Жайдарман ойынын өткізу ерекшеліктері ашылады. Қазіргі жастар тілінің

сөйлеу ерекшеліктеріне талдау жасау. Жайдарман тіліне сөзжасам, лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу.

Түйін сөздер: Жайдарман, субмәдениет, тіл, лексика, тіл формасы.

Жастар ерекше әлеуметтік – демографиялық топ ретінде кез келген қоғамның өмірінде үлкен рөл атқарады. Жастардың белсенді бөлігі дәстүрлі түрде студенттер болып табылады.

Студенттік ортада өтетін процестер маңызды және ғылыми түсінуді талап етеді. Бұл үдерістерді ұғынудың бір жолы жастар субмәдениетін зерттеу болып табылады. «Субмәдениет» ұғымы көп мағыналы. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды. Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес. Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі – фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Басқалары субмәдениет-бұл дәстүрлі мәдениет құндылықтарының жүйесі деп түсінеді. Жастар арасында аниме, панка, байкерлер, футбол жанкүйерлері, роллерлер, готы және т. б. сияқты субмәдениеттер таралған.

Жайдарман ойындарын дамыту барысында Жайдарман ойыншыларының жиі айтылатын терминдерді (вкат, гэк, болт, откат, рефрен және т.б.) қамтитын ерекше тіл қалыптасты. Бұл ұғымдардың көпшілігі Жайдарман ойыншыларының ортасында жалпы қабылданған және географиялық және этнографиялық көрсеткіштерге байланысты ғана сәл өзгеше болуы мүмкін. Жайдарман ойыншылары бұл терминдерді тек бір-бірімен қарым-қатынаста ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынаста да жиі қолданады, және бұл жағдайда олардың сөзі түсінбеуге әкеледі.

Кез келген субмәдениетте сияқты Жайдарман ойыншыларының да өз тілі бұрыннан пайда болды. Жайдарман тілі – тұрақты емес және үнемі дамып, жаңа сөздермен толықтырылады.

КТК-көңілді тапқырлар клубы, Жайдарман:

1) телебағдарлама, ойын – бұл студенттердің, қызметкерлердің, жас ғалымдардың жастар командаларының жарысы. Ол ойыншылардың импровизацияланатын конкурстар жүйесінен тұрады. Олардың тақырыбы мен жанрларын ұйымдастырушылар алдын ала анықтайды, ал қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Командалар дайын нөмірлерді көрсету шеберлігінде және импровизациялық конкурстарда жарысады.

2) жастар қозғалысы – әзіл сезімі бар интеллектуалды жастар ұмтылатын шығармашылық, әлеуметтік ойын. Клуб мүшелерінің лейтмотиві – әзіл-сықақ нөмірлерін көрсету арқылы көрермендердің оң реакциясын және қазылар алқасының жоғары бағасын алу.

3) ұйым – нақты субординация жүйесі бар фестивальдардың, чемпионаттар мен лигалардың тармақталған кестесі бар құрылым.

4) Қызығушылық бойынша барлық Жайдарман ойыншыларын біріктіретін клуб.

Жайдарман тілі – бұл тек еңбек қызметінде ғана емес, күнделікті өмірде де қолданылатын Жайдарман ойыншыларының тілі.

Жайдарман тілі – бұл жаңа, бұрын оқытылмаған қазіргі қазақ тілінің қабаты. Ол тұрақты дамуда. Менің ойымша, Жайдарман тілінің негізгі ерекшелігі-ол мыңдаған адамнан құрылған мақсатты, болашағы бар жастар ортасы.

Тіл үнемі жаңа лексемалармен толықтырылады. Бұған бірқатар себептер ықпал етеді:

1. Жаңа командалар. Статистика бойынша, бір жыл ішінде ресми жайдарман-да 200-ге дейін жаңа команда пайда болады. Жас ұрпақ ойындардың жаңа бағыттарын, командалардың ерекше атауларын, конкурстардың және т.б. көріністерін әкеледі.

2. Жаңа технологиялар (мысалы, шамамен 10 жыл бұрын миник сияқты термин таратылды. Сөз сөйлеу үшін барлық музыка жазылған Миник – мини-диск. Бірақ жаңа технологиялардың дамуымен, шағын дискілер артқы орынға шыға бастады, содан кейін жаппай пайдаланудан шықты. Тиісінше, миник термині де қолданылмайды. Жайдарман тілі үшін архаизм болды).

3. Эстарда, кино әлемінің жарқын жұлдыздары . Егер бұл жарқын және эпатажды кейіпкер болса, мысалы, өз уақытында шетел жұлдыздары сияқты, ал қазіргі уақытта журналистика бағытындағы жүргізушілер болса, онда оған пародиялар, нөмірлер және т. б. жиі жазылады.

Жайдарман тілі, субмәдениеттің кез келген басқа тілі сияқты, бұл қарым-қатынас, ақпарат беру және т. б. тәсілі.

Ең маңызды қарым-қатынас процесі Жайдарман ойыншылары мен көрермендер арасында өтеді. Бұл процесс кезінде қарым – қатынастың барлық түрлері-алдыңғы коммуникация, диалог және

жанама коммуникация жүйелі түрде қолданылады. Қарым-қатынастың алдыңғы коммуникация түріне мысал келтірсек.

Алдыңғы коммуникация. Бұл түр «Сен тұр – мен сөйлейін» қағидаты бойынша жұмыс істейді.

Бұл Жайдарман ойыншылары мен көрермендер арасындағы қарым-қатынастың ең жиі кездесетін түрі. Ең жарқын өкілдер классикалық байқаулар болып табылады: сәлемдесу (визитка), ширату, жамбы ату (биатлон), үй тапсырмасы және т. б.

Ширату, Жамбы ату – әдетте орта байқау. Ереже: командалардың өкілдері бірінші кіруде бір әзілден, екіншісінде екіден және т.б. оқиды. Әрбір кіргеннен кейін қазылар алқасы бір командадан алып тастайды.

Аң патшасы арыстан жыланға қарап тұрып:

– ирелеңдемей дұрыс жүр – десе, жылан:

– ойбай, қойыңыз аға, мені түзу жолға салатын сіз емес – деп айтады дейді.

Бір күні бір көбелек гүлге қонайын деп жатса, гүл айтады дейді

– Қон, қон зал бос қо, - деп айтады дейді.

Бір пирожки айтады дейді:

– Маған капуста қоспаңызшы, аллегриям баар – дейді *«Сағыз» құрамасы.*

Түнгі сағат 03:00-де отырыстан тіреліп келген будильник үйдегілерін оятып алып:

– Таңертең өздерің тұрыңдар э... немене, депті *«Байдың балалары» Шымкент.*

Үй тапсырмасы – әдетте ойынды аяқтайтын, драматургияға толы конкурс.

Бұл конкурстардың барлығы алдыңғы коммуникацияның үлгісі болып табылады.

Ет базарда болған оқиға

− Құйрық май кімдікі?

− Менікі, менікі..

− Мына құйрық май сенікі ма?

− Негізі қойдыкі! Бірақ, менікі да!

− Бүгін сойғансыңдар ғой иа?

− Ия, бүгін сойдық, балғын, терісін қазір ғана алып кетті. Жап-жақсы.

− Мантіге бола ма құйрық май?

− Эу, мантіге арналған құйрық май ғой бұл..

− Қойшы??

− Көке мен сізге айтайын, бұл құйрық майды аласыз да, үйіңізге апарып, тек манты істейсіз. Сосын ол мантыны жейсіз, ұнамаса қайтып әкеп тастайсыз..

− Нені?

− Мантыны..

− Эй, жарнаманы өлтіреді екенсің, мақұл, қанша килограммы?

− 5000 тг көке!

− Болды.

Бұл келтірілген мысалды қарым-қатынастың диалог түріне жатқызуға болады.

Байқап қарасақ қазіргі Жайдарман ойындарында ойыншылар әлеуметтік лексика тобына жататын сөздер тобын қолданып жүр. Бірақ өздері байқамайтын секілді болып көрінеді. Әлеуметтік лексика – көп жағдайда диалектизмдермен және профессионализмдермен байланысты болып келеді. Әлеуметтік лексикаға әр түрлі топқа сай, мысалы, оқушылар мен студенттер, спортшылар, солдаттар, қысқасы, кейбір жастар тобы, сондай-ақ қолөнершілер, аңшылар, саудагерлер т.б. қолданылатын сөздер, «кейбір құпия тілдер», варваризмдер, түрлі жаргондар мен арголар сөздері мен сөз қолданыстары жатады. Сол сияқты орыс тілі саласында – оффендік қолданыстар, шет тілдерімен байланысты болып келетін цитджиндер, креоль тілдеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестері әлеуметтік лексика тобын құрайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер қолданылу аясына қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Оның біріншісі – жалпы халыққа түсінікті, қазақ халқы түгел қолданатын сөздер де, екіншісі – таралу аясы шектеулі, белгілі территорияда ғана қолданылатын диалект не әлеуметтік: ортаға қызмет ететін кәсіби сөздер, терминдер, арго, жаргондар.

Жаргондар мен арголар – тілдің пассив лексикасының бір тобы. Екеуі де француз тілінен алынған термин. Бұлар – кейбір әлеуметтік топ өкілдерінің «өз сөздері мен сөз тіркестерін» өздерінен басқа жұрт түсінбесін деген мақсатпен құрастырып алған жасанды, «құпия», шартты тіл. Арго мен жарго лексикасының бір-бірінен сәл-пәл айырмашылығы бар: жаргондарда экспрессивті – эмоционалды реңк, яғни қосалқы бояу, өңдеп,әшекейлей түсу, сондай-ақ кемістіңкіреуші, жағымсыздандыра түсу мағына басымдырақ болады.

Жаргондарды қолдаушылар, соған орай, жаргонның түр-түрі де көп: дворяндар жаргоны, әскери жаргон, кеңес жаргоны, аралас жаргондар т.б. Бұлардың ішінде аралас жаргондар ұғымы – креоль тңлдерң дегенге, ал жаргонизм – ағылшындардың слэнгіне жақын. Мысалы, орыс жаргондарында, қазіргі кезде қазақ елінің көптеген жастары арсында да «отлично, прекрасно» немесе «күшті, керемет» сөздері орнына законно, шик-модерн, клево, кайф, лайк т.б. дей береді.

Жоғарыда айтып өткендей жарго мен арго сөздері оқшауланған топ өкілдерінде көптеп қолданылады.

Мәселен, студенттер аргосы: стипуха – стипендия, құлау – емтиханды тапсыра алмау т.б.

Сөз әлемі – қыры мен сыры көп, күрделі де қиын дүние, сондықтан оны жұмсаудың реттері, қисыны, жүйесі туралы жеке әңгіме қозғау керек болады.

Жайдарман халықтық күлкі мәдениетінің шеңберіне кірді. Жайдарманшылардың тілі жүйенің тұйықтылығын көрсетеді: Жайдарман әзіл сияқты ол өте ерекше және қалыпты адамдарға өте түсініксіз. Басқа сөзбен айтқанда, сәйкестендіру және қарым-қатынас прроцессінде тек мәтіндік материал ғана емес, сонымен қатар бейвербальды емес, жеткілікті кодталған белгілер, белгілі бір мәдени кеңістіктегі емес адамға тану қиын емес, кейде мүмкін емес.

Жайдарман тілінің тұрақты формаларының қатарына теминология, шығармашылық, сахналық тақырыптар бойынша қарым-қатынасты жеңілдету түрлері жатқызылады. Бүгінгі күнде Жайдарман тілінің сөздігі жарыққа шықты. Яғни, Жайдарманда Ресейлік КВН ойындары арқылы сіңіскен бірең-саран сөздерден басқа, төл терминдері әзірге жоқ. Қазақстан КВН Одағының ресми сайтында Жайдарман сөздігі қалыптасты. Сөздік қордағы сөздердің мағыналары театр, әдебиет, спорт ликсикаларына жататын сөздерден алынған, ал, кей сөздердің мағыналары тек Жайдарман ойыншыларының өздеріне ғана түсінікті. Жалпы алғанда барлық Жайдарман терминдері полисемия мысалында құрылады, ұлттық тілдегі төл сөзге немесе сөйлемге, әдетте, бастапқы мәннен алыс жаңа мән қосылады («Жамбы ату» – әзілдер сайысы, «жылытпа» – багаж, өткен ойындарында ойналған әзілдер).

Сонымен қатар, Жайдарман тілінің формасына Жайдарман ойындарыныда оқылатын мәтіндер жатады бұл көрермендерден позитивті реакция алудың сахналық, шығармашылық, телевизиялық форма болып табылады (күлкі, қошемет шапалақ). Оқылатын мәтіндерінің маңызды бөлігінің негізінде тілдік тәсілдер мен ойындар жатыр: каламбуралар, дәйексөздер мен аллюзиялар, қайталаулар, метафорлар, инверсия, парадокстер, полисемия және т.б. Көрсетілген тілдік тәсілдерге байланысты Жайдарман әзілдеріне мысал келтірсек.

Қайталау

− Эх, ауылымды сағындым!

− Ауылымды сағындым?

− Иа, ауылымды сағындым!

− Ауылыңды сағындың ба?

− Иа, командир! Ауылымды сағындым!

− Ааа, онда сен ауылыңды сағынғансың ғой! «Сырдария» құрамасы (ОҚМПУ).

Парадокс

– Қытайда 86-дың өзі 16 млн екен. «Қызылорда» құрамасы.

– Солтүстік Қазақстан облысы Темирязев ауылының тұрғыны тауыққа ыстық су беріп піскен жұмыртқа алады екен. «Аграрка» құрамасы (Астана).

Жеке тілдің болуы субмәдениетті міндеттерді іске асырумен қатар коммуникативтік және семантикалық проблема болып табылады. Жайдарман ойыншылары өзіндік тілдік оқшаулауда болады, оны өздері қалыптастырады. Бұл үдерістің нәтижесі айналасындағылардың түсінбеуі, кері байланыстың тиімсіздігі, қарым-қатынаста қызығушылықтың болмауы және т.б. болып табылады. Бұндай ситуациядын шығудың бірнеше жолдары бар.

Бірінші: Жайдарман аудиториясына дейін айналамен қарым-қатынастың тарылуы. Бұдан шығу өніміз болып табылады, өйткені айналаның сыртында ата-анасы, ұстаздары, достары т.б. қалады.

Екінші: айналасындағылардың түсінбеуіне қарамастан, өз тілін дәйекті түрде пайдалану, оларды «таңдаулылықтан»өз басымдылығы санасына қатыстыруға тырысу. Жайдарман тілі шын мәнінде сленг болып табылады, өйткені, біріншіден, айналасындағылар оның тілінде сөйлеуге міндетті емес, екіншіден, оны пайдалану олар үшін табиғи емес болады.

Үшінші: Жайдарман жаргондарының бірте-бірте кеңейуі және де оны тұздық сөздерге (сленг) енгізу. Сонымен қатар, Жайдарман ойындарын аяқтаушылар – ойынның түлектері Жайдарман ойындары мен оның тілін түсінуден алыс кетпейді. Уақыт өте келе, мұндай адамдардың саны өмірде көп бола түседі, олар жиі жарнамашылар, копирайтерлер болып тілді өздері қалыптастырады.

Төртінші: сыртқы факторларға байланысты Жайдарман – лексикасын дұрыс немесе орынды емес пайдалану жағдайларын нақты ажырата білу. Біздің ойымызша, қазіргі уақытта тіл тепе-теңдігін сақтауға және өзінің мәдени тобына ғана емес, бейтарап тілдік материалдың тасымалдаушыларына, сондай-ақ, басқа да субмәдениеттердің тілдеріне құрметпен карауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтып өтілгендей жайдарман тілі Ресейдің КВН тілінің жүйесінде құралған. Соған байланысты қазіргі кезде әлі күші жойылмаған орыс тілі жайдарман ойыншыларының арасында кеңінен қолданылып келеді. Жайдарман ойыншыларының өз араларында қолданылатын термин сөздерінің барлығы дерлік ортыс тілінде айтылады. Оған дәлел мына сөздер:

Чес – команда алғашқы сахнаға шыққанда бір сызық бойында тұрып әзілдесетін жері.

Авация – халықтың яғни көрерменнің ең қатты қошеметі.

Фишка – бір әзілді қайта-қайта қайталай беретін оригиналды идея.

Парадали – жайдарман ойындарында командаларды таныстыру.

Туса – белгілі бір ортаны айтады, яғни әңгімелері жарасқан, сөйлеу тілдері тек өз араларында ғана түсінікті орта.

Штапм – біреудің әзілін шамалы түрде өзгертіп айту.

Топер – команда ойындарын әнмен әрлеуші.

Бетон, болт – ең өтімді әзілдер.

Сонымен қатар қазір телебағдарлама ретінде танымал болып келе жатқан КТА ойындары бар.

КТА – көңілді тапқырлар алаңы. Бұл да Жайдарман ойындары сияқты жастар ойыны, бұнда да әзіл бар, ойын бар. Жайдарманнан ерекшелігі мынада: КТА-да жайдарман ойындарында ойнап, тәжірибе жинап, нәтиже көрсеткен жастарға өнер жолына түсуіне мүмкіндік жасайтын, қолдау көрсететін бағыт түрі.

Жайдарман тілін, оның құрылымын зерттеу барысында көптеген әдістер қолданылды. Ең алдымен Жайдарман ойыншыларымен кездесіп сұхбат алу үлкен бір мүмкіндік болды. «Жем – Сағыз» құрамасның ойыншысы Нұрдәуір Нұрланұлының берген сұхбатынан: «Жайдаман ойындары қазіргі кезде өте қажет клубтардың бірі. Себебі жастарға уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беріп, айтарлықтай қолдау береді. Сахна мәнері, сөз әдебі, өзін-өзі күту, жұртшылықпен қарым-қатынас жасау т.б. көптеген жақсылыққа бағытайтын іс-әрекеттерге үйретеді».

Ал жайдарман тілі жайлы айтатын болсам, бүгінгі күнде жайдарман ойындарында диалект сөздер, анекдоттар, плагиаттарды қолдануға болмайды. Мысалы, «қай жаққа» – «қай яққа» деп айтып жатамыз, осы секілді көптеген сөздерге тыйым салынып жатыр. Сонымен қатар орысша сөз сөйлеуге де болмайды. Орыс тіліндегі сөздерді тек әзілді күлкілі қылып жеткізу мақсатында ғана қолдануға рұқсат бар.

Қорытынды ретінде, Жайдарман тілі келесі негізгі сипаттамаларға ие: біріншіден, оның маңызды міндеттері жастар қоғамдастығы ішінде кәсіби қарым-қатынас жасау болып табылады; екіншіден, Жайдарман тілінің лексикалық негізі – ұлттық тіл, тілдік ойындар әсіресе полисемияны пайдалана отырып, әзілдеу болып табылады; үшіншіден, Жайдарман тілін пайдалану тілдік оқшаулау проблемасына әкеп соқтыруы мүмкін. Жайдарман тілі құбылыс және процесс ретінде ең маңызды субмәдениетті маркер болып табылады. Жайдарман қауымдастығы қатысушылардың басын біріктіріп, тату-тәтті жанұяға айналдыратын, жастардың жүрегіне жол таба білген заманауи жоба десек те болады. Қазақстан КВН Одағының ең негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді, жастар қозғалысын өркендету. Қазақ тілін кеңінен қолданып, көркейте түсу және беделін арттыру. Жайдарман ойындарының ерекшелігі қазіргі қоғамда орын алып жатқан құбылыстарды өзек ету және халықтың заманауи сұранысына сай болуында.

Жайдарман тілі ондаған жылдар бойы қалыптасып, керуен жолындағы көшін тауып, дамып келеді. Алдағы уақытта оның тұздық сөздермен қосылып шұбарланбауы шабытты да көңілді жастардың қолында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Марфин М, Чивурин А. Что такое КВН?
2 Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы, А.: Дәуір-Кітап, - 2013, 50 б.
3 Хасенов Ә. Тіл білімі – Астана: Ер-Дәулет, 2007, 38 – 43 б.
4 Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы – А.: Ел-шежіре,2014, 116 – 117 б
5 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер – А., 1977ж.
6 Қазақстан Жайдарман Одағының ресми сайты. www.jaidarman.kz

ГРНТИ 16.01.07

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ РЕЧЕВОЙ СИТУАЦИИ ССОРЫ

В.В. Ивахненко
Студент, Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар
О.К. Андрющенко
К.ф.н., профессор, Павлодарского государственного педагогического университета, г. Павлодар

В статье рассматривается речевая ситуация ссоры на примере классической русской литературы. Авторы анализируют прагматические характеристики ссоры: участники, зачин данной коммуникативной ситуации, тактики, возможные последствия ссоры. Делается вывод о негативных проявлениях, сопутствующих ссоре – как вербальных, так и невербальных (физических, эмоционально-экспрессивных).

Ключевые слова: прагматическая характеристика, причина, участники, процесс, тактика, последствия, конфликтоген.

Любой конфликт включен в более сложную ситуацию, образуемую бытовым, социальным, психологическим, моральным, национально-ментальным, и пр. параметрами. Отработка анализа таких конфликтов как целостной ситуации предполагает поиск соответствующего массового материала, позволяющего выявлять определенные закономерности. Произведения русской литературы предоставляет такой материал в избытке. Более того, литература, так или иначе, обобщает и типизирует все явления и тем самым создает эффективный полигон для изучения этих феноменов как проявлений реальной жизни.

Ссора как одна из наиболее острых форм конфликтного взаимодействия людей представлена в литературе широко и разнообразно, поскольку она является самым ярким сюжетообразующим началом и позволяет художникам слова наблюдать и показывать поведение персонажей в особо жестких, иногда экстремальных ситуациях. В них вскрываются подчас неосознаваемые даже самим человеком истинные движущие мотивы и глубоко запрятанные качества.

Для изучения прагматической характеристики речевой ситуации ссоры, будут рассмотрены следующие категории «Причина возникновения ссоры», «Участники», «Процесс», «Последствия».

Проанализируем отрывки из художественных произведений, где присутствует ссора между героями, для выявления прагматической речевой ситуации ссоры.

➢ ***Тургенев И. С.. Отцы и дети*** [1, 268].

Речь зашла об одном из соседних помещиков. «Дрянь, аристократишко», – равнодушно заметил Базаров, который встречался с ним в Петербурге.

*– Позвольте вас спросить, – начал Павел Петрович, и **губы его задрожали,** – по вашим понятиям слова: «дрянь» и «аристократ» одно и то же означают?*

– Я сказал: «аристократишко», – проговорил Базаров, лениво отхлебывая глоток чаю.

– Точно так-с: но я полагаю, что вы такого же мнения об аристократах, как и об аристократишках. Я считаю долгом объявить вам, что я этого мнения не разделяю.

Причиной возникновения ссоры в данном отрывке послужил конфликтоген – «Дрянь, аристократишко».

Конфликтогеном послужила инвективная лексика, а именно слово «Дрянь», и унизительное значение слова аристократ - «аристократишко».

Участниками ссоры выступают два лица – Павел Петрович и Евгений Базаров.

В процесс ссоры выявлена тактика **возмущения**, связанная в большинстве случае с негативной реакцией на какой-либо проступок собеседника, в данном случае данная тактика была из-за произнесенного конфликтогена.

– Позвольте вас спросить, – начал Павел Петрович, и губы его задрожали, – по вашим понятиям слова: «дрянь» и «аристократ» одно и то же означают?

В конечном **итоге**, ссора между ними привела к дуэли, так как прийти к компромиссу они не смогли, что говорит о дисгармоническом коммуникативном результате.

➢ ***Тургенев И. С. Отцы и дети*** [1, 345].

– Не знаю, что тебе сказать. Настоящий человек об этом не должен заботиться; настоящий человек тот, о котором думать нечего, а которого надобно слушаться или ненавидеть.

– Странно! я никого не ненавижу, – промолвил, подумавши, Аркадий.

– А я так многих. ***Ты нежная душа, размазня, где тебе ненавидеть!.. Ты робеешь, мало на себя надеешься****…*

– А ты, – перебил Аркадий, – на себя надеешься? Ты высокого мнения о самом себе?

Базаров помолчал.

– Когда я встречу человека, который не спасовал бы передо мною, – ***проговорил он с расстановкой****, – тогда я изменю свое мнение о самом себе. Ненавидеть! Да вот, например, ты сегодня сказал, проходя мимо избы нашего старосты Филиппа, – она такая славная, белая, – вот, сказал ты, Россия тогда достигнет совершенства, когда у последнего мужика будет такое же помещение, и всякий из нас должен этому способствовать… А я и возненавидел этого последнего мужика, Филиппа или Сидора, для которого я должен из кожи лезть и который мне даже спасибо не скажет… да и на что мне его спасибо? Ну, будет он жить в белой избе, а из меня лопух расти будет; ну, дальше?*

– О друг мой, Аркадий Николаич! – ***воскликнул Базаров****, – об одном прошу тебя: не говори красиво.*

– Я говорю, как умею… Да и наконец, это деспотизм. Мне не шла мысль в голову; отчего ее не высказать?

– Так; но почему же и мне не высказать своей мысли? Я нахожу, что говорить красиво – неприлично.

– Что же прилично? Ругаться?

Суицидтік жүріс-тұрыс басқа жүріс-тұрыс мәселелерімен үйлеседі, мысалы, сабақты босату немесе даулар.

Суицидтік жүріс-тұрыстың тууына сонымен қатар мазасыздандыру және депрессивті күй әсер етеді. Балалардың депрессиясына мынадай сипат тән: қайғы, әлсіздік, ұйқы мен тәбеттің бұзылуы, салмақтың түсуі және соматикалық шағым, сәтсіздік қорқынышы және оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, өзін толыққандылы сезінбеу немесе бетін қайтару, шектен тыс өзін сынау, тұйықтық, уайымшылдық, агрессиялық және фрустрацияға деген төмен тұрақтылық.

Басқаша суицидтік жүріс-тұрыс бейнесін жасөмпірімдік жаста байқаймыз. Жасөспірімдер суицид талпынысы кіші жастағы балаларға қарағанда анағұрлым басымырақ, әрі оның аз саны өз мақсатына жетеді. Барлық суицид әрекетінде жасөспірімдердің аяқталған суициді 1 %-дан аспайды. Суицидтік жүріс-тұрыс бұл жаста демонстралды, сонымен қатар бопсалау мінезгіне ие. А.Е. Личко бойынша, жасөспірімдерін тек 10 % шынайы өзіне қол жұмсауды қалады, 90 % көмек сұрау айқайы. Алмазов өзін кескен 14-18 жастағы жасөспірім тобын қарастырып, олардың тек 4 % өзін кесу барысында суицидтік мазмұн ойыны ие болғаның бекітті. Шектен шығудың көбісі қатарластармен ұрыс жағдайынан кейін, сонымен қатар батырсыну «батырласу» салт ретінде жасалды. А.Е. Личко, А.А. Александров 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдердегі сынық зерттеуден өткізіп, суицид мінезі 49 % аффект жағдайында және ол балалардың осы жаста өте сезімтал болатындығына байланысты жиі кездеседі деген тұжырымға келді. Психикалық өзгерістердің біршама артуы байқалады, мыласы, депрессия. «Балалар депрессия белгілеріне әрбір ұсақ-түйекке мән берушілік зерігу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай- шу, жанжал көтеруге дайын тұру, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады.

Л.Я. Жезлованың пікірінше пубертантты жасқа дейін «отбасылық» мәселе, ал пубертантты жаста – «сексуалды» және «махаббат» мәселе пайда болады.

14 жастан кейін суицидтік жүріс-тұрыс шамамен ұл және қыздарда бірдей көрінеді. Ерте жаста суицидтік жүріс-тұрыс интинді–жеке қарым қатынаспен байланысты, мысалы бақытсыз махаббат. Жас топ адамдар депрессияға ұшырайды. Депрессия деңгейі маңызды суицидтік қауіп нәтижелі болып есептеледі. Зерттеу нәтижесі бойынша аяқталған суицид 40-65 жас арасында анағұрлым көп болады. Суицид деңгейі ерлер арасында жоғары. Қалыпты ересек жастағы стрессорлар ажырасу мәселесі, жақын адамды жоғалту, жұмыстан шығу, қаражат дағдарысы, отбасы өлімі болып табылады.

Ересек жас жалғыздық, кәсіби іс-әрекеттің аяқталуы, мүмкіндікті жоғалту, отбасы және достардан алшақтау және т.б маңызды әлеуметтік психологиялық мәселелермен қақтығысады.Ересек адамдарда депрессия шаршаумен, фатальдық және дәрменсіздікпен сипатталады. Дәрменсіздік өлімді қалау кезінде пайда болады. Ересек жас анағұрлым суицидтік жүріс–тұрысқа душар болған [7, 133].

Халықтың психикалық мәдениетін арттыру үшін алдымен суицид мәселесі жөнінде кешенді әлеуметтік-профилактикалық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, имандылық тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып отыру керек. Сонымен қатар, суицидтік әрекетке бейім адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін қоғамдық ұйымдардың санын кеңейту, оларды материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, біліктілігі жоғары – психолог, әлеуметтік педагог, дәрігер, психиатр мамандарын дайындау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь. – М.,2004.

2 Жарықбаев Қ.Б., Саңғылбаев О.С.. Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 507 бет.

3 Шнейдер Л.Б. Девиантное поведение детей и подростков. – М., 2005.

4 Змановская Е.В. Девиантология (Психология отклоняющегося поведения). – М., 2003.

5 Менделевич В.Д. Психология девиантного поведения. Учебное пособие. –СПб., 2005.

6 Холмс Д. Анормальная психология. – СПб., 2003.

7 Сидоренко Е.В.Методы математической обработки в психологии. – СПб., 2006.

ҒТАМР 02.15.99

РАБҒУЗИДІҢ «ҚИСАС-УЛ АНБИЙА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Н.А. Мейрашева, Г.У. Утегенова
Студенттер, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.
М.А. Бижанова
Сениор-лектор, ф.ғ.к., Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Мақалада Алтын Орда тұсында дүниеге келген түркі жазба ескерткіштерінің бірі, діни-исламдық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-ул анбийа» атты шығармасы қарастырылып, философиялық этикалық қыры ашылады. Шығарма Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен олардың бастан кешкен оқиғаларын және Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірін баяндауға арналған ірі қиссалардан тұрады Олардың діни ғана емес, танымдық мағынасы да зор, оларда өмір шындығы мен уақыт белгілері көрініс тапқан. Рабғузидің «Қисас-ул анбийасы» қазіргі заманғы мәдениет үшін философиялық, этикалық маңызы зор, оның тағылымы жастарды дүниетанымдық сипатта тәрбиелейді.

Түйін сөздер: дүниетаным, мифология, руханиялық, құндылық, этика, адамгершілік, сабырлық, ізгілік.

Ортағасырлық жазба мәдениет ислам өркениетінің негізінде дамыды. Түркілердің мұсылман мәдениетімен танысуы қарахандықтар тұсында басталып, Алтын Орда мемлекеті кезінде өзінің шырқау шегіне жетті. Алтын Орда дәуірінің мұралары онша көп сақталмағаны белгілі. Бұл кездегі түркілік әдебиет өкілдерінен бізге Сайф Сараи, Хорезми, Құтып, Дүрбек, Лутфий, Әли Атаи, Рабғузи және т. б. шығармалары танымал болып отыр.

Сол тарихи кезеңде өмірге келген көркем туындылардан ақын Хорезмидің «Мұхаббатнаме» поэмасы, Сайф Сараидің «Түркі тіліндегі Гүлістан» дастаны, Құтыптың «Хұсрау-Шырыны» мен Дүрбектің «Жүсіп пен Зылиқа» дастандары, Рабғузидің «Қиссас-ул әнбиясы» ерекше мәшһүр болғаны белгілі.

Жалпы түркі әлеміне дүниетанымдық маңызы болған әдеби ескерткіштер туралы А.Қыраубаева: «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет екі түрлі. Біріншісі, аударма-назиралық шығармалар: Құтыптың «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сарайдің «Гүлістан», Әлидің «Қисса Жүсібі», Рабғузидің «Қисас-ул әнбиясы, Махмуд бин Алидің «Неһдж ул Фарадис («Жұмаққа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жұмжұма»кітабы және тағы басқалар. Екіншісі тың тума әдебиет: «Махаббатнама» – деп екіге бөліп қарастырған [1, 15 б].

Алтын Орда тұсында дүниеге келген түркі жазба ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» немесе «Қисас-ул анбийа» атты еңбегі ерекше орын алады. Бұл шығарма этикалық ұстанымдарды өзіне негіз еткен туынды.

Рабғузи – шығарма авторының лақап аты. Ол Рабат оғыз дегенжерде өмір сүрген ғұлама ғалым. Еуропалық түркітанушы ғалым А. Бомбачидің пікірінше, Рабғузи 1250 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы Баршыкентте өмір сүрген. Рабғузи араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген, еңбектерін осы тілдерде жазған. Алайда, ойшылдың еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына жеткені «Қисас-ул әнбийа» рухани ескеркіші ғана ғана болып отыр.

Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмір тарихы, дін-шариғаты баяндалған кітап «Қисас-ул әнбийа» деп аталады. Бұл «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағынаны білдіреді. Орта ғасырларда «Қисас-ул анбийаның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқалары пайда болып, соған байланысты әртүрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XI ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбұға бек «Қисас-ул әнбийаның» араб, парсы, және түрік тілдеріндегі өзгеріске ұшыраған нұсқаларын бір жүйеге келтіруді Рабғузиге тапсырады. Бұл туралы Рабғузи өз ебегінің алғы сөзінде Тоқуға бек: «Пайғамбар туралы хикаялар біріараб тілінде бірі парсы тілінде – бізге әртүрлі тілде жетіп отыр. Бірінің басы, бірінің аяғы жоқ, бірі толық болса, бірі толық емес Солардың бәрін бір ізге түсіріп, өзімізге түсінікті тілге жазып берсеңіз деді. Мен құрметті бектің өтінішін қабыл алдым»,– дейді [2, 191 б.].

Автор осы еңбекті жазу барысында үлкен табысқа жететіндігіне сенген сияқты. Алғы сөзде «Қисса-и Рабғузи» деген бейресми атауды ұсынады. «Бұл кітапты іздеген әрбір адам, оны жылдам табатындай болсын және ол туралы естіген әрбір адам сол сәтте-ақ кітаптың не жайында екенін түсінетін болсын» [3, 8 б.], - деп жазған болатын. Шынында да, сан ғасыр өтсе де еңбектің атауы сол өзгеріссіз қолданып келеді, ол өз дәуірінен кейінгі ұрпаққа аманат қалдырғандай.

Рабғузидің «Қисас-ул әнбийа» ескерткіші біздің заманымызға бірнеше нұсқада жеткен. Көне түрік тілінде үш нұсқасы бар. Бірі – Лондон, бірі – Қазан, бірі – Ташкент нұсқалары болып отыр. Осы аталған нұсқалардың ішіндегі ең көнесі және толық мәтіні сақталғаны – Лондан нұсқасы болып есептеледі. Сондықтан қазақ тілінде өрнектеліп жүрген мәтінді жинақтыру барысында осы мәселе ескерілуі тиіс.

Шығарма Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен олардың бастан кешкен оқиғаларын және Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірін баяндауға арналған. Онда дүниенің жаралуы туралы, жер жүзін топан су басуы туралы және Жер бетінде жаңа тіршіліктің басталуы туралы мифологиялық әңгімелер, түрлі аңыздар, ертегілер мен мысал әңгімелер бар. Әрине шынайы философиялық бастауы мифологиялық санамен байланысты екенін ескерген жөн.

«Қисса-и Рабғузиге» енгізілген шығармаларды идеялық-тақырыптық мазмұны бойынша үш топқа бөлуге болады:

а) дүниенің, аспанның, жердің пайда болуы туралы, адамның, жануарлардың, жын-шайтандардың және басқа да тіршілік иелерінің шығуы туралы әңгімелер;

ә) пайғамбарлар мен халифтар, әулиелердің өмірі туралы хикаялар, шығыс нақылдары, халық аңыздары мен ертегілері;

б) хижраның алғашқы он жылындағы негізгі оқиғалар тізбегі, жылдардың, айлар мен күндердің атаулары туралы, мұсылман күнтізбесіндегі айтулы күндер туралы мәліметтер.

Рабғузидің «Қисас-ул әнбийасы» ислам өркениетінің аясында дүниеге келгендіктен сол кездегі жазба әдебиеттің дәстүрлі шарттарын қатаң сақтап отырған. Ислам дінінің кең қанат жайған ортағасырлық шығыс мұсылман әдебиетінде шығарманың басында міндетті түрде әуелібүкіл болмысты жаратқан жаратушыға мадақ айтып, одан соң пайғамбарға салауат айтылады. Үшінші бөлімінде еңбектің жазылу себебі және кімге арналғандығы айтылып, сонан соң негізгі бөлім басталады. Соңында ақын жаратушыға жалбарынып, шығарманы жазу барысында біліп немесе білмейжасаған күнәларына кешірім сұрайды, о дүниенің азабынан қорқып дұға оқиды. Рабғузи

шығармасының басында әуелі Аллаға шүкір етуден бастап, содан соң пайғамбарлардың атына он екі жолдан тұратын өлең жолдарын арнаған. Негізгі бөлімде пайғамбарлар өмір тарихы қиссамен берілген. Шығарманың соңында Рабғузи өз оқырмандарына арнап ақыл-кеңес жазған.

Бұл шығармада аты әлемге әйгілі Сүлеймен, Дәуіт, Мұса тағы басқалар оқырманға тек әулие-пайғамбар ретінде ғана емес, ел билеген патша болыпта көрінеді. Мәселен, Дәуіт патша күндіз мемлекет басқару істерімен араласып отырады, дегенмен түнде ел аралайды екен. Ол халықтан патшаларың әділ ме, ел билеген әкімдер зорлық зомбылық көрсеткен жоқ па деп сұрағаны баяндалады. Ел жұртқа тізесін батырған әкімдерді ұдайы жазалап отырағаны көрсетілген. Бір күні Дәуіт өзі туралы:

– Патшаларың қалай?- деп сұрапты. Сонда бір кісі:

– Патшамыз Дәуіт жақсы, бірақ жұрттың ақысын жейді, - деп жауап береді. Сол күннен бастап Дәуіт патшалықта темір соғушы ұста болып кетеді

«Хазірет Лұқпанның келесі бір хикаятында ешқашан өзінді қоршаған ортадағы тіршілік иелеріне қиянат жасама, ол күнәнің үлкендерінің бірі деген ойларын түсінеміз. Балаларының шымшықтың балапанын ұстап бер дегеніне көніп, ұяның аузын шүберекпен жапқанын ұмытып кетіп, балапандар өліп қалады, бірақ шымшық тіріқалады. Хикаятта осы оқиға Лұқпан хакімнің өмірінде қайталанады. Өзі ұзақ уақыт зындандажатып тірі қалады, бірақ балалары сол зындандаөліп қалады. Осыдан адам кейде өзінің іс-әрекетіне жауапкершіліксіз қараса, ол міндетті түрде оның ақырғы азабын татуға тиіс» - деп тұжырымдайды С.Е. Нұрмұратов [4, 451 б]. Хазірет Лұқпан есімі түркілер үшін адамгершіліктің, даналықтың, қайырымды жанның бейнесіне айналды. Міне, этикалық басымдылықтың түркілердің ортасына ендеуіне ықпал еткен рухани дүниелерде осындай болып келген.

Адамның оң қасиеттерінің ішінде Рабғузидің көп мән берген сипаттарының бірі – сабыр. Адам баласы түрлі қиындыққа тап болғанда, ақылды, ашуға жеңдірмей сабырлы болуға, өткен қателіктерге сабырмен қарауға керектігін айтады. Жүсіп Зылиханың жаласына ілігіп, дәрменсіз күй кешкенде: «Ей, Жүсіп бәлеге іліккен екенсің, сабыр ет, ізгі атың шықсын. Жақып пайғамбар екі ұлынан айырылып, Жүсіпке хат жазады: «Біз пайғамбар ұрпағымыз. Аталарымыз бабаларымен бірге бәлеге шырмалған едік. Атам Ысқақ пайғамбар Алла жарлығымен бауыздалды: үлкен атам Ибраһим пайғамбар Намруд отына күйді. Менде екі ұлымның қайғысына душар болдым. Бірісін бөрі жеді және бірін ұрлық қылды деп алып қалыпсың. Бізде ұрлық етер кісі жоқ.... маған рақым қыл, жарылқа, көзімнің жарығы ұлымды қайтар. Саған ізгі дұға етем: Бұл дүниеде ізгілік көр, ол дүниеде күнәден құтыл. Біздің көңілімізді ауыртпа, тілегімізді зая етпегін, саған жақсы болмас, Егер жібермесең, бір түнде ерте тұрып саған қарай тағы дұға оқып жіберемін. Сен және мемлекеттен, қол астындағы елден жоқ боласыңдар» дейді, Жүсіп бұл хатты алып мынандай жауап жазады: «Аталарың қалай сабыр етсе, сен һәм сондай сабыр ет».

Рабғузи жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет. Алла сабырлықты сүйеді, әр қасіреттің соңы қуаныш деген ойға тоқталады. Бұл дүниені үйлесімділік заңы билейтіндігінен хабардар ету деседе болады.

Алтын Орда тұсында жазылған әдеби мұралардың қазақ мәдениетінде алар орны ерекше. Осылардың бәрі ислам діні тұрғысынан баяндалады. Бірақ мұнда халықтың дүниетанымы мен кейіпкерлерді фольклорлық дәріптеу айқын байқалады. «Қисас-уләнбийа» құран сюжеттерін, уағыздары мен сүрелерін баяндап беретін танымал прозалық шығарма ғана емес, онда автордың үлкен дарын иесі екенін дәлелдейтін философиялық әңгімелер мен өлеңдер көп. Ал құран хикаялары мен аңыздарының сюжеттері адамдарға түсінікті, тартымды да қарапайым тілмен баяндалған. Олардың діни ғана емес, танымдық мағынасы да зор, оларда өмір шындығы мен уақыт белгілері көрініс тапқан. Кітапта түркі халықтарының ғана емес, хикаяттарда айтылатын басқа халықтардың да әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер бар.Рабғузидің «Қисас-уләнбиясы» қазіргі заманғы мәдениет үшін философиялық, этикалық маңызы зор, оның тағылымы жастарды дүниетанымдық сипатта тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы: Мектеп,1988. -194 б.

2 Асқарова Г.С. Рабғузи «Қисас-ул анбийа» ескерткішінің түркі халықтары әдебиетіне аударылуы//«Өркениеттер диалогындағы түркі рөлі» атты халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. Алматы: МСӨИ, 2004 -344б.

3 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986. -178 б.

4 Нұрмұратов С.Е. Насреддин Рабғузи қиссаларындағы даналық тағылымдар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. 5том Астана: Аударма, 2005.-562 б.

ҒТАМР 17.07.41

БЕКАСЫЛ БИБОЛАТҰЛЫ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

А.С. Сахов
PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.
А.С. Сахов
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Ш. Уәлиханов атындағы №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, Түркістан облысы

Мақалада Бекасыл Биболатұлының пәлсапалық ой-тұжырымдары мен көсемсөзінің құндылықтарына, сонымен қатар сол заманнан мұра ретінде бізге жеткен еңбегіне шолу жасалынады. Қазақтың рухани мұрасы болып табылатын көне еңбегін талдау жасау арқылы Бекасыл Биболатұлының өз заманында ұлт мәдениетіне қосқан үлесі анықталып, еңбегі қазіргі заман талабына сай зерделенді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ірі жобаларды жүзеге асыруды ұсынады. Сол жобалардың бірі «Ұлы даланың ұлы есімдері» деп ой қозғады. Н.Ә.Назарбаевтың мақаласындағы жобалар негізінде тарихта ұмыт қалып бара жатқан ұлы есімдерді өмірге қайта алып келуге жол ашатыны айтылған. Сондай тұлғалардың бірі, халқына жанашыр, болашақта қиын-қыстау күндердің болатындығын, ол күндердің бейбіт күндерге ұласатынын асқан көрегендікпен болжап, өзінен кейінгі ұрпаққа өзінің төл қолжазбасын қалдырған Бекасыл Биболатұлының ұлт тарихындағы орны ерекше.

Сонымен қатар, Бекасыл Биболатұлының төл еңбегінде кейінгі ұрпаққа тек жұлдыз жорамалы ғана емес, адам өміріне жан-жақты қажет болатын ғылыми-философиялық көзқарасы дәріптеледі.

Ғылыми мақалада ғұламаның еңбегі жөнінде ғалымдардың айтқан ойларын сараптау арқылы айтқан ойлары мен нұсқаулары сараланады.

Түйін сөздер: Бекасыл Биболатұлы, Ұлы даланың жеті қыры, Мәшһүр-Жүсіп, жұлдызнама, Зикзал.

Қазақ мәдениетінің тарихында ұлт мәдениеттінің қалыптасуына тарихи құбылыстар мен өзгерістердің орны ерекше болған. Тарих – тұлғалар арқылы танылып, қалыптасатынын ескерсек, бұл жөнінде ел басы Н.Ә. Назарбаев ұлы даланың жеті қыры атты мақаласында ірі жобаларды жүзеге асыру мәселелері жөнінде «Ұлы даланың ұлы есімдері» деп ой қозғады. Мақалада «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кеңесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» деп жазған [1, 1 б.]. Тарихи үдерістер негізінде дүниеге келген тұлғалар көп уақыт бойы сыңаржақ саясаттың ықпалымен аты аталмай, қолжазбалары жасырылып сақталып келген. Егемендігімізді алып тәуелсіз ел атанғалы тұлғаларымыз табылып жатса да, тарих еншісінде жарық дүниеге шыға алмай жатқанқандары қанша екендігі тек тарихқа аян. Осындай тұлғалардың бірі Бекасыл Биболатұлы.

Бекасыл Биболатұлын ел әулие атаған. Ұрпақтар сабақтастығы нәтижесінде бізге жеткен әулие жөніндегі аңыз-әңгімелерді шындыққа жанастырмай мифтік туынды деп қараған күмәнді көзқарасқа 2003 жылы табылған әулиенің төл еңбегі бұлжытпас дәлел болды. Ғұлама Бекасыл Биболатұлының мұрасы алғаш рет 2005 жылы бір том болып, екінші рет 2011 жылы толықтырылып, екі том болып «Жұлдызнама» деген атпен жарық көрді. Ал 2017 жылы алғашқы нұсқаларда ашылмаған көп сөздерді аударып, толықтырылып «Зикзал» деген атпен қайта жарияланды. Алғашқы нұсқасын Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлы аударып, құрастырып шықты. Екінші нұсқасына Абдулла қажы Жолдасұлы тер төксе, үшінші нұсқасын шығару үшін Оразбай Зәріпбай Жұманұлы мен Оразбаев Мұхаммедзафар Зәріпбайұлы еңбек етті.

Бекасыл әулиенің төл мұрасының аталуындағы «Зикзал» сөзінің мағынасы қиыстырылған, өрнектелген деген мағына беруінен ақ, адам баласына өмірінің барлық кезеңдеріне қажетті болатын құнды еңбек екендігін көруге болады. Кітап атауының бұлайша өзгертілуіне бір себеп, ол – Бекасыл Биболатұлының туындысы, өлең жолдары мен төл еңбектің құрылымы себеп болса керек. Ол өлең жолдарында былай делінген:

«Жарандар, қалай деме Құдай ісін,
Болмайды бәнде білім қылған ісін.
«Мехнатсыз рахат жоқ» деген сөз бар,
Біле бер фаһім-ғақыл ендігісін.

Қолыма қалам алып жаздым зикзал,
Басқаның бір өлімнен ертесі абзал.
Жақсылар, оқып көрсең, міне кітап,
Ішінде әрбір түрлі нұсқалар бар» [2,12 б.] – деп бір кітабында түрлі бағыт бойынша қалам тартқанын айтып өтеді. Автордың жоғарыда көрсетілген өлең жолдарынан халыққа «құдай ісін» қалай деме, «мехнатсыз рахат жоқ» пейнетсіз рахатқа кенелмессің деп жаза отырып, санаңа түйсең ендігі жерде осы еңбектен ақыл ал деп жазып отыр. Еңбегін оқыған кейінгі ұрпаққа «басқаның бір өлімнен ертесі абзал» деп айтуындағы негізгі ойы – қашанда жасаған істеріңді ертерек аяқтауға асығыңдар, өлімнен басқаның ерте болғаны дұрыс деп қалам тартады.

Жеткізбес дүние сағым қуғанменен,
Би болмас белін жалпақ буған менен.
Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа,
Пайда жоқ құр әдемі тұрғанменен.

Жаманның бересі жоқ, аласы көп,
Бітпейтін ашу-араз, таласы көп.
Жауызды екі аяқты ұяласың,
Айтуға бұл да адамның баласы [3, 5 б.] - деп жазған өлең жолдарын тархатып қарайық. Автордың бұл өлең жолдары арқылы өмірдің нақты шындығына қарап жазғандығын көруге болады. Дүние сағым оны қуалап жете алмайсың, әдемі киініп би болмайсың, сыртқы сұлулықпен ішкі сұлулық ақылың бөлек, көз бояушылық пен билікке емес ілім-білімге ұмтылыңдар. Ол білім сендерге өмірлік азық болады деп айтқысы келгені анық. Жамандықтан жиреніңдер, бір-біріңмен араздасып, таласу жақсылық нышаны емес, адам баласы деп атауға лайықты жан болыңдар деп өзінен кейінгі ұрпаққа өнегелі өсиетін қалдырып отыр.

М. Миразов «Емдік кітаптар, жұлдызнама, өлеңдер жазып, қыр ғұламасы атанған Бекасыл Биболатұлы туралы алғаш рет атақты ақын Қазанғап Байболұлы қалам тербеді. Бұл ойымызды Қазанғап өзінің атақты «Төле би тарихы» дастанында растай түседі.

Таусылмас көп сыр естідім,
Адамынан үш жүздің.
Тере берсең табылар,
Әділ кісі болған соң,
Жүрек аңсап, сағынар.
Сөз жәрдемін көрсеткен,
Теріп айтсам мыналар.
Біріншісі Бекасыл,
Тоқсан үш жаста жөнеді.
Қоқандағы хандардың,
Төртеуін көрдім деп еді» - деп жазады [4, 3 б.]. Қазанғап Байболұлының Бекасыл Биболатұлы жөнінде бұлайша қалам тербеуінің себебін әулиенің өмір деректерінен қарастырсақ болады.

М. Қалдыбай еңбегінде «Ол 3 жасында жетім қалып, 7 жасынан байдың қозыларын жайып, қойшы Елемес ақсақалдың аузынан Асан қайғы, Аяз би, Жиренше шешен, Алдар көсе, Бәйдібек баба, Қарашаш, Домалақ ана, Қыз Жібек, Қобыланды батыр, Әз Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер туралы аңыз-әңгіме, хисса-дастан, тағы сол сияқты халық фольклорымен сусындап өскен. 9 жасында қазіргі Сайрам ауданының Қарамұрт ауылындағы Қарамолланың медресесінде оқып, оқуда үздік болғаны үшін халфе атанған. Яғни ұстаз жоқта орнына дәріс беруге құқылы болған» - деп жазған [5, 9 б.]. Бекасыл Биболатұлының төл еңбегінің 2017 жылғы шыққан соңғы аудырмасы Зик Залда «Бекасыл Биболатұлы 17 жасында Бұхарадаға Мир-Араб оқу орнына қабылданған. Құран Кәрімді жатқа біліп қана қоймай, қазақ тіліне аударғаны үшін хафиз атанған. 1845 жылы туған ауылына оралып, медресе ашып, шәкірттер тәрбиелеген. Бар ғұмырын білімге, ғылымға арнаған Бекасыл әулие білімін медресе ашып бала оқытумен қатар ел ішіндегі дауларды шешуге де араласып сарп еткен» деп жазылған [2, 12 б.]. Бекасыл Биболатұлы

23 жасында білімін толықтырып туған ауылынан медресе ашып бала оқыту барысында шәкірттерінің ішіндегі абаданы Қазанғап Байболұлына өзінің төл еңбегін сеніммен сақтауға тапсырған. Бекасыл Биболатұлы өзінің төл еңбегін шәкіртіне тапсыру себебін ғұламаның төл еңбегінің соңғы аудырмасы Зикзалда «Бекасыл әулие өзінің қартайған шағында болашақты болжап Зұлмат заман келе жатыр, құл-құтан көтеріліп, ылғи жалаңаяқтар ел басқарып, қаныңды судай шашады. «Жылан тақыр» боласыңдар. Көмусіз адам көбейеді. Қырғын соғыс болады. Жесір көбейеді. Соғыста ұтасыңдар. Сөйтіп көрер көзге, жарқын, бірақ іштей іріп жатқан бір заман басталады. Көлік төрт дөңгелекті темір болады. Аспан жол болады. Бір үй орыс, бір үй қазақ болып отырасыңдар. Олар жерлеріңді тартып алады. Көшіремін деп әуре болмаңдар, жетпіс жылдан соң өздері көшеді. Имандылық азаяды. Өнеге тозады, қасиет азады. Жастар ит ішпейтін сусынға құмар болады. Еркек үйшіл, әйел базаршыл болады. Қатын ел билейді. Қысқа етекті көйлек киіп, есек тұяқ етікпен жүреді. Қатын жіберу көбейеді, әйел еркекті сыйлаудан қалады. Тірі жетімдердің саны артады. Бірақ осының бәріне ертелі-кеш Алланың бір тыйымы болады» [2, 13 б.] - деп болашақты болжап айтып өмір бойы жазған, жиған кітаптарын тауға жасарып бір еңбегін шәкіртіне аманат еткен. Бекасыл Биболатұлының қоғам туралы, халық өмірі, тұрмысы туралы айтқан болжамдарының бұлжытпай орындалуынан ел ішінде әулие атануының текке еместігіне көз жеткізуге болады.

М. Үмбетұлы Бекасыл Биболатұлын «Өз шығармасында білім мен дінді ұштастырып, шариғат негіздері жөнінде құнды мұра жазып қалдырды. Ол өз шығармасының өн бойында қасиетті Құран сөздерін жиі пайдаланған. Пайдаланып қана қоймай іліми сөздермен Алланың барлығын кереметін, хақтығын танытуға тырысады. Бекасыл діни ағартушылық жолды ұстанған абзал жан» деп оң бағасын береді [4, 12 б.].

Халқының әлеуметтік-мәдени өміріне зор үлесін қосқан Бекасыл Биболатұлы жөнінде ғалым М. Бурабаев «Қазақтардың арасында молдалар (әсіресе шала молдалар) көп болған. Бірақ оларды «әулие» деуге болмайды. Ал әр «Әулие» молда бола алады. Әулиелерге ешқандай үкімет, әмір, хан, сұлтан немесе ВАК (жоғарғы аттестациялық комиссия) атақ, диплом бермейді, олар халықтың қалауымен «Әулие» дәрежесіне ие болады. Жоғарыда айтылған, пікірге қосарым Әулиелердің қоғамдық, көрегендік (жан-жақты білімді болғандықтан), жастарға, халыққа үлгі-өнеге көрсетуінде. Фараби бабамыздың шәкірті Ибн Рушд айтқан екен: «Дана-данышпан адам пайғамбар бола алады, ал кейбір пайғамбар дана бола алмайды» - деп ой қорытады [6, 186 б.]. М. Бурабаевтың ойын мақұлдауға болады. Себебі, әулиелерге әулиелік атақты ел берген. Ел ғұламаның біліміне, адамгершілігіне, өмірлік ұстамына қарап, әділ бағасын беріп, әулие атаған. Білімі бар, көзі ашық бірақтан өмірдің лас дүниесімен кірленген адамды ел әулие атаған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев мақаласынада «Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар жасалынды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты жүзеге асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр.

Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шет елдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын» деген [1, 2 б.]. Бекасыл Биболатұлының төл еңбегі ел басы айтқан бағдарлама негізінде тереңдетіп зерттеу қажет. Бекасыл әулие қазақтың дархан даласын ілім-білім жолында аралап, Ташкент, Самарқант, Сирия елдеріне барып білімін шыңдап, сол заманның саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени өміріне белсене араласты. Өзінің ілімін қалыптастырды. Өзіне дейінгі ойшылдардың озық ойларын санасына сіңіріп, өзінің төл еңбегінде жаңа тұжырымдар жазды. Өзінен кейінгі ойшылдарға ой салды. Болашақты болжады.

Ел Бекасыл Биболатұлын даналығы үшін әулие атаса, одан кейінгі қазақтың бір туар ұлы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Бекасыл әулиені «Бекасыл Хазірет» атаған [7, 14 б.]. Асыл мұра не бары 2003 жылы табылуына байланысты аударылып, бойға сіңіріп, жан-жақты, терең зерттеліп, тағылымын қоғам пайдасына, адамзаттың тіршілігіне пайдалану негізгі мақсат саналып, қоғам қайраткерлері мен ғалымдар еңбектерінде көрініс табуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры, «Egemen Qazaqstan» газеті, 21 қараша 2018 ж.
2 Бекасыл Биболатұлы. Зикзал. Астана, Ғылым баспасы, 2017 ж. I кітап.
3 Бекасыл. Жұлдызнама Ғибрат кітабы. Астана, Күлтегін, 2011 ж. I-кітап. 417 б

4 М. Әуезов атындағы ОҚМУ, «Түркология» ғылыми зерттеу орталығы № 1, 2013 ж.
5 Қалдыбай М. Бекасыл әулие. Тарихи-ғұмырнамалық хикаят. Астана, 2006 ж.
6 Бурабаев М.С. Фараби-Арестотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хиқметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. Алматы «Мифология» 2006 жыл.
7 Егемен Қазақстан, Қазақ баласы оқыдым, тоқыдым десе де, Бекасыл хазірет бола ма, 27 қараша 2013 ж.

ҒТАМР 02.15.99

СӘЙФ САРАЙИДЫҢ «ГҮЛСТАН» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

А.А. Серикова, Ж.Қ. Қуанышева
Студенттер, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.
М.А. Бижанова
Сениор-лектор, ф.ғ.к., Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Мақалада Алтын Орда дәуірі әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Сәйф Сарайидың «Гүлстан би-т-түрки» шығармасы аксиологиялық тұрғыда қарастырылып, оның этикалық-философиялық қырлары зерделенеді. Рухани мұраның қөркемдік, мазмұндық, мәтіндік сипатын ашатын герменевтикалық талдау жасалып, тарихи тұлғаның әлемді көркем игеруінің философиялық негіздері ашылады. Сәйф Сарайидың философиялық және этикалық ойлары қазіргі қоғамда отансүйгіштік пен этносаралық келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: руханилық, құндылық, этика, дүниетаным, ізгілік, тарих, қоғам, тұлға, эстетика.

Еуразия құрылығының жартысынан көбін қамтыған Алтын Орда мемлекеті кезінде көшпеліжәне отырықшы тұрмыс салты аралас дамыған мемлекеттердің бірі болды .Алтын Орда мемлекеті адамзат тарихында, әсіресе Түркі халықтарының тарихында үлкен рөл атқарды. Оның алып жатқан кең өлкесі Дешті Қыпшақ деп аталып, қоғам өміріндегі барлық саласында терең тарихи ізін қалдырды. Осы кезеңде Моңғолиядан Дунайға дейінгі аралықта өмір сүрген халықтардың бір-бірімен арақатынасы дамып, сауда-саттық, дипломатиялық істері жанданып, қалалар салынды. Көне Түркі мен қыпшақ-оғыз дәуірінде қалыптасқан рухани мәдениет құлдырамай, бұрынғы мәдени дәстүр қайта түлеп, жаңашадаму жолына түсті, сөйтіп,өз жалғасын тауып, жазба түрдегі біраз шығармалар жазылды. Солардың қатарында Хорезмидің «Махаббатнамасы», Сәйф Сарайидің«Гүлстан би-т-түрки», Құтып «Хұсрау-Шырын», Дұрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастандары ерекше мәшһүр болды. Сондай-ақ, Насреддин Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия»деп аталатын прозалық шығармасы да кең тарады. Қыпшақ тілінің сөздігі – «Кодекс куманикуста» сол заман талабынасай өмірге келген туындылардың қатарына жатады.

Сәйф Сарайи – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Сәйф Сарайи ақын, жазушы және аудармашы ретінде түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлесін қосқан. Көрнекті түркітанушы ғалым Әмір Нәжіптің айтуы бойынша ол парсы-тәжік әдебие-тінің классигі Сағдидің «Гүлстан» атты шығармасын ең алғаш түркі тіліне аударған. Аударма 1391 жылы мәмлүктік Египетте жасалған. Ақынның өмірі туралы мағлұматтар аз. Еңбектің соңында берілген бір өлеңде аударма аяқталған 1391 жылы жетпіс жаста екені туралы айтқан екен. Осы деректерге сүйене отырып, Ә. Нәжіп Алтын Орданы Өзбек хан басқарып тұрған жылдары (1312–1342), яғни 1321 жылы дүниеге келген деген болжам айтады.

XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарында аталатынСәйф Сарайидің жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен, біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Гүлстан би-т-түрки»шығармасының маңызы зор деген ойдамыз.Онымен қоса «Жәдігернама», «Сүһаил мен күлдірсін» атты шығармасы да қазіргі заманымызға дейін жетіп отырғанын айта аламыз. Сәйф Сараидің шығармашылығында поэзия мен проза қатар болғаны және олардың бірін-бірі толықтырғаны белгілі.Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізінде жазылған шығармалар қатарына жатады.

Ортағасырдың аса құнды рухани ескерткіші – «Гүлстан би-т-түрки» шығармасын түркітанушы ғалым Ә.Н. Нәджіп зерттеген. «Ғалымның С. Сарайи шығармасының жазылу тарихын, оның әдеби мәнін, тілін, сол дәуірдің әдеби және тілдік ерекшеліктерін кең көлемде зерттеп, «Гүлістан бит-түркиді» қазіргі орыс графикасы бойынша транскрипция жасады, әрі орыс тіліне жолма-жол аударма жасап шықты. Сондай-ақ С. Сарайи аудармасының өзіндік ерекшеліктерін ашты, шығарманың қыпшақ тілінде жазылғанын толық дәлелдеп берді. Бұл әдеби жәдігерлік көне түркі әдеби тілдерінің ішінде қазіргі қазақтіліне өте-мөте жақын тұрғанын ашып көрсетті» [1, 257 б] - деген ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым Н.Келімбетовтің ойымен толық келісуге болады.

Сәйф Сарайи Сағди ақының «Гүлстан» еңбегін аударғанда шығарманың композициялық құрылысын бұзбай, сол күйінде сақтап қалуға тырысқанын байқауға болады.С.Сараи «Гүлстанды» ешбір өзгеріссіз аударма жасауға тырыспаған, көптеген қысқартулары, өз жанынан шығарып қосқан жерлері де бар екендігі дәлелденген. Мысалы, кітаптың I-VII тарауларындағы 182 хикаяттың 178 ғана аударған. Үшінші тарауына өз тарапынан жаңа әңгіме қосқан, сонымен бірге кітаптың кіріспесі мен соңғы жағына біраз өзгерістер енгізген. Онда өз тұстастарынан бірнеше ақынның төрттағандары, көктем туралы өлеңі берілген. Нәзира тәсілімен жазылған сегіз ақынға жауап өлеңдері, жалпы аударманың өзі С.Сарайидың нәзира тәсілінің шебері екендігін көрсетеді [2, 126 б].

Парсы тіліндегі «Гүлстан» секілді қыпшақ тіліндегі С. Сарайи аударған «Гүлстан бит-түрки» де сегіз тараудан тұрады. Олар:

Бірінші тарау – ел билеушілер туралы.

Екінші тарау – халық бұқарасы жайында.

Үшінші тарау– қанағат-ынсаптың пайдасы жөнінде.

Төртінші тарау – тілге сақ болудың пайдасы туралы.

Бесінші тарау – жігіттік шақтың көріністері хақында.

Алтыншы тарау – кәріліктің адамды кәріп етіп қоятыны туралы.

Жетінші тарау – тәлім-тәрбиенің әсері жайында.

Сегізінші тарау – әңгімелесудегі әдептілік мәселесі туралы.

Мұның бәрі прозалық қисса-хикаят түрінде айтылса, Сағди Ширази өз «Гүлстанын» ұйқасқа құрылған прозамен жазған. Ол өзінің кейбір ойларын өлең жолдарыменде қорытындылаған. Аудармашы Сәйф Сарайи да өлең жолдарымен түйіндеген. Аудармашы-ақын Сағди жырларын сөзбе-сөз аудармай, сол мағынадағы өз өлеңдерімен келтіріп, қыпшақ еліне жақын жеке эпизодтармен және жыр жолдарымен баяндаған. Бұл аса шеберлікпен жасалғандықтан, аударманың идеялық мазмұнына да, көркемдік дәрежесіне де нұқсан келтірілмеген.

Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты, т.б. мадақтайтын қызықты хикаяларға көбірек назар аударғанын байқауға болады. Оның хикаяттарында достықтың қадірін көтеру, әрқашан жақсылық үшін қызмет етуге дайын болу сияқты ойлар молынан байқалады.Ойшылдың бұл ойларын төмендегі шумақ дәлел болады:

«Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,
Жайшылықтадоспындеген–жайсөз.

Дос – зынданда жатқанда керек,
Дастархан үстінде – дұшпан да дос» [3] – деп дұшпан мен пен достың айырмасын білуді ескертеді. Патшалар туралы тараудың 28 хикаятында айтылған. Бір хикаяда:

«Бір күресші палуан үш жүз алпыс күрес тәсілдерін білетін еді. Әр күні әр түрлі тәсілмен күресетін. Шәкірттерінің ішінен бір көркем жігітке ықыласы ауып, үш жүз елу тоғыз түрлі күрес тәсілін үйретеді. Жігіттің палуандығы жоғары дәрежеге жетті, бұл елде қандай күресші бар еді, баршасын жықты.

Бір күні патшаға келіп, жер өбіп тұрып: – Ұстазымның менде тәрбие хақы бар, қуат және өнерде де одан артықпын, – деді.

Бұл сөз патшаға ұнамады. – Күрестіріңдер!, – деп бұйырады.

Жігіт есірік піл сияқты ортаға шығып: – Темірден тау болсада жерінен қопарғаймын, – деп даңдайсыды. Ұстазы (мұның) күш жағынан артық екені біледі. Ол бір тәсілі бұдан жасырып еді, соны амалға келтірді. Жігіт қорғана алмады. Жігітті көтеріп, ауадан жерге ұрды. Халық шулап кетті.

Патша: – Ұстазына шапан жауып, сыйлық беріңдер, - деді.

Жігітке: – Сен ұстазыңмен таластың. Одан ештеңе шықпады,– деп кінәлады.

Жігіт: – Ол менен күш жағынан басым болмады, бәлкім күрес тәсілінен біреуін жасырп қалған, сол арқылы жеңіске жетті, – деді.

Ұстазы айтты: – Бәлі, ол тәсілді бүгін үшін жасырып едім. Өйткені, данышпандардың – Досыңа сондай дәрежеде жәрдем ет, кейін дұшпан бола қалса, сені жеңе алмайтын болсын» деген сөзі бар, – деді.

Не опа жоқ бұл әлемде,
Не кісі қылмады жаһанда оны.
Менен оқ атуды үйреніп кеткен,
Соңында қылды ол нысана мені» [4, 28 б].

Мәселен, «Дұшпанға рақым етпе, сен қолға түссең, ол саған рақым етпес» деген тұжырымдарының төркіні түркілік тарихи кезеңдегі жаугершілік өмір салтынан хабар береді. Сонымен қатар адамаралық қатынастағы сенімнен гөрі күмәннің басымдығын көрсетеді.

Шығармада автор жақсылық пен жамандық, қатыгездік пен мейірімділік, патша мен диқан, шындық пен өтірік, әке мен бала, күйеуі мен әйелі, інісі мен ағасы, т. б. аралық қарым-қатынасы, үндестігі қандай болу керек деген сауалға жауап беруге тырысады. Осы қатынастардың барлығында этикалық өлшем жетекші рөл атқарады.

Сарайидың адамдар арасындағы қатынастардың ішінде негізгілердің бірі ретінде отбасындағы еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы аталады. Яғни, қай заманда болмасын адамның отбасындағы өзара түсіністік ең жоғарғы құндылықтардың бірі екендігін ортағасырлық ақын төмендегі жыр жолдарымен әдемі жеткізе білген деген ойдамыз:

Әйелің – адал жарың, оны сүй әзиз ер,
Әрбір ауыр жағдайда дәйім сені демер.
Оғандос бол, оны сүйіпкөңілбер,
Оның сөз теңізінен гауһарларын тер.

Түркілік ойшыл отбасындағы адалдықтың адам үшін үлкен маңыздылығын атай келіп, пенденің сүйіп қосылған жары бірте-бірте нағыз досына айналуы тиіс деген даналық ойды тұжырымдайды. Жалпы еркек әйел арасындағы қатынасты шығыстық ақындар барынша нәзіктікпен, сезіммен жырлай білген және оның маңыздылығын кейінгі ұрпаққа терең даналықпен жеткізіп отырған [5, 510 б].

Ақын осы мәселелердің біріне қатысты хикаяларды айтумен шектеліп қалмайды. Сонымен бірге, ол өзі әңгіме етіп отырған моральдық, этикалық мәселелер жайында философиялық түйін жасайды. Автордың мұндай шешімдері көбінесеөлең-жыр түрінде берілген. Әке мен баланың қарым-қатынасы туралы хикаядан бір мысал келтірейік.

«Бір сұлтанның үшбаласы бар еді. Екеуі ұзын бойлы, келбетті, ал біреуі қысқа бойлы еді. Бір күні сұлтан қысқа бойлы ұлына ашу-ызалы көзімен қарады. Баласы бәрін ақылымен ұқты да, әкесіне айтты: Ей, әке, ұзын бойлы ақымақтан, қысқа бойлы ақылды жақсы» [6, 48 б].

Адамның оң қасиеттерінің ішінде С. Сарайидің аса мән берген сипаттарының бірі – сабырмен қанағат. Адам баласы түрлі қиындыққа тап болғанда, ақылды, ашуға жеңдірмей сабырлы болуға шақырады.

«Біреудің көңілін ренжітетін хабар естісең,
сабыр қыл, оны басқа біреу айтсын.

Әр іс сабырмен істеледі.
Асығыстың арты пұшайман.
Асығыс істің құны жоқ» [2, 134 б.] - деп жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет. Алла сабырлықты сүйеді, әр қасіреттің соңы қуаныш деген ойға тоқталады. Сабырлыққа шақыру жалпы түркі менталитетінің тереңіндегі құбылыс болып табылады.

Қазақ философиялық ойының көтерген басты мәселелерінің бірі адамның рухани жетілуі болып табылады. Ол үшін адамға өз нәпсісін тыю

басты қағидаттардың бірі. Солардың ішінде қанағат, нысап сияқты қасиеттер жайында С.Сарайида өз шығармашылығында зерделеген болатын. Ойшылдың:

«Ашкөз адам бар жаһан малына тоймайды,
қанағатты адам бір үзім нанға тояр.

Мол мүлік жинап бай болғаннан гөрі,
қанағат қып бай болған жақсы» - деген ойлары қазіргі заманда да өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

С. Сарайи өзінің оқырмандарын әр нәрсенің мәнін, қадірін білуге шақырып, оны хикаяттары арқылы зерделеген. Мысалы:«Бір патша құлымен бірге кемеде жүзіп келе жатты. Бұрын кемеге мініп көрмеген құлы қорқып жылай бастады. Жұрттың мазасын алды. Оны ешкім сөзбен жұбата алмады. Сонда бір данышпан кісі патшаға:

– Егер рұқсат етсеңіз оны тыныштандырайын, - депті. Патша рұқсат беріпті. Данышпан құлды теңізге тастатады. Байғұс құл суға бір батып, бір шығады. Екінші батқанында оны шашынан тартып, қайтадан кемеге шығарып алыпты. Құл кемеге әзер дегенде мініп, бір бұрышқа барып бүрісіп, үн-түнсіз отырып қалыпты.

Патша: – Бұл қалай болды? – дегенде,

Данышпан: – Бұл адам теңізге қарық болудың машақатын көрмегендіктен, өзінің сау-саламат отырғанының қадірін білмеді. Бейнет көрмеген адам рахаттың қадірін білмес», - деді [2, 132 б.].

Сәйф Сарайи өзінің «Гүлстан би-т-түрки» атты шығармасының халыққа, түркі даласының әрбір азаматына құнды дүние боларына сенімді.

Жыр маржанын сыйлық етіп ұсынайын,
Сыйлығым сол – пайдалы кітап.
Бар сөзі естімеген ойларға толы,
Өзіңе қасиетті болсын осы кітап [5, 511 б.].

Міне, осындай даналық тағылымдарынан құралған хикаяттардың біздің жаңғырған технологиялық құндылықтар заманымыз үшін философиялық сипаттама ретіндегі құндылығы зор деген ойды тұжырымдаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). Алматы: Атамұра, 2005.- 336 б.

2 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Томды баспаға әзірлеген: Л.Мұсалы. Алматы: «Өнер», 2008. – 304 б.

3 Керімұлы Ә. Әдеби жәдігерлер 7 кітап. kitap.kz/books/Zhadiger7

4 Әдеби әлем. Қазақстандағы алғашқы әдебиет порталы. Сайф Сараий www.kazakhadebieti.kz/index

5 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. 5том. Астана: Аударма, 2005. - 562 б.

ҒТАМР 02.71

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДІНИ ІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Б.А. Елеусов, Е.Е. Жармагамбетов
Ы. Алтынсарина атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық қ.

Эта статья посвящена 1150-летию нашего предка Ал-Фараби и его религиозным учениям, которые занимают особое место в его творчестве. Великий мыслитель подходил к религии со всех сторон. Феномен Аль-Фараби заключается в том, что он единственный мыслитель, который может запомнить Коран, священную книгу мусульман и свободно его интерпретировать.

Ключевые слова: Аль-Фараби, религия, ислам, Коран, исламское право.

Ортағасырлық араб-мұсылман философиясының көрнекті өкілдерінің бірі әл-Фараби дін мәселесіне, оның адам, қоғам өмірінде алатын роліне ерекше маңыз берген. Жалпы дін әл-Фараби бабамыз өмір сүрген дәуірдегі рухани қажеттілік, обьективтік шындық болатын. Ұлы ойшыл діннің адамдар арасындағы құқықтық реттеудегі маңызын дұрыс түсінген сияқты, ал біз білетін Европа

жұртшылығы діннің дұрыс мақсатын, мұратын түсінбей оны бір-бірін қанау үшін қаншама ғасыр арсыздықпен пайдалануға тырысқаны мәлім.

«Дін – бәрі үшін Ең Бастының жазмышы арқылы алдын ала айқындалған көзқарас пен іс-қимыл Діннің арқасында бәрі өз бойларында ұяланған мақсатқа жетеді…».

Ол сөйтіп, Құдай адам бойына белгілі бір мақсатты ұялатты және өзінің барлық іс-әрекетінін барысында ол оның парасат пен парасатты шығармашылық екенін дәлелдеді деп тұжырымдады. Адам адами мәнді ғылым, философия, поэзия, музыка арқылы іске асырды. Адам мақсатын әл-Фараби Жаратушыдан берілген шығармашылық әрекеттен көрді». Шынтуайтына жүгінетін болса қойшыл ұғымын кәміл меңгеру үшін Теология өнерін (Синаатуль-калам) тану бағытына ие картқан дұрыс, сонда барып дінитанымымыз кемелдене түседі. Діни ұғымды тереңдету үшін юриспруденцияның да (фикх) да рөлі өте зор. Фикхтың бұлтартпайтын көңілге сиярлық дәлелдеріне түсіндірме жасау факихке (заңгер) жүктеледі [1, 52 б.].

«Әл-Фараби дін философиядан кейін, ал қалам мен мұсылман құқы діннен кейін пайда болады деп санайды. Философия мен діннің қайсысының екінші пайда болғаны әл-Фараби үшін маңызды болып көрінеді. Кейде дін мен фәлсафаның бір-біріне қарама-қайшы келетін тұстары бар. Ол жөнінде Әбу Насыр діни шарттылықтар философтардың көмегімен зерделенетін ұтымды тұжырымдамалар легі екенін нақтылайды. Дегенмен мутакаллимдер мен мутазилиттер тұжырымдамаларын да қарастырып қойғанымыз дұрыс.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінің негізінде үш басты өзек айқын байқалады:

1) Дүниенің мәңгілігін мойындау;

2) Кез-келген құбылысты зерттеуде детерминизм /табиғатта және қоғамда кездесетін оқиға, құбылыстарды, оның ішінде адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстылығының себептерін, себептестігінің заңдылығын зерттейтін ілім/ негізіне тұруы;

3) Жеке адам рухының өлмейтіндігін жоққа шығару туралы қорытынды жасаудың айқын үрдісі мен ұштасатын ақыл-ой жөніндегі ілім.

Бұл – діннің абыройын түсіретін негіздемелер. Алайда, егер біз осы аталған үш пікірмен шектеліп қалатын болсақ, онда бұл ойшылдың ұтымды ойлары бар, бірақ олар қиыспайтын дін-теологиялық қабыққа оранған деп түсінген болар едік. Мәселеге бұл қырынан келу аса дұрыс болмас еді, нақтырақ айтқанда, нақты тарихи тұрпат, көзқарастар жүйесінің тұтастығы жоғалады.

А. Қабылова атап көрсеткендей «Әбу Насыр өзінің «Философияның дінге қатысы» атты еңбегін «Мейірімді, мейірман Аллаһ үшін…» деген сөздермен бастауы да кездейсоқ емес. Көп жағдайда оның құран мәтіндеріне назар аударуы, бұл үзінділерді түсіндіруі өзінің тұлғалық позициясы мен өзінің түсінуі тұрғысынан және сонымен бірге құран сөздерін логикалық пайымдау тұрғысынан жүзеге асады. Сол арқылы философ дүниедегінің бәрі түсіндірілуі тиіс екендігін және дүниедегінің бәрін түсіндіруге болатынын көрсетеді [2, 43 б.].

Сондықтан Құран мәтініне дұрыс қарап, оны түсініп және түсіндіру керек. Әл-Фарабидің Құран мәтіндерін осылай еркін түсіндіруін оның арабталған түркі болғандықтан (ал Құран исламға дейінгі арабтардың дүниетанымының, олардың мәдениетінің көрінісі болғандығына күмән жоқ), Құранның сакралды қатынасына байланып қалмағандығымен немесе оның ақиқатты іздеумен сабақтаскан жеке философиялық ұстанымымен түсіндіруге болады».

А. Қабылова еңбектерінде атап көрсеткендей нағыз ислам философы ретінде әл-Фараби Мұхамед пайғамбардың миссиясын, оның Алла жөніндегі танымын мойындайды. Аллаға, Періштелерге, Қасиетті кітаптарға, Пайғамбарларға, Ақыр заман күніне, тағдырға сену сияқты Ислам ілімінің барлық алты белгісі әл-Фараби трактаттарында тура болмаса да өзінше бір ерекше түрде түйінделген.

Әл-Фараби Қайырымды қалада періштелер жөніндегі ислам ілімінің барлық жағын қарастыруға тырысады. Әбу Насыр трактаттарында Періштенің аян болуы мен елестеуі туралы бөлім бар. Бұл жерде философ әрекет етуші интеллект бейнесін өңдеуге қабілетті қиялдағы күштер әрекетін қарастырады. Исламның негізгі үшінші бөлімі Қасиетті кітаптарға сенімді, әл-Фараби арнайы бөліп алып қарастырмайды, дегенмен осы бағыт төңірегінде жалпылама тұтас түсінік бар [3, 35 б.].

Пайғамбарларға сенім немесе исламның төртінші бөлімі әл-Фарабидің әділетті әкім туралы тұжырымдамасында жарқын көрініске ие. Сенімнің төртінші тармағы бойынша мұсылман барлық пайғамбарлардың ақиқаттығына сену керек. Құранда –Адам, Ыдырыс, Нух, Худ, Салих, Ибраһим, Лут, Ысмаил, Жақып, Жүсіп, Аййюб, Шуэйб, Мұса, Харун, Зуль-Кифль, Дәуід, Сүлеймен, Ілияс, Зәкәрия, Яхья, Иса, Мұхаммед сияқты есімдер айтылады. Құранда дінге сенушілердің атасы – Авраам және ол мұсылман деп көрсетіледі.

Өйтені ол бір құдайға сенуді үндеген алғашқы адам. Авраам пұтқа табынуды жоққа шығарған, сол себепті оны ханиф деген атаумен байланыстырамыз. Исус Христос есімін де Құранның талай

бетінен кездестіреміз. Алайда Мұхаммедтің өзі христиандық пен исламның айырмашылығын баса айтады. Хадисте Мұхаммед пайғамбардың: «Мені Исус Христос (Мәриамның ұлы) сияқты мадақтамаңдар, өйткені мен – құдайдың құлымын; мені Құдайдың құлы немесе Алланың елшісі деп атаңдар», деген сөздері сақталған.

Құран сүрелерінде көрсетілген пайғамбарлар жөніндегі ілім монотеистік діндердің сабақтастығын ғана айтып қоймайды, адамзаттың шығу тегінің бір екендігі идеясына алып келеді. Абу Наср ханиф, елші деген сөздерді қолданбайды, бірақ имам, пайғамбар түсініктерін жиі пайдаланады. Сонымен бірге Қайырымда қала, Бақытқа қол жеткізу еңбектерінде пайғамбарлық жөніндегі мәселелерді алға тартады.

Сенімнің бесінші тармағы Ақыр заман күніне илану Абу Насрде өзінше бір келбетте көрінеді. Жалпы Ақыр заман жөніндегі ілім Құранда жазылған мінез-құлық нормаларымен байланысты. «Оның қашан болатыны жайлы білім тек қана Раббымның жанында ғана. Оның уақытын Одан басқа ешкім білдіре алмайды» (Ағраф сүресі). Бұл туралы ұғымын Әл-Фараби өзінің Қайырымды қаласында өлгеннен кейін қайырымды қала тұрғындарының жандары бір-бірімен қауышады, ал адасқан және надан қала тұрғындарының жаны өлген соң ыдырап, ажырап кетеді деген идеяны ұстанғанда айқындайды.Әрине бұл жерде Қиямет күніне сенім арту, тағдырға иман келтіру ол әр мұсылманның міндетті парызы екендігін ол ұмытпайды [4, 44 б.].

Сенімнің бесінші бөліміне байланысты тәртіптің діни және мінез-құлықтық ережелері әл-Фарабидің барлық философиялық саяси трактаттарында дәлелденген. Сонымен бірге хадистердегі мумин түсінігіне Әбу Насрдың Қайырымды адам бейнесі өте жақын. Сенімнің алтынша белгісі – Тағдырға немесе қайырымдылық пен қатігездіктің Алла бұйырған шарттылығына сену.

Ол жөнінде «араларында өлімді біз белгілеп, тағайындадық…» (Уақиға сүресі) деген Құран сүрелері бәрімізге мәлім. Осы орайда Мұхаммед пайғамбар өлгенді жоқтауды айыптайды. Ұлы ойшыл теологиялық пайымға тән дәлдіктен алшақтай отырып, Даналық негіздерінде Қасиетті кітаптан алынған Жайдан-жай бір тал жапырақ та ағаштан түспейді деген мысал келтіреді. Ақиқатында өлім барлық тірі жанның қаласын, қаламасын дәмін тататын ащы шындық. Мұнда сорақысы, әрі мүлдем түсініксіз нәрсе адамның бірақ рет өлетіндігі, өлімнің қалай болатынын түсіне алмай, өлім алдында үрейге бет алдыруы. Бұл әрине қай дәуірде де болмасын көптеген экзистенционалистік философияның басты тақырыбы болатын. Сондықтан болмай қоймайтын, Алланың құдіретімен болатын өлімнен кейін оның туыстарының марқұмды жылап, жоқтағанын пайғамбар айыптайды [5, 76 б.].

Әл-Фараби даналық пен тақуалық мағыналарға толы өлең шығара білетін дарынды шайыр да еді. Ол пәни дүниенің жалған қызықтарынан бойын аулақ ұстап, саф таза рухани әлемге ден қойып, рух азығын тән азықтарынан биік қойды. Оның өлең туындылары жер бетіндегі тақырыптар емес, иләһи әлеммен байланыстылық бар. Сондықтан да оның өлеңдері басқа философтардың шығармаларынан оқ бойы озық тұр. Солардың бірі төмендегідей:

Ей, достым! Жалғандыққа жуымағын,
Көтеріп ақиқаттың ақ туын алғын.
Бұл дүние бізге мәңгі болмас мекен,
Пенде һәм жерде бақи болмайды екен.
Сызықтармыз сызылған бар болғаны,
Шимақтар шыр айналған шарда ол-дағы.

Әл-Фарабидің осындай өлеңдері оның өресінің биіктігін, дүниелік жалған қызықтардан аулақтығын білдіреді, рухани әлемнің ұшар биігіне жеткендігін паш етеді. Дүние мәңгілік мекен емес өткінші, жалған әлем, сондықтан да әрбір ақылды жан осынау жалған пәни дүниені тәрк етіп, рухани тазалыққа, бекзатттыққа бет бұруы тиіс, шыншылдар мен шәһидтердің шың-мәртебесіне шарықтап шығуы тиіс деп тұрғандай автор. Әл-Фараби әрдайым пәни дүниелік пендешілік қасиеттерден қалыс қылуын сұрап шынайы түрде Алла Тағалаға жалбарынатын, күндіз-түні дұға қылатын. Жаратқаннан күнә-қателіктерден тазартып, айқындыққа бастайтын таза ақыл нәсіп етуін сұрады. Тегінде тылсым дүниенің құпия-сырларын білуге деген зор ынтықтық оны түрлі білімдерге жетеледі, даналық пен хикметтің саф бұлағынан сақи сусындауға апарды. Осылайша әл-Фараби адамның әу бастағы жаратылыс материясы – топырақ пен төмен деңгейлерден бойын аулақ ұстап, рухтық рахатқа, ақыли биік дәрежелерге жетті [6, 65 б.].

Ислам ілімі мен Фараби мұралары төркіндес болып келеді. Діннің адамзат баласының ақыл-ойын жаулап алғанына қарамастан, уақыт жағынан алып қарастырғанда, ол философиядан кеш туындағанына көз жеткіземіз. Бір сөзбен айтқанда, діннің көмегімен халықты ағартушылық, яғни

білім жолына сала отырып, саналық және тәжірибелік заттарды да үнемі іздестіруге мүмкіндік аламыз. Мұның өзі діннің қай дәуірде болмасын тек руханилық салаға қызмет жасайтынын көреміз [7, 15 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973
2 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975
3 Қабылова А.С. Әл-Фараби және араб-мұсылманфилософиясы. Алматы, 2004.
4 Қабылова А.С. Әл-Фараби философиясындағы мәдениеттер синтезі. – автореферат. Алматы, 1999.
5 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б.
6 Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. А., 2004. 106 б.
7 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. А., 2002. 28 б.

ҒТАМР 02.11.91

ОТАНДЫҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ РУХАНИ ТАНЫМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Д.Т. Белгібаев
Оқытушы, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы қ.

Бұл мақалада, қазақ даласының ойшылдарының көзқарасындағы дәстүрлі құқықтың мәселелерін талқыланады. Дәстүрлі құқық – түркітілді көшпенді өркениеттің ең маңызды мәдени-құндылықтық феномені болып табылады. Дәстүрлі құқықтың мәнін әділдіктің этикалық феномені құрайтынын атап көрсетеді. Және заманауи құқықтық жүйеде маңызды, әрі өзекті рөл атқарады.

Түйін сөздер: Құқық, «Жеті жарғы», еуропалық кодекс, «Билер кеңесі», құқық мәдениеті, «Билер алқасы».

Қазіргі тарихи кезеңде еліміз, ата-бабаларымыздан мыңдаған жылдар бойы қордаланған тарихи қойнауындағы құндылықтар жүйесінің негізінде – демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет орнату жолында.

Заманауи Қазақстанда демократиялық үдерістің дамуын ауқымында, құқықтық жүйенің негізгі институттары қалыптасу үстінде. Негізінен құқықтың жалпы әлеуметтік мәні – жалпыға бірдей міндетті, мемлекет күшімен қамтамасыз етілетін қоғам қатынастарының жан - жақты дамуын реттейтін ережелердің жиынтығы болып табылады.

Қазіргі нарықтық заманда Республикамыздағы азаматтық, қылмыстық істерді моральдік ұстанымдардың, адамгершіліктің, кәсібилік және әділдік пен адалдықтың ең жоғарғы деңгейде қарау маңыздылығын талап етеді.

Әр елдің Конституциясы демократиялық дамуының негізі болып табылады. Құқықтық жүйемізде Ата – Заңымыздың түп-тамырына көз жүгіртсек, онда олардың қайнар көзі «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы», яғни, «Дала құқығынан» бастау алады.

Көптеген өткен уақыт ойшылдарының, құқық философиясы, мемлекет теориясы мен заңы, және заң ғалымдарының зерттеу еңбектері осы салаға арналған. Осы жерде классикалық авторлардың, яғни Аристотель, Платон, Дж. Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо және тағы сол сияқты басқада ойшылдардың еңбектерін айтуға болады.

Құқық философиясы мен құқықтық мәдениеттің және оның мемлекет құқығына байланысты белгілі қазақстандық авторларының Г.Г. Ақмамбетов, М.Т. Баймаханов, Т.Х. Ғабитов, С.З. Зиманов, А.С. Ибраева, З.Ж. Кенжалиев, С.С. Сартаев, және тағы да басқалардың еңбектерінен көруге болады.

XIXғасырдағы қазақтың көрнекті ғалым-зерттеушісі Ш. Уәлиханов бірінші болып қазақтардың қарапайым құқығындағы демократизм мен гуманизмге мән берді. Құқықтық институттарды зерттей келе, ол көшпелі қазақ қоғамының саяси-құқықтық қатарын зерттеушілер үшін жалпы теориялық

мәні бар пікірлер айтты: «Қырғыздардың (қазақтардың) әдет-ғұрып құқығының адамгершілікті жақтары көп, гуманизмге, демократизмге толы. Қырғыз заңдылықтарында жаңашаланған еуропалық кодекстер және ескертетін, имендіретін әдістер жоқ. Қырғыздарда дене жазалары ешқашан болмаған. Ал рулық қатынастарда орын алатын өзінің руласы үшін ру мүшелері жауапты болатын, құқықтық заңдылықтардың практикалық пайдасы көп» [1].

Қазақтардың әдет-ғұрып құқық мәдениеті құқықтық еркіндікте көрініс тапты, атап айтқанда, ең алдымен тұлғаға құрметпен қарауынан және билікке деген жағымпаздана табынудың болмауынан, қатал талаптарға бағынбаудан, аса адалдықпен, адамгершілікпен, салыстырмалы еркіндік пен әйелдер теңдігінен, еркіндік сүйгіш тұрмыстық дәстүрінен, дамыған ауызекі халық шығармашылығынан, қазақтардың барлық рухани мәдениетінен көрінеді.

«Билер кеңесі» рулар, тайпалар арасындағы шиеленесіп кеткен даулар бойынша жүргізілген. Билер соты ашық жүргізілген, яғни соттағы екі қарсылас жақтың адамдары мен қатар, тұрғындар да сот процессінің, билер шешімінің қатынасушылары болған. Билер сотында қазақ билері өз руларының атынан ақтаушы не айыптаушы ретінде қатынаса алған. Ал қылмыстық істер бойынша алдын – ала тергеу билердің өз шешімдерімен ұйымдастырылған. Билік шешімдер, үстем таптың мүдделеріне сәйкес көпшіліктің келісіміне сай болған, сондықтан үкімнің орындалуына кепілдік ретінде саналған.

Қазақтың әдет – ғұрып нормаларының артықшылығы – қолданылатын жазалардың ізгі екендігінен айқын көрінеді. Сондықтан да болар, қазақ даласында түрме, бас бостандығынан айыру деген жазалау шаралары болмаған. Оның есесіне Тәуке хан тұсындағы «қанға қан» ұстанымының орнына билердің ықпалымен құн төлеу институты кеңінен қолданылған. Құн төлеу негізінде кісі өлтіргені үшін немесе адамның дене мүшесіне жарақат түсіргені үшін белгілі бір мөлшерде моральдық – материалдық төлем ақы төлеу ұстанымы жатыр [2].

Қазақ қоғамында сот билігі хан билігінен жоғары тұрды. Алғашқы қазақ мемлекетінің іргетасын қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандар еді. Олар қазақты жеке ел, ұлт ретінде қалыптастыруға ерен еңбек сіңірді. Осы негізі қаланған қазақ мемлекетін одан әрі дамытып, ішкі, сыртқы саясатын шебер жүргізіп, әлеуметтік, саяси, экономикалық жүйені реттеп отыратын жарғылар қабылдап, елдің салт-дәстүрін сақтаған қазақ хандарының бірі – Қасым хан есімі тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заңдар жинағымен белгілі. Ел басқару жүйесінде ата жолын ұстанған Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа ортаға сәйкес жаңа низам жүйесін енгізеді. «Қасым ханның Қасқа жолы» аталатын бұл көне жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырады, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін байыптайды, жеке адамдар арасындағы ру тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін тағайындайды.

«Жеті Жарғыға» сай қазақ билері құқық бұзушыларға жаза белгіленуді жасаған қылмыстың ауырлығы мен қауіптілігіне байланысты жан жазасы, мал жазасы ар жазасы деп белгіленген. Жан жазасы – қылмыскер өлім жазасына кесіледі, бұл «қанға қан, жанға жан» ұстанымының жүзеге асу көрінісі. Сонымен қатар, көтеріліс жасап, бүлік шығарғандар, еліне опасыздық жасағандар өлім жазасына кесілген. Үкім туралы жолдармен орындалған (ат құйрығына байлап жіберу, садақпен ату, арқанмен қылқындырып өлтіру т.б.).

«Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ, салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни, онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Оларда орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық құқығының негізгі принциптері мен нормалары баян етілген. Қазақша «жарғы» – әділдік деген ұғымды білдіреді. Жеті жарғы – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. Олар – жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

«Жеті жарғыны» арнайы зерттеген ғалым Н. Өсерұлының еңбегінде құн мәселесі нақты көрсетілген: «екі көзді шығарса толық құн; әрбір саусағы үшін оннан бір құн; қатты соққыдан адам жынды болса толық құн; жана біліне бастаған нәресте үшін бір тоғыз айып, бес айлыққа дейін үш тоғыз айлық, бес айлықтан жарық көргенше жарты құн; ал жарық көрсе толық құн» [3]. «Жеті жарғы» бойынша сұлтандар мен қожалардың өлімі үшін жеті құн төленуі керек деп бекіткен. Бұдан бөлек үстеме құн болады: оның негізінде өнер құны және сүйек құны болып екіге бөлінеді. Өнер құнына ерекше дарынымен елді тәнті еткен аты әйгілі ақындар, батырлығымен көзге түскен қолбасшылар, аймаққа танулы атақты палуандар, шешендігі мен әділдігі танылған билер, ғұлама оқымыстылар кіргізіледі. Оларды өлтірген адамдар екі кісінің құнын төлеуге міндеттеледі.

Бүгінгі таңда демократия мәселесінде гендерлік қатынастың алар орны ерекше. Саясаттанушы Б. Тлепов дәстүрлі қазақ қоғамында жыныс айырмашылығы саяси мәнге болмағанын көрсетеді. Яғни әйел адамды қазақ халқы үлкен құрметке бөлей білген. Бұл жайттарды ол қазақ мемлекеттігінің тарихындағы белді заманлардың бірі «Жеті жарғыда» әйел адамдардың құқығына байланысты баптарынының болуын көрсетеді. Әйелдердің ерлермен бірдей ел қорғау ісіне, мемлекеттік қызметке араласуы Ұлы даладағы демократиялық дәстүрлердің бір қырын көрсетеді [4, 63 б.].

«Жеті жарғы» заңдар жинағы мемлекеттің ішкі жағдайын күшейтуге бағытталды. Осы заң негізінде қазақтың тайпа, ру басыларын жылына бір рет жиналуға міндеттеді. «Күлтөбенің басында күнде жиын» деп аталып кеткен жиынға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Едіге би, Тайкелтір би, Байдали би, Қоқым би, Сасық би сияқты ірі, беделді билер қатысқан. Бұл жиындарда мемлекеттің сыртқы және ішкі жағдайына байланысты мәселелер дауыс беру негізінде шешілді. Жиынға қатысушы әр рудың өз таңбасы болды. Бұл таңбалар құрылтайда мемлекеттік рәміз дәрежесінде бекітілді. Қазақтың негізгі байлығы мал болғаны белгілі. Сондықтан, «Жеті жарғы» заңдарына сай әр меншік иесі өз малдарына ен салуға міндеттелді. Сонымен қатар, әр рудың жайылым жер меншігі қатаң белгіленді.

«Жеті жарғының» талаптары бойынша әйел мен қыздарды зорлағаны үшін қылмыскер өлім жазасына кесіледі. Егер зорланған әйелдің күйеуі жақ болып, қылмыскерге әке – шешесі кешірім жасаса, ол әйелдің құнын төлеу арқылы өлім жазасынан босатылады. Егер мұндай қылмыс қызға жасалса, еркек тек сол қызға үйленіп және оның әке – шешесіне қалың мал төлеп өлім жазасынан құтылады.

Билер үкімімен ақ некені бұзғандарда қатаң жазаланған. Мысалы: Бөтен біреудің әйелін күш қолдану арқылы еріксіз алып кетсе, ондай қылмыскер өлім жазасына кесілген. Күйеуі тарапынан рахымшылық болса, құн төлеп өлім жазасынан құтыла алады. Керісінше болса, яғни әйел өз еркімен күйеуінен қашып кетсе, сол қашып барған адамның қолында қалатын болған. Бірақ, істеген әрекеті үшін жаңа күйеуі алғашқы күйеуге қалың малын төлеп, оған қоса қалың малсыз бір қыз беруге міндетті. Ерінің көзіне шөп салғаны үшін куйеуі әйелін өлтіруге құқылы болған [5].

Елімізде билер соты, сот билігі деген атаулар мен ұғымдар қазіргі уақытта да сот жүйесінде әділдік, кәсібилік үлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады. Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады. Осының өзі де қазақ тарихындағы билер әділсотының деңгейінің биік болғандығын, әділдік және адалдық жолындағы маңызын көз алдымызға елестетеді [6].

Қазақтың қарапайым құқығында гуманизм мен адамға құрметтің әмбебап, жалпыадамзаттық құндылықтары көрініс тапқан. Қазақ даласында қарапайым құқық ережелері заңдылығының ең әлеуметтік-мәдени негізі – әділеттілік болды. Қазақ халқы тарих сахнасына шыққалы ешкімге ұқсамайтын адамдық жақсы қасиеттерін ұлағатты да адамгершілікке толы ережелерге сиыстырып, өзіндік ерекшеліктерімен танылған. Оның ең бастысы адам құндылығы, әділеттік, теңдік, адамгершілік нысандары. Осы нысандарды негізге ала қазіргі таңда Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі қайраткерлерге мұрат болғаны абзал. Қазақ халқының дәстүрлі әділ сотының ел өміріндегі тарихи орнын мойындау, оның бүгінгі қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алатын мүмкіндігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти т. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. - Т.4. - 77-104 сс.

2 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки. – Алматы, – 2001 – т. 1. – 26 б.

3 «Қазақтың ата заңдары»т. II – Алматы, 2004 93 б – 288 б.

4 Өсерұлы Н. Жеті Жарғы – Алматы: Жеті Жарғы, 1995 – 46 б.

5 Созақбаев С. Тауке хан «Жеті жарғы» –Алматы Санат, 1994 – 45 б.

6 Зиманов С.З. «Егемен Қазақстан». 2011, №2.

ҒТАМР 13.91

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАР

Д.Ғ. Ахметжанов
PhD докторант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Дүние жүзінде Ұлы Жібек жолына қызығушылық, оны зерттеудегі сұраныс жоғары болып келеді. Мәдениет, коммуникация, экономика, жаһандану, туризм салалары Ұлы Жібек жолы негіздеген әлемдік өркениет желісімен басталып, ірі мәдени ошақтардың дамуы бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Мақалада көптеген ғасырлар бойы Еуропаның және Азияның арасындағы көпірге айналған жалғыз трансқұрлықтық жол болған Жібек жолының бойындағы мәдени кешендердің өзара іс-қимылы және мәдениеттердің өзара алмасуы қарастырылған. Нақты мысалдармен Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысуларды мәдениеттанудың өзекті мәселесі ретінде көтеріледі. Жаһандану дәуірінде мәдениеттердің өзара алмасуының, түрлі мәдениеттердің қалыптасып, дамуының басты факторы Ұлы Жібек жолы болып табылады. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар мен өркениеттік гүлденулер Қазақстан үшін өте маңызды болып келеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени қатынасқа түскен мәдениеттің әрқайсысы өздерінде бар нәрсені дамытуға ұмтылып қана қоймай, бір-бірінің игіліктері мен әлеуетінің шығармашылық синтезі арқылы өзін және бірін-бірі түсіністік арқылы жетілдіреді.

Түйін сөздер. Ұлы Жібек жолы, өркениет, мәдени туризм, жаһандану, мәдениетаралық байланыс, Шығыс пен Батыс, мәдени дәстүрлер, көшпелілік пен отрықшылық, мәдениеттің өзара әсері.

Мыңдаған жылдар бойы ежелгі дүниедегі тауарлардың, мәдениеттің, технологияның және діннің өзара әрекеті мен алмасуының нәтижесінде пайда болған жаһандану үрдісі әлемді өзінің мәдени әртүрлілігімен байланыстыра білді. Басында Қытай мен Үндістан арасында буддизмнің рөліне байланысты өзара іс-қимыл болса, кейін христиан әлемінде қытай жібегі қабылданды. Исламның келуі қалыптасқан тепе-теңдікті бұзып, жібек саудасын өзгеріске ұшыратты. Жібек жолы бойындағы белсенді сауда он төртінші ғасырда капитализмнің пайда болуына дейін жалғасты. Бұл жібек өнімі мемлекет басқаратын мәртебе белгісінен әртүрлі өркениеттердің өзара әрекеттесуі арқылы еркін өнімге айналған кезде тұрақты дамудың мысалы болып табылады.

Көптеген туристік аймақтардың тәжірибесі көрсеткендей, туристік саланы дамытуға жақсы ойластырылған көзқарас мәдени құндылықтарды өзара тиімді байыту және тарату үшін бірегей таптырмас мүмкіндік екендігі мәлім. Қазақстанның туризмді дамыту саласындағы әлеуетін талдай келе, ғалымдар мен тәжірибешілердің көбі туризмді дамытудың экономикалық артықшылықтары айқын екеніне келіседі, бірақ қазіргі уақытта қол жеткізілген нәтижелер толық емес, өйткені Жібек жолы қайта құруды қажет ететін әлеуетті туристік ресурс ретінде жеткілікті түрде пайдаланылмайды, ірі интеграцияланған туристік өнімге айналды.

Осы мақаланың ғылыми мақсаты ағымдағы жағдайды бағалауға негізделген, сондай-ақ аймақтық өзгерістердің алуан түрлілігін қамтамасыз ететін негізгі үрдістерге негізделген, қысқа, орташа және ұзақ мерзімді кезеңде Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-мәдени трансформациясы мәселелерін дамыту болып табылады. Ұлы Жібек жолының мәселелерін зерделеу Қазақстан үшін де, тұтастай алғанда халықаралық қатынастарды дамыту үшін кең ауқымды экономикалық перспективаларды жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл жоба Қазақстанға өзінің географиялық орналасуының артықшылықтарын барынша тиімді пайдалану, қазіргі заманғы инфрақұрылымды құру, жаһандық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қазіргі өндірістік әлеуетті жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мүмкіндігін береді.

Жібек жолы – бұл әлемнің басым бөлігін байланыстырған үлкен коммерциялық бағыт. Ол сұранысқа ие тауарларды, сан түрлі идеяларды, діни нанымдарды және өнертабыстарды алмастыру құралы, сонымен қатар, мәдени алмасу құралы болды. Бір айқын мысал ретінде буддизмнің Үндістаннан Ауғанстанға, Қытайға, Кореяға, Жапонияға және оңтүстік-шығыс Азияға таралуы болды. Сол себепті, Жібек жолы экономикалық және мәдени алмасудың жүйесі ретінде жаһандану үрдісінің ежелгі үлгісі болып қалыптасты. Қытайдан Жібекпен басталған өркениеттер желісі арқылы екі бағытта да озық технологиялар, идеологиялар мен мәдени алмасулар үздіксіз жүріп тұрды. Жібек жолы әлем халықтарының жетістіктерін біріктірді.

Қытай басқа елдермен жібек саудасын бастады, бәлкім біздің заманымызға дейінгі V ғасырда. Қара теңіздің солтүстік жағалауы мен Таяу Шығыстағы елдерді аралаған грек саяхатшысы және тарихшысы Геродот Қытайдан шыққан жібек маталарды егжей-тегжей суреттеді. Сонымен бірге Таяу және Таяу Шығыс елдерімен жібек саудасы теңіз арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, жібек құрлық арқылы Қашқар мен Орта Азия арқылы Қара теңіздің солтүстік жағалауларына таралды. Бұл жол жұмысының басталуы б.э.д. II ғасырдың бірінші жартысында қытайлар үшін Орталық Азияны ашқан алғашқы саяхатшы және көпес, сарай күзетшісі Чжан Цянның есімімен байланысты [16, 70-71 б.].

Қытай жазба деректерінде б.з.б. II-I ғасырларда Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынастары жайлы мәліметтер табылған. Байланыс кезінде олардың араларында жасалған саудада қымбат бағалы жібектің жүргендігі сөзсіз. Қытай деректері бойынша, VI ғасырда Батыс Түрік қағанының және нөкерлерінің жібек шапан кигендері белгілі. VI ғасырда жібектің бүкіл Еуразияға әйгілі болған кезеңі. Жібек жолы тарихының алғашқы ғасырларында Қытай жібек өндіретін жалғыз ел болса, IV-V ғасырларда жібек өндіруші халықаралық сауда нарығына бәсекеге қабілетті Үнді, Византия және Парсы елдері қосылды. Қазіргі ғылым мен техниканың тамаша жетістіктері, ғарыштан түсірілген бейнекөріністер Еуразияның бел ортасынан өткен осы көне маршруттың ең қолайлы жол екендігін дәлелдеп отыр. Бір таңғаларлық нәрсе – қазіргі заманғы көлік жүретін жолдар мен темір жол ежелгі дала жолының бағытын дәлме-дәл қайталауы. Үнді, Қытай, Рим, Парсы сынды шалғай жатқан мәдениеттер мен өркениеттерді байланыстырған. Ұлы Жібек жолы бүкіл әлемге танымал жол болатын. Батыс пен Шығысты, бітімгерлік пен ынтымақтастыққа ұмтылған халықтарды өзара байланыстырған бұл жол мәдени-экономикалық көпір іспетті еді [15, 4 б.].

Ұлы Жібек жолы арқылы керуенмен батысқа және шығысқа қарай көпестер, дипломаттар, қолөнершілер және жер өңдеушілер жүрді. А.М. Петровтың айтуынша «Ұлы Жібек жолы – бұл ежелде және ортағасырда Азияның шетінен Батысқа дейінгі аралықтағы халықаралық қарым-қатынас орнаған тарихи-мәдени кеңістік» [16, с. 11].

Қытайдың Таң әулеті билігі кезінде (618-907 жж.) Ұлы Жібек жолы өркендеп, Қытайдың тіршілік артериясына айналған кезеңі болатын. Қытай бұл дәуірде Ұлы Жібек жолы арқылы Батысқа Шығыстың мәдени жетістіктерін таратуда басты рөл атқарды. Бұл әсіресе поэзия туындыларына, тұрғын үйлер мен қалаларды жоспарлауда, киім үлгілері мен жекпе-жек тәсілдеріне қатысты болды. Қытай елшілері мен көпестері, діни миссионерлер Шығыс елдерінің мәдениетімен таныстырды. Осыған қатысты қытайлықтар түркі тілдерін білетін болды, түркі-қытай сөздіктері шығарылды.

Э.Шефер мәдени ауысулар туралы мынадай деректер келтіреді: «VII ғ. бірінші бөлігінде қытайлықтар көшпелі түркі тымақтарымен және парсылық бетперделермен әуестене бастады. Сарай маңындағы кәнизактар «ұйғыр шиньонын» ұнататын болып шықты. Түркілік киіз үйлер тіпті қаланың ортасында тұрғызылып, онда ақсүйектер ыстық күнде демалатын болды. Ханзада Ли Чэн-цянь патша сарайының ішінде басына қасқыр басты киім киіп алып, түрік тілінде бұйрықтар беретін болған [13, 49 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени өнімдердің ауысуы тек отырықшы өркениеттердің арасында ғана жүзеге аспады. Көшпелі қоғамда мәдени қарыштау болуы мүмкін емес деп ойлаудың өзі қате. Жалпы көшпелілер, оның ішінде әсіресе түркілер, үндіарийлер, арабтар адам өмір-тірлігінен айырғысыз нәрсе ретінде, қазір барша адамзаттың күнделікті тұрмысында қолданылатын көп бұйымдарды ойлап тапты. Бұл жөнінде тек олардың ұрпақтары ғана емес, сонымен бірге әділ пиғылдағы батыстық және ресейлік ғалымдар да жиі қайталайды. Мысалы, Л. Гумилев түркілер мен моңғолдардың материалды мәдениеттегі жетістіктерін жоғары бағалайды: «Қазіргі еуропалықтардың еркек жыныстыларын айтқанда, көз алдына келе қалатын киім-кешектің бір түрі – шалбарды көшпелілер тіпті ежелгі заманда-ақ ойлап тапқан. Үзеңгі 200 және 400 жылдар арасында бірінші рет Орталық Азияда пайда болған. Алғашқы, ағаш дөңгелекті көшпелі арба, әуелгі үлкен доңғалақты күймеге ауысты да, сосын оның орнын киіз үй басты, бұл көшпелілердің орман-тоғайлы тау қырларынан қиналмай асып түсулеріне жағдай жасайды. Ауыр да түзу семсердің орнын басқан қайқы қылышты көшпелілер шығарған жебелерді аңыратып, 700 м жерге дейін жеткізетін, сала-құлаш құранды садақты ойлап тапқан да солар. Ақыр соңында, ол заманда тұрғы жайдың ең жетілген түрі киіз үй болып есептелетін» [1, 39 б.].

Саяси тұрақсыздық қаупі төніп тұрған 13-14 ғасырларда Жібек жолы бойы Монғол империясының қорғауымен өрбіді. Монғолдың қорғауымен жібек жолы сауда бағыты ретінде гүлденіп, саяхатшылар мен саудагерлер бұрын-соңды болмаған қауіпсіздікте жүре алды. Сарыарқадағы көшпелі тайпалар мен Орталық Азияның егінші, қолөнерші қауымының тауар айырбастайтын орталықтары Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда орналасқан. Мысалы,

Отырарда биік қорған, қақпа, сәулетті медресе-мешіт, мұнара, кітапхана ғимараты, қала әкімінің мекемесі т.б. көркем құрылыстар болған. Қару-жарақ, алтын-күміс, асыл тас бұйымдары, шыны ыдыстар, зат қоймаларының табылуына қарағанда, қалада зергерлер мен темір ұста салары, шыны, керамика шеберлері тұрғаны көрінеді. Жувейнидің жазуына қарағанда, 1219 жылы монғолдар ойрандап кеткен Янгикент (Жанакент) осының нақтылы көрінісіне жатады. Жазба деректерде көрсетілуінше, қала Сырдың Арал теңізіне құярлығына орналасқан, Оғыздардың көне астанасы болды. Қаланың биік дуалы, мұнара, қақпалары болған. Ежелгі Русьтің, Новгородтың, Хазар, Бұлғар хандықтарының көпестері Хорезм, Үндістан, Қытай саудагерлерімен тауар айырбастап тұрған. Х ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Хаукал Янгикентке Үргеніштен 10 күнде, Фарабтан 20 күнде жетуге болатынын хабарлайды [2, 37 б.].

XVI–XVII ғасырлардағы архитектураның мұралары Сырдарияда, Қаратау төңірегінде, Талас, Шу, Сарысу аңғарларында, Торғай даласында біркелкі тәуір сақталған. Тастан салынған ескерткіштер көбінесе Маңғыстауда, Сағыз, Жем алабында, Орталық Қазақстанда, Жетісуда, Алтай, Тарбатағай тауларында ұшырасады. Баршынкенттің іргесін Алып Мамаш Бектің (Алпамыс) жұбайы Баршын сұлу зираты маңына қоныстанушылар көтерген. Жамал Қарши, Плано Карпини, Гетум, Керикос, т.б. саяхатшылардың мұнда жолы түскен. Ол Оғыз хандығының Сыр бойындағы мәдени, экономикалық байтағының біріне жатады. Онда базар, мешіт, медресе, қонақүй, керуен сарайлары, зәулім мұнаралар, биік дуал, мықты қақпалар болған. Қалада Қорқыт пен әл-Фарабидің дүниетану жолына түскен, Құсамеддин Баршынлығи қатарлы ақын, жазушылар тұрған.

Араб тарихшысы Мақдиси: «Сауран жеті қабат қоршалған қала, рабад, мешіті бар» [3, 26 б.], – деп еске алады. Кейбір деректерде оның «шайқалмалы минареті», сәулетті ғимараттары, жер астынан келетін кәріз суы хақында баяндалады. Тарихи көркемдік қасиеті жағынан қазірде қирап біткен Сауран мұнарасы көңіл қоярлықтай. Бұқара мұнаралары тәрізді салынған, биіктігі 16 метрге баратын іргелі мұра. Бөгім мұнарасы да, Сығнақ қаласының Сунақ-ата ғимараты да сондай мұралар. Сарайшықтағы қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханның, Түркістандағы Есім мен Жәңгірдің мазарлары да сәулеті жағынан ерекше көрнекті ескерткіштер.

Баласағұн Батыс Түрік, Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай мемлекеттерінің астанасы болды. VIII ғасыр жылнамаларының көрсетуінше, Суябтан шығыста 20 шақырым, Шудың сол жағасына орналасқан. Мұнда 1069-1070 жылдары Жүсіп Баласағұн өзінің «Құдатқу біліг» (Құт негізі білік) дастанын жазды. 13 мың жолдан тұратын түркі тіліндегі бұл дастанда саясат, мемлекет, басқару, әскери іс, кемеңгерлік, ақыл-парасат, әділеттік, ар-ождан, салт-дәстүр ж.т.б. жөнінде философиялық трактаттар берілген. Профессор У. Шалекенов басшылығындағы археологиялық экпедиция қазып жатқан Ақтөбе мекені ежелгі Баласағұн болуы мүмкін деген болжам бар. Өйткені, одан 6000 дана қола теңгелер ақша соғатын орын, т. б. табылуы, қаланың шахристан мен рабатқа бөлінуі, оның ірі саяси, экономикалық, мәдени орталық болғанын дәлелдейді [4].

Тараз туралы алғашқы рет Византия елшісі Земарх жолжазбаларында хабарланады. М. Қашқари Тараз тұрғындарының түркі және соғды тілінде сөйлейтінін көрсетеді. Ол Ұлы Жібек жолының және қимақ, қыпшаққа баратын керуен жолының түйіскен жеріне орналасқан. Араб географы Мақдиси: «Тараз – бау-бақшалары, үйлері тығыз салынған, бекіністі қала. Айналасында терең оры, 4 қақпасы бар, қала ортасынан өзен ағып өтеді, оның маңында Сус, Құл, Такабат, Шельжи қалашықтары бар» [5, 81 б.], – деп жазады. 1221 жылы Жетісуда болған қытай саяхатшысы Чан Чунь «Тараз маңының халқы егіншілікпен қатар жібек өсіріп, шарап қайнатуды біледі» [5], – деп хабарлайды. Қарахандар тұсында мұнда Қарахан мазары, Айша биби, Бабаша хатун күмбездері қатарлы сәулет өнерінің тамаша үлгілері тұрғызылған. Ішкі қабырғалары түркі халықтарының аңыз-ертек кейіпкерлерінің суреттерімен әшекейленген Тараз моншасының даңқы шыққан. Монша еден астынан жүргізілген жылу жүйесі арқылы жылытылған. Шешінетін, жуынатын бөлімдері күмбезделіп өріліп шығарылған. Су ұзындығы 0,7 м, диаметрі 0,25 м, құбырлармен келтірілген. Қалада XI–XII ғасырларда ақша-теңге соғылып тұрған.

Талғар Іле Алатауының қойнауына орналасқан. Терістігі мен түстігінде қақпалары болған, бекініс дуалдарының биіктігі 5-6 м. Қарауыл мұнаралары, мешіт, базары бар, іргесі VIII–IX ғасырларда қаланған. Қола, қыш ыдыстардың көп табылуына қарағанда, қала халқының дені қолөнершілер болса керек. Қала жұртынан 2 мыс табақта тәж киген адам басында қанатты арыстан суреті бейнеленген. Бұл Қарахан билеушілерінің символы екені белгілі [6, 39 б.]. Қойлық, Қаялық Лепсі өзені алабында орналасқан. Монғол жаулауына дейін Қарлұқтың Арслан ханының ордасы тұрды. Елші Вильгельм де Рубрук Қойлықтың қураған орнында 1253 жылы күзде болған. Қала жұртынан қыш ыдыс-аяқтар, құмыра, көзе, кесе, қола теңгелер табылды. Қала археологтардың есебі бойынша IX–XI ғасырларда барынша гүлденген [7].

Жоғарыда қарастырылған ортағасыр қалалары бір-бірімен керуен жолдар арқылы жалғасып жатты. Әсіресе, Сыр бойын жағалай Янгикенттен Еділге, Итиль қаласынан Волганы өрлей Бұлғар хандығына, оңтүстікке қарай бұрылып, Кавказдан Византияға, онан әрі Киев Русіне баратын жолдың Итильден жететін тармағы да болған. Ежелгі Киевтің, Новогородтың, Смоленскінің, Рязанның, Кавказдың, Хазар мен Бұлғар жұрттарының жиһанкез көпестері Еділ дариясынан өтіп, Қыпшақ хандығына, одан Сырға еңкейіп, Янгикент, Отырар, Тараз, Баласағұн шаһарларын аралады. Мұнда парсы, үнді, қытай көпестерінің исфаһани асыл қылышын, шайын, жібегін, қамбат тастарын өз тауарларына айырбастады. Түріктерден былғары ер-тұрман, қару-жарақ, асыл тұқымды сайгүлік аттар сатып алды. Киев пен Новгородтың ескі жұртын қазғанда Тараз, Шаш, Самарқанда соғылған 144 монета табылды [8, 97 б.]. Осыған қарағанда орыс жерлерімен сауда айырбас байланысының бағы заманнан-ақ орныққаны көрінеді. Қытай, Үнді, Хорасан саудагерлері Шығыс Түркістаннан Бедел, Ақсу асуларынан асып, Аспара, Мерке, Құлан, Барысхан қалаларын басып өтіп, Таразға келіп жүрді, бұл Жібек жолының бір тармағы есептеледі. Тараздан шығып Қимақтар еліне, онан әрі Енисейдегі қырғыз жеріне баратын да керуен жолы болды. Иопиджабтан терістікке қарай шыққан жол Қаратауды бөктерлеп, Катикент, Баба-ата, Созақты басып, Кеңгір, Жезді, Нұра, Ырғыз, Ертіс аңғарларымен қимақ-қыпшаққа, онан әрі Алтай – Саяндағы Боғра, Яғма, қырғыз, телестерге жетті. Бұл жолдар Орта ғасырлардағы Қазақстан тайпаларын дүниенің шар тарабымен жалғастыратын сауда – айырбастың күре тамырлары еді.

Жібек жолын ашуға және оны Еуропаға дейін жалғастыруға түркі халықтарының қосқан үлесі зор. Егер түркілер болмаған болса, Жібек жолы болмас та еді. Түркілер, қала мәдениетімен бірге адамзат өркениеті тарихында тас қашау, тас бедерлеу, тасты қырнап, бәдіздеу өнерімен де даңқы шыққан ел. Тас бейне жасау өнері әуелгіде жартастарға шекіп салудан басталан. Соның өзінде тастан адам бейнесін қашау сатысына бірден жетпеген. Мұның алғашқы қадамы онғұндардың кескін-келбетін ұқсатудан көрінеді. Бұл саладағы аса білгір ғалым Әлкей Марғұланның топшылауы бойынша: «Ең ескі тас мүсіндер ғұн дәуірінде – б.з.б. II–I. ғ., б.з., I–V ғасырларда шыға бастаған. Олардың құрылысы өте биік, ... 8 метрге дейін жоғары көтеріліп тұрады. Оларда тек бас жағын ғана әдемілеп безендірген, өзге пішіні салынбаған... Ғұндардың тас мүсіні ата-ананың рухын қадірлеуден шыққан, аспанға, күнге табынудың бір елесі» [9].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағы бір сабағы мәдени қарым-қатынастардың көпжақтылығы болып табылады. Тек отырықшылдар көшпелілерге емес, сонымен бірге көшпелілер де қалалық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосып отырған.

Шығыс пен Батыстың сұхбаты монғолдық мемлекеттерде де өз жалғасын таба білді. Мысалы, Гильом Рубрук моңғолдардың астанасы Қарақорымға келгенде, қаланың бір бөлігін алып жатқан мұсылман көпестерін және қолөнершілерін кездестірді, онда екі мешіт орналасқан екен, ал христиандық шіркеу қаланың басқа жағында орын алған. Қалада еркін түрде мұсылмандар мен несториандар, буддашылар мен дәстүрлі көшпелі сенім өкілдері пікір таластырып жатты.

Этникалық және діни көптүрлілік өнерде стильдердің алмасуына әкелді, көптеген өнер туындылары эклектикалық сипатта жасалды. Г. Рубрук оны былай суреттейді: «Хан сарайына кіре берісте ұста Вильгельм күмістен үлкен ағаш үлгісін жасаған, ағаштың тамырлары арыстан бейнесінде орындалған, одан сүт ағып жатқандай болып көрінеді, күміс ағашты жылан орап алған, ал ағаштың ең жоғары жағына періште мүсіні қойылған...» [10, 158-159 б.]. Шынында да бір өнер туындысында әлемнің бүкіл стильдері араласып кеткен.

Аңызға айналған Жібек жолының тарихы құпия мен құпияға толы. Бұл жерде ежелгі өркениеттер пайда болды және жойылды, жаулап алушылардың басқыншыларының салдарынан жаңа этникалық топтар пайда болды және қайтыс болды, белгісіз шеберлер баға жетпес мәдени ескерткіштер жасады, буддистердің уағыздаушылары жоғары руханият пен діни дұрыс атмосфераны сақтап қалды, даңқты саяхатшылар таңғажайып жаңалықтар жасады [18, 5-6 б.].

Батыс елдерін Шығыс елдерімен байланыстыратын ежелгі және орта ғасырдағы сауда жолдарының жүйесі Ұлы Жібек жолы деп аталады. Оның қосылу және қызмет ету мәселесіне, әртүрлі дәуірде тасымалданатын тауарлардың сипатына кең әдебиет арналған. Тарихи ғылыммен жинақталған материал сауда байланыстарын жүзеге асырудағы жекелеген өңірлік орталықтардың рөлін саралап көрсетуге, сұранысқа ие болған тауарлардың ассортиментін анықтауға, сондай-ақ сауда коммуникацияларының бағыттарымен байланысты кейбір мәселелерді нақтылауға мүмкіндік берді. Біздің ойымызша, Ұлы Жібек жолының Еуразия халықтарының мәдени өзара іс-қимылындағы рөлі туралы мәселе аз зерттелген. Іс жүзінде ағартылмаған мәселе оның ежелгі дәуірде және бүкіл Орта ғасыр бойы ғаламдық өзара іс-қимыл құрылымын орнату мен қызмет етудегі маңызы болып табылады. Өркениетті қамтыған құрылымдар, көшпелі халықтар мен тайпалар Еуропадан Қытайға дейін, Үндістаннан Орал мен Сібірге дейін [19, 53-61 б.].

Ұлы Жібек жолы тек бейнелеу, сәулет, мүсін өнершілерінің тоғысуына ғана емес, сонымен қатар жылжымалы халық театрының алғашқы түпнұсқаларының қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Айталық, Ұлы Жібек жолының аяқталатын жері Византияда Шығыс пен Батыс үйлесімді кездесті. Константинопольдегі мейрамдарда неше түрлі орталық азиялық масқарампаздар мен бишілер, акробаттар, мен даршылар өз өнерлерімен халықты баурап алған. 1161 жылы императордың бұйрығымен алаңға жер шарының танымал барлық халықтарының өкілдері ұлттық киімдерімен шығып, өнеркөрсеткен [11, 151 б.].

Тауарлар тиелген керуендермен бірге кезбе жыршылар мен өнершілер бүкіл Еуразияны тоқтаусыз аралап жүрген. Олар өз өнерлерін сасанидтік Ирандағы шахиншахтардың алдында да (Так-и-Бостандағы жартастағы кескіндер), соғдылық дихандардың тойларында да (Педжикенттегі суреттер), омейяд халифтерінің қабылдауында да (Сириядағы фрескалар), Тұран әмірлерінің мейрамдарында да (Синьцзяндағы бейнелер) көрсеткен [11, 155 б.].

Ұлы Жібек жолы фольклордағы стильдер мен мазмұндардың алмасуына да үлкен әсер етті. Бұл эпостық құбылыстар өнердің басқа түрлерінде де көрініс тапты. Еуразияның көп бөлігін жаулап алған түркілік эпостардың мотивтерімен жасалған мәдени артефактылар әр жерде табылып жатыр.

Жоғарыда аталып өткендей, Ұлы Жібек жолы бойында көркем мәдени өнімдердің алмасуында көшпелілік рәміздер өз қолтаңбасын жоғалтқан жоқ. Бұл мысалы түйе мен жылқыны бейнелеуге қатысты. Түйе бейнелі таңбалардың көбінесе Ұлы Жібек жолы дамып тұрған VI–VIII ғасырларда көп болғанын есепке алсақ, түйе бейнесі Қазақстан мен Орта Азия тұрғындарының дүниетанымында ерекше рөл атқарғанын есте ұстаған жөн. Осы жөнінде К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай ойларын алға тартады: «Түйе бейнесі мифологиялық, әулеттік және әсемдік тұрғысынан белгілі-бір дәрежеде тарихи, мағыналық және көркемдік даму жолынан өткен. Бұл арада біз үшін негізінен Жетісудың көршілес мәдени-тарихи аудандарымен этносаяси байланыстарын түсінуге, ең алдымен Жетісу мен Соғды арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты айқындай түсуге жол ашатын әулеттік сипаттың мәні зор. Осынау жануардың Жетісудағы ең көне бейнесі қола дәуірінен қалған тастағы таңбаларда кездескен. Конус пішінді тұғыры бар, ортасынад бастарын түйістіріп тұған түйелер бейнеленген дөңгелек табақша түріндегі сақтардың жұпар тостағаны Жетісудан бастау алады» [12, 154 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі көркем идеялармен ауысу туралы сөз қозғағанда, олардың дәлеліне Орталық Еуропадағы руна жазуының үлгілері, гректегі шамандыққа сүйенетін өнер формалары, Ақ Бешімдегі будда ғибадатханасын аршу негізінде табылған, бетінде бастарына тәж, үстеріне салтанат киімін киген еркек пен әйел бейнеленген өрнекті алтындатқан 7 қаптырма, Алматы маңындағы Қарғалыдан табылған біздің заманымыздың I-II ғасырларына жататын қабірден шөгіп жатқан түйелер бейнеленіп, асыл таспен зерлендірілген екі алтын сақина жатады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың тамаша бір үлгісіне Алматының маңайындағы қазба жұмыстарында табылған құрбандық сәкісі жатады. Бұл мәдени артефактіде бүкіләлемдік көркем және діни сана тоғысып тұрғандай. Осында түркілердің «аң стилінен» әлемнің тіршілік етудің мейрамдылығы мен рухани тазарудың күндерін мойындауымыз қажет. Оларда табиғат алғашқы рет өзінің көркем шаттануына жетеді, оларда бірінші рет өміршеңдік ұстыны көркем феномен бола бастайды. Мифтік тұғыр бойынша бұл бейнелердің әркелкі және ретсіз дүниесі тек айыпталуға лайық; дәл осылай, бәлкім, Ұлы Жібек жолы бойындағы мейрамдардағы салтанаттар оған сондай қатынаста болған шығар.

Түркі және парсы сияқты көшпелі халықтар өздерінің дінін ұстанды, оның басты қағидасы адамның тағдыры барша көсемнің қолымен анықталады. Қазіргі ғалымдар бұл дінді «Тәңіршілдік» деп атады. Тәңір – түркілердің жоғарғы көктегі құдайы. Табиғаттың мұндай кеңінен таратылуы ешқандай догмаларды қажет етпеді және жазбаша ілімдерден туындаған қайшылықтарға бейім емес еді. Бұл көшпелілерге көп ресми діндер арасында оңай қимыл жасауға мүмкіндік берді, бірақ сонымен бірге жаңа, жүйелі нанымдарды қабылдауға қолайлы жағдай жасады. Ерте кезден бастап түріктер басқа діндерге, әсіресе манихейлік пен христиандыққа өте ашық болды [14, 101 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат мәселесін қарастырғанда Ислам дінінің Қазақстанға Х ғасырда келуі қазақ жеріндегі тайпалардың сол кездегі озық мәдениеттерге қосылуына мүмкіндік берді. Ұлы Жібек жолының гүлденуі нәтижесінде мұсылман көпесері сауда әлемінде жетекші рөлге ие болды. Олар парсы, грек, түркі, славян тілдерінде сөйлей алатын болды. Мұсылман билеушілері Ұлы Жібек жолының табысты әрекеті үшін жағдай жасап тұрды: әрбір 12-18 шақырымда суы бар хауыздар тұрғызған, боранда және құмды дауылда адаспау үшін белгілер қойып, керуеншілерді азық-түлікпен қамтамасыз ететін шаруашылықтар ұйымдастырды.

Мәдени ауысулармен келген дионистік культ Ұлы Жібек жолы бойымен Іле алқабындағы қалаларда тарады. Билеуші ордасының маңында қыш ыдыс-аяқ пен қару-жарақ, шонжар

сарайына,оның от басы мен нөкерлеріне арналған әшекейлер мен маталар даярлайтын қолөнершілер қоныстанды. Көрші мекендер мұнда астық пен жеміс, көкөніс, салтанатты тойларға арналған шараптар әкеліп жататын. Мұнда көршілес аймақтардан, алыс елдерден көпестер келетін болды. Олардың соңын ала Христос пен Будда, Зороастр немесе Мұхаммед сияқты құдайлардың діні мен наным-сенімін уағыздаушы монахтар мен священниктер шұбырып келді. Бұларда тойға байланысты музыкалық өнер де кең көрініс тапты.

Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолымен келген діни ауысуларда қатаң догмашылдық терең тамырын жаймады. Көне Алматыдағы табыну орнынан табылған мәдени артефактілер осыны қуаттайды. Сондағы сәкіде тек «аң стиліне» байланысты кескіндемелер ғана емес, сонымен бірге далалыққа жатпайтын жануарларды да көре аламыз. Мысалы, оның бұрыштарына қанатты барыстың бейнелері бекітілген, табаның жиектеріне жеті жолбарыстың мүсіні салынған, ал ортасында екі түйенің бейнесі бар. Ұлы Жібек жолы бойында көркем өнердің қол өнердің, сәулет өнерінің, қабырғалық көркем суреттердің үлгілері мен эталондарын Шығыс пен Батыс елдеріне таратумен қатар музыка мен би өнерлері де, көрнекті көріністі ойын-сауықтар, яғни өзінше орта ғасырлық «эстрадалар» да тұс-тұсқа таратылып отырды. Көрнекті көріністер, музыканттар мен бишілердің, тағы хайуандарды үйретушілердің, акробаттар мен ым-қимыл шеберлерінің, «сиқыршылардың» (фокусшылар) өнерлері ерекше жылдам жайыла түсті. Кедергісі кездескен жоқ ойындағысын дене қимылымен түсіндіруді жұрттың бәрі бірдей түсінеді. Сонымен халық әніндегі поэтикалық шығармашылықта біз, музыкаға еліктеуге ұмтылатын, тілдің жоғары кернеуін көреміз; сондықтан шығыстық мұңды әуенмен бірге, өзінің терең негіздерінде оларға қайшылықты келетін, көшпелілік поэзияның шатыққа толы жаңа әлемі алға шығады. Сонымен бірге біз поэзия мен музыканың, сөз бен дыбыстың арасында жалғыз мүмкін болатын қатынасты суреттеп бердік: сөз, бейне, ұғым музыкаға ұқсас қайсыбір білдірілуді іздейді және өзі енді оның қуаттылығының әсеріне ұшырайды. Біз енді Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың өнер тарихында бұл мағынада, тіл құбылыстар және бейнелер әлеміне ме, әлде музыка әлеміне ме еліктегеніне қарай, көптеген бағыттарды ажырата аламыз. Мұндай ойындар гректің басилевсіне де, киевтік князға да, түріктің қағаны мен қытайдың императорына да бірдей көрсетіле береді.

Зерттеушілер атап көрсеткендей, Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде Шығыс Түркістан мен Орталық Азия қалаларының музыкалары неғұрлым көбірек тыңдалғаны белгілі. Кушаның, Қашғардың, Бұқара мен Самарқандтың, Үнді мен Корейдің музыкалық дәстүрлері ресми қамқорлық арқасында қытайдың музыкалық дәстүрімен етене астасып кетіп жатты. Иран, соғды және түрік актерлері Қытайдың хореография (би және балет) өнеріне деп көптеген игілікті әсерлерін тигізді. Барлық артистердің ішінде биші жігіттер мен қыздар өнері ерекше кең таралып, дәріптелді [12, 28 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетін терең зерттеген батыстық ғалым Э.Шефер өзінің Орталық Азия өнеріне тәнті болғанын атап өтеді: «Батыстың қарғып билеу биін» әдетте иран үлгісімен тігілген кең көйлек, моншақ тағылған биік шошоқ бөрік киген Ташкент балалары билейтін. Олар беліне билеген кезде ұштары желбіреп жүретін ұзын, түрмебелдеумен орап алатын. «Чача биін» түрлі түсті кесте салынып, сыртынан күміс белбеу тағылған көгілдір жұқа желбегей (халат) киген екі балғын қыз биледі. Олар үстеріне тар жеңді көйлектер, бастарына алтын қоңырау (сылдырмақ) тағылған үшкір бөрік, аяқтарына қызыл, жылтыр мата кебіс киіп биледі. Сондай-ақ биші қыздар «Құйындай үйірілген Батыс арулары» биін де биледі. Оны негізінен алқызыл көйлек, жасыл шалбар, қызыл күдері етік киген соғды қыздары секіре қарғып, шар үстінде тұрып, шыркөбелек айналып билеген» [13, 82 б.].

Осындай көріністерге өз назарын қазақ ғалымдары да аударады: «Мәселен, Шығыс артистері Константинопольда жиі-жиі «өнер көрсетіп» жүргендері белгілі. Айталық, византиялық император әйелдің бай қонақасында болған орыс княгинясы Ольганың көңілін күлдіргі масқарапаздар мен даршылар (эквилибристер) аулаған, ал селжұқ сұлтаны Арслан II құрметіне Мануил I ұйымдастырған мерекеде түрік акробаты ауада аса қауіпті айналым жасап секіріп, өнер көрсеткен. Сондай-ақ бетке перде киіп те өнер көрсетілген. Бұл дәстүрлер мұсылман елдерінде күні кешеге дейін ұзақ уақыт сақталған. Бағдатта Наурызды тойлау кезінде, тіпті халифтың көз алдында, бетке перде кигендер өнер көрсеткені белгілі болып отыр.

Жібек жолындағы түрлі ескерткіштерді қазған кезде музыка және театр саласындағы даму барысымен өзара бірін-бірі байытып отырғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылды. Бұған Тан дәуіріндегі саздан күйдіріп жасалған түйе бейнесінің қос өркеші арасына сыйғызып салынған биші жігіттер мен қыздардың, беткеп киген актерлердің, музыка ансамбльдерінің бейнелер санаты жатады. Осы әртістердің көпшілігінің бет-бейнелері Орта Азия халықтарының өкілдері екенін көрсетеді. Пенджикенттің, Варахшаның, Афрасиабтың, Топыраққала мен Шығыс Түркістан қалаларының қабырғаларында салынған музыканттар мен беткеп киген актерлердің бейнелері

сақталған. Сондай-ақ Пенджикенттен биші қыздың ағаштан ойылған тамаша мүсіні табылды. Сырдария бойындағы Кедер қаласын қазған кезде X–XI ғасырлаға жататын қыштан жасалған артистің беткебі табылып отыр» [12, 29 б.].

Көп ғасырлар бойында мәдени ауысулар нәтижесінде қалыптасқан декоративті кескіндеменің ескілікті элементтері Жезқазан төңірегінде сақталған. Бұл суреттер мазардың ішкі қабырғаларына құлпытастарға салынған. Онда аңшылық, көш, қазақ үйінің ішкі көріністері, жауынгер бейнелері беріледі. Сурет салу техникасын айтқанда, әлі кеуіп үлгірмеген қабырғаға алдымен суреттің нобайын ілген де, бояу сіңірілген. Қазақ тайпалары түркі дәуірі мәдениетінің әйдік саласы – тас қашау өнерін де ұмытпаған. Мұнда әсіресе, өлген адам басына құлпытас қою, оның жанына қойтас, қошқартас, сандықтас, бестас (бес мін), үштас (үш мін), саған там тұрғызу сияқты түрлерін одан әрі дамытқан. Қойдың, қошқардың, сандықтың, т.б. мүсіндерін қашау өнері Маңғыстау, Үстірт, Жем бойында көбірек тараған. Сонымен бірге, құлпытас беттеріне жазу жазылып, екінші жағынан қылыш, найза, айбалта, кісе, садақ (ер адам болса), ал әйел басына алқа, сырға, сәукеле, қайшы суреттері салынатын болған. Тастан диірмен де жасалды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы тас сымбаттарды жасау өнері екі кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезең – VI–VIII ғасырлар аралығы. Бұл дәуір тас тұлғалары қару-жарақ асынған әскери адамдар – қаған, бек, тұтық, тегін, сұбашылар. Бұларда тас қоршаулардан ашық далаға қарай тас бағандар тізбегі қойылады. Бұдан да ертеректегі тас мүсіндер сол қолымен қылышқа сүйеніліп, оң қолымен ыдыс ұстап тұрады. Әсіресе, салпыншақ әшекей бар белбеуі анық байқалады. Ғұндардан қалған ескерткіштерде ұзын баған тастардың басына адам бейнесі сызылып қойылады. Тас тұлғалардың енді бір парасы құс ұстап тұрған, екі қолында да ыдысы бар еркек, әйел мүсіндері болып келеді.

Осылайша, мақалада Ұлы Жібек жолы бойындағы елді мекендер мен қалалардың Атлантикалық және Тынық мұхит сақиналарын байланыстыратын ежелгі маршруттың маңыздылығы қарастырылады. Ол сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен әртүрлі елдердің қатысуымен Ұлы Жібек жолын туризмді дамыту үшін жаңғыртуға бағытталған трансұлттық жобаны қарастырды. Дегенмен, осы жобаның айқын экономикалық маңыздылығына қарамастан, оның дамуы ежелгі мәдени мұраны қалпына келтіру және сақтау секілді басқа да маңызды мақсаттарды қамтиды, сондай-ақ барлық бағыттар бойынша хабардарлықты арттыру, тек сауда-саттық емес, барлық бағыттар бойынша мәдениетаралық қарым-қатынасты жалғастыратын болады.

Жоба қазақ халқының көркемдік пен руханияттағы ежелгі тамырларын ашуға, сондай-ақ Орталық Азиядағы түрлі мәдениеттер арасында аумақты және оның медиация миссиясын көбірек көруге мүмкіндік береді. Осылайша, жоба қазақ халқының ерекше тарихы мен мәдениетіне және оның тек қана көшпелі өткеніне ғана емес, сонымен қатар Ұлы Жібек жолының бойында белгілі бір елді мекендерді құруымен де байланысты. Қазақстан әрдайым халықтар арасындағы бейбітшілік пен жақындастыруды қолдайды, гуманитарлық құндылықтар негізінде құрметтеуге, толеранттылыққа және өзара түсіністікке тәрбиелейді, ал қазақстандықтар осы ежелгі бағыттарды ынтымақтастыққа ынталандырушы факторлар ретінде Қытай, Ресей, Еуропа және Атлантикадан арғы бетімен экономикалық инвестицияларды тартып, сондай-ақ саясаткерлермен тығыз қарым-қатынастар ұстануына өз үлесін қосады. Атап айтқанда, Ұлы Жібек жолы жобасының жаңғыру бастамасы бойынша, Қазақстан жобаға қатысушы елдер мен қоғамдастықтардың арасындағы мәдениетаралық және дінаралық диалогты кеңейтуге ұмтылады, олардың ішінде Ұлы Жібек жолы мен бүкіл әлем аумақтары жатады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «АР 05135735 «Қазақстан-2050» Стратегиясы мәнмәтінінде Қазақстандағы жаңғыру үдерістеріндегі мәдени ескерткіштердің орны мен мәні» атты ғылыми жобасы аясында орындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.

2 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы: АН КазССР, 1950. – С. 122.

3 Мащук Л.П. Историческая структура социальных организмов средневековых кочевников // Совет. этнография. – 1967. – № 4. – С. 25–27.

4 Шалекенов У. Көне қала Ақтөбе // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 15 қазан.

5 Волин С.Л. Сведения арабских источников о долине реки Талас // Зап. АН КазССР. – Алматы, 1960. – Т. 8. – С. 81–89.

6 Городецкий В.Д. Талгарское городище. – Ташкент: Изв. Средазкоминс., 1928. – Вып. 3. – С. 12–15.

7 Байпаков К.М. О локализации городов северо-восточного Семиречья // Вестн. АН КазССР. – 1968. – № 7. – С. 4–7.
8 Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1988. – 1 т. – 188 б.
9 Марғұлан Ә. Арқадағы тас мүсіндер // Білім және еңбек. – Алматы, 1984. – № 9. – 12–16 бб.
10 Даркевич В.П. Аргонавты средневековья. – М.: Наука, 1976. – С. 200.
11 После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индии / пер. с латинского. – М.: Наука, 1968. – с. 237
12 Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
13 Шефер А. Золотые персики Самарканда. – М.: Наука, 1981. – 808 с.
14 Frederick S. Lost Enlightenment. – Moscow. 2017. 101p
15 Сапарбаева А. Ұлы Жібек жолымен жібек қана өтпеген // Түркістан газеті. – 2013. -№ 18. 4-б.
16 Радкевич В.А. Великий Шелковый Путь. М.: 1990. с. 70-71.
17 Петров А.М. Великий Шелковый Путь: о самом простом, но мало известном, М.: 1995. – с.11.
18 Ахметшин Н.Х. Тайны Шелкового пути. М., 2002. с. 5-6.
19 Мамлаева Л.А. Становление Великого Шелкового пути в системе трансцивилизационного взаимодействия народов Евразии. Vita Antiqua, 1999. №2. С. 53-61.

ҒТАМР 13.11.44

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ҰЛТ ДАМУЫНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Д.И. Ашимова
Аға оқытушы, магистр, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.
Г.А. Жакупова
Аға оқытушы, магистр, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

Мақалада көпұлтты мемлекеттің ұлттық саясатының ең басты бағыт-бағдары – ұлттық және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті сақтау,ұлт дамуы, ұлттық код, XXI ғасырдағы ұлттық сана, жеке тұлғалар мен азаматтардың елдің болашағына сеніммен қарауы, болашаққа деген үміт пен сенімнің жоғарылығы, отаншылдық, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, бейбітшілік, сүйгіштік және қазақы мінез еліміздің жүріп өткен тарихы туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: Ұлттық сана, ұлттық код, рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлілік, ұлт дамуы.

Бүгінгі әлемдегі орын алып отырған көптеген оқиғалар мен қалыптасқан жағдайларды этникалық, азаматтық және ұлттық бірегейлік, ұлттық сана-сезім, ұлттардың қайта өрлеуі, жаппай этносаяси жұмылдыру, этносаяси шиеленістер мен қақтығыстар сияқты факторларды ескермейінше түсіну мүмкін емес. Жалпы, ғалымдардың пайымдауынша ұлтаралық қатынастарға тікелей және жанама түрде әсер ететін факторлар қатарына әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, саяси, геосаяси, жұмыссыздық, адам құқығын қорғау, этностың іс жүзіндегі статусы, жеке ұлт ішіндегі татулық, қоғамдағы мәдениет пен әдет-ғұрып деңгейі, тіл саясаты, ұлттар мен ұлыстардың ұлттық санасының өсуі, миграция мен демографиялық және т.б. үрдістерді жатқызуға болады.

Осының барлығын ескере отырып Елбасы «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымы – «қазақстандық жол» мен Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік, ұлтаралық және дінаралық қатынастардың қазақстандық моделі бейбітшілік пен келісімнің берік іргетасын қалады. Мемлекеттің жүргізген сауатты ұлттық саясаты өз азаматтарының мүдделерін үйлестіре білді, әу бастан-ақ олардың құқықтарын қорғап, этномәдени дамуларына барлық жағдайларды жасап отырды. Қазақ жерінде тұрып жатқан халықтардың этностық емес, азаматтық қауымдастығын қалыптастыруға басымдық берілді. Елдегі жағдай ушықтырылмай, қалыпты даму үстінде болды [1, 22].

Елбасы мәселені тарихи және саяси тұрғыдан зерделей келе «Қазақстан, сөздің толық мағанасында, көпұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етілген тұжырым емес, бұл – шындық... Қазақстан әрқашан да көпэтносты мемлекет болады және ешкім, ешқашан қандайда

бірұлттық тазартуды жүргізбейді, біздің көпэтностығымыз – орасан зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс», сондықтан біз осы қарапайым екі ақиқатты ұғынып, келесі ұрпаққа жеткізуге тиіспіз», деген қорытынды жасады.

Сондықтан кез келген көпұлтты мемлекеттің ұлттық саясатының ең басты бағыт-бағдары – ұлттық және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру болуы керек. Оған алып баратын төте жол – мемлекеттің жан-жақты ойластырылған этносаясаты мен қоғамды демократияландыру процесіндегі жетістіктері.

Н.Ә. Назарбаев қоғамда кездесетін ішкі қарама-қайшылықтарға терең бойлап, олардың алдын алу үшін күрделі саяси шешімдерге бара білді. Олай болса, ондай халқына деген риясыз махаббат, табандылық, ерік-жігер мен шешімділік, дәйектілік, күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің түйткіл тұстарын ой елегінен өткізіп, толыққанды түсініп, игеру, олардың басымдықтарын анықтау және айтқан сөзі мен халыққа берген уәдесін жерге тастамайтын Елбасы сияқты саясаты сабақтастық пен бірізділікке негізделген бірегей саяси қайраткер, сарабдал тұлғаның ғана қолынан келетін іс еді [2, 22].

Қазіргі XXI ғасырдың жаһандық жағдайында әлем елдері бір-бірімен аралас-құралас күй кешуде. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, қоғамдағы өзгерістер заман талабына байланысты жүзеге асуда. Жаһанданудың өзіндік оң және теріс әсерлері бар. Мысалы, оң әсері деп жылдам ақпарат алмасуды, теріс әсер деген бұқаралық мәдениеттің келеңсіз ықпалы мен әсерін атауға болады.

2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласында Қазақстанның болашақ дамуына байланысты бірқатар басым бағыттарды атады. Соның ішіндегі басым бір бағыт – «ұлттық бірегейлікті сақтау» мәселесі. Ол аса маңызды бағыттардың бірі екендігі анық.

Әлемдегі әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Мәселен, қазақ халқының көне замандардан бүгінгі күнге дейінгі тарихы, қалыптасу жолдары, материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері қалыптасқан. Ұлттық ерекшелік: тілі, салт-дәстүрі, діні және ұлттық құндылықтарына байланысты өзге елдерден бөлек ажыратылатыны айтпаса да түсінікті. Осы ұлттық өзгешелікті санау атам замандардан бері сақтап келген біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға дейінгі аралықта ұлттық бірегейлікті қалыптасыра білді. Бірақ, қазіргі уақытта жаһандану үдерісіне байланысты қауіп-қатерлер де бар. Оған төтеп беретін әр ұлттың өзіндік болмысы (менталитет) мықты болуы қажет [3, 72].

Қазақ елі ежелден текті халық. Себебі, ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алыспаған. Оның мәні ұрпақты таза сақтау үшін 25 жас бір ата деп саналса, 7 атаға дейін 176 жылды қамтыған уақыт өтуін аса қатаң тәртіп ретінде ескерген. Одан кейін Оңтүстік Қазақстанның қызы Солтүстікке, ал Батыстың қызы Шығысқа тұрмысқа ұзатылып отырған. Сол арқылы ана тілі дамып, ортақ бірегейлік сақталып, текті халықтың ажарлы және дені сау ұрпақ дүниеге келіп отырған.

Ана тілі – ол ұлтымыздың басты ерекшелігі. Кезінде батыр Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә», - деп жазған еді.

Қазақ елі көне замандардан бері өзінің ұлттық салт-дәстүрлерін, ырым жоралғыларын сақтап келе жатқан халық. Оның барлығы дұрыс. Ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тауып отыруы керек. Сонда ғана ұлттық жаңғыру болады. Егер, халқымыз өзінің салт-санасынан айырылатын болса, онда үлкен қауіп төнеді. Өйткені, ұлт ретінде сақталу үшін ұлттық мүдде бірінші орында тұруы шарт.

Еліміздің рухани жаңғыруы үшін ғасырлар бойы жинақталған құндылықтарын құрметтеу қажет. Ол негізінен материалдық, мәдени, рухани мұраларды сақтау және салт-дәстүрлерді насихаттауға негізделуі керек. Өз елінің салт-дәстүрін қадірлеген халық қана келешекте ұлт ретінде сақталып, басқа өркениеттердің тегеурініне түспейді және жұтылмайды (ассимилияцияланбайды).

Ұлттық код – деген күрделі ұғым. Оған қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған рухани-мәдени дамуы, тілі, өзіндік құндылықтары дәлел. Салт-дәстүр мәселесімен негізінен этнограф мамандар айналысады. Олардың елімізде бірқатар ғалымдар бастаған мектептері қалыптасқан. Бұл өте маңызды саланың бірі. Өйткені, тұтастай бір ұлт ретінде оның мәдениетін зерттеу және зерделеу, оны насихаттау жұмыстарын жүзеге асырады.

Бұл бағытта этнограф мамандарды мемлекеттік деңгейде қолдау қажет. Ел ішінде этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру керек. Әліде мұражай мен көрмелерге түспеген материалдық және рухани мұралар кездесуі мүмкін. Этнографиялық мұраларды насихаттауға мамандар үшін жағдай жасалуы тиіс. Олар телеарналар, радио, бұқаралық ақпарат құралдары және баспасөзде жүйелі түрде насихат жұмысын жүргізіп, қазақ халқының материалдық бай мұраларымен

таныстырып, жас ұрпақтың тарихи танымын арттыру мен патриотизмді қалыптастыруда жұмыстар атқаруы керек [4, 42].

Еліміздегі жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты этнопедагогика саласын дамыту қажет. Осы аталған салаға байланысты мамандардың қатары көп емес. Сондықтан, олардың қатарын көбейту үшін мамандар даярлау, олар арқылы жас ұрпаққа ұлттық негізде тәрбие беру бүгінгі күннің талабы.

Ал, егер де еліміздегі жас ұрпақтың ұлттық тарихынан, әдебиетінен, салт-дәстүрі мен мәдениетінен хабары аз болса, білімі таяз болса, онда олардың пікірі жаңсақ, жасық және әркімнің соңынан ергіш, өзіндік ұстанымы жоқ, әлжуаз болып шығады. Сондықтан, аталған мәселелер елімізде жоғары деңгейде жүзеге асырылғанда ұлттық рух күшті болады. Рухы күшті халықтың қуаты – ұлттық кодта жатыр. Оны жаңғырту, елдікті сақтау уақыттың талабы.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы әлемде өзге елдермен қатар, терезесі тең тәуелсіз мемлекет. Еліміз өзіндік «Қазақстан жолымен» қарыштап дамуда. Алда талай асулар мен белестер тұр. Оны бағындыру тек рухы күшті, тарихи зердесі нық, жасампаз елдің ғана қолынан келеді.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұратын сақтай отырып, болашақтан өз орнын айқындау. Онда прагматизмнің орны мен рөлі өте жоғары. Прагматизм қазіргі жастар үшін аса қажет. Осы арада зиялы қауымға XIX ғасырдағы америкалық философ Чарльз Пирстің ұстанымын басшылыққа алу өте қажет. Ол – АҚШ-та ерекше ықпалға ие болған тұлға. Чарльз Пирс «ақиқатты тиімділік тұрғысынан мойындау, нақты тәжірибе бәрінен маңызды», «адам мақсат үшін өмір сүреді, бір нәрсеге қол жеткізу үшін салыстырмалы білім де жеткілікті», «ақиқаттың өлшемі – практика, іс-әрекетте жетістікке жету үшін күмәнді еңсеріп, сенімге ие болу, адам ақиқаттан бұрын сенімге ұмтылуы керек» деген қағидаларды ұсынады. Бұдан АҚШ қоғамы табыстылығының басты кілті – қоғамдық өмірдің әрбір кезеңіне қарай өмір сүру үшін өзгере білуінде әрі соған сәйкес әрекет етіп, оны ұлттың озық тәжірибесімен ұштастыра білуінде деген тұжырым жасауға болады.

Осы тұрғыдан алғанда ұлттық прагматизм санаулы жылдың ішінде өзгеріп, ысырапшылдыққа ұласқанына Елбасы қатты қынжылады. Керісінше, прагматизм өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Ол – ұлы дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын жайлаған отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту екенін баса айтады. Шынайы мәдениеттің белгісі орынсыз сән-салтанат емес, ұстамдылық, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік пен ресурстарды орынды пайдалану.

Рухани жаңғыру дегеніміз – ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, мәдени дәстүрлерді берік сақтай отырып, оны жаңа заман жетістіктерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен байыту деп түсіну керек. Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтау екені мақалада анық атап көрсетілген. Сондықтан да Елбасының «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» дегені бүгінгі мен ертеңнің және болашақтың, жалпы «Мәңгілік ел» идеясының басты шарты болуы тиіс.

Елімізде ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, үшінші жаңғыруды жүзеге асыратын ұлттық идеологияның басты қағидасы осы бір тарихи құжатта көрсетілген. Елбасы жастардың санасында туған жер мен туған елге деген ерекше сезімді, ілтипатты оятып, оны дәріптеу арқылы ел бірлігін сақтаудың жаңа заңдылығын ұсынды.

Білімнің салтанат құруы дегенде елімізде «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарымыз әлемнің таңдаулы университеттерінде оқып, бәсекеге қабілетті білім алып жатқанын баса айтуымыз қажет. Дегенмен елімізде білімнің салтанат құруына кері ықпалын тигізетін проблемалар да баршылық. Осындай мәселелерді шешуде әлемдегі дамыған елдердің тәжірибесі бізге үлгі болуы керек. АҚШ мектептерінде зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, ер балалар мен қыз балалардың оқу үлгерімін салыстырғанда ұлдар қыздардан әлдеқайда артта екен. Олар бұл мәселені экономикалық жағынан қызықтыру арқылы шешкен. Біздер бүгінгі таңда жастар тәрбиесі мен мектептегі мұғалімдердің ішінде ер азаматтар үлесінің аздығын осындай тәжірибені пайдалану арқылы шешуге болатынын ескеруіміз керек. АҚШ-та ер мұғалімдердің айлық жалақысын 25-30 пайызға көтеріп, олардың мектептерге көбірек келуіне нарықтық қатынас заңдылығымен ықпал еткен.

Біздің елде білім – жалпыға ортақ. Соңғы жылдары экономикалық дамудың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір уақытта осылайша жедел өзгермеген болатын. Технологияның қарқынды революциясы бізге таяу онжылдықта қазіргі кәсіптердің біразы жойылып кететінін көрсетеді. Елбасының сөзімен айтқанда: «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын

ұлт қана табысқа жетеді». Ғаламдану жағдайының заңдылығына сүйенсек, сананың ашықтығы адамзат баласын үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ұлы даладағы қалыптасқан сананың ашықтығы мен ой еркіндігі нәтижелі түрде дала демократиясына әкеледі. XX ғасырда егемендікке қол жеткізсек, рухани жаңғыру арқылы XXI ғасырда «Мәңгілік ел» бағытында көшімізді түзедік. Ендеше, ғаламданудағы бәсекелестікте ұлттық кодымызды сақтай отырып жаңғыру біздің ең басты құндылығымыз екенін естен шығармайық. XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы айтқанда, Ұлы дала елінің рухани қайта түлеп, жаңғыруына төмендегідей тарихи факторлар әсер ететінін ескергеніміз абзал.

Алғашқы рухани фактор – сенім. Ол – жеке тұлғалар мен азаматтардың елдің болашағына сеніммен карауы деген сөз. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы болашаққа деген сенімділікті, түсінушілікті арттыратын құжатқа айналып, қоғамымыздың қарқынды түрде дамуын алға жетелеудің болжамды жоспарын ұсынады. Стратегияда айтылған жоспарларды сатылай жүзеге асыру ел азаматтарының әлеуетін кеңінен пайдалануға зор мүмкіндіктер береді. Яғни, бұл – Ұлт жоспары «Бес институционалдық реформа: 100 нақты қадам», «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдау сияқты саяси мәні бар құжаттар.

Екінші фактор – қазақы мінез еліміздің жүріп өткен тарихымен байланысты. Халқымыз кең байтақ ен даласына көз аларткан сыртқы дұшпанға ұлтарақтай да жерін бермей, жауымен қасық қаны қалғанша шайқасатын қаһарлы қазақ болса, енді бірде табалдырығын аттаған қонағын құдайдай күтіп, оған дастарқан боп жайылуға дайын дарқан қазақ екенін ұмытпайық. Бұл осы бүгінгі таңдағы толеранттылық сөзінің бір синонимі ретіндегі қалыптасқан «қазақы мінез» болуы әбден мүмкін.

Үшінші фактор – далалық демократия. Мемлекет құрушы ұлт ретінде жергілікті халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Қазақтар – мыңдаған жылдар бойы сыртқы жағдайлардың өзгеріп тұруына өзіндік бейімделу мүмкіндіктерін көрсете алған ұлы көшпенділер мәдениетінің мұрагерлері. Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығыс өркениетін байланыстырушы алтын көпір іспеттес қызмет атқарып, керуен жолдары мәдениет және біліммен екі бағытты да сусындатты. Көне қазақ жеріне өзіндік зор ықпалын тигізді. Жалпы Жібек жолының қазақ жерінен өтуінің өзі мәдениеттің әртүрлілігін, басқалардың мәдениетіне, тіліне және діни көзқарасына деген түсінушілігін қалыптастырғаны белгілі.

Төртінші фактор – бейбітшілік сүйгіштік. Қазақ ұлтында өзінің ұрпағын кек сақтамайтындай етіп тәрбиелей білетін қасиеті бар. Қазақ басынан тағдырдың талай қатал сынын кешірді. Беріден қайырғанның өзінде, XVI-XVIII ғасырлардағы Жоңғар шапқыншылығын, Ресей империясының езгісі мен кешегі Кеңес өкіметі заманындағы зобалаң аштықты басынан кешіріп, саяси қуғын-сүргіннің де құрбаны болған халық. Алайда қылышынан қан тамған замандарда таңдары азаппен атса да, басқадан кек алу мақсатында қылышын қайрамаған, тағдырдың ауыртпалығына қайсарлық танытқан халық. Өткенге бой ұсынбай, келешекті аңсап, ел бірлігі мен молшылығын бата тілегіне қосып, ұрпағына аманат ретінде қалдырып отырған халық. Тарихы бар халық қана – ұлы халық.

Бесіншіден, отаншылдық, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік. Жазба әдебиеті кешірек дамығанмен, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жеткен. Сарқылмас мол қазынасы бар ауыз әдебиеті, батырлар жырлары, Қазтуған, Шалкиіз толғаулары мен Доспамбет, Бұқар, Дулат, Махамбет сынды жалынды ақын-жыраулардың отаншыл шығармашылығы арқылы бүгінгі ұрпағына Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптеп, қазақ болып туғанын мақтанышпен ауыз толтыра айтуға мүмкіндік беріп отыр.

Алтыншыдан, ана тілінің болуы. Халықтың ұлылығын танытатын тағы бір белгі – оның тілі. Сонау XIX ғасырда қазақ мәдениеті мен тілін зерттеген Еуропа ғалымдары түркітанушылар В. Радлов, П. Мелиоранскийлер «түркі тілдерінің ішінде ең таза тіл – қазақ тілі» екенін атап айтқан-ды. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы қазақ тілін былай деп бағалайды: «түркі тілін XX ғасырға дейін аздырмай, қаз-қалпында сақтап келген алғыс пен абырой қазаққа тиіс». Тілге деген бұдан асқан баға болмаса керек. Қандай қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қиыннан қиыстыра алатын тілінің байлығын, оның тазалығын кейінгі ұрпағына жеткізе алған халық ұлы халық емес пе?!

Жетіншіден, болашаққа деген үміт пен сенімнің жоғарылығы. Жаугершілік замандарды басынан кешіріп, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында болған қазақ «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды аңсап, бейбіт өмірді қалаған халық екенін танытып, бауырына сан ұлттың баласын басып, дастарқанын бөлісіп, талайға баспана беріп отыр. Бүгінгі көпэтносты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен, қазақтың ұлылығын танытса керек. Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін

соншалықты сезінуі қажет. Осыған орай тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңдегі рухани түрде қайта түлеп жаңғыруымызға әсер ететін ең маңызды факторлар әрі жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді [5, 322].

Жалпы, қорытындылай айтқанда ұлттық бірегейлікті сақтау арқылы қазақ халқы өзге өркениеттер тегеурініне төтеп береді және біртұтас ұлт ретінде сақталады. Ол үшін қазақ тіліне, ұлттық салт-дәстүріне, материалдық және рухани мұраларға дұрыс мән беріп, оларға құрметпен қарау қажет. Елдің болашағы жастар, оларға дұрыс ұлттық тәрбие беру керек. Жас ұрпақтың тарихи танымы күшті болса, ұлттық рухы да жоғары болады. Сонда ғана ұлттық «МЕН» деген ұғым толық қалыптасады.

Ал, ондай ұлттың жастары кез келген жаһандық сын-қатерлерге бой алдырмай, өзінің ұлттық мүддесін қорғап шығатындығы анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 https://ru.wikipedia.org Уикипедия – ашық энциклопедия парақшасынан

2 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан 26.04.2017 ж.

3 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. -М., 2014. - 480 с.

4 Тойнби А. Вызовы и ответы. Как гибнут цивилизации. - М., 2016. - 288 с.

5 Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. - Алматы: ИФиП, 2006. - 412 с.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И БЕЗОПАСНОСТЬ

LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND SECURITY

ҒТАМР 10.07.01

ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Ж. Жабақ
Студент, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Талдықорған қ.

Бұл мақалады әлеуметтік мемлекет пен құқықтық мемлекеттің арақатынасына жан-жақты сипаттама беріп, оның қоғамдағы орны мен рөлін анықтайды. Мемлекет адамдардың өмір сүру ортасы болғандықтан оның азаматтық қоғаммен және құқықтық мемлекетпен өзара әрекеттесуін сипаттайды. Әлеуметтік мемлекет негізінде тарихи даму барысында дәстүр мен бүкіләлемдік өркениеттік дамудың құндылықтары негізінде қалыптасады. Әлеуметтік мемлекет – кең әлеуметтік негізге сүйенетін және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және жүзеге асыруға, соңғы жетістіктермен қамтылған денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін құруға, әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау көрсетуге, әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға, бейбіт реттеуге бағытталған белсенді әрі мықты әлеуметтік саясат жүргізетін демократиялық мемлекет.

Түйін сөздер: мемлекет, конституция, құқықтық, билік, әлеуметтік, әділеттілік, халық, теңдік, бостандық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында әлеуметтік мемлекеттердің принциптері белгіленген: «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Осы Конституцияның 12-бабы бойынша: «1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, оларды ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады». Дегенмен, Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекетке өту кезеңіндегі елге жатқызамыз, ал жоғарыдағы келтірілгендердегі Конституция ережелерін негізгі бағдарламалық мақсаттарға жатқызамыз.

XX ғасырдың екінші жартысында мемлекеттердің конституциялық ұйымдасуындағы құқықтық принцип пен әлеуметтіктің үйлесуі әлеуметтік құқықтық мемлекеттің формуласын береді. Қоғам өміріндегі құқықты бекіту идеясы (не заңды) өзінің түпкі негізін көне кезеңнен алады – адам баласы тарихындағы алғашқы мемлекеттің пайда болған кезеңінен. Әлеуметтік қатынасты құқықтың көмегі арқылы тәртіпке салу үшін мемлекет заң жолымен мемлекеттік биліктің құқықтық негізін құруға міндетті болды.

Әлеуметтік мемлекет пен құқықтық мемлекетті ажыратып, бөлек-бөлек қарауға болмайды. Елімізде әлеуметтік мемлекет азаматтық қоғамсыз немесе құқықтық мемлекетсіз өмір сүре алмайды. Жоғарыда атап өткендей енді құқықтық мемлекетке сипаттаманы оның тарихынан бастайық.

Құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әртүрлі теориялар бар. Бұл ой-пікірлердің, теориялардың көп болу себептері қоғамдағы барлық таптардың, ұлттардың, топтардың мүдде-мақсатына қатысты болуы.

Құқықтық мемлекеттер туралы көптеген идеялар ескі дүние пайда болып, концепциялар және құқықтық мемлекет доктринасының теориялық дамуының жалғасы феодализмнен капитализмге ауысу және жаңа әлеуметтік-саяси құрылымның пайда болу жағдайында қалыптасты.

Теориялық ойлардың қалыптасуына ықпал еткен, одан кейін іс жүзіндегі құқықтық мемлекеттің саяси-құқықтық дамуына көмек берген Ежелгі Греция мен Римнің идеялары мен институттары, демократияның ескі тәжірибесі. Күштің және құқықтың бірігу идеясының негізінде Афина мемлекетін демократиялық негізде құруды көне грек архонт Солон өзінің реформасында б.д.д. YI ғасырда жүргізді, ол белгілі жеті грек оқымыстыларының бірі болған. Мемлекеттілік, жалпы алғанда қай жерде адалдық заңы болса, сонда болады деген ойды Сократ, Платон және Аристотель қорғап келген.

Ең алғашқы бізге жеткен мемлекеттің түсінігін құқықтық бірлестік ретінде айтқан Цицерон болған. Өзінің «О государстве» деген еңбегінде ол былай деп жазды: мемлекет (res publica) дегеніміз, халықтың ісі ретінде «көп адамдардың жиынтығы, құқық мәселесі мен мүдделерінің жалпылығына байланысты бірімен-бірі келісіммен біріккен». Әрі қарай мемлекет идеясы құқықтық

бірлестік ретінде теориялық негіздемені жаңа уақытта Гроцияның, Спинозаның, Гоббстің, Локктың, Вольтердің, Монтескьенің, Руссоның еңбектерінде көрініс тапты.

Адамзат тарихында мемлекетті басқаруда заңсыздық пен бассыздық, шексіз билікпен тиранияға кеңінен жол ашып, адам құқықтарын ескермеген, жоққа шығарған әрекеттер әділеттікті орнату идеяларын туғызды. Атап айтқанда ұлы Сократ, Платон, Аристотель, Хан Пей, Н.Макиавелли, Б.Спиноза, И.Кант, Т.Гобсс, Д.Локк, Ш.Уәлиханов, Абай, А.Байтұрсынов, Жақып Ақбаев, Б.Сыртанов сияқты ойшылдар адам құқықтарының тиімді қорғалып, қоғамда әділеттіліктің орнауын ұсынған идеяларында басты мақсат етті [1, 59 б.].

Платон өз еңбегінде заң үстемділігінің қажеттілігі аса маңызды мәселе ретінде көрсеткен. Осындай пікірлер Аристотель, Цицерон еңбектерінде де жиі кездеседі.

Сондай-ақ, Джон Локк өзінің мемлекет туралы ілімінде биліктің барлық озбырлығына қарсылық білдірудің заңдылығын негіздеген.

Құқықтық мемлекеттің идеалын негіздеу, жаңа сапалы сатыға көрелілуі классикалық неміс философиясының бастаушысы И.Канттың (1724–1804) еңбектеріне байланысты болды. Оның мемлекетке берген маңызды анықтамасында «Көптеген адамдардың құқықтық заңға бағынған бірлігі» делінген. Онда И.Кант «құқықтық мемлекет» атауын қолданбаған, ол түсініктің мәніне жақындарды пайдаланған – «құқықтық азаматтық қоғам», «құқықтық қатынасқа мықты мемлекеттік құрылым», «азаматтық-құқықтық жағдай». И.Канттың анықтамасының ерекшеліктері сонда ол мемлекеттің конструктивті белгісіне құқықтық заңның үстемдігін айтқан.

И.Кант идеяларының ықпалымен Германияда өкілеттілік бағыты қалыптасты, оны жақтаушылар құқықтық мемлекет теориясын жасауға кірісті. Оның қатарына осы бағыттың көрнекті өкілдері Роберт фон Мольді (1799–1875), Карл Теодор Велькерді (1790–1869), Отто Бэрді (1817–1895), Фридрих Юлиус Штальді (1802–1861) және Рудольф фон Гнейсті (1816–1895) жатқызамыз.

«Құқықтық мемлекет» атауын (неміс тілінде – Rechtstaat) ғылымға Роберт фон Моль кіргізген, сонымен ол немістің заң әдебиеттерінде XIX ғ. бірінші жартысында берік бекіді.

Әрі қарай ол атау кең тарады, әсіресе төңкеріске дейін Ресейде. Құқықтық мемлекет теориясын жақтаушылардың ішінде Б.Н.Чичерин, П.И.Новгородцев, М.М.Ковалевский, М.Н.Коркунов, Б.А.Кистяковский және т.б. Ресейде Германиямен және оның университетімен бұрыннан болған қарым-қатынастарына байланысты немістің заң жөніндегі атаулары аударылмай-ақ пайдалынылған. Құқықтық мемлекет теоретиктерін алғашқы кезде «pexut-tatuctap» деп атаған.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде «құқықтық мемлекеттер» атауы пайдаланылмайды, оның белгілі дәрежедегі эквиваленті «pule of law» (үстемдік, құқықты басқару), оны алғашқы рет осы мәнінде Оксфорд университетінің профессоры Альбер Венн Дайси (1835–1922) «Конституциялық құқықтың негізі» еңбегінде пайдаланған (1855 ж.).

Маркс пен Энгельстің көзқарастары құқықтық мемлекет идеяларына жағымсыз болды.

Конституциялық деңгейде құқықтық мемлекет формуласы әлеуметтік принциппен үйлесіп, ФРГ-нің 1949 жылғы Негізгі заңында және Испанияның 1978 жылғы Конституциясында тікелей бекітілген. Осы уақытқа дейін әртүрлі нысанда ол көптеген мемлекеттердің Конституцияларында бекітілген.

Профессор В.С.Нерсесянц құқықтық мемлекетті «құқықтық ұйымның нысаны және көпшілік-саяси биліктің қызметі және оның жеке адамадармен құқықтық субъектісі ретіндегі қарым-қатынасы, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын алып жүрушілер» ретінде анықталған [2, 156 б.].

Сонымен, құқықтық мемлекеттің белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

– мемлекеттік билікті адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы арқылы тежеу (билік азаматтың бөлінбейтін құқығын мойындамайды);

– құқықтың үстемдігі (құқықтық заңның), барлық қоғам өмірінің аясында;

– биліктің заң шығару, атқару және сотқа бөлінуінің конституциялық-құқықтық принципінің тәртібін белгілеу;

– дамыған азаматтық қоғамның болуы;

– мемлекет пен азаматтың (өзара құқық пен міндеттілік, өзара жауаптылық) құқықтық қарым-қатынасы;

– құқық жүйесіндегі заңның үстемдігі;

– ішкі заң нормаларының жалпыға белгілі халықаралық құқық принциптеріне сайлығы;

– Конституцияның тікелей әрекеттігі;

– соттың тәуелсіздігі.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекетті құру мәселесі ғаламдық проблемаға айналды. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес.

Құқықтық мемлкеттің мазмұнының негізгі талаптары:

1. Құқықтық мемлекет азаматтық оғамның объективтік даму кезеңіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлкетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.

2. Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі - өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктің басым көпшілігі - өндіруші мен тұтынушылық билігінде болуы керек.

3. Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі - өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жасауына мүмкіндік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы – құқықтық мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет сонымен әлеуметтік мемлекет.

4. Құқықтық мемлекеттің моралдық негізі – гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар-намысының деңгейі. Осы жоғарғы дәрежедегі принциптер болса құқықтық мемлекет болады. Өйткені мұндай қоғмда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.

5. Құқықтық мемлекеттің саяси негізі – халықтың, ұлттың тәуелсіздігін қалыптастырып қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп-басқару.

Құқықтық мемлекет дегеніміз – адам баласының мәдениеттілігінің ең маңызды жетістігі. Оның негізгі қасиеттеріне жататындар:

а) адаманың және азаматтың құқығы мен бостандығын мойындау және қорғау;

ә) құқықтық заңның жоғарылығы (үстемдігі);

б) егеменді мемлекеттік биліктің бөліну принципі негізінде ұйымдасуы және қызметі [3, 208 б.].

Құқықтық мемлекеттің қазіргі жағдайына қарап, олардың рөлін көтермелеуден және тарылтудан қашуға тура келеді. Себебі, қазіргі кезде құқықтық мемлекет идеал, ұран, конституциялық принцип ретінде көрінсе де, қандай болмасын елде өзін толық сіңгенін көрсетпейді. Шындығында, өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялаған мемлекеттердің саяси тәжірибесі когнституциялық нормалардан ауытқулықтың сирек кездесетінін көрсетеді.

Құқықтық мемлекет парасаттылықтың, әділеттіктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын саяси ұйым.

Міне, қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып, құқықтық мемлекет орнатуға болады.

Құқықтық мемлекет – бұл азаматтық қоғамда саяси билікті ұйымдастырудың ерекше түрі. Мұнда адамның табиғи құқықтары мойындалып, кепілденеді, мемлекеттік билікті тамақтарға бөлу нақты жүзеге асырылады, заңның үстемдігі және мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі іске асырылады.

Құқықтық мемлекет дегеніміз мемелекетте гуманизм, адамгерщілік, теңдік, бостандық идеяларының құқықтық қағидаларға ұласып, құқық үстемдік еткен, бассыздық пен заңсыздыққа жол бермеу үшін биліктің барлық тармақтарын арнайы тетіктермен тежеу арқылы адам құқықтарының тиімді қорғалуы.

Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары.

Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары адамзат тарихының мың жылдық даму барысында саяси құқықтық ой-пікірде біртіндеп, эволюциялық жолмен қалыптасты. Осы күнге дейін қалыптасқан қағидаларға талдау жасап, мынандай түрлерге бөліп қарауға болады.

1. Заң тиым салмағанның бәріне рұқсат. Құқықтық мемлекетте мемлекеттің парламенті, президенттің және басқа да конституция бекітіп, құзыр берген барлық органдар шығарған нормативтік құқықтық актілер адамдар мен азаматтардың қайсы бір әрекеттерді жасауға тыйым салмаса, оларды жасауға рұқсат етіледі, яғни ешқандай жауапқа тартылмайды. Құқықтық мемлекетте субъектілердің әрекеттері тиімді реттелінеді де, көп салада рұқсат ету идеясы кең қолданылады. Ал мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға құқықтық мемлекетте «Тек заңда тікелей көрсетілген ғана рұқсат» деген қағида іс жүзіне асады.

2. Заңның үстемдігі. Құқықтық мемлекетте заң өмірдің, қоғамдық қатынастың барлық саласында үстемдік етіп, заңдылықтың орнауы қатаң түрде қамтамасыз етілуі тиіс. Заңның үстем болуы екі бағытта жүзеге асырылады: Біріншіден, Президенттен бастап барлық мемлекеттік органдар, мекемелер, лауазымды тұлғалар мен барлық адамдар заңға бағынулары тиіс. Ешкім заңсыз әрекеттері үшін жауапкершіліктен босатылмайды. Екіншіден, атқарушы органдардың шығарған нормативтік құқықтық актілері Конституцияға және басқа Парламент шығарған заңдарға

қарама-қайшы келмеулері тиіс. Үшіншіден, қабылданған барлық заңдар құқықтық идеяларға ұласуы керек.

3. Адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Қазақстан Ата заңының 1-бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», деп атап көрсетілген. Осы заң сөздері Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік құқық береді.

Адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады. Соның бір айғағы ҚР Президентінің Жарлығымен Президент жанында елдегі адам құқығы мен бостандығын сақтауға бақылау жасайтын, өкілеттік қызмет жөніндегі комиссияның құрылуы. Қоғамның өтпелі кезеңінде еліміздегі адам құқықтары жөніндегі заңдар қызметін үйлестіріп, олардың осал тұстарын ретке келтіріп, қалпына келтіруге қазақстандықтар комиссияға зор үміт артады. Бұрынғы Кеңестік дәуірде азаматтар өз құқығын қорғау үшін жоғарғы билік органдарына, тіпті Коммунистік партияның Бас хатшысына жүгінетін. Қазіргі уақытта адамдар өздерінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін құқық қорғау органдарына, сотқа, Адам құқығы жөніндегі комиссияға шағымданатын болды. Бұл біздің қоғамның құқықтық мемлекет құруға бет бұрғандығымызды көрсетеді [4, 230 б.].

Адамдардың құқықтары мен бостандығы халықаралық құжаттардың негізгі қағидаларынан туындайды. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқығы мен бостандығын реттемейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болмасын кемсітуге жол берместен, негізгі құқытары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша «Жалпыға бірдей адам құқығының декларациясы» (1948), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы» (1966), «Балалар құқығы Декларациясы» (1959), «Әйелдердің саяси құқығы туралы конвенция» (1954) және басқа да бірқатар құжаттар қабылданды.

Осы құжаттардың жүзеге асырылуы мемлекеттің функциясының бір көрінісі ғана.

Адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету ол тек мемлекет органдары мен мемлекет аппараттарының қызметі ғана емес, ол мемлекеттің кешенді де жүйелі қызметі. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет аппараттарына арнайы дайындалған қажетті біліктілікке және кәсіби шеберлікке ие бола алатын кадрлар қажет. Олар жоғарыда көрсетілген фукнцияны құқықтық және ұйымдастыру нысаны арқылы орындайды.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының идеялық бағыттары мен негізгі міндеттер жүйесі ҚР Президентінің «Қазақстан 2030» стратегиясында және «Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-аухатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқын көрсетілген.

Азаматтық қоғамның бастапқы идеясы – адамдардың қоғамда бірлесе өмір сүруінің табиғи заңына сәйкес ұйымдасқан коллективтілікті қайта түлету.

4. Мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі. Билік бөлінісі теориясының негіздері, олардың жекелеген элементтері тарихтың ерте кезінде байқалғанымен жаңа заманда табиғи құқықтық либералдық доктринасында қаланды.

Джон Локк мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және федеративтік одақтық қылып бөледі. Биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары келісім – шарт жасаса отырып, өз құқықтарының бір бөлігін сайланған үкіметке берген азаматтардың бостандығына, тәртібі мен тұрақтылығына кепілдік беруге бағытталған. Бұл орайда Джон Локк билік тармағының қандай да бірі шартты бұзған жағдайда халықтың зорлық – зомбылыққа қарсы тұру құқығын (үкіметті ауыстыру) бөлек атап көрсетеді. Дж. Локк атқарушы және федеративті биліктерді бөліп көрсеткенімен, оларды бір қолда шоғырлану қажеттігін айтады, өйткені ол бұны қоғамды күшейтудің құралы деп есептейді. Кейінірек Ш. Монтескье өзінің «Заңдардың рухы» атты еңбегінде биліктің дербес саласы ретінде – сот билігін көрсетіп, бөліністерді біршама жүйеге келтірді. Міне, дәл осы саяси тұжырымдар АҚШ Конституциясы құқықтық механизмінің негізіне қойылды. АҚШ-тың «әкейлері мен негізін қалаушылары» Дж. Локк пен Монтескьенің идеяларын қабылдай отырып, шығармашылық тұрғыда өзгертті. Осылайша олар мемлекеттік механизмде билік бөлінісін жүйелі түрде жүргізуге кепілдік беретін таза американдық туынды – тежемелік және тепе – теңдің жүйесін бөліп шығарды.

5. Мемлекет пен адамның өзара бірінің алдында бірінің жауаптылығы. Басқару-билік жүргізу барысында мемлекет шектелмейтін күшке ие болып, адамдарға үстемдік ететін құралға айналды. Адамдар мемлекетті өздерінің өмірлерін қорғайтын, қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін күш ретінде құрғанмен, мемлекет өзінің заңсыз іс-әрекеттері үшін адамдар алдында жауап бермеді. Бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік биліктің барлық мәртебесі құқыпен тиімді реттеліп,

жауаптылықты нақтылы тетіктермен айқындалулары керек.

6. Көппікірлік – қоғамда еркін пікір-таластың нәтижесінде әлеуметтік топтардың, таптардың, мүдделі азаматтардың мемлекетке өз ойларын жеткізуі. Ірі социолог Фишердің тұжырымдамасы бойынша қоғам әртүрлі мүдделердің ұйымдасқан топтарынан қалыптасады, олардың арасында еркін пікір-талас туады. Ал, мемлекет болса сол көптеген ой-пікірдің, көзқарастардың арасындағы қарама-қайшылықтарды шешіп отырады. Көптеген пікір-таластың шеңберін анықтап, заңмен белгілейді.

7. Сот билігінің тәуелсіздігі. Судьялардың әділсот ісін іс жүзінде асырғанда тек заңға бағынуы – әділетті үкімдердің, шешімдердің нағыз кепілі. Құқықтық мемлекетте заң шығарушы немесе атқарушы биліктің сот ісіне араласуына жол берілмейді.

Қазіргі кезде судьялардың жауапкершілігін арттырудың бір жолы – жалпы оның атына, бюрократиялық қасиеттеріне берілген шағым-арыздарға тез арада, жедел түрде назар аударып, жауапқа тарту қажет.

Қазақстан Республикасының қазіргі (1995 ж.) Конституциясы бойынша құқықтық мемлекетті құрудың алғышартары мен негізгі принциптері белгіленген: «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. 2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде дауыс беру арқылы шешу».

Азаматтық қоғам мемлекетпен тысқары өмір сүре алмайды, керісінше бір-бірімен байланыста. Мемлекеттің қалыптасу барысы тарихи аспектілермен қарастырсақ қоғамның сұранысының дамуының нәтижесінде туындаған. "Азаматтық қоғам" термин кең көлемде және тар мағынада қолданылады. Кең көлемде азаматтық қоғам-бұл тікелей мемлекетпен, оның құрамымен байланысты, және де оның автономды, тәуелсіз аясы ретінде қызмет жасайды.

Бұл қоғам азаматтардың тең құқықтары мен өзіндік сан алуандық бостандықтарының мемлекетпен байланыста болуын, және де нарықтық жағдайда, демократиялық құқықтық мемлекеттілік арқылы жүзеге асырады.

Билікке, саяси өмірге азаматтық қоғамның басты әсері толығымен саяси немқұрайлықты шектеу және одан өтіп кетуді құрайды. Бұл мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік мәселелерін шешу барысында саяси институттарының әсері арқылы іске асырылады.

Мемлекеттің билігі ретінде ең негізгісі және жалғыз қайнар көзі болып Қазақстан Республикасының Конституциясының 3-бабына сәйкес – халық болып табылады.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын және мойындайтын, сонымен қатар қоғамдық бірлестіктерге бірігіп өздерінің ерік-ықтиярларын, мүмкіндіктерін ұйымдасқан түрде асыратын қажеттіліктер мемлекеттің конституциялық міндеті болып табылады.

Адамның тіршілік болмысындағы жағдайлардың, тұлғалар мен әлеуметтік топтардың алуан түрлі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың нысанды немесе нысанды емес те құрылымдарының жиынтығы.

Азаматтық қоғамның даму барысы мыңдаған жылдармен саналынады. Сондықтан да, "азаматтық" термині жәй ғана қосымша сөз емес "қоғам" деген терминініне. Саяси жүйе субъектілері мемлекеттің қоғамдық өміріндегі ролінде өздерінің көзқарастарын, ой-пікірлерін алып жүретін тұлғалар болып табылады. Азаматтық қоғамның субъектілері болып жеке азаматтар, көптеген діни, мәдени және экономикалық ұйымдар болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтары дүние жүзілік қоғамдастық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген, әлеуметтік және заңдық жағынан қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқығы ретінде мойындалған, ешкім де еркін шектеп немесе тыйым сала алмайды. Адам өзінің "табиғи" құқығы мен бостандығының қайнар көзі, сондықтан олардан шеттетілмеуі тиіс. Азаматтық қоғамда және мемлекетте тұлғаның саяси-құқықтық қалыпты жағдайы жалпы кепілдіктерден, қағидалардан, тұлғаның азаматтық және құқықтық статустарынан құқықтары, бостандықтары мен міндеттері, заңды кепілдіктерінен тұрады.

Мемлекетке жүктейтін міндеттер болып бай мен кедейлердің бөлініп кетпеу туралы, әлеуметтік бағдарламалардың орындалу жолдары жатқызылады;

Мемлекет сыртқы қызметті аясында қоғамның жетілу дәрежесіне және саяси өміріне араласпай қызмет жасайды.

Жазылған мағлұматтарды қорыта келіп, қоғамда мемлекеттің саяси қызметіне әсер ететін ұйым.

Әрине айтылған ойшыл-ғалымдардың еңбектерін сыни көз-қараста қараған сәтте, кейбір ғалымдардың пікірлерін мойындамайсың. Қоғамның мүддесіне сәйкес "көп қолданылатын

бостандықтар” күш ретінде мемлекеттен тысқары әрекет жасай алады.

Азаматтық қоғам туралы ұғымды енгізген ғалымдарды еске алатын болсақ, олар азаматтық қоғамды мемлекетпен байланыстыра отырып қарастырған. Мемлекет пен азаматтық қоғамның қызметтері бірдей деп ұғынған. Мемлекет пен қоғамды айырып қарастыру қажет.

Қоғамнан өзінің белгілі бір даму барысының нәтижесінде пайда болған ұйым – мемлекет. Қоғам – мемлекеттің анасы, әрине осыған орай мемлекет-қоғамның баласы, қоғамдық дамудың өнімі. Қоғам қандай болса, мемлекетте сондай. Мемлекет қоғамды дамытады немесе оны шіріте алады. өзінің даму жолына қарай қоғам да мемлекеттің басқару кезеңінің өзгерілу кезеңіне соқтыра алады.

Азаматтық қоғам әлеуметтік, саяси, діни аясын реттейтін және қызмет жасайтын ұйымдық қауым болып қарастырылғандықтан аталған азаматтық қоғам негіздері ішінара тармақталынады.

Экономикалық: көп укладтты құрылымды экономика; меншіктің сан алуан түрлері; реттелінетін нарықтық қатынастар.

Рухани: бір ғана идеология мен дүние танып монополиясының болмауы; ар-ождан бостандығы; өркениеттілік, шарықтаған руханилық пен ізгілік.

Саяси: билік өкілеттіктерін орталықтандырмау; биліктің бөлінісі; саяси плюрализм; азаматтардың мемлекет және қоғам істеріне еркін араласуы; заңның басымдылығы және оның алдында бәрінің тең болуы.

Азаматтық қоғамның тәндік белгілеріне: қоғамдық өндіріс құралдарына ерікті түрде қожалық етушілердің болуы; демократияның өркендеп жетілгендігі, кеңінен таралғандығы; азаматтардың құқықтық негізде қорғалынуы; азаматтардың мәдениеті белгілі деңгейге жетілуі.

Мемлекет өзінің тарапынан азаматтық қоғамның өмір сүру дәрежесіне сай көмек, жәрдем көрсетіп отыруы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.

2 Нерсесянц В.С. Философия права. – М., 2010.

3 Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.К., Таукелов А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. –Алматы: ҚазМЗУ, 1999. -320 б.

4 Сапаргалиев Г. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқулық. – Алматы.

ҒТАМР 10.55.91

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Самарина Роза, Мұнатбек Қалия

Студенттер, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясы, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудын құқықтық реттелу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар жер қойнауын пайдалану түрлері мен маңызына құқықтық талдау жасалынды. Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптары, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасының ережелері келісімшарт талаптары, жер қойнауын пайдалану мен басқарудағы мемлекеттің рөлі мен орны туралы мәселелер қарастырылды.

Мақаланы жазудағы негізгі мақсат экологиялық заңнамалардың сақталуы мен орындалуын қамтамасыз ету жағдайларын жетілдіру жолында жаңа пікірлер қалыптастыру болып отыр.

Түйін сөздер: Жер қойнауы, экологиялық сараптама, барлау, келісімшарт.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану құқығы ондаған жылдар бойы арнайы зерттеуден тыс қалып отыр. Бұл құқық жер қойнауын пайдалану саласының қатынастарындағы өзгерістер, жер қойнауын пайдалану түрлерінің саны көбейгені, экономиканың бұл секторын құқықтық реттеудің мемлекет пен қоғам үшін маңызы мен ерекшеліктері ескерілмей, табиғат ресурстары жөніндегі құқық

жүйесіндегі кен құқығы аясында ғана дамытылып келді. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану құқығы туралы қолда бар теориялық еңбектер күні өткен тұжырымдамаларға негізделген болатын.

Қазіргі құқық ғылымында тиісті шешімін таппай жүрген анағұрлым күрделі мәселелердің қатарына мыналар жатады: жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды жаһандану үдерісі мен мемлекеттің нарықтық экономика жағдайында дамуы тұрғыларынан кешенде түрде зерттеу; жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу қағидаттарын анықтау және ғылыми тұрғыдан негіздеу; жер қойнауын пайдалану құқығын заттық құқық жүйесіне енгізу және оған азаматтық заңнаманың әсері туралы мәселе; жер қойнауын пайдаланудың тарихи-құқықтық қырлары және олардың даму үрдістерінің мәселелері; жер қойнауын пайдалану мен басқарудағы мемлекеттің рөлі мен орны туралы мәселелер; Қазақстан Республикасыгың жер қойнауын пайдаланумен байланысты халықаралық құқықтық міндеттемелерін талдау; жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының инвестициялық элементтерін талдау.

Мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің қоғам мен нақты жеке адам алдындағы жауапкершілігінің өзекті мәселе екенін ескерте отырып мына бір қағиданы ұстану қажет деп ойлаймыз: жер қойнауы мемлекетке тиесілі, демек, ол тұтас қоғамға және, жеке алғанда, оның азаматтарына да тиесілі. Олай болса бұл тұжырым Конституция қағидасы ретінде бекітілуі орынды.

Құқық жүйесі ондағы ғылыми қорытындылар мен түсініктерді дәлдеп, нақтылау есебінен ғана емес, қоғамдық қатынастардың өзінің өзгеруі салдарынан объективті себептермен жетілдіріледі, өзгертіледі.

Қазақстан минералды-шикізат қорларының көлемі және әр алуандығы жөнінен әлемде жетекші орындардың бірін иеленеді. Барлау жұмыстарының негізінде қуатты мұнай-газ, уран, көмір өнеркәсібі, металға жатпайтын әртүрлі пайдалы қазбаларды, қара, түсті және асыл металл кендерін қазып алу мен оларды өңдеу өнеркәсіптері құрылды. Қорғасын, мырыш, мыс, мұнай, хром, темір, марганец, қалайы, алтын, фосфориттер, бор мен калий тұздарының қоры жөнінен біздің еліміз әлемдегі алғашқы он елдің қатарына кіреді. Әсіресе, марганец пен хромның шикізат қоры бәсекеге аса қабілетті. Алайда табиғи қорлар шексіз емес [1].

Жер қойнауының учаскелерін бөлу заңмен реттеледі және оны уәкілетті орган жүзеге асырады. Өз кезегінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары: 1) жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес келісімшартта айқындалған көлемде және мерзімге жер пайдалану құқығына жер учаскесін береді, қажет болған жағдайда жер учаскесін алып қоюды жүргізеді; 2) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер және су учаскелерінің қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушының экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады; 3) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерінің сақталумен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысады; 4) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамтумен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады; 5) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттық құжаттар жобаларының сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады; 6) жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі; 7) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылайды, т.б. қызметті өз құзырет шегінде жүзеге асырады [2]. Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүргізуге беріліді: 1) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу; 2) барлау; 3) өндіру; 4) бірлескен барлау мен өндіру; 5) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін. Жер қойнауын пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтемді немесе өтеусіз болуы мүмкін. Жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың барлық қалған түрлері уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге және келісімшарт талаптарына қатысты ақпарат беру заңға сәйкес жүргізіледі. Барлық мүдделі тұлғалардың құзыретті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында: 1) жер қойнауын

пайдалану құқығын беруге конкурс өткізудің талаптарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен; 2) жасалған келісімшарттар бойынша конкурс талаптарының орындалуымен танысуға құқығы бар. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасының ережелері келісімшарт талаптарына заңға сәйкес келуге тиіс. Барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың жобасы талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу жөніндегі міндеттемелерін көздеуге тиіс. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасы оған қол қойылғанға дейін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың жобасына, сонымен қатар құқықтық, экологиялық, экономикалық міндетті сараптамалар жасалуға тиіс. Сараптама келісімшарт ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келу тұрғысынан жүргізіледі. Сонымен қатар келісімшарт талаптарының соның негізінде конкурс жеңіп алынған конкурстық ұсынысқа немесе тікелей келіссөздер талаптарына сәйкестігін тексеру, жобаны іске асырудың экономикалық жағынан мақсатқа сай болуы мен әлеуметтік мәнін бағалау экономикалық сараптаманың нысанасы болып табылады [3]. Сараптамалық қорытындыларды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті сараптаманы жүргізуге қажетті құжаттардың толық пакетін берген кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді. Экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Сараптама нәтижелері сараптамалық қорытындымен ресімделеді, ол теріс немесе оң болуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шартты жасасуға үміткер тұлға мемлекеттік органның сараптамалық қорытындыда жазған ескертулерін жою мақсатында келісімшарт жобасын пысықтайды. Аталған ескертулер жойылған жағдайда мемлекеттік орган қайталама сараптаманы жүргізеді. Мемлекеттік қайталама сараптама жобалау және өзге де құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін өзгерістер енгізілген жағдайларда да жүргізіледі. Құқықтық және (немесе) экономикалық сараптаманың ескертулерімен келіспеген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға үміткер тұлға өзінің дәлелді қарсылықтарын құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына оларды келісім комиссиясында қарау үшін жіберуге құқылы. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынылған қарсылықтарды қарау үшін он күндік мерзімде келісім комиссиясын құрады. Келісім комиссиясының құрамына құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының, ескертулер ұсынған мемлекеттік органдардың және келісімшарт жасасуға үміткер тұлғаның өкілдері кіреді. Келісім комиссиясы отырыс нәтижелері бойынша хаттамада көрсетілетін ұсынымдарды әзірлейді. Келісім комиссиясының ұсынымдары ескеріле отырып, келісімшарт қайталама сараптамаға жіберіледі. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға келісімшарттың және жұмыс бағдарламасының жобаларын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келіскенге және қажетті сараптамалардың нәтижелерін алғанға дейін, бірақ жобалау құжаттарын белгіленген тәртіппен бекітуден ерте болмайтындай етіп, келісімшарттың және жұмыс бағдарламасының жобаларын құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келісуге жіберуге құқылы. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға құжаттарды ұсынған күннен бастап келісім шарттың түпкілікті мәтіні мен жұмыс бағдарламасын сәйкестендіруді құзыретті орган екі айдан кешіктірмейтін мерзімде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүргізеді [4]. Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, сондай- ақ бірлескен барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған келісім шарттардың жобаларына экологиялық сараптама жүргізу үшін құзыретті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, ал облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы оның аумақтық бөлімшесіне мыналарды қамтитын құжаттар пакетін ұсынады: 1) тұлғаны конкурс жеңімпазы деп тану туралы немесе тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын алуға тікелей келіссөздер жүргізуге құқылы екендігін көрсететін құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ілеспе хаты; 2) құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осы тұлғамен келіссөздер жүргізу және операциялар жүргізуге келісімшарт жобасының талаптарын талқылау жөніндегі жұмыс тобы отырысының хаттамасы; 3) келісімшарт жобасы; 4) тұлғаның конкурста жеңіп шығуына негіз болған конкурстық ұсыныстың құзыретті орган немесе республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы куәландырған көшірмесі немесе тікелей келіссөздер хаттамасының көшірмесі; 5) келісімшарт түріне байланысты геологиялық немесе тау-кендік бөлу; 6) жұмыс бағдарламасының жобасы. Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, сондай-ақ бірлескен барлау және өндіруге арналған келісімшарт жобаларына экологиялық сараптама мыналарды қамтиды: 1)

жоспарланатын басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге қызметті іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтіруі мүмкін теріс салдарын анықтау және шектеу; 2) экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғаудың мүдделер теңгерімін сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану үдерісінде үшінші тұлғаларға зардаптың алдын алу; 3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасы талаптарының Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауға қатысты, жер қойнауын пайдалану объектілерін таратужәне консервациялау талаптары бөлігінде заңға, экологиялық сақтандыруға сәйкестігін тексеру [5]. Өз тарапынан мемлекет жер қойнауын пайдаланушы субъектілерге жер қойнауын қауіпсіз пайдалануға талап қояды. Яғни, сараптама жүргізу кезінде қалыптасқан экологиялық жағдайды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу ауданына қойылатын талаптарды ескеріп және бірінші кезекте экологиялық мүдденің тұруына ықпал етуі қажет [6]. Қоғамға өзінің экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға барынша жағдай жасай отырып, қоршаған ортаға қауіпті қызметпен айналысатын субъектілерге нақты және демократиялық тетіктер арқылы әсер ету қажет. Сонымен қатар қоғамды экологияландыру мен қоғамның құқыққа деген, мәдениетке, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгерер еді.

Өтпелі экономикасы бар Қазақстанда жер қойнауын ұтымды игеру мен қорғауға септесетін, өзін-өзі реттейтін нарықтық механизмдер мен минералды шикізат ресурстарын тұтыну және үнемдеуді мемлекеттік қолдаудың табиғи сабақтастығын қамтамасыз ететін, бір жағынан, мемлекет мүдделерінің, екінші жағынан жер қойнауын пайдаланушы мен инвесторлардың мүдделерінің теңдестігіне қол жеткізетін мемлекеттік реттеу формаларын жүзеге асыру қажет. Яғни, мемлекеттік реттеу мен бақылау институты билік пен экономика институттарының қазіргі даму жағдайына орай өз құрылымын, бақылау-қадағалау мәселесін ұйымдастыруды, қадағалаудың технологиялары мен механизмдерін, әдістемелерін қолдану жолдарын, қадағаланатын және бақыланатын нысандардың жайына мониторинг жүргізуді онан ары жетілдіруге мұқтаж.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңнамасының жетімсіздігі, тұрақсыздығы, қайшылықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осы саладағы қазіргі заңдарының нормаларының мәтін түзіміндегі елеулі қателіктер алаңдатарлық жағдай туғызады. Сонымен қатар келісімшарт қағидаларының тұрақтылығы, инвесторларды қорғау, жер қойнауын пайдалану саласындағы дауларды шешу жөніндегі мәселелердің қойылысы да бүгінгі күн талабынан шығып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР 2010 ж. 24 маусымдағы № 291-IV Заңы

2 «Мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу ережелерін бекіту туралы» ҚР

3 Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №207-ө бұйрығы.

4 «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларының сараптамасын жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы № 118 2011 жылғы 10 ақпан.

5 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 2007, 9 қаңтар.

6 Күлтелев С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2003. – 277б.

7 Байділдинов Д.Л., Бекішева С.Д. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2004. – 174 б.

ГРНТИ 10.53.91

ИСТОРИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ВОЗМЕЩЕНИЯ УЩЕРБА, ПРИЧИНЕННОГО ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЕ

А.Е. Кашаев

Магистрант, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК, г. Нур-Султан

В статье рассматриваются исторические вопросы взаимодействия общества и природы. Описывается историческое развитие деятельности государства в регулировании отношений по охране и использованию природной среды. Также в статье отражено становление Казахстанского

законодательства, регулирующего отношения в области экологии, охраны окружающей среды. Вместе с тем, описываются принимаемые со стороны государства профилактические меры по вопросу сохранения и охраны окружающей природной среды от загрязнения, в целях недопущения непоправимых катастроф. Помимо этого, указано о внесении в образовательную программу элементов экологической культуры и осознанности.

Ключевые слова: Экологическое сознание, природоохранное законодательство, природные ресурсы, окружающая среда, экологическая культура.

В нашей культуре издревле заложено почитание Земли и Природы. Горы, реки, небо над головой были для наших предков – кочевников домом, кровом и укрытием. Бережное отношение ко всему живому прививалось с младенчества. Уважение и поклонение окружающей среде было основой воспитания.

Сегодня, столкнувшись с экологическим кризисом, весь мир возвращается к истокам.

Особое внимание наше государство уделяет экологии и ставит цель охраны окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека (статья 31 Конституции РК).

«Маленьким казахстанцам нужно прививать экологическое сознание», именно с таких слов начал свое выступление Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на конференции с преподавателями в г. Нур-Султан.

В настоящее время в школьную и даже дошкольную программу обучения снова возвращаются элементы экологической культуры и осознанности.

Преследуя цели, а именно, чтобы наша Планета была красивой, здоровой и чистой в 2017 году в Казахстане создан Фонд развития общественно значимых инициатив с целью возрождения экологического сознания нации. Одной из главных целей Фонда является поддержание в Казахстане системных экологических инициатив, направленных на охрану окружающей среды, улучшение качества жизни граждан, продвижение принципов зеленого образа жизни и другие общественно-полезные цели.

Например, в 2018 году в Шымкенте прошел эко-фестиваль «Вместе ярче» на котором специалистами фонда проведен семинар для педагогов по продвижению экологической культуры и раздельного сбора мусора. Помимо этого, при участии акимата и местных жителей произведена высадка 80 тысяч деревьев. Высадка производилась в оврагах и на местах ранее занятых стихийными свалками.

Но оторвемся от проводимых мероприятий по улучшению экологической обстановки к стране и вернемся к истории зарождения правового регулирования отношений в области экологии и возмещения ущерба, причиненного окружающей среде.

В рамках исследовательской работы проведена условная периодизация истории становления регулирования отношений за причиненный окружающей среде ущерб, а также возмещения ущерба.

Выделено три основных этапа, а именно:

– Казахстан в составе царской России;

– В период Советского союза;

– Период современного Казахстана.

Так, первым законодательным актом в России являлся Указ Петра I от 30 марта 1701 года, который регулировал функциональное деление лесов. Согласно данного акта запрещалась вырубка лесных насаждений в 30 километровой зоне по берегам многих сплавных и судоходных реки России (например, для «сплавного» судоходства в XIX веке использовался верхний участок р. Оки).

Некоторые леса Петром I объявлялись как заповедные, при этом, несмотря на принадлежность, т.е. казенные, помещичьи и монастырские.

В соответствии с действовавшим на тот момент законодательством виновные в порубке заповедных лесов лица, подвергались штрафу в размере 10 рублей, а за «многую заповедных лесов по-сечку» – смертной казни. Также умышленный поджог леса наказывался смертной казнью.

Дополнением от 1724 года к Указу ответственность лиц, виновных в нарушении природоохранного законодательства была значительно ужесточена и определила наказание для виновных в порубке леса валодмейстеров (управляющих лесами) и сторожей, а именно, предусматривала наказывать ударами кнута, после чего, вырезав ноздри ссылать на вечные каторжные работы [1, с.156].

Подобные жестокие меры обосновывались необходимостью защиты природных ресурсов от варварского использования в военный период.

В период развития рыночных отношений Российское законодательство было направлено на защиту частновладельческих прав на природные ресурсы и владение ими носило классовый

подход. К примеру, из ст.33 Грамоты на права, вольности и преимущества благородного российского дворянства от 21 апреля 1785 года наделяла особым правом дворян на все полезные ископаемые скрытые в недрах земли, растения, а также воды, ст.34 закрепляла права на леса для целей собственного использования [2, с.31].

Вместе с тем, Екатерининское законодательство существенные изменения в действующее законодательство по вопросу причиненного вреда не вносило, т.к. ранее это было урегулировано. При этом, внимание акцентировалось только на вопросах ранее не закрепленных на законодательном уровне. Например, при осуществлении генерального деления земель вытекали вопросы касательно компенсации собственнику в результате незаконного пользования его участком.

Так, пункт 12 главы 4 «Инструкции Межевым губернским канцеляриям и провинциальным конторам» определил, что при незаконном завладении землей пострадавшему выплачивалась денежная компенсация за каждый год незаконного владения пашней, сенными и лесными угодьями [3, с.251].

Таким образом, фундамент по закреплению на законодательном уровне прав граждан на возмещение ущерба, причиненного экологическими правонарушениями, был заложен еще в дореволюционный период. При этом, следует акцентировать внимание на том, что законодательство того периода времени имело первоочередной ориентир все-таки на защиту частного владения прав на ресурсы.

Создание советского законодательства об охране окружающей среды началось с принятия Декрета о земле, а именно, в целях защиты лесных насаждений государственного значения принят указанный Декрет в 1917 году, который объявил всякую порубку леса преступной при отсутствии соответствующего разрешения [4, с.65].

В 1920 году Советом Труда и Обороны принято постановление «О борьбе с лесным пожарами», в котором указано, что лица, умышленно или по неосторожности вызвавшие лесной пожар, подлежат отдаче под суд военного трибунала.

В последующем законодательство развивается в сторону кодификации, и в 1922 году в Уголовном кодексе появляется одна статья, которая предусматривает ответственность за нарушение правил охраны природы. При этом, данная статья называет преступными три вида незаконных деяний, а именно: «охрана лесов от хищнической эксплоатации и истребления; охота и рыбная ловля с нарушением определенного времени, места и недозволенными способами; выборка общераспространенных полезных ископаемых без разрешения властей, а равно и разработка недр земли с нарушением установленных правил» [5, с. 99].

В 1960 году Уголовный кодекс РСФСР насчитывал в себе уже 12 норм об ответственности за нарушения природоохранного законодательства.

В последующем принимается Закон «Об охране природы в РСФСР, который определяет основной вектор государственной политики в области охраны природных ресурсов. Указанный закон рассматривает всякого рода нарушения в области экологии с точки зрения экономических потерь.

В 70-е годы XX века проходит полная кодификация природоохранного законодательства и принимаются Земельный, Лесной и Водный кодексы, а также Кодекс о недрах РСФСР, Закон РСФСР об охране и использовании животного мира, Закон об охране атмосферного воздуха.

Наряду с этим, УК РСФСР от 1988 года обновляется статьей, установившей ответственность за жестокое обращение с животными.

Далее, после провозглашения суверенитета Республики Казахстан, в нашей стране принят ряд нормативных актов, признанный укрепить социальные, экономические и правовые отношения.

Становление и развитие экологического законодательства уже независимого Казахстана осуществлялось в три этапа.

Так, первый этап начался в июне 1991 года с принятием Закона Казахской ССР «Об охране окружающей природной среды в Казахской ССР». Следует отметить, что в статье 74 указанного закона закреплена обязанность полного возмещения вреда, причиненного нарушением законодательства об охране окружающей природной среды.

Второй этап стартовал в июле 1997 года в связи с принятием Закона «Об охране окружающей среды», где также в статье 86 закреплена обязанность возмещения вреда, причиненного нарушением законодательства об охране окружающей среды.

В последующем в связи с многочисленными проблемами, возникшими в результате перехода к рыночной экономике, была вызвана необходимость в принятии нового законодательства в области охраны окружающей среды, т.к. за столь короткий период в независимом Казахстане возрастает деградация и ухудшение окружающей среды, т.е. одним словом усиливается экологической кризис в стране.

На данном этапе развития независимого Казахстана возрастает интерес к деятельности, направленной на возмещение экологического ущерба. Возмещение ущерба, причиненного окружающей среде экологическими правонарушениями, занимает очень важную роль в сохранении стабильности и экологической безопасности страны.

В этой связи, 9 января 2007 года в Республике Казахстан принимается «Экологический кодекс РК», признанный реализовать задачи, определенные Главой государства Н.А. Назарбаевым в Послании страны народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

В указанном Послании народу Казахстана поставлена задача о необходимости реформирования действующего природоохранного законодательства для вхождения нашей страны в 50 конкурентоспособных стран мира. То есть приведение законодательства Республики Казахстан в соответствие с требованиями международных стандартов, а именно обеспечения экологической безопасности [6, с.6].

Таким образом, в 2007 году в Республике Казахстан принимается Экологический кодекс, что является последним этапом в становлении казахстанского законодательства в области экологии.

Литература

1 Соколов Н.А. «Уголовная ответственность за незаконную рубку лесных насаждений» автореферат к.ю.н.//Вестник СиБГТУ №6, 1996 год, с.156.

2 Российское законодательство Х-ХХ веков: в 9 т. Законодательство периода расцвета абсолютизма / под ред. А.Г. Манькова. М.: Юридическая литература, 1985 год, Т.5. с.31.

3 Законодательство Екатерины II: в 2 т. / под редакцией О.И. Чистякова. М.: Юридическая литература, 2001 год, Т.2. с.251.

4 Соколов Н.А. «Уголовно-правовая охрана окружающей природной среды в Российской Федерации: материалы конференции по охране окружающей природной среды». Красноярск, 2002 год, с.65.

5 Уголовный кодекс РСФСР от 1922 года, с.99.

6 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

ҒТАМР 10.79.01

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДІ ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУДІҢ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.З. Жангушукова
Аға оқытушы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
А.Б. Жуниспаева
Аға оқытушы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл ғылыми мақалада Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың дамуы кезеңінде тану үшін көрсетудің ұғымы, оның түрлері және іс жүргізу тәртібі, жылжымалы және жылжымайтын объектілерді тану үшін көрсетудің тергеу әрекеті, тану үшін көрсету тергеу әрекетінің қорытындысын бекіту және оны бағалау зерттеліп, оның ғылыми жетістіктерін жаңадан қабылданып жатқан заңнамаларды қолдана отырып, заман талабына сай заңнамалардың өзгеріске ұшырауын ескере отырып, нормаларға кейбір өзгерту мен толықтырулар ұсына отырып өңдеуге, заңдағы кемшіліктер мен қарама-қайшылықтарды жоюға байланысты бағыттылған.

Түйін сөздер: мүлік, сәйкестендіру, фотобейне, бейнетаспа, жәбірленуші.

Фотобейне және бейнетаспа бойынша тану үшін көрсетуде тергеу әрекеті. Кейбір жағдайларда тану үшін фотографиялық немесе нысандардың бейнежазулары көрсетіледі. Қылмыстық іс жүргізушіде, тергеу және сот практикасын талдау фотографиялық немесе нысанды бейнежазумен көрсету қажет болатыны туралы мынадай тұжырымға келеді:

1. Тануға жататын адам тергеу органынан жасырынған кезде.

2. Тануға жататын адам бұған кедергі келтірген кезде.

3. Мәйіті табылған белгісіз азаматтың бет-әлпетін анықтауда.

4. Егер айыпкер (күдікті) жәбірленушіні танитын болса, бірақ ол қайтыс болса немесе ауыр күйде жатса.

5. Егер танушы танылушы адамды аңғарған уақыттан пластикалық операция, басқа себептердің салдарынан елеулі өзгеріске ұшыраса.

6. Егер танушы немесе танылушы тергеу жүргізіліп жатқан жерден алыста болса, ал кешіктіру мүмкін болмаса.

7. Тергеушінің қолында адамдар бейнеленген түрлі фотокарточкалар мен бейнежазба (тінту, қарау кезінде алынған) бар болса, олардың арасында белгіленген адам болуы мүмкін болса, бірақ ол әлі тергеушінің өзіне де мәлім емес.

8. Фотосуретте не бейнежазбада тануға жататын бейне бар болса және басқа жолмен оның қатыстылығын анықтау мүмкін болмаса.

Адамды бетпе-бет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда ол оның фотобейнесін көрсету арқылы танытылады. Мұндай әдіс танушы немесе танылушы қылмысты істі тексеретін органнан шалғай қашықтықта жүрген, сезікті немесе айыпталған адам тергеуден немесе соттан жасырынған, жәбірленушінің қайтыс болғандығын немесе хал үстінде жатқандығын, жерленгеннен кейін марқұмның түр-тұлғасын анықтау қажет болған және басқа да жағдайда қолданылады [1, 232].

Фотобейненің негізгі немесе жекелеген белгілері мүлдем өзгертіліп кететіні, сондықтан объектіні тану қиындыққа түсетіні тану үшін көрсету кезінде жиі кездеседі. Бұл көбінесе сурет түсірілген кездегі жағдайға, суретке түсірушінің шеберлігіне, суреттің, өңделуіне, сондай-ақ суретке түсірілгеннен кейін арада көп уақыт өткендігіне байланысты болады. Сондықтан мүмкіндігінше өңделген не ескірген суреттерді танушыға көрсетпеген дұрыс. Куәден жауап алған кезде, суреттің иесін анықтаудың да мәні зор.

Танытылатын сурет осыған ұқсас басқа суреттерге қосылады, содан соң олар жалпақ қағаздың бетіне жапсырылады да, әрқайсысы жеке-жеке нөмірленеді және әрбіреуіне тергеу органдарының мөрі басылады, фотосуретке тергеушінің қолы қойылады. Осы күйінде ол танушыға ұсынылады.

Егер көрсету кезінде танушы суреттің бірін көрсетсе, одан объектіні қандай белгілеріне қарап танығанын, суреттегі белгінің жаңағы адамның есіндегі белгілерге қалай сәйкес келетіндігін түсіндіру сұралады. Осылай тәптіштеп жауап алу арқылы танушының дәлелдемесін анықтауға болады. Мәйіттің суретін көрсеткенде ғана мұндай ұқсас суреттер іріктелмейді, яғни танушыға тек мәйіттің суреті ұсынылады.

Қазір жеке объектіні анықтау үшін фотосуреттерді жинақтап және бейнені қолмен салып, сондай-ақ бас сүйекті қайта құрап түсірілген суреттер де көрсетіліп жүр. Бірақ азаматтарға ұсынылған мұндай суреттерді танудың негізі ретінде қабылдауға болмайды, өйткені қылмыстық іс жүргізу заңдылығы бойынша тек тікелей объектінің өзі немесе оның фотосуреті ғана тану үшін көрсетілуі тиіс.

Адамзатты фотографиясы бойынша тану үшін көрсетуге әзірлей отырып, тергеуші бірінші кезекте бұл азаматтың сигналеттік суреті жоқ па деп сұрайды, өйткені, онда адамның тану белгілері мейлінше толық бейнеленген. Егер ондай жоқ болса, тергеуші мейлінше сәттісін таңдайды. Мүмкіндігінше танушы оны көрген кездегіге жақын жста танылушы бейнеленген ретушсыз фотосуреттерді таңдау керек. Олардың бірін тергеуші өзара шұғыл айырмашылығы болмауы тиіс басқа адамдардың фотосуреттерінің арасына орналастырады. Тану үшін көрсетілетін фотография көлемі сай келетін қағаз парағына желіммен жапсырылып, мөрмен бекітіледі, фотографиялық кесте құрайды. Әрбір бейненің астына реттік нөмір жазылады, ал тергеуші толтырған және одан соң іске қосымша еткен анықтамада көрсетілетін адамның қажетті анкеталық мәліметтері тиісінше көрсетіледі.

Көрсетілуге қатысты болып табылатын белгілі бір адамның фотосуреті туралы сенімді мәліметтердің болмауы танудың дәлелдемелік маңызына күдік тудырады.

Куәнің қатысуымен танушыға фототаблицаны қарау үшін көрсетіледі, ол төменгі жағына қол қояды. Осының өзімен адам нақ осы фотосуреттер оған тану үшін көрсетілгенін куәландырады.

Егер танушылар көп, ал танылуға жататын адам біреу болса, бір фототаблицаны пайдалануға болады, бірақ олардың әрбіріне жеке көрсетеді. Әрбір танушының түсінігі фототаблица қосылатын жеке хаттамаға жазылады.

Мәйіттің фотосуреті (мәйіттің өзі сияқты) бір өзі көрсетіледі, бұл өліктердің бірнеше суреттерімен таблицаларды көрсетуді жоққа шығармайды. Мәйіттің тану үшін көрсетілген фотосуреті міндетті түрде сигналеттік түсіру ережелері бойынша орындалады. Егер мәйіттің

денесінде айрықша белгілер болса, мәйіттің денесінде фотосуретте бұл белгілерді айыру үшін мәйіттің денесінің жалпы көрінісін түсіру қажет және айрықша белгілердің детальдық суреттерін ауқымды фотосурет ережелері бойынша жасау керек. Мұндай жағдайда тану үшін мәйіттің сигналеттік суреті, айрықша белгілерімен оның денесінің фотосуреті және айрықша белгілерінің фотосуреті көрсетіледі.

Бейнежазу сюжетін көрсету алдын-ала бұл бейнежазбаны зерттелуі тиіс. Зерттеудің мақсаты бейнежазбаларды сапалы жария ету үшін маңызы бар бірқатар техникалық сипаттамаларды анықтау болып табылады. Оның үстіне бұл аудио- және бейнежазба болуы мүмкін. Сыртқы бейнесі бойынша танумен бір мезгілде адамның дауысы мен сөзі бойынша тану жүргізіледі. Бейнепленкада бейнеленген тану нысанын қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сай олардың арасында шұғыл айырмашылықсыз басқалардың қатарында көрсетіледі. Сондықтан тергеушіге тағы да ұқсас нысандардың екі-үш бейнежазбасын дайындау талап етіледі. Сол кезде, егер бейнесюжетте ортасында танылушы бар бірнеше адам бейнеленіп, ол танылса, қосымша бейнежазбаларды көрсетудің қажеті жоқ. Танылушы бейнеленген фотосуреттің стоп-кадрын жасау мақсатқа сай келеді. Таблицада орналастырылған мұндай фотосуретті тану үшін көрсету хаттамасына қосылса, тану материалдарымен танысуды жеңілдетеді [2].

Танылушы бейнеленген бейнежазба қылмыстық іске қосылып, қажет кезінде тергеуші, сот, қылмыстық істің материалдарымен танысу құқығы бар басқа да сот ісін жүргізушілер көре алады.

Бұл жағдайда бейнежазба бойынша тану үшін көрсету хаттамасын толтыру белгілі бір қиындық тудырады. Онда жеткілікті түрде көрсетілуші адамның сыртқы белгілері толық әрі дәл жазылуы қажет. Бұл тергеушінің өзі бейнежазбаны алдын-ала көруге, тану үшін маңызды және хаттамада дұрыс жазуға олардың сыртқы белгілерін мұқият зерттеуге байланыстырылады.

Заттарды тану үшін көрсетудің тергеу әрекеті.

Заттарды тану үшін көрсетуге дайындала отырып, тергеуші оларды танушы көрсетілуші нысанға бара алатындай, оларды қолына ұстап көріп, мұқият қарай алатындай орналастыруы тиіс. Тану өтетін бөлмеде жақсы, табиғи жарықтандыру жасау қажет, өйткені әлсіз әрі жасанды жарықта түстің белгілері түрін өзгертеді, ал бұл танып-білуді қиындатады.

Тергеу барысында, тінту жүргізілгенде, не сезікті адамды ұстағанда алынған заттарды жәбірленушіге, не куәге көрсету қажет болады. Мұндай жағдайда тергеуші осы адамдардан ұрланған заттардың белгілері туралы алдын ала жауап алып, анықтап сұрайды. Егер жауап беруші куә болса, одан ол затты қандай жағдайда көргені де сұралады. Тануға көрсету үшін бұл зат сол тектес басқа затгардың арасында танушыға көрсетіледі, егер ол көрсетілген затты таныса, оны нақты қандай белгілері бойынша танығандығы сұралып, анықталады [3].

Кей жағдайда тану кезінде заттарды танушы адамның белгілі бір жағдайларға, не себептерге байланысты қате жауап беруі де мүмкін екендігін естен шығаруға болмайды. Мысалы: танушы адам білімінің төмендігінен, көрсетілген киімнің қандай материалдан тігілгенін, оның бояуын немесе үлгісін дәл анықтап, айтып бере алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда алдын ала жүргізілген тергеу әрекеті негізінде алынған жауапты затты тану үшін көрсету кезіндегі жауаппен салыстырып, олардың бір-біріне сәйкес, не қайшы келетін жерлерін анықтау керек. Содан соң осы сәйкестік немесе қайшылыққа орай тиісті мамандарды шақырып, ақылдасқан жөн, ал заттарды танушы адамнан қайта жауап алып, одан алғашқы жауабында жіберген қатесінің себебін анықтап, мәселенің анық-қанығына көз жеткізу қажет.

Тәжірибеде басқа да жәйттер кездеседі. Танушы адам затты тану үшін көрсету кезінде алғашқы берген жауабында айтылмаған ерекше белгілерді келтіруі мүмкін. Мұндайда ол мұны алғашқыда неге келтірмегенін дәлелдеп, негіздеуі тиіс.

Әрбір көрсетілетін затқа реттік нөмірімен бирка бекітіледі. Киімді тану үшін көрсету процесінде тергеушінің көрсетуі бойынша және танушының қалауы бойынша ол әкелу кезінде байқалған оның көлеміне және басқа да белгілеріне сәйкес куәландыру үшін көрілетін затты өлшеуі тиіс. Егер зат танылса, тергеуші ол қандай белгілері бойынша танылғанын түсіндіруді танушыға ұсынады. Мұнда танушы танылатын затта әлдебір өзгеріс болғанын көріп тұрғанын анықтауы тиіс.

Тергеу практикасында мынадай мысалдар белгілі, танушы таныған затын оны алып қою жөніндегі тиісті хатамада белгіленбеген белгілермен көрсетеді. Мұндай жағдайда танудан соң сол адамды қатыстырып затты қосымша қарау керек және аталған белгілердің барлығын белгілейді. Танушыдан заттың белгілері туралы ол дер кезінде хабарламағанының себептері туралы сұрау керек.

Тәжірибеде тану үшін қылмыскердің бір жерден ұрлаған заттардың көп санын көрсету қажеттігі пайда болады. Мұндай жағдайда тергеуші заттарды олардың атауы мен тағайындалуы (костюм, көйлек, туфли, т.б.) бойынша топтастырып, көрсетілуші ретінде орналастырады. Бір қарағанда танылатын заттардың көп санында басқа заттарды қосу талап етілмейтіндей көрінуі

мүмкін. Мұндай бағыт қате, бірдей заттарды қосу міндетті, өйткені танудың сенімділігі кепілдігінің бір маңызды жағдайы.

Түрлі орындардан ұрланған көп затты көрсету үшін, оларды ұрланған орынға қатыстылығы бойынша, ал одан соң атауы бойынша топтастыру мақсатқа сай келеді. Бірінші кезекте танушының нақ оған қатысты деп санайтын заттар көрсетіледі. Бұрын азамат мәлімдеген заттардың бәрі танылса, осымен тану актісі аяқталады. Егер көрсетілген заттар танылмаса, тергеуші басқа танушыларға көрсету үшін дайындаған қалған заттарды көрсетуі тиіс. Кейбір жағдайда түрлі адамдардан алынған тануға жататын көптеген эпизодтар тергелсе, оларды (олар кімнен алынған) жүйеге сәйкес топтастырудың мәні бар. Істі мұндай ұйымдастыруда қылмыстың нақты эпизодымен байланысы зерттеледі.

Мынадай сұрақ туады – жәбірленушінің жекелендіруші белгілері тұтынуында болған жаңа заттарды тану үшін көрсету мақсатқа сай келе ме немесе куәлар атай алмайды? Туыстық белгілері бойынша көрсету дұрыс болып табылады. Егер бұл заттардың заводтық нөмірлері бар болып және иесінде тиісті құжаттар сақталса, онда тануға ұсынылған нөмірлі заттар мен құжаттарды тергеулік қарау процесінде тану үшін көрсету нәтижелеріне қарамастан, құжатта баяндалған және көрілетін заттардың белгілеріндегі мәліметтерін салыстыру жүргізуге жатады. Қараудың нәтижесі қарау хаттамасында баяндалады.

Заң әдебиетінде және практикада оқиға орнын қарауда табылған немесе қатысушылар оның қатыстылығы туралы мәліметтерді хабарлағандағы тінту кезінде табылған осы жағдайдағы заттар үшін көрсету мақсатқа сай келеді және қажіттігі туралы мәселе пікір алысатын болып табылады. Мұндай жағдайда танып-білу өтіп, бірақ іс жүргізу шеңберінде мұнда тану үшін көру әрекеті жоқ. Оның қатыстылығы анықталған заттарды көрмей-ақ тану себебі бойынша мұндай көрсету тергеуде баяндалып, тергеу хаттамасына жазылады.

Тануға жататын автомашина типі және маркасы, тозу дәрежесі және бояуы бойынша ұқсас басқалардың (екі-үш) қатарында орналастырылады. Танушы автомобиль иесі болып табылған кезде, тергеуші оған бұл машинаны және ондағы қосымша белгілері деп санауға болатын (қаптағыш, отырғыштың атындағы багажниктегі қойылған заттарды, қорғау дабылдатқышқа қатысты, т.б.) заттарды оған тыңғылықты қарау үшін көрсетеді. Олар автомашинамен бірге танылады. Егер ұрланған автомашинадағы табылған заттар, жекелеп табылса, тану үшін көрсету әдеттегі тәртіп бойынша және бірдей заттардың арасында көрсетіледі [4, 145 б.].

Топтың қатыстылығын анықтау мақсатында автомашиналарды тану үшін көрсетілуі мүмкін. Мұнда машинаны көрген куә немесе жәбірленуші көрсетулері бойынша қажеттілік пайда болса, оның маркасы және типі бойынша қорытынды жасауға болмайды. Кейбіреулер бұл тергеу тәжірибесі деп санауға бейім. Алайда бұл жағдайда жалпы белгілері бойынша, ал тәжірибе қойылуында куә автомашинаның маркасын, моделін мүлде тануы туралы сөз болвды.

Практикада сирек және қажетті (бірыңғай қайталанбайтын) тану үшін көрсету қажеттілеу пайда болады. Олардың қатарына өнер туындылары (картиналар, икондар), контрабандалық әдіспен ұрланған немесе әкетілген басқа да құнды заттар жатқызылады. Оларды бірдей заттардың қатарында көрсету мүмкін емес, өйткені оған ұқсастары жоқ немесе ондайды табу қиын болғандықтан.

Мұндай жағдайда мұндай заттар тану үшін куәлардың қатысуымен және маманның қатысуымен біртіндеп көрсетіледі. Танылатын заттардың анықтығы мамандардың қорытындысымен қосымша анықталады. Объектіні мұндай тану тиісті сараптама өндірісін жоққа шығармайды.

Жануарларды тану үшін көрсетудегі тергеу әрекетінің ерекшеліктері.

Жануарларды тану үшін көрсету практикада соңғы кездері сирек әрі асыл тұқымды үй жануарларын ұрлауға байланысты қажеттілік пайда болуда. Жануарларды өте өте ұқсас мүмкіндігі жолымен көптеген жағайларда тергеу және сот практикасында расталады. Малды ұрлау туралы тергеу ісі өзекті болып қалады және осыған байланысты малдарды тану үшін көрсету тактикасы криминалистика оқулықтарында жазбалары жоқтығы назар аудартады.Тану үшін көрсетудің бұл түрі бірқатар ерекшеліктерге ие және біз олардың бірқатарын қарастырамыз [5, 256 б.].

Малдарды тану үшін көрсету қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілмейді, сондықтан бұл сұрақта тану үшін көрсетілетін заттарды реттейтін және көрсетілетін нысандардың ерекшелігін ескеретін бабтардың нұсқауларын басшылыққа алу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Криминалистика және сот сараптамасы сұлба нысанында: Оқу құралы / Ә. Исаев, А. Шакенов. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 232 б.

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

3 Мамедов Р.Я. Способы собирания вещественных доказательств в российском уголовном процессе. Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Краснодар - 2016.

4 Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика (оқу-әдістемелік құрал). – Қарағанды, 2003. – 145 с

5 Абуов А.Ғ. Криминалистика. Оқу құралы.-Алматы: Жеті жарғы, 2004 ж.- 256 б.

ҒТАМР 10.79.01

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ

М.Р. Конысбекова

Аға оқытушы, з.ғ.м., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған процессуалдық және өзге де шараларды жетілдіру туралы мәселелер, сот өндірісінің аталған қатысушыларының қылмыстық-процессуалдық мәртебесін реттейтін ҚР ҚПК нормаларын қолдануды және тергеу тәжірибесінде туындайтын мәселелрді талдау, сот өндірісінің аталған қатысушыларының процессуалдық мәртебесі өзгеруі сәтінде құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуының оңтайлы процессуалдық механизмін анықтау қарастырылған.

Түйін сөздер: Қылмыстық іс жүргізу, қатысушылар, мемлекеттік қорғау, сотталушы, процессуалдық құқықтар.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзектілігі - отандық заңнамада бұл салаға қатысты бұрыннан қалыптасқан қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізушілік кепілдіктердің қазіргі заман талабына сәйкес келмеуі болып табылады. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты кепілдіктердің жеткіліксіздігі тек Қазақстанда ғана емес, сондай ақ бірқатар алыс және жақын шет елдерде де орын алған. Осыған байланысты, XX ғасырдың 70-80 жылдары процессуалдық қорғау шараларының жүйесі жасалып, қылмыстықтылықпен күресуде қолданылып келеді.

Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, еліміздегі қылмыстың жай-күйі пен криминогендік жағдайдың деңгейі ішкі істер органдары қызметінің тиімділігіне байланысты, сондықтан ішкі істер органдарын жетілдіру процесі қылмыстық көріністер мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда олардың жылдам әрі барабар әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс. Ішкі істер органдарының басты міндеттері қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке адамға, меншікке қарсы қылмыстарға және басқа да жалпы қылмыстарға қарсы күрес болып табылады [1].

Қылмыстың жәбірленушілері мен куәлары қылмыстық әлемнің және оның өкілдерінің кек алушылық әрекеттерінен қорқып, өзіне қылмыстық іс жүргізу заңымен көзделген міндеттерді атқарудан бас тартады. Халықаралық қауымдастық сарапшыларының пайымдауынша, «құқық қорғау органдарына көмек көрсеткісі келетін тұлғаларға қатысты қорқыту және күш қолдану әрекеттерінің жиі орын алуы, қылмыстық сот өндірісі жүйесінің беделін түсіруге бағытталған тәсілге айналған». Іс жүзінде де азаматтардың өздеріне жүктелген қылмыстық іс жүргізушілік міндеттерін атқарудан жалтаруы, құқық қорғау және сот органдары қызметінің тиімділігін төмендетеді. Осыған байланысты халықтың қылмыстық әлемнен жаппай қорқуы сияқты әлеуметтік-психологиялық мәселе қосымша туындайды.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласын реттейтін негізгі арнайы нормативтік акт 5 шілде 2000 жылы қабылданып, 2001 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы болып табылады [2].

Бұл заңды жан-жақты талдау, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және олардың жақын туыстарының өмірін, денсаулығын, мүлкін, заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған нақты шаралар жүйесі қалыптасқанын көрсетіп отыр.

Аталған Заңның маңыздылығына қарамастан, біздің ойымызша бұл нормативтік актіде, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттің тиімді қызметіне кедергі жасайтын олқылықтар кездесетінін атап өткен дұрыс.

Заңның 3-бабында құқыққа қайшы әсер етулерден мемлекеттік қорғауға жататын тұлғалар ішінде «сотталушы» мен «сот орындаушысы» туралы көрсетілмеген, бұл жағдай, аталған қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың өздерінің процессуалдық құқықтары мен міндеттерін атқару барысында мемлекет тарапынан қорғалмағанын растайды.

Бұл Заңда қорғалатын тұлғаларға қатысты қауіпсіздік шараларын қолданудың нақты негіздері көрсетілмеген. Бұл заңның 4-бабында «мемлекеттік қорғау жеткілікті негіздер болғанда қолданылады» деп жалпы түрде айтылған. Қазақстан Республикасының бірде-бір нормативтік актісінде «жеткілікті негіздер» деген ұғымды қалай түсіну керектігі көрсетілмеген.

Заңның 29-бабына сәйкес, мемлекеттік қорғау шараларын қаржыландыру және материалды-техникалық қамтамсыз ету республикалық бюджеттен жүзеге асырылады. Яғни, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау, құқық қорғау органдарына көмек көрсететін республикалық қорлардан немесе қорғауға жататын тұлғалар өтініш білдірген жағдайда, олардан қаржы алуды шектейді. Себебі, Заңның аталған бабы императивтік сипатта жазылған.

Заңда қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың ішінде кәмелетке толмағандар, психикалық немесе дене кемшіліктері бар тұлғаларға арналған қауіпсіздік шаралары бөлек атап көрсетілмеген. Мұндай санаттағы қатысушылар басқа қатысушылармен салыстырғанда, арнайы қауіпсіздік шараларының болуын қажет етеді.

Айтылғандарға талдау жасай отырып, «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына бірқатар өзгерістер енгізу арқылы, атап кеткен олқылықтарды жою қажет, деген қорытынды жасауға болады.

Бұл үшін, ең алдымен, осы салада жұмыс істейтін өкілетті органдардың қызметінің тиімділігін арттыратын ведомстволық актілерді шығару қажет. Мұндай актілер «жабық» түрде де болуы мүмкін, және қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларға қатысты тиісті мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың нақты қауіпсіздік шараларын қолдану және ұйымдастыру механизмін тікелей реттейтін болуы қажет [3, 15 б.].

Аталған ведомстволық актілерде, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғауды жоспарлау мен жүзеге асырудың нысандары, әдістері және тәсілдері қарастырылуы тиіс. Бұл аталғандарды «Қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы» ретінде қарастырған дұрыс.

Қорғалатын тұлғаның жеке басы, оның күн тәртібі туралы ақпараттың қастандық жасаушыларға қалай жеткендігін анықтаудың маңызы зор, себебі осы мәселені анықтай отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңмен жүктелген органдарының ішінде іске мүдделі тұлғаларды анықтауға болады [4, 305 б.].

Жоғарыда аталған талаптарды орындау жүктелген органдарды анықтаудың тәжірибелік маңызы бар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрығына сәйкес, ҚР ІІМ-нің Криминалдық полиция департаментінің жанынан қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларды қорғау бөлімі құрылып, облыстық Ішкі істер басқармаларында аталған бөлімнің құрылымдық бөлімшелерін құру көзделген болатын. Бірақ, мұндай бөлімшелердің қызметі төмендегі себептерге байланысты қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алмай отыр:

1) аталған мәселе ІІМ-нің жергілікті органдарында толық зерттелмеген;

2) заңдармен көзделген қауіпсіздік шаралары тәжірибеде өте сирек қолданылады;

3) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты тергеу және жедел-іздестіру қызметкерлерінің өзара қызмет ету тәжірибесі жеткіліксіз.

Құқық қорғау органдары қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды қорғайтын арнайы орган құрылуы тиіс. Бұл орган ҚР Ішкі істер министріне қарасты болуы тиіс. Себебі, ҚР ҚПК-не сәйкес қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларға қарсы бағытталған қылмыстарды тергейтін осы ІІМ-нің тергеушілері болып табылады. Аталған қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды қорғайтын арнайы орган Криминалдық полиция департаментіне емес, Ішкі істер министріне тікелей бағынуы тиіс [5, 87 б.].

Мұндай органның негізгі міндеттері төмендегідей болғаны дұрыс:

1) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда мемлекеттік органдарға көмек көрсету;

2) қылмыстарды анықтау, алдын-алу, ізін кесу және ашу, қылмыстардың тез және толық ашылуы мен тергелуіне көмектесу;

3) қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау және қылмыстық жауаптылыққа тарту;

4) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және олардың жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен абыройына, мүлкіне заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;

5) қалыптасқан қылмыстық жағдайға талдау және болжамдар жасау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың міндеттерін атқарумен байланысты қылмыстарға дер кезінде жедел шаралар қолдану;

6) осы саладағы аумақтық ішкі істер бөлімдеріндегі құрылымдық бөлімшелеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және олардың жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты тәжірибені жетілдіру;

7) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуші жергілікті бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру, басшылық жасау және жүктелген міндеттерді орындауы бақылау;

8) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы және ТМД елдерінің басқа да құқық қорғау органдарымен бірігіп қызмет ету;

Аталған органның негізгі атқаратын қызметтері:

1) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың және олардың жақын туыстарына кез-келген нысанда заңсыз әсер ету фактілерін анықтау, алдын алу, ізін кесу, ашу және тиісті түрде құжаттармен рәсімдеу;

2) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларға және олардың жақын туыстарына қарсы заңсыз әсер ету фактілері туралы қылмыстық қудалау органдарына және сотқа хабарлау;

3) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларына және олардың жақын туыстарына процессуалдық және қауіпсіздік шараларын қылмыстық қудалау органдары және сотпен келісіп қолдану;

4) қылмыстық қудалау органы және сот белгілеген процессуалдық және өзге де қаупісіздік шараларын орындау;

5) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларға және олардың жақын туыстарына қатысты жасалған заңсыз әрекеттер туралы ақпараттарды жинауды және талдауды қамтамасыз ету. Мұндай ақпараттар төмендегі аталған көздерден алынуы мүмкін:

а) жедел-іздестіру қызметінің материалдарынан, қылмыстық іс құжаттарынан және тексеру материалдарынан;

б) азаматтардың қылмыстық қудалау органдарына және сотқа, басқа да мемлекеттік органдарға берген азаматтардың жазбаша немесе ауызша арыздарынан;

в) бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларынан.

«Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңында қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды қорғауды жүзеге асыратын қызметкерлердің құқықтары туралы көрсетілмеген, сондықтан бұл заңға осы қызметкерлердің төменде аталған құқықтарын міндетті түрде енгізу қажет:

1) қолданыстағы заңдарға сәйкес, күзеттік, режимдік, жедел-іздестіру және өзге де шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) шарттық негізде ұйымдардың, әскери құрамалардың қызметтік үй-жайларын, сондай-ақ азаматтардың тұрғын-жайларын, олардың көлік құралдарын, байланыс құралдарын және өзге де мүліктерін пайдалану;

3) мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, сондай ақ азматтардан және меншік нысанына қарамастан кез-келген ұйымдардан өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен ақпарат сұрау және алу;

4) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) арнайы дайындықтан өткен қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды қорғауды жүзеге асыратын тұлғаларға ҚР-ның қолданыстағы заңдарына сәйкес, табельдік қаруды және арнайы құралдарды сақтауға, алып жүруге және қолдануға болады;

6) қажет болған жағдайларда белгіленген тәртіппен қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ҚР ІІМ-нің күштері мен құралдарын тарту [6, 24 б.];

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуші органның қызметкерлерінің міндеттері төмендегідей болуы тиіс:

1) адамдар және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кез-келген нысандағы және түрдегі заңсыз қол сұғушылықтардан қорғау;

2) қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, ізін кесу;

3) қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы соттардың және қылмыстық қудалау органдарының шешімдерін орындау;

4) заңсыз қол сұғушылықтардан зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсету;

5) азаматтарға, кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге қызметтік мақсаттарда байланыс құралдарын, көлік құралдарын және үй-жайларын пайдаланғаны үшін белгіленген тәртіппен келтірілген зияндардың орнын толтыру.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей айналысатын органның қызметі қылмыстық істі жүргізуші органмен тығыз байланыста болуы қажет. Себебі, ҚР ҚПК-нің 99 бабына сәйкес, қауіпсіздік шарасын қолдану туралы қаулыны қылмыстық істі жүргізуші орган және істі қарайтын сот шығарады делінген.

Аталған органдардың процессуалдық шешімдерін орындау барысында қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді атқаратын орган қауіпсіздік шараларын қолданудың әдістері мен тактикасын, күштері мен құралдарын өздері анықтауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // http://www.akorda.kz/

2 «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР Заңы // http://online.zakon.kz/_id=30207763

3 Нуралиева А.С. Некоторые вопросы соотношения стадии назначения судебного разбирательства с судебным следствием // Правовая инициатива. – 1998. - №3-4. - С.15

4 Жанибеков А.К., Арын А.А., Дүзбаева С.Б. Қылмыстық процесте жанама дәлелдемелерді қолдану ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. - 2015. - №3. - Б.304-308.

5 Рахунов Р.Д. Участники уголовно-процессуальной деятельности. М,, 1961. – 60 с.

6 Тұрашев Е.Н. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қылмыстық іс жүргізудің принципі ретінде: автореферат дис. заң ғылым. канд.: 12.00.09-қорғалды 12.09.03; Қайнар ун-ті. - Алматы, 2003. - 34 б.

ҒТАМР 10.07.53

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.А. Жакупова
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.
С.Н. Бейсенова
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

Мақалада азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктері, азаматтық қоғамның басты институттарының бірі болып табылатын қоғамдык-саяси партиялар мен бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі. Қазақстан қоғамында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті орнықтырудың басты алғышарттары мен ұстанымдары, азамат, оның құқықтары мен бостандықтары, жоғарғы деңгейде қабылданған заңдар жүйесі, құқықтық саналы мәдениет және мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы қарастырылған.

Түйін сөздер: Азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, құқық, нормативтік құқықтық актілер, институт.

Азаматтық қоғам институттарын дамытудың құқықтық негіздерін айқындау бүгінгі заман талабы болып есептеледі. Себебі, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін ең алдымен жоғарғы деңгейде қабылданған заңдар жүйесі толыққанды болуы тиіс, сонымен қатар мемлекеттің

азаматтары өздерін құқықтық саналы мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыруы керек, тек сонда ғана алдымызға қойған мақсатқа жетуге болады.

Азаматтық қоғамды құрайтын институттардың құқықтық негіздерін зерттеу үшін, ең алдымен сол қоғамды құрайтын тұлға мен азаматтың орнын белгілеп алған жөн. Жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын сипаттайтын өзіндік құқықтары – қауіпсіздік, еркін өмір сүру, бәсекелестікпен азаматтық қызмет етуге, отбасы құпиясын сақтауға, ар-намысы мен ар-ожданын қорғауға, жеке меншікке қол сұғылмауын талап етуге, сейлесу тілін таңдап, оны қолдануға, еңбек ету бостандығына, тұрғын үйге қол сұқпауға, мұрагерлікке, кәсіпкерлік қызмет бостандығы мен тағы басқа мемлекетте қажет болып танылатын және бұлжытпай орындалып жүрген заңдық күші бар нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген құқықтарға ие болады және бұлар заңда көрсетілген міндеттерге де ие болады.

Азаматтық қоғамның бір атрибутының бірі -дамыған қоғамның үшінші секторы болып табылады. Үшінші сектордың әр түрлі мүдделерін білдіретін құрылымдарға үкіметтік емес ұйымдар жатады.

Азаматтық қоғамның басты институттарының бірі болып табылатын қоғамдык-саяси партиялар мен бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мемлекет тарапынан құқықтық нормалардың жүйесін құрайтын нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасында дербес мемлекеттілікті қалыптастыру барысында аталған азаматтық қоғам институттарының қызметтерін құқықтық негізде реттейтін бірнеше заңдар қабылданды. Мәселен, 1996 жылғы 31 мамырда қабылданған «Қоғамдык бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2001 жылғы 16 қаңтарда қабылданған «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2002 жылғы 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңы және т.б.

Қазіргі кезеңде елімізде үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттің қолдауынсыз өмір сүруі өте қиын. Мысалы: Үкіметтік емес ұйымдардың көш басшыларының арасында сұрау салу барысында олардың 24 пайызы грант берушілерсіз ұйымдардың өмір сүре алмайтындығын айткан болса, ал 40 пайызы грантсыз өмір сүру олардың ұйымдары үшін қиынға соғатындығын мойындаған болатын [1, 22 б.].

Азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін мемлекет бұл процестің жасампаздық сипатта өрбуіне, азаматтардың саяси белсенділік танытуына қажетті жағдайлар жасап, қолдауы қажет. Бұл тұрғыда Қазақстан Президентінің Ел халқына жолдауындағы тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарға қолдау жасаудың мемлекеттік тұжырымдамасы жасалған. Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғам өмірін демократияландыру мен құқықтық мемлекет қалыптасуының алғышарты екенін ескерсек, оны мемлекеттік саясат деңгейіне көтеретін уақыт келген сияқты. Яғни үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетудің мемлекеттік тұжырымдамасы жасалып қана қоймай, Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық коммисияның өкілеттілігін кеңейтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның институттарын шынайы дамыту мемлекеттік саясаттың бір бұтағына айналуы тиіс.

Мұндай кешенді іс-шаралар тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңда көрсетілген мұратқа сай құқықтық мемлекет жолында дамуына игі ықпалын тигізері хақ. Қазақстанның саяси жүйесінің демократизациялануы, өркениетті нарықтық экономика мен құқықтық мемлекетті құру үшін азаматтық қоғамның маңызы зор. Бүгінгі күні Қазақстанда азаматтық қоғамның құрылуы үшін керекті институттық негіз жасалған. Осының нәтижесінде құқықтық негізде көптеген ерікті ассоциациялар және ІІІ-ші сектор ұйымдары жұмыс істейді. Бірақ азаматтық қоғамның нәтижелі жұмыс істеуі үшін алдын ала институциялық жағдайлар жасау жеткіліксіз болып отыр.

Азаматтық қоғамның Қазақстанда жетілмеу себептері оның мәдени-әлеуметтік жағдайлардың толық дамуымен байланысты. Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы үшін әлеуметтік эволюция қажет. Әрине бұл азаматтық қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуын қол құсырып күтіп отыруын қажет етпейді. Мәдени-әлеуметтік даму уақытқа ғана байланысты емес, ол мемлекеттің, қоғамның және оның институттарының белсенді күш салуына байланысты. Азаматтық қоғамда азаматтардың халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары мен бостандықтары сақталып, заң үстемдік етеді. Азаматық қоғам материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады.

Құқықтық мемлекет-конституциялық басқару тәртібі қамтамасыз етілген, шын мәнісіндегі билік бөлінісі мен олардың тиімді қарым-қатынасы мен өзара бақылауы жүзеге асырылған, саясат пен билік құрылымына әлеуметтік бақылау орнатылған, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі қалыптасқан мемлекеттік құрылым. Құқықтық мемлекеттің негізінде демократиялық

В целях устранения данной проблемы ведется работа по снижению выбросов вредных веществ в атмосферу. Республиканским управлением экологии и биоресурсов осуществляются проверки предприятий и организаций по выполнению требований Закона Казахстана «Об охране атмосферного воздуха». По фактам нарушений предъявляются штрафы, иски о возмещении предприятиями ущерба, нанесенного окружающей природной среде, выдаются предписания об устранении загрязнителей.

Более того, разработаны нормативы предельно-допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу. Такие нормативы установлены для всех источников загрязнения. Законом «Об охране атмосферного воздуха» предусматривается улавливание, использование и обезвреживание вредных веществ и отходов.

Во-вторых, загрязнение почвы. Неразумное землепользование может обернуться катастрофой. Необдуманное освоение и использование земельных участков приводит к прогрессирующему иссушению почвы. В результате такой эксплуатации, почва утрачивают свое плодородие и подвергаются эрозии.

В последние годы, с целью получения наиболее высоких урожаев сельскохозяйственных культур, земля подвергалась интенсивному воздействию удобрений и пестицидов, что пагубно сказалась на почве. Кроме того, часто отравляющие препараты используются впустую: процент попадающих в цель пестицидов составляет 0,1 %. Остальная их масса оседает в почве, отравляя подземные воды.

Более того, человек все активнее внедряется в жизнь земной коры, становится мощным рельефообразующим фактором.

Наиболее сильно человек воздействует на земную поверхность при добыче полезных ископаемых. Особенно отрицательно влияет на окружающую среду открытый способ добычи твердых полезных ископаемых.

В-третьих, загрязнение водной среды. Воды РК широко применяются для удовлетворения технических и бытовых нужд. Но за последние годы наметилась тенденция к уменьшению использования пресной воды. Причиной этого являются снижение объемов производства, особенно в энергетике, нефтеперерабатывающей и химической промышленности. Меньше воды используется и на сельскохозяйственные нужды [5].

Однако, на всей территории РК проявляется дефицит пресной воды в связи с загрязнением водных источников промышленными и коммунально-бытовыми стоками, отходами и стоками сельскохозяйственного производства.

К основным видам промышленного загрязнения воды можно отнести: минеральные вещества, биологические вещества, ядовитые и токсические соединения, ухудшающие качество воды и делающие ее непригодной к употреблению.

В настоящее время одними из самых распространенных химических загрязнителей водоемов и источников питьевой воды являются синтетические моющие средства. Они не поддаются воздействию микроорганизмов, накапливаются в водоемах и отрицательно действуют на состояние водных ресурсов.

Следует особо отметить огромный ущерб, наносимый природным водоемам нефтяными продуктами; затрудняющими доступ кислорода из атмосферы в воду и препятствующими жизнедеятельности микроорганизмов, способствующих самоочищению воды.

Решение данной проблемы связано с различными способами очистки.

Механическая очистка предусматривает фильтрацию вод через емкости и их отстаивание. Химическая очистка предполагает быстрое выведение из воды вредных веществ в осадок с помощью химических препаратов. При биологическом способе очистки происходит разложение вредных примесей под воздействием специально запущенных микроорганизмов. Стоит отметить, что решение проблемы охраны и рационального использования водных ресурсов должно предусматривать не только охрану воды от загрязнения, но и экономное расходование воды для бытовых и промышленных целей, повторное использование воды на основе замкнутого цикла, совершенствование технологий производства в направлении сокращения водопотребления. Наиболее опасной причиной загрязнения окружающей среды является испытания ядерного оружия. Семипалатинский полигон испытаний ядерного оружия функционировала с 29 августа 1949 г. до 1989 г. За этот период проведено около 470 испытаний, а общая мощность проведенных взрывов составила 16 мегатонн. В 1989 г. на Семипалатинском полигоне прошли последние испытания. Полигон прекратил свое существование. Однако, ситуацию сложившуюся вокруг полигона можно назвать уникальной. Нигде в мире испытания не проводились в течение столь долгого времени и в такой близости от зон проживания людей. Это привело к резкому повышению уровня заболеваний, к изменению структуры заболеваемости, к значительному снижению иммунитета у населения. Наиболее сильно последствия ядерных испытаний отразились на состоянии здоровья детей. Для устранения вышеперечисленных экологических проблем существует ряд мероприятий, позволяющих решить данную социальную проблему. К данным мерам относятся:

1. Проведение воспитательных работ с населением с целью повышения таких морально – нравственных ценностей как «природа», «экология», «Родина» и т.д.

2. Ужесточение закона в отношении людей, которые пагубно влияют на экологию и природу Казахстана.

3. Социальная поддержка экологических проектов (выделение стипендий студентам, материальное поощрение и т.д.)

4. Провидение волонтёрских работ экологической направленности.

В свою очередь, решающую роль в устранении данных проблем играет экологическое право РК, т.е. самостоятельная отрасль казахстанского право, которое призвано изучать направление деятельности государства в области правового регулирования природопользования и охраны окружающей среды. Предметом экологического права являются общественные отношения, складывающиеся в сфере взаимодействия общества и природы [4].

Так как:

Во-первых, основной целью экологического права является сохранение природы как главной основы жизни и деятельности будущих поколений.

Во-вторых, оно обеспечивает конституционные права жителей РК на благоприятную окружающую среду.

В-третьих, формирует правильное экологическое мировоззрения и культуры населения РК.

В-четвертых, интегрирует международную систему деятельности по сохранению глобального экологического равновесия.

Проанализировав вышесказанное, хотелось бы отметить, что на сегодняшний день нужно уделять особое внимание и значение данной проблеме. А граждане Республики Казахстан обязаны сохранять природу и бережно относиться к природным богатствам, как глоссит Конституция РК и иные нормативно правовые акты [3]. Ведь природа и экология являются неотъемлемыми частями жизни любого государства.

Литература

1 Экология и экономика природопользования./ Э.В. Гирусов, С.Н. Бабылов, А.А. Новоселов, Н.В. Чепурных. – М. 2000.

2 Обсуждение: Экологической проблемы/www. wikipedia.org

3 Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.).

4 Оспанов К.И. Основы права: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарты, 2006.-296 с.

5 Экология и экономика природопользования./ Э.В. Гирусов, С.Н. Бабылов, А.А. Новоселов, Н.В. Чепурных. – М. 2000.

ҒТАМР 11.15.87

САЙЛАУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

Б.Н. Балғабай

Студент, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Талдықорған қ.

М.Р. Кокешбаева

Оқытушы, құқық магистрі, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Талдықорған қ.

Сайлау құқығы түсінігі көпмағыналы болып табылады. Біз оны екі мағынада қарастырамыз: объективтік және субъективтік. Объективтік мағынада сайлау құқығы – бұл мемлекеттің өкілді органдарын және жеке лауазымды тұлғаларын сайлау тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы. Бұл мағынада ол конституциялық құқықтың бір институты, бөлімі болып табылады. Субъективтік мағынада сайлау құқығы – бұл азаматтың мемлекеттің сайланбалы органдары мен тұлғаларын құруға, қалыптастыруға қатысу құқығы. Азаматтың тиісті органдарды (тұлғаларды) қалыптастыруға қатысуы оның осы органдарға сайлауы және сайлануы арқылы байқалады және сайлау түрлері мен жүйесі толық қарастырылған.

Түйін сөздер: жалпы сайлау, ішінара сайлау, алғашқы сайлау, қайта сайлау, тепе-тең сайлау жүйесі.

Заң әдебиеттерінде сайлау түрлерінің төрт негізгі жіктелуін атап көрсетеді.

Біріншіден, сайлау кезекті (негізгі) және кезектен тыс болып бөлінеді. *Кезекті сайлаулар* – сайланбалы мемлекеттік билік органының (Президент, Парламент), мәслихат немесе өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының конституциялық өкілеттігі аяқталуына байланысты тағайындалатын және өткізілетін сайлаулар.

Кезектен тыс сайлаулар сайланбалы органдар – Парламент, оның палаталарының (Сенат, Мәжіліс), мәслихаттың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өткізіледі. Парламент, оның палаталарының (Сенат, Мәжіліс), мәслихаттың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы негіздері ҚР Конституциясында және «ҚР Сайлау туралы» конституциялық заңда бекітілген. Конституция мен сайлау туралы конституциялық заң кезектен тыс сайлау үшін кезекті сайлауға қатысты мерзім бекітеді. Мысалы, ҚР Конституциясының 51-бабының 3-тармағына сәйкес, Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

Кезектен тыс сайлау өткізу тәртібі әр елдің өзінің ішкі заңдылықтарына бағынады. Мысалы, парламенттік республикаларда кезектен тыс сайлау – үкімет отставкаға кеткен соң өтеді. Кезектен тыс парламент сайлауы деген сөз – палатаны тұтасымен қайтадан сайлау деген сөз.

Бірқатар демократиялық елдерде «кезектен тыс сайлау» деген түсінік саяси терминологияда мүлдем қолданылмайды. Мәселен, АҚШ-та президент өз өкілеттілігінен мерзімінен бұрын

бас тартатын болса немесе әлдебір саяси тартыстар салдарынан өкілетті қызметін тоқтатуға мәжбүр болса, белгіленген президенттік мерзім аяқталғанға дейін, барлық мемлекеттік құзырлы жауапкершілік вице-президентке жүктеледі.

Парламенттік-демократиялы Жапонияда үкіметтің отставкаға кетуі – кезектен тыс парламент сайлауын өткізуге себеп бола алмайды. Керісінше, парламент сайлаған жаңа премьер-министр жаңа кабинетті жасақтайды [1, 74].

Екіншіден, сайлау негізгі және қосымша болуы мүмкін.

Негізгі сайлауда Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, сондай-ақ мәслихаттардың депутаттарын сайлауға қатысты ғана қолданылады. Мысалы, негізгі сайлауда жергілікті өкілді органның бүкіл құрамы сайланады. Ал *қосымша сайлау* өткізуге негіз болатын жағдай - жергілікті өкілді орган депутатының өкілеттігі мерзімінің аяқталуы, оның мандатынан айырылуы немесе оның тоқтатылуы.

Үшіншіден, а) жалпы және б) ішінара сайлау болуы мүмкін.

Жалпы сайлауға Парламент Мәжілісінің, жергілікті өкілді органның барлық депутаттарын сайлау жатады.

Ішінара сайлау Парламент Сенаты депутатарын сайлау кезінде жүзеге асырылады, өйткені бұл орган алмастыру жолымен қалыптасады. Осылайша, ҚР Конституциясының 51-бабының 2-тармағына сәйкес «Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады».

Төртіншіден, сайлау алғашқы сайлау, қайта сайлау болып бөлінеді.

Алғашқы сайлау сайланған органнның өкілеттік мерзімінің аяқталуымен немесе өкілеттігінің мерзімінен бұрын аяқталуымен байланысты тағайындалады.

Қайта сайлау егер алғашқы сайлау қорытындысы жарамсыз деп танылған жағдайда өткізіледі. Қайта сайлауды қайта дауыс беруден ажырата білу қажет. Қайта дауыс беру алғашқы дауыс беру жүргізілген сайлау процесінің шегінде өтетін қосымша саты. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентін сайлау барысында кандидаттардың ешқайсысы дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайыздан астам дауысын жинай алмаса, онда Орталық сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша Президент сайлауы жөнінде қайта дауыс беру тағайындайды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, сайлау бюллетеніне неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі. Қайта дауыс беру сайлау туралы конституциялық заңның талаптарын сақтай отырып екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Осылайша, қайта дауыс беру кезінде, басқа кандидатпен салыстырғанда, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілік дауысын алған кандидат сайланған Республика Президенті болып танылады.

Қайта сайлау – кандидаттарды ұсынумен қоса сайлау процесінің барлық сатыларын қамтитын дербес процесс болып табылады. Мысалы, егер Президент сайлауы жарамсыз деп танылса, не қайта дауыс беру сайланған Президентті анықтауға мүмкіндік бермесе, Орталық сайлау комиссиясы Президент сайлауын қайта тағайындайды. Қайта сайлау алғашқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Сайлау комиссияларын құру, Президенттікке кандидаттар ұсыну мен тіркеу, басқа да сайлау шаралары сайлау туралы конституциялық заңда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады, ал сайлау шаралары мерзімінің қысқартылуын Конституция мен Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы заңының негізінде Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.

Сайлау жүйесі.

Сайлау референдуммен қатар халық билігін білдірудің формасы, халық егемендігінің бір көрінісі болып саналады, Конституцияның 3-бабының 2-тармағы және 33-бабының 2-тармағына сәйкес сайлауға және сайлаушыға азаматтардың құқығы бекітіледі. Сайлау жолымен мемлекеттің өкілді органдары құрылады.

Сайлау науқаны (өзіне сайлау округтерінің, учаскелерінің құрылуын, сайлаушылар тізімдерін жасау мен тексеруді, сайлау комиссияларын құруды, кандидаттарды ұсынуды, сайлау алдындағы күресті, дауыс беру күшін енгізеді) заңмен белгіленген белгілі ережелер, қағидалар бойынша ұйымдастырылып өткізіледі. Бүкіл осы ережелер мен қағидалардың жиынтығы сайлау жүйесін құрады.

Дүниежүзі мемлекеттерінде сайлау жүйесі мынандай негізгі түрлері болады:

а) тепе-тең

б) мажорлық

в) аралас.

Тепе-тең сайлау жүйесі алған дауыстар мен жеңіп алған мандаттар арасындағы тепе-теңдік қағидасынан құрылады. Тепе-тең жүйемен жұмыс істеу үшін бірқатар ерекше шарттардың болуы

қажет. Бірінші, үлкен аумақтық сайлау округтерін құру қажет. Әлбетте, аумақтық сайлау округтерін тепе-тең жүйенің ерекшеліктеріне лайық өзгертуге болады. Екінші, тепе-тең жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін кемінде қалыптасқан екі партияның болуы қажет. Қазақстандағы саяси партиялардың әліде болса әлсіз жұмыс жасауы және азаматтардың елеулі бөлігінің мемлекеттің саяси өміріне белсенді араласпауы біздің елімізде тепе-тең сайлау жүйесін құруға мүмкіндік тұғызбай отыр.

Тепе-тең сайлау жүйесінің мажоритарлықтан басты айырмашылығы көпшілік қағидасында емес, алыңған дауыстар мен жеңіп алған мандаттардың арасындағы тепе-теңдік (пропорционалды) қағидасында құрылуында.

Тепе-теңдік жүйені қолдану дауыс саны мен мандаттар санының арасындағы салыстырмалы сәйкестікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тепе-теңдік жүйеде көптеген аумақтар құрылады, олардың әрқайсысынан бірнеше депутат сайланады; негұрлым окрнуг үлкен болса, соғұрлым пропорцинализм арқықшылығы айқынырақ білінеді. Жақсы жағдайда бүкіл ел жалпы сайлау округіне айналады.

Тепе-теңдік жүйе бойынша өткізілген сайлаулар қатаң түрде партиялық болып саналады. Әр партия сайлау қызметіне кандидаттардың өзқ тізімін ұсынады. Сайлаушылар өз еріктерін білдіріп, дауыстар саналғаннан кейін сайлау метрі, не квота, яғни бір депутатты сайлауға қажетті дауыстардың ең аз саны анықталады [2, 53 б.].

Партиялар арасында мандаттарды бөлу олардың квотаға алған дауыстарын бөлумен жүргізеді. Неше рет квота партия алған дауцыстардың санына шақ келсе, ол сонша мандат алады.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің абсолюттік көпшілік және біршама көпшілік деген екі жүйесі бар. Бұл орайда мажоритарлық жүйеде сайлаушылардың 50 пайызынан астамының дауысына ие болған кандидат сайланған болып есептелінеді.

Мажоритарлық жүйе кезінде біршама көпшілік сайлау дауыс берген және дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санына қарамастан өткен болып есептелінеді, ал егер оған сайлаушылар тізіміне енгізілген азаматтар санының 25 пайыздан астамы дауыс берген жағдайда басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс жинаған кандидат сайланған болып есептелінеді.

Мажоритарлы жүйенің негізгі үш түрін ажыратады:

– абсолютті,
– салыстырмалы,
– білікті көпшілік.

Абсолютті көпшіліктің мажоритарлы жүйнсімен сәйкес сайлау үшін аумақ бойынша берілген дауыстардың абсолютті басымдылығы қажет (50 %+1). Мысалы, округте төрт кандидат (А,Б,В,Г.) Параментке дауысқа салынып жатыр; оларға берілген 12 000 дауыс былай бөлінеді. А – 2000 дауыс, Б – 3000 дауыс, В – 6100 дауыс, Г – 900 дауыс жинаған. Сонда кандидат В сайланады, себебі ол 6100 дауыс, яғни абсолютті көпшілікті жинады.

Дегенмен де, абсолютті көпшіліктің мажоритарлы жүйенің елеулі кемшіліктері бар:

Біріншіден, жеңіліске ұшыраған кпндидаттарға берілген дауыстар жоғалады.

Екіншіден, бұл тек ірі партияларға ғана ыңғайлы, ал кіші партиялардың жеңіске жетуі өте аз болады.

Үшіншіден, ол нәтижесіз. Егер де бір де бір кандидат дауыстардың абсолютті көпшілігін алмаса немесе бірнеше кандидаттар бірдей дауыс алған жағдайда қай депутат мандат алатыны жайлы мәселе ашық болып қалады.

Мұндай жағдайды болдырмас үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады. Мұндай тәсілдердің бірі қайтадан дауысқа салу болып табылады. Жаңа бюллетеньге көпшілік дауыс жинаған екі кандидаттың ғана фамилиясы енгізіледі. Егер ешқайсысы да абсолютті көпшілік дауыс жинамаса, онда сайлау туралы мәселебақ сынасумен шешіледі, немесе жасы үлкен кандидат сайланған болып табылады. Қазақстан Республикасында абсолюттік көпшіліктің мажоритарлық сайлау жүйесі қабылданған.

Кейде дауыс берудің екінші, үшінші турларын өткізеді. Бұл кезде кандидаттар мен тізімді сайлау нәтижелері анықталмайынша шектеп отырады.

Кейбір елдерде *салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлы жүйесі* қолданылады (АҚШ, Англия, Үндістан және т.б.)

Мажоритарлы жүйенің мұндай әртүрлігіне жартысынан аз болса да қарсыластарының әрқайсысы жекелеп жинаған дауыстарынан артығырақ дауыс алған кандидат (не кандидаттар тізімі) сайланған болып саналады.

Салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлы сайлау жүйесі әрдайым біреуі салыстырмалы көпшілік дауыс жинайтындықтан үнемі нәтижелі. Егер бұл жүйенің әрекет кезінде әдетте Парламентте өкіметтің тұрақтылығын қамтамасыз ететін берік көпшілік болады. Салыстырмалы

көпшіліктің мажоритарлы жүйесі туралы өкімет пен парламенттерді жасанды түрде құруға мүмкіндік беретіндіктен таралған; алайда мұндай жүйе өкілеттікті кіші партиялардан айырады және шынайы күш қатынастары туралы бұрыс түсінік береді.

Әдетте, салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлы сайлау жүйесі кезінде сайлаулар бір мандатты округтер бойынша жүргізіледі. Және де егер округте тек бір мандат шығарылса, онда оны сайлау үшін бір дауыс та жеткілікті болғандықтан дауыс беру мүлдем жүргізілмейді.

Білікті көпшіліктің мажоритарлы жүйесі сирек кездеседі. Бұған сәйкес кандидат абсолютті көпшілікпен салыстырғанда заңда белгілеген дауыс санын жинауы керек.

Аралас сайлау жүйесі тепе-тең және мажоритарлық жүйелерді біріктіруді көздейді. Ондағы мақсат – жекелей алғанда олардың әрқайсысына тән кемшіліктерді мейлінше азайту. Мұндай біріктіру болуы мүмкін, мысалы, егер ел парламентінің бір бөлігі тепе-тең жүйе бойынша, ал екінші бөлігі мажоритарлық жүйе бойынша сайланса. Бұған дәлел – Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасын сайлау.

Аралас сайлау жүйесі дауыс беру процесінде былай жүзеге асырылады: әр сайлаушы екі бюллетень алады, тиісінше онда екі дауыс болады: ол бірімен нақты сол аумақ бойынша дауысқа түскен кандидатқа, екіншісімен саяси партияға, бірлестікке дауы береді.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі – Қазақстан Республикасы Конституциясының және Президенттің «Қазақстан Республикасының сайлауы туралы» конституциялық заң күші бар жарлығында көзделгендей Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының парламентінің Мәжілісі мен Сенатының депутаттарын, Мәслихат депутаттарын Қазақстан Республикасының азаматтары тікелей де сондай-ақ жанама да сайланатын сайлау тәртібі түсіндіріледі.

М.В. Баглай сайлау жүйесін тар мағынада «дауыс берудің нәтижесін анықтау тәртібі ретінде» деген анықтама береді, сонымен қатар, осы мағынада жүйенің екі негізгі түрін ажыратады:

– бара-бар өкілді сайлау жүйесі (пропорциональды);

– мажоритарлық сайлау жүйесі [3, 347 б.].

Бұл жүйелер шегінде, оның пікірінше, «әрбір елде өздерінің мүлдем бөлек және қайталанбайтын жүйесі болады». В.И. Лысенко сайлау жүйесін «демократиялық сайлау процесін ұйымдастырудың әртүрлі аспектілеріне әсер ететін дауыс беру мен санауды ұйымдастыру тәсілі ретінде» қарастырады.

А.Е. Постников сайлау жүйесі түсінігін «халық сайлаушылардың арасындағы мандат бөлу» деп анықтайды. Көптеген шет елдерде «сайлау жүйесі» деген термин жай түсінікте сайлаушылардың дауыс беру нәтижесіне қатысты кандидаттардың арасындағы мандат бөлу әдісі деп қолданылады. Бұл контексте «сайлау жүйесі» түсінігі өзінің саяси-құқықтық ойын айқын білдіретін қандай да бір процессуалды-процедуралық талаптарға сай келтіріледі. Сонымен қатар, нақты сайлау жүйесін бекіту таза субъективтік көзқарас нәтижесі емес. Сайлау және сайлау жүйесі жалпы алғанда, көбінесе билеудің реалды саяси қатынасы болып келеді, қоғамның нақты конституциясы мемлекет пен қоғам күшінің қатынасын көрсетеді.

Сондықтан «сайлау жүйесін» кең көлемде түсіндірумен бірге бұл терминді әртүрлі әдіс ретінде және сайлау нәтижесін мажоритарлық немесе пропорционалды сайлау жүйесі деп қана қоймайтын авторлармен бірге келісуге болады, көбіне мұндай мәселелерге анализ жасағанда кедергі болатын, құқықтық салаға жатпайтын бастаулар болады. Сайлау жүйесі «құқықтық нормалар жиынтығы» дегенмен келісуге болмайды, мұнда бекітілген қағидалар негізінде сайлау өтеді, азаматтардың сайлауға және сайлануға құқығы, сайлаушылар алдында депутаттардың жауапкершілігін бекіту, сайлау өткізу, қатынастарды реттеу, сайлаушылардың депутаттармен және өзге сайлауға түсетін тұлғалармен қатынастарын реттеу жүзеге асады.

Бұл жағдайда сайлау жүйесі бір тәртіпке келген қоғамдық қатынастар, халық билеушісімен байланысқан азаматтардың конституциялық құқығының орындалуы, сайлау процесінің барлық кезеңіндегі сайлау процедураларын іске асыру, сондай-ақ сайлау алды үгіт жұмыстарын да жүргізу. Сонымен қатар, қоғамдық қатынастар сайлау жүйесін сипаттайтын материалдық көрініс екенін ұмытпайық. Саяси демократиялық институттың көрінісі ретіндегі сайлау жүйесі мемлекеттің қалауымен өз билігін құру үшін қолданылады.

Мұнда сайлау жүйесі, мемлекеттік құқықта шындық сияқты факт ретінде көрініс табады, ол әлеуметтік және құқықтық сипаттамаларда тығыз орналасқан. Мұндай бірліктің факторы – сайлау құқығы болып табылады.

Сайлау жүйесінің жалпы құқықтық параметрін анықтағанда, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңы сайлау құқығының негізін құрушы бастамаларын бекітеді. Осылайша, Қазақстан Республикасының сайлау құқығы жүйесін құру – ол азаматтардың сайлау

құқығын таратудағы қоғамдық қатынастардағы күрделі процесс, сонымен қатар олардың сайлау алды үгіт құқығы, сайлау жүйесінің заңдылық қағидасының толық жаңаруы, бұған тек заң актілері ғана емес, сондай-ақ жергілікті нормативтік актілер және азаматтардың сайлау құқығын іске асыру тәртібін орындаушылар ықпал етеді. Мұндай жағдайда тек сайлау жүйесіне ғана емес, жалпы сайлау құқығына формальды-құқықтық, нормативтік көзқарас керек [4, 128 б.].

Президентті, Парламент депутаттарын және жергілікті өкілді органдарын сайлау Конституциялық құқықтық нормалармен белгіленеді, олар өзі жиынтығында Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі ұғымын құрайды.

Сайлау жүйесін құрайтын Конституциялық құқықтық нормалар Қазақстан Республикасы Конституциялық құқығының бір бөлігі болып табылады. Олар Қазақстан Республикасының Президентін, Мәжіліс депутаттары мен Сенат депутаттарының бір бөлігін, жергілікті өкілді органдардың депутаттарын сайлауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Жоғарыда аталған сайлау құқығы институты Конституциялық құқытың маңызды бір институты болып табылады. Сонымен қатар «сайлау құқығы» ұғымы кәмелетке жеткен Қазақстан Республикасы азаматтарының субъективтік сайлау құқығы мағынасында қолданылады.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесімен сайлау құқығы халықтық егемендіктің бір көрінісі болып табылады, өйткені оларды пайдалана отырып, азаматтар мемлекеттің жоғарғы өкілді органдарын қалыптастырады.

Соңғы өзгертулер бойынша сайлаушылар жеке кандидаттарға емес партияға дауыс беру арқылы Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлайды. Мәжіліс және маслихат депутаттарын сайлаудың нәтижесі бара – бар (тепе тең) жүйесі негізінде анықталады.

Қазақстанда абсолюттік басым көпшілікті мажоритарлық сайлау жүйесі қолданылады.

Жоғарыда баяндалғандардан, қоғамдық қатынастарды реттеуші, сайлауға әзірлік пен оны өткізу барысында туындайтын құқықтық нормалардың жиынтығы – сайлау құқығы сияқты конституциялық дербес құқық институтын бөліп көрсетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Божқараұлы А. Шетел конституциялық құқығы. – Қарағанды: ЖСС «Интал», - 2005. – 169 б.

2 Копабаев О.К., Айтхожин К.К., Кудайбергенов М.Б. Избирательное право Республики Казахстан: научно-практическое пособие. – Астана, – 2009. – 180 с.

3 Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации: Учебник. - Москва: Юр.Норма, НИЦ ИНФРА-М, 2015. – 768 с

4 Амандыкова С.К. Избирательное право и избирательные системы в Республике Казахстан // Гражданин. Выборы. Власть: материалы II междунар. науч.-практ. конф. (25-26 ноября 2015 г.). Пятигорск. – Ставрополь: Ставропольское изд-во «Параграф», 2016. – 440 с.

ҒТАМР 10.71.35

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ

Ж.Х. Тайшықов

Магистрант, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы

Н.Ш. Жемпиисов

З.ғ.к., ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы

Ұсынылған мақала қазіргі уақытта өте маңызды болып табылатын ұлттық қауіпсіздік және ұлттық мүдде мәселелеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүейсіндегі прокуратура органдарының ролін анықтауға арналған. Жаһандану заманында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін жаңа қатерлер мен тәуекелдердің туындауы мемлекеттің барлық салаларына әсер етіп, оған қарсы жүйелі, бірлескен іс-әрекеттер қабылдауды қажет етеді.

Түйін сөздер: ұлттық қауіпсіздік, ұлттық мүдде. қауіпсіздік түрлері, прокуратура органдары, ұлттық қауіпсіздік жүйесі.

Қазіргі уақытта әлемде жаңадан пайда болған қауіп – қатерлер мен алып мемлекеттер арасында қалыптасқан күрделі, шиеленіскен жағдайды ескерсек, ұлттық қауіпсіздік мәселесі ең басты орынға шығады.

Сонымен қатар, жаһанда қауіпті вирустық инфекцияның таралуы, стратегиялық шикізат – мұнай бағасының төмендеуі, ұлттық валютаның әлсіреуі, кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық қиындықтарын назарға алсақ, елімізде қиын әлеуметтік – экономикалық жағдай қалыптасқан.

Осы ретте ішкі және сыртқы қатерлер азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, өмір сүру деңгейіне, еліміздің егемендігі мен территориялық тұтастығына, тұрақты дамуына, жалпы алғанда ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіреді.

Сондықтан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі әр мемлекеттік органның алатын орны мен оған жүктелген міндеттерді, жауапкершілікті айқындау өте маңызды болып табылады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 5-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде ұлттық қауіпсіздік субъектілері іске асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және өзге де шаралар жиынтығы ретінде көрсетілген.

Өз кезегінде, аталған Заңның 9-бабында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне:

1) барлау, қарсы барлау қызметін, сондай-ақ күзетілетін тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары;

3) ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, экономикалық тергеу қызметі және авариялық-құтқару қызметтері жатады [1].

Заң шығарушының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері ретінде ұсынған тізімі толық емес деп санаймыз, өйткені ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік емес ұйымдардың, азаматтар мен прокуратураның ролі ескерілмеген.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі прокуратураның ролі мен бірегей түсінігі анықталмаған.

Біріншіден, ұлттық мүддені қорғау мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде құрылу мақсаты мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан барлық мемлекеттік органдардың біріккен іс-әрекеттері қажет екендігі белгілі;

Екіншіден, осы салада мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар, азаматтар арасындағы кері байланыс орнату қажет.

Осы орайда, прокуратура көп функционалдылығымен, әмбебап қызметімен және құзыреттілігімен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде ерекше орын алып, қоғам мен мемлекеттің барлық өмір салаларына тәжірибеде нақты әсер етуге мүмкіндігі бар.

Прокуратура органдары конституциялық қағидаттарға сүйене отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өзекті мәселелерді, оның ішінде ішкі қатерлерді жою арқылы тиімді шешуге қауқары бар. Прокурорлық қадағалау мемлекеттегі заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі жолы болып табылады.

Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында айқындалып, «прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Прокуратура туралы» Заңға сәйкес прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзінше дербес және айрықша саласы болып саналады.

Прокурорлық қадағалаудың мемлекеттік қызмет түріндегі дербестігін оның мазмұны анықтайды, оның мәнісі заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының, басқа да нормативтік-құқықтық актілердің республика аумағында дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруға және кез келген заң бұзушылықты айқындап, оны жою үшін шара қолдануға келіп тіреледі. Бұл қызметті прокуратурадан басқа ешқандай мемлекеттік және басқа орган жүзеге асыра алмайды, себебі прокуратурада оларға қарағанда айрықша функция бар [2].

Прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі сонда, прокуратура биліктің ешқандай тармағына жатпайды, ол біртұтас орталықтандырылған және басқа органдарға, мемлекеттік органдардың

лауазымды тұлғаларына тәуелді емес, тек Президент алдында есеп береді, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрғандарға және Бас Прокурорға бағынады.

Прокуратура ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің маңызды буыны, ол өзінің конституциялық құқықты қорғау функциясын пайдала отырып, ең алдымен, республика Президентінің өкілеттілігін қамтамасыз етеді және заң тұрғысынан биліктің барлық тармағына ықпал етуге, олардың қызметін қадағалауға құқылы. Осы жерде прокуратура биліктің өкілдік, атқарушы және сот органдарын алмасытырмайды, тек ғана өз өкілеттіктерін тиімді пайдалана отырып оларды толықтырады.

Бұрыннан келе жастқан сот ісін жүргізуге қарағанда прокуратура Европада XIII-XIV ғасырларда пайда болып, 1302 жылы Франция королі прокуратураны монарх мүддесін қорғайтын орган ретінде құрса да, уақыт өте оның қызметі өзгеріп, жалпы мемлекеттік маңызды қадағалау – бақылау функцияларын атқарды. «Прокурор» сөзі латыннан аударғанда «қамқор боламын» деген ұғымды береді. Бұл категорияның мағынасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі прокуратураның ролін айқындайды [2].

Кеңес Одағы кезінен бастап ғалымдар прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын белгілеуге тырысқан және сол уақытта бұл органның не заңнамалық, не әкімшілік, не сот өкілеттіктері жоқ деген пікір кең тараған.

Мысалы, К.Ю. Яровиков пен М.С. Шалумов прокуратура биліктің бірде бір тармағына кірмейді, сондықтан билік бөлісуге қатысуға мүмкіндігі жоқ деп пайымдайды. Бірақ, бұған қарамастан М.С.Шалумов прокуратура тыйым салу мен қарама – қарсылық жүйесіне қатысатындығын көрсеткен, біз де сол пікірді қолдаймыз [3].

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабына сәйкес прокуратура заңда белгіленген шекте мынадай міндеттерді:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтауды және жоюды;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады [4].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздік түрлері ретінде:

1) қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

2) әскери қауіпсіздік – әскери күштерді қолданумен немесе оны қолдану ниетімен байланысты сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері қорғалуының жай-күйі;

3) саяси қауіпсіздік – азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

4) экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

5) ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі;

6) экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады [5].

Сурет - 1. Прокуратура мен қауіпсіздік түрлері арасындағы байланыс (автормен құрастырылған)

Прокуратура органдарының жоғарыда айтылған міндеттері мен ұлттық қауіпсіздік түрлері арасындағы байланысқа талдау жүргізсек, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің ішінде тек ғана прокуратура органдарының барлық қауіпсіздік салаларымен тікелей байланысты екендігіне көз жеткіземіз, ақыр аяғында прокуратура органдары құрылымының өзі де заңнамадағы әр қауіпсіздік түрлеріне сәйкес келеді (Сурет-1). Мысалы, әскери прокуратура арқылы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратуралары арқылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, қоғамдық мүддені қорғау қадағалау саласы арқылы саяси, экономикалық және ақпараттық қауіпсіздік және де қылмыстық қудалау арқылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізіледі. Бұдан басқа, жоғарыда прокуратура органдарының құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру ретінде көрсетілген үшінші міндетінен оның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі үйлестіру қызметі туындайды.

Алайда, заң шығарушы тарапынан прокуратура органдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне енгізілмей, үйлестіру функциясы да еленбей, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі орны жеткілікті дәрежеде анықталмаған деп санаймыз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді үйлестіретін конституциялық орган ретінде Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі құрылған.

Дегенмен, прокуратураның жекелеген функцияларын ұлттық қауіпсіздік саласында заңнамада бекіту қажеттілігі туындайды.

Қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың құқықтық сауаттылығының артуы, барлық тұлғалардың заңды сақтауға дайындығы мен оны өзгермейтін қағида ретінде ұстануы ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін маңызды [6].

Қорытындылай келе, прокуратура органдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде айтарлықтай рольге ие және мемлекет алдында тұрған көптеген мәселелерді құқықтық құралдар арқылы шешу, ұлттық мүддені қорғау саласында үлкен әсер етеді. Сонымен бірге прокуратураның әлеуетін толық қолдану үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі оның ролін, қызмет нысандары мен әдістерін жүйелі заңнамалық реттеу керек деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.

2 Жүрсімбаев С.К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары // Оқулық. Алматы. 2010 ж. 131 – 132 б.

3 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.Қ., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау // Оқулық. Астана. 2005 ж. 55 б.

4 «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ.

5 Жемпейісов Н.Ш. Қазақстан Республикасының «ұлттық қауіпсіздік» ұғымын анықтау туралы мәселесіне қатысты // Құқық қорғау органдары жаршысы №2 (12). 2019 ж. 20-21 б.

6 Гальченко А.И. Роль прокуратуры по обеспечению национальной безопасности // Журнал «Законность» №12. М.- желтоқсан 2015 ж. 15 б.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

NATURAL SCIENCE

SRSTI 29.05.41

CORRESPONDENCE OF THE EREZ-ROSEN AND THE HARTLE-THORNE METRICS

G. Nurbakyt
IETP, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

In this work we investigate the correspondence between the Erez-Rosen and Hartle-Thorne solutions. Instead the Hartle-Thorne metricis the approximate solution that depicts exterior and interior gravitational fields ofastrophysical objects in the case of slow rotation and small deformation. Here we consider only the exterior solution. To find the relationship between the two metrics both of them must describe the gravitational field of non-rotating bodies and must have the same approximation.

To this end, the Zipoy-Voorhees transformation has been applied to the exact Erez-Rosen metric in order to obtain the generalized solution in terms of the Zipoy-Voorhees parameterδ

After applying the coordinate transformations to the approximate generalized Erez-Rosen metric and retaining only linear terms in the quadrupole parameter, one can compare it with the exterior static Hartle-Thorne metric, when the angular momentum is neglected. We substitute these functions into the mixed component of the metric tensor $g_{R\Theta}$ and equate it to zero as it must vanish in both metrics. Furthermore, we showed that the Zipoy-Voorhees parameter is equal to $\delta = 1 - q$ which is in agreement with the previous results in the literature.

Keywords: exact and approximate solutions of Einstein's field equations, the Erez-Rosen metric, the Hartle-Thorne metric, coordinate transformations, quadrupole parameter, the Zipoy-Voorhees transformation, the Zipoy-Voorhees parameter, the Geroch-Hansen multipole moments, and the perturbation method.

I. The Erez-Rosen metric.

The Erez-Rosen metricis the exact exterior solution with mass and quadrupole parameters, that describes the gravitational fields of static deformed objects in the strong field regime [6]. It belongs to the Weyl class of static axisymmetric vacuum solutions in prolate spheroidal coordinates (t, x, y, ϕ), with $x \geq 1$ and $-1 \leq y \leq 1$:

$$ds^2 = e^{2\psi} dt^2 - m^2 e^{-2\psi} \left[e^{2\gamma} \left(x^2 - y^2\right) \left(\frac{dx^2}{x^2 - 1} + \frac{dy^2}{1 - y^2} \right) + \left(x^2 - 1\right)\left(1 - y^2\right) d\phi^2 \right], \quad (1)$$

Where the metric functions ψ and γ depend on the spatial coordinates x and y, only, and m represents the mass parameter. The corresponding vacuum field equations $R_0^0 = 0,\quad R_3^3 - R_2^2 = 0$ and R_2^3 can be written as

$$[(x^2 - 1)\psi_x]_x + [(1 - y^2)\psi_y]_y = 0, \quad \psi_x = \frac{\partial \psi}{\partial x}, \quad \psi_y = \frac{\partial \psi}{\partial y}, \quad (2)$$

$$\gamma_x = \frac{1 - y^2}{x^2 - y^2} \left[x(x^2 - 1)\psi_x^2 - x(1 - y^2)\psi_y^2 - 2y(x^2 - 1)\psi_x \psi_y \right], \quad (3)$$

$$\gamma_y = \frac{1 - y^2}{x^2 - y^2} \left[y(x^2 - 1)\psi_x^2 - y(1 - y^2)\psi_y^2 + 2x(1 - y^2)\psi_x \psi_y \right], \quad (4)$$

The solution found by Erez and Rosen has the following form [7].

$$\psi=\frac{1}{2}\ln\left(\frac{x-1}{x+1}\right)+\frac{1}{2}q(3y^2-1)\left[\frac{1}{4}(3x^2-1)\ln\left(\frac{x-1}{x+1}\right)+\frac{3}{2}x\right], \quad (5)$$

and

$$\gamma=\frac{1}{2}(1+q)^2\ln\left(\frac{x^2-1}{x^2-y^2}\right)-\frac{3}{2}q(1-y^2)\left[x\frac{1}{2}\ln\left(\frac{x-1}{x+1}\right)+2\right]$$
$$+\frac{9}{16}q^2(1-y^2)\left[x^2+4y^2-9x^2y^2-\frac{4}{3}+x\left(x^2+7y^2-9x^2y^2-\frac{5}{3}\right)\ln\left(\frac{x-1}{x+1}\right)\right.$$
$$\left.+\frac{1}{4}(x^2-1)(x^2+y^2-9x^2y^2-1)\ln^2\left(\frac{x-1}{x+1}\right)\right]. \quad (6)$$

.

However, nowadays, it is considered to be one particulartypeof a more general class of solutions Eq. (2-4).

II. The Zipoy-Voorhees transformation.

Zipoy [8] and Voorhees [9] investigated static, axisymmetric vacuum solutions of the Einstein field equations and discovered a simple transformation which allows to generate new solutions from a known seed solution. To demonstrate the idea of the transformation, one can use the vacuum field equations (2-4). In this case, if ψ_0 and γ_0 represent an exact static solution of the field equations (2-4), then the functions $\delta\psi_0$ and $\delta^2\gamma_0$, with $\delta=const$ are also solutions to the same field equations. This property was first discovered by Zipoy [8] and Voorhees [9]. This transformation is applied to static metrics to generate new solutions. A straightforward example can be shown by the following transformation

$$\psi=\frac{\delta}{2}\ln\left(\frac{x-1}{x+1}\right) \quad \gamma=\frac{\delta^2}{2}\ln\left(\frac{x^2-1}{x^2-y^2}\right) \quad (7)$$

which represents the simplest generalization of the Schwarzschild metric, when $\delta=1$. The parameter δ is simply called the Zipoy-Voorhees parameter. It can be chosen as $\delta=1+sq$ in order to produce more solutions or to change the class of the solution, where s is a real number.

III. The Geroch-Hansen multipole moments.

The explicit calculation of relativistic moments, by using the original method of Geroch [10] and Hansen [11], is quite cumbersome. Hoenselaers discovered a relation between the Ernst potential of a given metric and its multipole moments[12, 13, 15]. Here we present this relation which can be very useful for the calculation of multipole moments of higher order. For generality, we show an example for stationary axisymmetric vacuum solutions. The Ernst potentials E and ξ are defined in terms of the metric functions by

$$E=f+i\Omega, \quad \xi=\frac{1-E}{1+E} \quad (8)$$

For static metrics $f=\exp(2\psi)$ and $\Omega=0$. Let us consider $\xi=\xi(x,y)$ at the symmetry axis $y=1$ [13].

Using the above technique one can easily calculate the Geroch-Hansen multiple for any static space-time. Here we calculated them for the generalized Erez-Rosen solution with the Zipoy-Voorhees parameter δ, We obtain [14].

$$M_{2k+1} = 0, \quad k = 0, 1, 2, ..., \qquad (9)$$

$$M_0 = m\delta, \; M_2 = \frac{1}{15} m^3 \delta \left(5 + 2q - 5\delta^2\right), ... \qquad (10)$$

Furthermore, if we assume that $\delta = 1 + sq$, then

$$M_0 = m(1+sq), \quad M_2 = \frac{1}{15} m^3 q \left(1+sq\right)\left(2 - 10s - 5s^2 q\right), ... \qquad (11)$$

For vanishing $s = 0$ or equivalently $\delta = 1$ we obtain multipole moment for the original Erez-Rosen solution. If we retain only linear terms in the quadrupole parameter q then (18) becomes

$$M_0 = m(1+sq), \quad M_2 = \frac{2}{15} m^3 q \left(1 - 5s\right) ... \qquad (12)$$

IV. The exterior Hartle-Thorne solution.

The constant density surfaces of slowly rotating stars have the geometries of spheroids. In particular, the measurements of the quadrupolar deformation of the stars can be performed via their eccentricities. The metric that describes the geometry of the exterior field of slowly rotating and slightly deformed bodies is the Hartle-Thorne solution. The general form of the exterior approximate HT metric [4, 5]in spherical (t, R, Θ, ϕ) coordinates is given by:

$$ds^2 = -\left(1 - \frac{2M}{R}\right)\left[1 + 2k_1 P_2\left(\cos\Theta\right) - 2\left(1 - \frac{2M}{R}\right)^{-1} \frac{J^2}{R^4}\left(2\cos^2\Theta - 1\right)\right]dt^2$$

$$+\left(1 - \frac{2M}{R}\right)^{-1}\left[1 - 2\left(k_1 - \frac{6J^2}{R^4}\right)P_2\left(\cos\Theta\right) - 2\left(1 - \frac{2M}{R}\right)^{-1}\frac{J^2}{R^4}\right]dR^2$$

$$+R^2\left[1 - 2k_2 P_2\left(\cos\Theta\right)\right]\left(d\Theta^2 + \sin^2\Theta d\phi^2\right) - \frac{4J}{R}\sin^2\Theta dt d\phi, \qquad (13)$$

the expressions for functions k_1 and k_2 are the associated Legendre functions of the second kind. Bing $P_2\left(\cos\Theta\right) = \left(1/2\right)\left(3\cos^2\Theta - 1\right)$ the Legendre polynomial, and $x = R/M - 1$. This from of the metric is known in the literature as the Hartle-Thorne metric. The constants $M,\;\; J$ and Q are the total mass, angular momentum and mass quadrupole moment of the rotating object, respectively. To obtain the axact numerical values of $M,\;\; J$ and Q , the exterior and interior line elements have to be matches at the surface of the star [5,19,17].

For the vanishing angular momentum the HT solution reduces to

$$ds^2 = -\left(1 - \frac{2M}{R}\right)\left[1 + 2k_1 P_2\left(\cos\Theta\right)\right]dt^2 + \left(1 - \frac{2M}{R}\right)^{-1}\left[1 - 2k_1 P_2\left(\cos\Theta\right)\right]dR^2$$
$$+R^2\left[1 - 2k_2 P_2\left(\cos\Theta\right)\right]\left(d\Theta^2 + \sin^2\Theta d\phi^2\right), \qquad (14)$$

To find the relationship with the ER solution Eq. (13) will be exploited.

The Geroch-Hansen multipole moments for the HT metric

$$M_0 = M, \; M_2 = -Q, ... \qquad (15)$$

where Q has positive sign for oblate objects and negative for prolate objects, according to Hartle's definition.

V. Coordinate transformations.

To obtain the correspondence between the two axially symmetric solutions $ER(t,r,\theta,\phi)\Rightarrow HT(t,R,\Theta,\phi)$, they must be written in the same coordinates and their form is sought in the following way:

$$r\to R+qf_1(R,\Theta),\quad \theta\to\Theta+qf_2(R,\Theta). \quad (16)$$

Here $f_1(R,\Theta)$ and $f_2(R,\Theta)$ are the sought functions.
Respectively, their total differentials are given by:

$$dr=\frac{\partial r}{\partial R}dR+\frac{\partial r}{\partial\Theta}d\Theta=\left(1+q\frac{\partial f_1(R,\Theta)}{\partial R}\right)dR+q\left(\frac{\partial f_1(R,\Theta)}{\partial\Theta}\right)d\Theta \quad (17)$$

$$d\theta=\frac{\partial\theta}{\partial R}dR+\frac{\partial\theta}{\partial\Theta}d\Theta=q\left(\frac{\partial f_2(R,\Theta)}{\partial R}\right)dR+\left(1+q\frac{\partial f_2(R,\Theta)}{\partial\Theta}\right)d\Theta. \quad (18)$$

These expressions should be replaced in Eq. (13) taking into account (12), i.e.,

$$m=M(1-sq),\quad q=-\frac{15}{2(1-5s)}\frac{Q}{M^3} \quad (19)$$

must be substituted inthe linearized Erez-Rosen solution. Next only linear terms in the quadrupolemoment Q must be retained.

Written in the same coordinates, comparing only the temporal components of the metric tensor g_{tt} of the ER and HT solutions we find the value of the sought function $f_1(R,\Theta)$ as

$$f_1(R,\Theta)=f_{10}(R,\Theta)+(1+s)\left[f_{11}(R)+f_{12}(R,\Theta)\right], \quad (20)$$

Analogously, by comparing only the azimuthal components of the metric tensor $g_{\phi\phi}$ of the ER and HT solutions we find the value of the sought function $f_2(R,\Theta)$ as

$$f_2(R,\Theta)=f_{20}(R,\Theta)+(1+s)\tan\Theta\left[f_{21}(R)+f_{22}(R,\Theta)\right], \quad (21)$$

We need to find the exact value of s. To this this, we equate the mixed component of the metric tensor $g_{R\Theta}$ in the ER metric, written in (R,Θ) coordinates, to zero as it is absent in the HT solution, this gives the following condition

$$\left(1-\frac{2M}{R}\right)^{-1}\frac{\partial f_1(R,\Theta)}{\partial\Theta}+R^2\frac{\partial f_2(R,\Theta)}{\partial R}=0 \quad (22)$$

As a result, we find from this condition that $s=-1$. Correspondingly, the multipole moment we will be

$$M=m(1-q),\quad -Q=\frac{4}{5}m^3q,... \quad (23)$$

and the coordinate transformations will have the following form

$$r \to R + q\left\{M + \frac{3}{2}M\sin^2\Theta\left[\frac{R}{M} - 1 + \frac{R}{M}\left(\frac{R}{2M} - 1\right)\ln\left(1 - \frac{2M}{R}\right)\right]\right\} \qquad (24)$$

$$\theta \to \Theta - \frac{3}{2}q\cos\Theta\sin\Theta\left[2 + \left(\frac{R}{M} - 1\right)\ln\left(1 - \frac{2M}{R}\right)\right]. \qquad (25)$$

VI. Conclusion.

In this work, we investigated the solutions of Einstein field equations: the exterior exact Erez-Rosen metric, which describes the gravitational field of non-rotating mass and the exterior approximate Hartle-Thorne metric, which describes the gravitational field of slowly rotating slightly deformed mass, and found the relationship between them in the absence of rotationwith the help of the perturbation method.

We showed that the Erez-Rosen line element coincides to the Hartle-Thorne solution when it is expressed in terms of the Zipoy-Voorhees parameter. Accordingly, the mass monopole and quadrupole moments have been calculated in an invariant way proposed by Geroch-Hansen definition.

Without using the brute force or trial-error method we found $s = -1$ in a successive mathematical rigorfrom the metric functions.

In view of our recent results [17, 20] it would be interesting to establish the relationship between the Erez-Rosen and q-metrics.

References

1 H. Stephani, D. Kramer, M., A.H. MacCallum, C. Hoenselaers, and E. Herlt, “Exact solutions of Einstein’s field equations” 2003 Cambridge monographs on mathematical physics. Cambridge, UK: Cambridge University Press, 2003esef.book.....S

2 K. Boshkayev, H. Quevedo, R. Ruffini, “Gravitational field of compact objects in general relativity” 2012, Physical Review D, vol. 86, Issue 6, id. 064043, 10.1103/PhysRevD.86.064043

3 G. Erez, N. Rosen.. Res. Counc. Israel, 1959, 8F, 47.

4 J.B. Hartle, “Slowly Rotating Relativistic Stars. I. Equations of Structure” The Astrophysical Journal, 1967, 150, 1005., 10.1086/149400

5 J.B. Hartle, K.S. Thorne, “Slowly Rotating Relativistic Stars. II. Models for Neutron Stars and Supermassive Stars” The Astrophysical Journal, 1968, vol. 153, p.807., 10.1086/149707

6 H. Quevedo, S. Toktarbay, Y. Aimuratov, “Quadrupolar gravitational fields described by the $q-$metric” Version published in International Journal of Mathematics and Physics 3 (2012) 133 2013arXiv1310.5339Q

7 H. Quevedo, “Multipolar Solutions”, in Proceedings of the XIV Brazilian School of Cosmology and Gravitation, 2012, 2012arXiv1201.1608Q

8 D. M. Zipoy, “Topology of Some Spheroidal Metrics” J. Math. Phys.1966, Volume 7, Issue 6, p.1137-1143. 10.1063/1.1705005

9 B. Voorhees, “Static Axially Symmetric Gravitational Fields”Phys. Rev. D, 1970, vol. 2, Issue 10, pp. 2119-2122, 10.1103/PhysRevD.2.2119

10 R.P. Geroch, “Multipole Moments. II. Curved Space” Math. Phys., 1970, Volume 11, Issue 8, p.2580-2588, 10.1063/1.1665427

11 Hansen R.O., “Multipole moments of stationary space-times” Math. Phys.,1974, Volume 15, Issue 1, p.46-52, 10.1063/1.1666501

12 H. Quevedo, “General static axisymmetric solution of Einstein’s vacuum field equations in prolate spheroidal coordinates” Physical Review D, 1989, Volume 39, Issue 10, 15 May 1989, pp.2904-2911, 10.1103/PhysRevD.39.2904

13 H. Quevedo, “Multipole Moments in General Relativity —Static and Stationary Vacuum Solutions” 1990, Fortschritte der Physik/Progress of Physics, vol. 38, issue 10, pp. 733-840, 10.1002/prop.2190381002

14 H. Quevedo,B. Mashhoon, "Exterior gravitational field of a charged rotating mass with arbitrary quadrupole moment" 1990, Phys. Lett. A, Volume 148, Issue 3-4, p. 149-153. 10.1016/0375-9601(90)90770-O

15 F. J. Ernst, "New Formulation of the Axially Symmetric Gravitational Field Problem"Phys. Rev.,1968, vol. 167, Issue 5, pp. 1175-1177, 10.1103/PhysRev.167.1175

16 D.Bini, K. Boshkayev,R. Ruffini, I.Siutsou, "Equatorial Circular Geodesics in the Hartle-Thorne Spacetime" Il Nuovo Cimento vol. 36 C, N. 1 Suppl. 1,2013; doi: 10.1393/ncc/i2013-11483-8

17 K. Boshkayev, H. Quevedo, M. Abutalip, Zh. Kalymova, Sh. Suleymanova, "Geodesics in the field of a rotating deformed gravitational source" International Journal of Modern Physics A, 2016, Volume 31, Issue 2n03, id. 1641006, 10.1142/S0217751X16410062

18 D.Bini, A.Geralico, O.Luongo, H.Quevedo, "Generalized Kerr spacetime with an arbitrary mass quadrupole moment: geometric properties versus particle motion" Classical and Quantum Gravity, 2009 Volume 26, Issue 22, id. 225006, 10.1088/0264-9381/26/22/225006

19 N.Stergioulas, "Rotating Stars in Relativity" Living Rev. Relativity, 2003, Volume 6, Issue 1, article id. 3, 109 pp. 10.12942/lrr-2003-3

20 K. Boshkayev, E. Gasperin, A. C. Gutierrez-Pineres, H. Quevedo, S. Toktarbay, "Motion of test particles in the field of a naked singularity". Physical Review D, 2016, Volume 93, Issue 2.

SRSTI 27.35.33

MILLENNIUM PROBLEM OF MASS GAP FOR MONOPOLE CREATED BY SEA QUARKS

V.Dzh. Dzhunushaliev, A.A. Serikbolova
PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

It is known that in the non-Abelian Proca theory interacting with a scalar Higgs field and nonlinear spinor fields there exists the mass gap. In this article, it was shown that particle-like solutions can exist without a Higgs field not in the non-Abelian Proca theory, but in the theory of Yang-Mills. This will be of particular interest if it turns out that the energy spectrum of such particle-like objects will have the mass gap. Monopole solutions in SU (2) Yang-Mills theory, which includes spinor fields described by nonlinear Dirac equation were considered. In this work we consider the interpretation of these solutions as a system of monopoles created by "sea" quarks. It is demonstrated that the energy spectrum of this system has the mass gap, the appearance of which is due exclusively to the nonlinearity of the Dirac spinor fields.

Keywords: non-Abelian SU (2) Yang-Mills theory, nonlinear Dirac equation, scalar Higgs field, monopole, energy spectrum, mass gap.

Introduction

In modern physics, the problem of the existence of a mass gap is one of the seven so-called "Millennium Problems". To solve this problem, it is necessary that for any compact gauge group G, there exists a Yang – Mills theory in R^4 (Euclidean 4-dimensional space) with the mass gap [1]. It is well known that Yang-Mills theory is a non-Abelian gauge field theory. The millennium problem also requires that the proposed Yang-Mills theory satisfied to Wightman's axioms [1].

In quantum field theory, the mass gap is the energy difference between the vacuum and the next lowest energy state. The vacuum energy is equal to zero and assuming that all energy states can be considered as particles in plane waves, the mass gap is the mass of the lightest particle. If the mass gap exists, then any state except vacuum has an energy exceeding the vacuum energy by some fixed value. In other words, there is a nonzero lower limit for the masses of particles, which is called mass gap.

Both experiments and computer simulation of equations confirm the existence of the mass gap. However, we cannot assume that the model corresponds to reality, and then use the experimental data to verify the mathematical properties of the model. Here is theoretical proof is needed. The quantum analogue is complicated by the problem of renormalization.

Thus, in quantum chromodynamics, the problem of mass gap is one of the central problems in the theory of strong interactions. This is due to the fact that this problem can only be solved using nonperturbative quantization methods applied to the SU (3) Yang – Mills theory.

In the non-Abelian Proca theory, which interacts with a scalar Higgs field and nonlinear spinor fields, there is the mass gap [2-3]. It was found this is due to the nonlinear Dirac equation [4]. An analysis of the corresponding equations shows that without the Higgs field the investigated particle-like solutions do not exist.

Next analysis in this direction shows that particle-like solutions can exist without the Higgs field not in the non-Abelian Proca theory, but in the theory of Yang-Mills. This will be of particular interest if it turns out that the energy spectrum of such particle – like objects will have the mass gap.

In this work, we demonstrate that in SU (2) the Yang – Mills theory interacting with the spinor field described by the nonlinear Dirac equation has a mass gap. We are looking for monopole solutions, whose magnetic field source is the density of the color charge created by the spinor field. In [4], it was suggested that the nonlinear Dirac equation approximately describes "sea" quarks interacting with "sea" gluons.

Lagrangian for Yang-Mills fields interacting with Dirac field

For a system consisting of non-Abelian SU (2) fields A^a_μ, interacting with a nonlinear spinor field ψ, lagrangian can be written in the form:

$$L = -\frac{1}{4} F^a_{\mu\nu} F^{a\mu\nu} + i\hbar c \bar{\psi} \gamma^\mu D_\mu \psi - m_f c^2 \bar{\psi}\psi + \frac{\Lambda}{2} g\hbar c (\bar{\psi}\psi)^2, \quad (1)$$

where m_f - spinor field mass; $D_\mu = \partial_\mu - i\frac{g}{2}\sigma^a A^a_\mu$ - covariant derivative of the spinor field ψ; g - is the coupling constant; σ^a -the SU (2) generators, which are Pauli matrices; $F^a_{\mu\nu} = \partial_\mu A^a_\nu - \partial_\nu A^a_\mu + g\varepsilon_{abc} A^b_\mu A^c_\nu$ – field strength tensor of SU (2); ε_{abc} - antisymmetric Levi-Civita symbol, which is the structural constants of the SU (2) group; Λ – constant ; γ^μ – Dirac matrices in standard representation; $a,b,c = 1,2,3$ – color indices; $\mu,\nu = 0,1,2,3$ – spacetime indices.

Varying across fields A^a_μ and ψ, can get the corresponding equations, which are as follows:

$$D_\nu F^{a\mu\nu} = \frac{g\hbar c}{2} \bar{\psi} \gamma^\mu \sigma^a \psi, \quad (2)$$

$$i\hbar \gamma^\mu D_\mu \psi - m_f c \psi + \Lambda g\hbar \left(\bar{\psi}\psi\right) = 0. \quad (3)$$

Thus, this system has static regular solutions if we take into account nonlinear part of the Dirac equation. To obtain particle-like solutions, we will consider equations (2) and (3) as a nonlinear eigenvalue problem for the parameters f_2 and u_1.

Ansatz and equations

Ansatz, i.e. the form of the potential A^a_μ of the Yang-Mills field and the spinor ψ will be written in the following form[5-7]:

$$A^a_i = \frac{1}{g}\left[1 - f(r)\right] \begin{pmatrix} 0 & \sin\varphi & \sin\theta\cos\theta\cos\varphi \\ 0 & -\cos\varphi & \sin\theta\cos\theta\sin\varphi \\ 0 & 0 & -\sin^2\theta \end{pmatrix}, i = r,\theta,\varphi \text{ (in polar coordinates)}, \quad (4)$$

$$A^a_t = 0, \quad (5)$$

$$\psi^T = \frac{e^{\frac{-iEt}{\hbar}}}{gr\sqrt{2}} \left\{ \begin{pmatrix} 0 \\ -u \end{pmatrix}, \begin{pmatrix} u \\ 0 \end{pmatrix}, \begin{pmatrix} i\upsilon\sin\theta e^{-i\varphi} \\ -i\upsilon\cos\theta \end{pmatrix}, \begin{pmatrix} -i\upsilon\cos\theta \\ -i\upsilon\sin\theta e^{-i\varphi} \end{pmatrix} \right\}, \quad (6)$$

where $\frac{E}{\hbar}$ – the spinor frequency, the functions u and υ depend only on the radial coordinate r. In formula (6), each line describes a fermion with spin 1/2, and these two fermions have the same mass m_f and opposite spins located at one point. The equations for the unknown functions f, u and υ are obtained by substituting expressions (4) – (6) into the field equations (2) and (3) which have the form:

$$-f'' + \frac{f\left(f^2-1\right)}{x^2} + \tilde{g}^2 \frac{\tilde{u}\tilde{\upsilon}}{x} = 0, \quad (7)$$

$$\tilde{\upsilon}' + \frac{f\tilde{\upsilon}}{x} = \tilde{u}\left(-\tilde{m}_f + \tilde{E} + \tilde{\Lambda}\frac{\tilde{u}^2 - \tilde{\upsilon}^2}{x^2}\right), \quad (8)$$

$$\tilde{u}' - \frac{f\tilde{u}}{x} = \tilde{\upsilon}\left(-\tilde{m}_f - \tilde{E} + \tilde{\Lambda}\frac{\tilde{u}^2 - \tilde{\upsilon}^2}{x^2}\right), \quad (9)$$

here, for the convenience of numerical calculations, we have introduced the following dimensionless variables: $x = \frac{r}{r_0}$, where r_0 -a constant corresponding to the characteristic size of the system in question;

$$\tilde{u} = \frac{\sqrt{r_0}u}{g}; \tilde{\upsilon} = \frac{\sqrt{r_0}\upsilon}{g}; \tilde{m}_f = \frac{m_f r_0 c}{\hbar}; \tilde{E} = \frac{E r_0}{\hbar c}; \tilde{\Lambda} = \frac{g_0}{r^2}\Lambda; \tilde{g}^2 = g^2\hbar c; r_0 = \frac{\hbar}{m_f A}.$$

The total energy density of the monopole + spinor field system has the form:

$$\tilde{\epsilon} = \tilde{\epsilon}_m + \tilde{\epsilon}_s = \frac{1}{\tilde{g}^2}\left[\frac{f'^2}{x^2} + \frac{\left(f^2-1\right)^2}{2x^4}\right] + \left[\tilde{E}\frac{\tilde{u}^2+\tilde{\upsilon}^2}{x^2} + \frac{\tilde{\Lambda}}{2}\frac{\left(\tilde{u}^2-\tilde{\upsilon}^2\right)^2}{x^4}\right] \quad (10)$$

where the expressions in square brackets correspond to the dimensionless energy densities of the monopole $\tilde{\epsilon}_m = \left(\frac{r_0^4}{\hbar c}\right)\epsilon_m$ and spinor field $\tilde{\epsilon}_s = \left(\frac{r_0^4}{\hbar c}\right)\epsilon_s$.

Monopole + spinor solutions

Due to the presence of terms containing x in the denominators, to perform numerical calculations we introduce boundary conditions near the origin $x = 0$, where solutions are sought in the form of a Taylor series:

$$f = 1 + \frac{f_2}{2}x^2 + \ldots, \tilde{u} = \tilde{u}_1 x + \frac{\tilde{u}_3}{3!}x^3 + \ldots, \tilde{\upsilon} = \frac{\tilde{\upsilon}_2}{2!}x^2 + \frac{\tilde{\upsilon}_4}{4!}x^4 + \ldots, \quad (11)$$

where $\tilde{\upsilon}_2 = 2\tilde{u}_1\left(\tilde{E} - \tilde{m}_f + \tilde{\Lambda}\tilde{u}_1^2\right)/3$ and the expansion coefficients f_2 and $\tilde{u}_1$ are free parameters whose values cannot be found using equations (7)-(9).

Equations (7) – (9) are solved numerically in the form of a nonlinear problem on the eigenvalues f_2 and $\tilde{u}_1$ and the eigenfunctions $f, \tilde{u}, \tilde{\upsilon}$, the typical behavior of which is shown in Figure 1. The corresponding calculated values of these parameters are shown in Table 1. Asymptotically (at $x \to \infty$), the behavior of the solutions has the form:

$$f(x) \approx 1 - \frac{f_\infty}{x}, \tilde{u}(x) \approx \tilde{u}_\infty e^{-x\sqrt{\tilde{m}_f^{\,2} - \tilde{E}^2}}, \tilde{\upsilon}(x) \approx \tilde{\upsilon}_\infty e^{-x\sqrt{\tilde{m}_f^{\,2} - \tilde{E}^2}}, \quad (12)$$

where $f_\infty, \tilde{u}_\infty, \tilde{\upsilon}_\infty$ -integration constants.



Figure 1- *Functions* $\frac{\tilde{u}(x)}{x}$, $\frac{\tilde{\upsilon}\ x}{x}$ *and* $f(x)$ *for different parameter values* $\tilde{E}$ *where* $\tilde{\Lambda} = 8, \tilde{m}_f = 1, \tilde{g} = 1$

$\tilde{E}$	0.555	0.655	0.755	0.855	0.955	0.966	0.977	0.988
f_2	-0.21167	-0.1438	-0.092587	-0.0519	-0.016338	-0.012473	-0.0085451	-0.0046615
$\tilde{u}_1$	0.510757372	0.497238675	0.47145607	0.4184815	0.2834	0.25342	0.2151	0.163
$\tilde{W}_t$	15.6339	11.7187	6.4621	6.4621	5.8124	6.5242	6.5242	7.3827

Tabel 1. *Eigenvalues* $\tilde{u}_1$ *and* f_2 *and the total energy* $\tilde{W}_t$ *for different values of the parameter* $\tilde{E}$

Energy spectrum

Total energy of the system can be taken in the form:

$$\tilde{W}_t = \frac{W_t}{\hbar c / r_0} = 4\pi \int_0^\infty x^2 \tilde{\epsilon}\, dx = \left(\tilde{W}_t\right)_m + \left(\tilde{W}_t\right)_s, \quad (13)$$

where $\tilde{\epsilon}$ -energy density. This formula shows that the total energy is the sum of the energies of the monopole $\left(\tilde{W}_t\right)_m$ and spinor fields $\left(\tilde{W}_t\right)_s$. In the Figure 2 illustrated energy density. In the Figure 3 illustrated the total energy spectrum minimum of which corresponds to the mass gap.



Figure 2. Energy density spectrum from equation (10) as a function of the parameter $\tilde{E}$



Figure 3. The total energy spectrum from equation (13) as a function of the parameter $\tilde{E}$

Conclusion

Within the framework of SU (2) Yang-Mills theory, we studied a system consisting of a monopole and a doublet of nonlinear spinor fields, the inclusion of which allows approximately describe "sea" quarks. Regular solutions with finite energy which describe a self-consistent system of monopole + "sea" quark have been found. Minimum of the total energy spectrum corresponds to the mass gap.

References

1 Иэн Стюарт, "Величайшие математические задачи", Joat Enterprises, (2013).

2 J. Greensite, "An introduction to the confinement problem," Lect. Notes Phys. 821, 1 (2011).

3 N. Brambilla et al., "QCD and Strongly Coupled Gauge Theories: Challenges and Perspectives," Eur. Phys. J. C 74, 2981 (2014).

4 V. Dzhunushaliev, V. Folomeev, and A. Makhmudov, "Non-Abelian Proca-Dirac-Higgs theory: Particlelike solutions and their energy spectrum," Phys. Rev. D 99, 076009 (2019).

5 X. Li, K. Wang, and J. Zhang, "Light Spinor Monopole," Nuovo Cim. A 75, 87 (1983).

6 K.L. Wang and J.Z. Zhang, "The Problem Of Existence For The Fermion – Dyon Selfconsistent Coupling System In A Su(2) Gauge Model," Nuovo Cim. A 86, 32 (1985).

7 S.K. Wong, "Field and particle equations for the classical Yang-Mills field and particles with isotopic spin," Nuovo Cim. A 65, 689 (1970).

ҒТАМР 31.25.15

AgCL / Ag_3PO_4 НАНОКОМПОЗИТТЕРІН СИНТЕЗДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФОТОКАТАЛИТИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

С.Б. Түгелбай

PhD докторант, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

AgCl / Ag_3PO_4 нанокомпозиттері механохимиялық әдіспен алынды және механохимиялық активтендірудің оңтайлы жағдайы анықталды. Алынған нанокомпозиттің сипаттамалары, SEM, SF-56, РФА әдісі арқылы зерттелді. Олардың фотокаталитикалық белсенділігін ультракүлгін жарықта метилен көгіне сәйкес бағалады.

Түйін сөздер: күміс галогенидтері, күміс хлориді, Механохимия, механикалық активтендіру, нанобөлшектер, нанокомпозиттер, фотокаталитикалық белсенділік.

Соңғы онжылдықта күміс галогенидтері негізіндегі нанокомпозиттер өнеркәсіптің көптеген салаларында, соның ішінде химиялық технологияда, медицинада және электроникада кеңінен қолданылады. Күміс галогенидтерінің нанобөлшектерін синтездеудің жаңа әдістерін анықтау және оларды өндірудің өсуі өзекті мәселе болып табылады. Осы жұмыста біз механикалық белсендіру арқылы AgCl / Ag_3PO_4 нанокомпозит синтезінің жаңа әдісін ұсынамыз. Әдіс натрий хлоридінің, фосфаттың және күміс нитратының қатты фазасында қолданылады. Сонымен қатар жұмыс реагенттер мен күміс хлоридінің фотосезімталдығы арасындағы ион алмасуының қарапайым реакциясына негізделген. Күміс хлориді ультракүлгін сәулелермен оңай ыдырайды (382 нм - 241 нм).

Жұмыстың мақсаты: механохимиялық активтендіру және олардың фотокаталитикалық белсенділігін бағалау жолымен жоғары фотокаталитикалық белсенділігі бар AgCl / Ag_3PO_4 нанокомпозиттерін синтездеу. Күн сәулесінің әсерімен AgCl / Ag_3PO_4 фотокатализаторларының метилен көгін ыдырату белсенділігін бағалау (жарықтың қарқындылығы 15 мВт / см^2).

Механикалық синтездегенде нанобөлшектерді синтездеу үшін әрдайым агломерация процесі кедергі келтіреді. Агломерация нанобөлшектердің беттік энергиясын төмендетудің балама тәсілі болып табылады. Сондықтан нанобөлшектерді агломерациялауға кедергі келтіретін жағдайларда синтездеу өте маңызды. Бұл жұмыс осы проблеманың шешімін тапты. Агломерация процесін болдырмау үшін сұйылтқыш қосылды.

AgCl / Ag_3PO_4 нанокомпозиттерін синтездеу үшін механохимиялық активтендіру процесінде «Активатор-2SL» планетарлық шар диірмені және фотокаталитикалық белсенділікті тексеру үшін SF – 56 (спектрофотометр) құралы қолданылды. Синтезделген нанокомпозиттердің фазалық құрамы мен морфологиясын анықтау үшін келесі физика-химиялық әдістер қолданылды: рентгенофазалық талдау (XRF), дифференциалды сканерлейтін калориметрия (DSC) мен сканерлеуші электрондық микроскопия (SEM).

AgCl / Ag_3PO_4 фотокатализаторларының қатынастары келесідей реттікпен алынды: 1) 1:0 2) 0.75:0.25 3) 0.5:0.5 4) 0.25:0.75 5) 0:1. Төменде келтірілген жүйелердің механохимиялық активтілігі Мак-Кормика әдісімен орындалады. AgCl / Ag_3PO_4 нанокомпозиттерінің механохимиялық синтезі реакцияларының теңдеулері:

1) $AgNO_3 + 5\ NaNO_3 \rightarrow A$
2) $xNaCl + yNa_3PO_4 + 3NaNO_3 \rightarrow B$
3) A+B→C C – мақсатты өнім.

MA процесі келесі жағдайда орындалды: Айналу жылдамдығы = 3000 айн / мин, Шар-сынаманың қатынасы = 1: 20, Синтездің ұзақтығы = 10-20 мин.Ұнтақтағы мақсатсыз өнімнен арылу үшін реакция дистилденген сумен және этанолмен жуылды. Синтезделген нанобөлшектер фотокатализатор екеніне көз жеткізу үшін синтезделген нанобөлшектердің фотокаталитикалық қасиеттерін зерттеу өте маңызды. 0,1 г / л метилен көк ерітіндісі органикалық ластағыш ретінде алынды. 50 мл стаканға 40 мл метилен көгі ерітіндісі және 20 мг нанобөлшектерді салынған. Үдеріс магниттік араластырғышта араластыра отырып басталды. Нанобөлшектер ерітіндімен жақсы араласуы үшін 60 минут фольга қағазымен оралған күйде араласты. Үдеріс ультракүлгін сәулесі астында жүргізілді. Әрбір 15 минут сайын үлгі алынып отырды. Эксперимент органикалық бояғыштың түссізденуіне дейін жүргізілді. Егер (СЭМ) суретке егжей-тегжейлі назар аударса, олар қаншалықты жақсы және біркелкі синтезделгенін көруге болады.





Сурет-1. AgCl / Ag_3PO_4 нанобөлшектерінің сканерлеуші электрондық микроскоптағы суреті.

Бұл жұмыста ең соңғы кезең әрқайсысының фотокаталитикалық белсенділігін анықтау. Келесі кестеде фотокаталитикалық белсенділік өте белсенді екені анық көрінеді.Нанокомпозиттердің морфологиясын және құрамын білу үшін рентгенді фазалық талдауға мән беру керек.



Сурет-2. а) AgCl / Ag_3PO_4 нанобөлшектерінің Рентгендік фазалық анализдегі суреті; б) AgCl / Ag_3PO_4нанобөлшектерінің фотокаталитикалық активтілігі.

Фотокаталитикалық белсенді AgCl / Ag_3PO_4 фотокатализаторлары алғаш рет әр түрлі қатынаста механохимиялық әдіспен ситезделді. Барлық синтезделген фотокатализаторлар жоғарғы фотокаталитикалық белсенділік көрсетті. Синтезделген AgCl / Ag_3PO_4 нанобөлшектері наноұнтақтар өндірісі индустриясында, биомедицинада, жартылайөткізгіштерде, аэрозольдер ретінде жәнеде көптеген наноөндірістерде қолданыс табады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Michael C.,US patent Feb 14,2008 US 20080038630 A1 Application Mar 25, - 2005. –Vol 2. –P 2.
2 Akimov A.I. and Savchuk G.K., Inorg Mater, - 2005.-Vol 41. P 22
3 Tomoaki I., Wakana A., Japanese Patent May 19,2005 JP 2005129407 Application Oct 24,2003. -2003.-Vol 36.- P 48-86.
4 Louis C.N., Iyakutti K., Malarvizhi P., Phys J. Condens. Mater,- 2004. –Vol 16,P 15-77

ҒТАМР 31.25.15

ФУНКЦИОНАЛ ТОПТАРЫНЫҢ ИОНДАНУШЫ ҚАБІЛЕТІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНУШІ СУДА ЕРИТІН ПОЛИМЕРЛЕРДІҢ КЕЙБІР ҚАСИЕТТЕРІ

А. Асанов
Х.ғ.к., профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.
С.А. Мамешова
Докторант, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.
Ғ.Ә. Сатова
Магистрант, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

Өткізілген тәжірибеде функционал топтарының ионданушы қабілетімен, заряд белгісімен, мольдік арақатынасымен ерекшеленуші суда еритін полимерлер алынып, олардың ерітінділерінің кейбір қасиеттері оптикалық тығыздығының, меншікті, келтірілген тұтқырлықтары мен электрөткізгіштіктерінің, pH көрсеткіштерінің ерітінді концентрациясына байланысты өзгеретіндігі көрсетілді. Сонымен бір қатарда, зерттелген суда еритін полимерлердің топырақтың құрылымдық құрамына әсері концентрацияға, функционал топтарындағы айырмашылықтарына қарап айқындалды. Нәтижеде суда еритін полимерлердің топырақты құрылымдаушы қасиеті қосылған ерітінді конценрациясына байланысты өзгеретін суға төзімді түйіршіктелген мөлшеріне

белгілі дәрежеде әсер ететіндігін тәжірибе арқылы табылған сандық мәндері бойынша есептелген топырақты құрылымдаушы қабілетін, бірдей топырақты құрылымдаушы мөлшерін, сонымен бірге топырақты құрылымдаушы тиімділікке қарап бағалау тәсілдері анықталды.

Түйін сөздер: суда еритін полимер, функционалды топ, макромолекула, иондануш қабілет, құрылымдаушы қасиет.

Мемлекеттің саяси-экономикалық тұрақтылығына әсер етуші басты амалдардың бірі ғылыми-даму деңгейі болып табылады. Соның ішінде әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының теориялық-тәжірибелік жағынан нақтыланған нәтижелерін технологияға бейімдеп, өндірістің, шаруашылықтың, тұрмыстың, медицинаның түрлі салаларына енгізу бағытын айқындаудан туатын мәселелерді шешуді қамтамасыз етуге қаратылған ізденістер жүргізу. Мұндай түйінді мәселелерді шешуде жасыл химиялық әдіс-тәсілмен алынған [1, 2] суда еритін полимерлердің қасиеттерін анықтап, олардың айқындалған қабілеттерін дисперсті жүйелермен әрекеттесуге көрсететін әсерін ғылыми тәжірибелік тұрғыдан қамтамасыз ету керек екендігін қазіргі заманның талабы көрсетіп келеді. Соған байланысты бұл жұмыста жаратылыстану ғылымдарының бір саласы жоғары молекулалық қосылыстар химиясының қазіргі уақыттағы қарқынды дамушы бағыты болып есептелетін функционал топтарының иондануш қабілетімен ерекшеленуші суда еритін полимерлердің алыну жағдайы мен физикалық, коллоидтық-химиялық қасиеттері зерттелді. Мақсатты орындау үшін, сополимерлену реакциясына кірісу қабілеті әртүрлі болған құрамында белсенді гидрофильді топтары бар буындарды пайдаланып жасыл химиялық тәсілмен суда еритін полимер өнімі дайындалды. Таңдалған тәсілдер негізінде дисперсті жүйелермен әрекеттесуші қасиеті және шығымы жоғары болған суда еритін полимер өнімін алу үшін химиялық құрамы әртүрлі мольдік арақатынасындағы буындар әдебиеттен белгілі әдіспен [3] сополимерленді. Нәтижеде макромолекуласы тізбегінің бойында орналасқан буындардың түрлерімен, мольдік арақатынасымен, функционал топтарының иондануш қабілетімен ерекшеленуші 2-метил-5-винилпиридин гидрохлоридінің (2-М-5-ВП*НСІ) акрил қышқылымен (АҚ) (2-М-5-ВП*НСІ:АҚ) немесе акриламидпен (2-М-5-ВП*НСІ:АА) бірге-бір (1,0:1,0), және винилацетаттың (ВА) акриламидпен (АА) (ВА:АА) бірге төрт (1,0:4,0) мольдік арақатынасындағы сополимерлену өнімдері алынды. Суда еритін полимерлердің физикалық қасиеттерін айқындау үшін олардың оптикалық тығыздығы (D), меншікті, келтірілген электрөткізгіштігі (χ), меншікті, келтірілген тұтқырлығы (η), сондай-ақ рН көрсеткішінің ерітінді концентрациясына қарап өзгеруі анықталды. Өткізілген тәжірибе нәтижелері суда еритін полимерлердің анықталған қасиеттері олардың макромолекуласы құрамына енуші буындардың функционал топтарының табиғатына, мольдік арақатынасына, алыну тәсіліне байланысты болатындығын көрсетті (Сурет-1-3). Келтірілген нәтижелерді сарапта-ғанда барлық зерттелген суда еритін полимер өнімдері үшін өлшенген концентрациялар аралы-ғында олардың оптикалық тығыздығының (D) сандық мәндерінің нөл (0) немесе соған жақын бола-тындығы термодинамикалық тұрақты шын ерітінді түзетіндігімен байланысты. Сонымен бір қатар-да ерітінділерінің рН көрсеткіші де мәлім заңдылықпен концентрациясына, оның полимерлер макро-молекуласы құрамындағы функционал топтарының иондануш қабілетімен заряд белгісіне, сондай-ақ, алыну жағдайына байланысты өзгеретін қарсы және ілеспе иондарына тәуелді екендігін байқатты.



*Сурет - 1. Суда еритін полимер үлгісінің (2-М-5-ВП*НСІ:АҚ) физикалық және коллоидтық-химиялық қасиеттерінің ерітінді концентрациясына (С, г/дл) байланысты өзгеруі*

Бұл айырмашылықтар суда еритін полимер үлгісінің электр тогын тасымалдаушы қабілетіне (χ) біршама әсер көрсетеді. Яғни, ерітінді концентрациясы көбейуімен суда еритін полимердің меншікті электрөткізгіштігі ($\chi_{менш}$) өсіп барса келтірілген электрөткізгіштігінің ($\chi_{келт}$) сандық мәні керісінше ерітінді концентрациясы артуымен азайады. Бұл негізінен макромолекула құрамындағы буындар функционал топтарының иондanушы қабілетіне қарап айрықша көзге түседі [4]. Келтірілген тұтқырлықтың ($\eta_{келт}$) ерітінді концентрациясы артуымен ион күшінің (χ) көбейуі салдарынан макроионының салыстырмалы түрде алғанда жазылған пішіннен бірте-бірте оралған күйге өтуінен келіп шығады. Мұндай заңдылықтардың байқалуы әсіресе макромолекула тізбегінің бойындағы буындардың функционал топтарының иондanушы қасиетімен байланысты. Сондықтанда, суда еритін 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ үлгісінің ерітінді концентрациясына қарап өзгеруінде мұндай қасиет айрықша орын алады. Бірақ, бұл макромолекула құрамындағы оң зарядты ароматты амин тобымен теріс зарядты карбоксид функционалды тобының заряд белгілерінің қарама-қарсы болуы да олардың ерітінді концентрациясы кеміген сайын диссоциациялануына айтарлықтай әсер көрсетуімен бір қатарда, осы әраттас зарядтар арасындағы өзара әрекеттесу күші макромолекуланың конформациялық пішінінің өзгеруін біршама тежейді. Мұны суда еритін полимер үлгісінің 2-М-5-ВП*НСІ:АА меншікті тұтқырлығымен ($\eta_{менш}$) келтірілген тұтқырлығының ($\eta_{келт}$) ерітінді концентрациясына байланысты өзгеруін сараптағанда байқауға болады. Негізінен бұл суда еритін полимер үлгісінің меншікті тұтқырлығы ($\eta_{менш}$) мен келтірілген тұтқырлығының ($\eta_{келт}$) сандық мәндерін 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ үлгісі тұтқырлығының сандық мәндерімен салыстырғанда айрықша байқалатындығын көру қиын емес (Сурет - 2). Аталған суда еритін полимердің тұтқырлығының әсіресе келтірілген тұтқырлығының ($\eta_{келт}$) төмен концентрациялы ерітінділерінің сандық мәндерінің жоғары болуы, бұл полимердің макромолекуласы тізбегінің бойындағы функционал топтарының біркелкілігінен, заряд белгілерінің біртектілігінен келіп шығады [5].



*Сурет - 2. Суда еритін полимер үлгісінің (2-М-5-ВП*НСІ:АА) физикалық және коллоидтық-химиялық қасиеттерінің ерітінді концентрациясына (С, г/дл) байланысты өзгеруі*

Сондықтан ерітінді концентрациясы кеміген сайын ион күшінің (χ) азаюы салдарынан макромолекуланың бірте-бірте салыстырмалы түрде алғанда оралған конформациялық пішіннен, жазылған конформациялық күйге қарқынды түрде өтуімен байланысты. Ал, осы екі 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ және 2-М-5-ВП*НСІ:АА суда еритін полимерлерінің концентрлі ерітінділеріндегі тұтқырлықтарының сандық мәндеріндегі айырмашылықтар олардың макромолекулалары арасындағы сутекті байланыстар түзуге бейімділіктерінің әртүрлілігінен туындайды. Байқалған ерекшеліктер осы екі суда еритін полимерлердің қатысында түзілген топырақтың суға төзімді түйіршіктелген (СТТ) мөлшерінің де біршама айырмашылыққа ие болуына алып келеді. Оған осы екі суда еритін полимердің бірдей массалы топырақты құрылымдаушы мөлшерін (ТҚМ) зерттелген концентрация аралығындағы өзгеруін салыстыру арқылы көз жеткізуге болады [6, 7]. Негізінен бұл екі суда еритін полимердің бірдей массалы топырақты құрылымдаушы мөлшері (ТҚМ) қосылған ерітінді концентрациясы кеміген сайын ТҚМ-нің сандық мәні де азайып барады. Бірақ, бірдей қосылған концентрациядағы ТҚМ-нің сандық мәндерін салыстырғанда 2-М-5-ВП*НСІ:АА полимерінде бірдей массалы топырақты құрылымдауға (ТҚҚ) қажетті сандық мәнінің анағұрлым кем екендігі байқалады. Өйткені 2-метил-5-винилпиридинмен акрил қышқылынан алынған суда еритін полимер

өнімінің құрылымдаушы қабілеті жоғары концентрациялы ерітінділерінің қатысында айтарлықтай әлсіз, сол себепті топырақтың суға төзімді түйіршіктелген (СТТ) мөлшері кем. Сондықтан бұл суда еритін полимердің зерттелген концентрация аралығында қосылған ерітіндінің концентрациясы кемуімен ТҚҚ-ның сандық мәнінің қарқынды өсуін келтіріп шығарады. Нақтыланған заңдылық суда еритін полимерлердің макромолекуласы тізбегінің бойындағы орналасқан буындардың функционал топтарындағы ерекшеліктермен байланысты. Оған функционал тобы ионданбайтын винилацетатпен өте әлсіз ионданушы, оң зарядты амид функционалды акриламид буындарының сополимерленуі арқылы алынған ВА:АА суда еритін полимерінің физикалық, коллоидтық-химиялық қасиеттерінің ерітінді концентрациясына қарап өзгеруін анықтағанда да көз жеткізуге болады. Өйткені ВА:АА суда еритін полимерінің меншікті ($\eta_{менш}$), келтірілген тұтқырлықтары ($\eta_{келт}$) мен электрөткізгіштіктерінің ($\chi_{менш,}$ $\chi_{келт}$) концентрацияға қарап өзгеруіне тиісті сандық мәндер көрсетеді (Сурет-3).



а) *б)*

Сурет 3. Суда еритін полимер үлгісінің (ВА:АА) физикалық және коллоидтық-химиялық қасиеттерінің ерітінді концентрациясына (С, г/дл) байланысты өзгеруі

Осы суда еритін полимердің ерітінді концентрациясы кемуімен меншікті, келтірілген тұтқырлықтары мен электрөткізгіштіктерінің өзгеретін сандық мәндерін 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ, 2-М-5-ВП*НСІ:АА-лардың сәйкес келетін мәндерімен салыстырғанда ерекше көзге түсетіндігі байқалады. Бұл әсіресе 2-метил-5-винилпиридин буынымен акриламидтен түзілген суда еритін полимерлердің, сондай-ақ, 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ полимерінің меншікті, келтірілген тұтқырлығының (η) және меншікті, келтірілген электрөткізгіштіктерінің (χ) концентрацияға қарап өзгеру заңдылығынан айрықша көрінеді (Сурет-1, 2).

Айқындалған заңдылықтар осы зерттелген суда еритін полимер үлгілерінің макромолекуласы тізбегінің бойында орналасқан буындар функционал топтарының ионданушы қабілетімен заряд белгісінен келіп шығады.

Суда еритін полимерлердің физикалық қасиеттеріндегі айырмашылықтар мен ерекшеліктер олардың құрылымдаушы қабілетімен (ТҚҚ) бірдей массалы топырақты құрылымдауға қажетті мөлшердің (ТҚМ) қосылған ерітінді концентрациясына қарап өзгеру сипатына да белгілі дәрежеде әсер етеді [8, 9]. Оған винилацетатпен акриламидтің сополимерлену өнімінің (ВА:АА) қатысында түзілген суға төзімді түйіршіктер мөлшерінің қосылған ерітінді концентрациясына байланысты өзгеруін сараптау арқылы көз жеткізілді. Бірақ макромолекуласы винилацетатпен акриламидтен құралған суда еритін полимердің ерітінді концентрациясына қарап меншікті, келтірілген тұтқырлығының (η), электрөткізгіштігінің (χ) өзгеруін 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ, 2-М-5-ВП*НСІ:АА суда еритін полимерлерінің сәйкес келетін физикалық қасиеттерін сипаттаушы сандық мәндерін салыстырғанда жоғарыда көрсетілген заңдылықтардың толық сақтала бермейтіндігі орын алатындығын байқауға болады. Өйткені, 2-М-5-ВП*НСІ:АҚ, 2-М-5-ВП*НСІ:АА суда еритін полимерлерінің келтірілген тұтқырлығымен ($\eta_{келт}$) электрөткізгіштігінің ($\chi_{келт}$) ерітінді концентрациясы кемуімен өсіп баратындығы анық көрінсе, винилацетатпен акриламидтен алынған суда еритін полимер үлгісінде мұндай өзгеріс айқын байқалмайды (Сурет-3). Осы анықталған ерекшеліктер ВА:АА суда еритін полимерінің ТҚҚ-сы мен ТҚМ-нің сандық мәндерінің ерітінді концентрациясына қарап өзгеруін салыстырғанда да көрінеді. Мұндай құбылыстың орын алу себебі олардың макромолекуласы тізбегі бойында орналасқан буындардың функционал топтарындағы айырмашылықтардан болады.

Сонымен, суда еритін полимерлердің қасиеттері, яғни, меншікті, келтірілген тұтқырлықтары (η) мен электрөткізгіштіктері (χ), оптикалық тығыздығы (D), pH көрсеткіші олардың қатысында түзілген топырақтың суға төзімді түйіршіктері (СТТ), бірдей массалы топырақты құрылымдаушы мөлшері (ТҚМ) және құрылымдаушы қабілетімен (ТҚҚ) тиімділігі (ТҚТ) макромолекула тізбегінің бойында орналасқан буындары функционал топтары түрлеріне, мольдік арақатынасына, ионданушы күшіне, заряд белгісіне, конформациялық күйі ерітінді концентрациясымен байланысты өзгеретіндігі айқындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Асанов А., Нуриллина В.Р., Ахмедов К.С. Флоккулирующее действие водорастворимых полиэлектролитов на основе 2-метил-5-винилпиридина метакриловой кислоты и ее амида. // Доклад Академии Наук Республики Узбекистан. № 9-10. 1995 г. - 29-31 с.

2 Anastas P.T. Green Chemistry: Theory and Practice / P.T. Anastas, J.C. Warner // Oxford University Press, New York. — 1998. — P.30.

3 Асанов А.А., Зиновьева В.В., Ахмедов К.С. Исследование флокуляции гидросуспензии бентонита в присутствии полиэлектролитов на основе некоторых производных метакриловой кислоты // ДАН УзССР. 1991 г. -№1. -С. 34-36.

4 Аринушкина Е.В. Руководство по химическому анализу почв. - изд. 2-е, Издательство Московского университета 1970. С. 487.

5 Матниязова Г.К., Асанов А.А. Регулирование устойчивости дисперсий в присутствии полиэлектролитов // монография. – М.Х. Дулати атындағы ТарМУ баспасы, 2016.

6 Асанов А.А., Базарханқызы А. Суда еритін полимерлердің функционал топтарының құрамы мен түрлерінің топырақты құрылымдаушы қабілетіне әсері // 2nd International Scientific Conference "Theoretical and Applied Sciences in the USA". Нью-Йорк, США. 2015 г. -С. 237-246.

7 Шеин Е.В., Милановский Е.Ю. Роль и значение органического вещества в образовании и устойчивости почвенных агрегатов // Почвоведение. 2003. № 1. С. 53–61.

8 Асанов А.А., Мамешова С.А., Базарханқызы А. Топырақ дисперсиясының аллил спирті мен акрил қышқылы туындылары негізіндегі полиэлектролиттердің қатысында құрылымдануы // ҚазҰУ хабаршысы. Химия сериясы. 2015 ж. №3(79). -Б. 28-33.

9 Six J., Paustian K., Elliott E.T., Combrink C. Soil structure and organic matter: I. Distribution of aggregate size classes and aggregate associated carbon // Soil Sci. Soc. Am. J. 2000. V. 64. P. 681–689.

ҒТАМР 31.01.45

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІГІН ТЕКСЕРУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Д.Ж. Калиманова
Б.ғ.к., аға оқытушы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.
Н.Ж. Галимова
Магистр, оқытушы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.

Оқушылардың білімін, білігін және дағдысын тексеру дидактикалық жағынан алғанда бақылау, үйрету, бағдарлау және тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Бақылау нәтижесін талдау арқылы оқушыға бағыт-бағдар нұсқайды, білім алу жолындағы мақсатын орындауға қажырлы, адал және шыншыл болуға тәрбиелейді. Жүйелі жүргізілген тексеру оқушыларды әр сабаққа әзірленіп келуге машықтандырады, өз ісіне деген жауапкершілігін арттырады, өз ойын анық және дәл жеткізіп, сөйлей білуге үйретеді. Оқушылардың білімі мен икемділігін меңгеруіне жүйелі түрде бақылау жасау – орта мектепте оқыту үрдісінің міндетті құрамдас бөлігі. Мұғалім сол арқылы оқушының оқу материалын қалай қабылдап, оны мән бере ұғынып, есте сақтауын, білімді шебер қолдана алуын түсінуге мүмкіндік табады.

Түйін сөздер: білім, білік, бағалау, тест, рейтинг.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Оқу мен тәрбие саласындағы мұғалімдердің алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы-таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, оны жетілдіріп шығару.

Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімінің алдында тұрған маңызды , жауапты міндеттің бірі-оқушыға тиянақты білім беру. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірбиесінде таңдап алуы керек. Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болумен жаңа технологиялар өмірге келді. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану – оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Оқушылардың күнделікті сабақ үрдісінде алған білімі мен білігін бағалау да маңызды мәселелердің бірі. Оқушылардың білім дәрежесі оны тексеру әдісімен де тығыз байланысты. Тексеру барысында бағдарлама талаптарында көрсетілген нәтижелер қаншалықты жеткізілгені анықталып, қорытынды нәтижесі дұрыс бағаланады.

Дидактикалық белгілеріне қарай білімді тексеру күнделікті, алдын ала, қорытындылау деп бөлінеді. Әдістеме бойынша ауызша, жазбаша, эксперименттік (практикалық) деп бөлуге болады. Тексеру жүйесі белгілі мақсатқа жету үшін жоғарыда аталған түрлердің барлығын қолдануды қажет етеді. Мысалы: алдын ала тексерудің мақсаты – жаңа материалды игеруге қажетті білім, білік, дағды деңгейін анықтау болып табылады. Мұндай тексерудің нәтижесінде мұғалім оқушылар біліміндегі олқылықтарды дер кезінде байқап, анықтап, қосымша сабақ, кеңес ұйымдастыра алады. Күнделікті тексерудің мақсаты – мұғалім күнделікті жұмыс барысында пән бойынша әрбір оқушының білім, білік және дағдысын жекелей тексеру. Мұндай тексерудің нәтижесінде оқушылардың жалпы үлгерімін қадағалауға үлкен мүмкіндік туады. Алайда бұл аталған әдістер білім, білік және дағдыны тек белгілі бір жағынан тексеруге мүмкіндік береді, сондықтан тексеру барысында түрлі әдісті қолдану қажет. Мерзімді (периодты) тексеру. Бұл оқушылар білімін күнделікті тексеру нәтижесі ескеріліп жүргізіледі. Ол тоқсан соңында, жарты жылдықтан кейін немесе тақырыпты, тарауды өткен соң белгілі бір мерзім ішінде ұйымдастырылады. Қорытынды тексеру мемлекеттік емтихандарда жүргізіледі. Тексерудің барлық түрін, әдісін, формасын қажетті жағдайда, жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарылатып, оқушылар үлгеріміндегі жетіспеушілікті дер кезінде ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде ғылыми жоғары деңгейде оқыту үрдісі оқытудың жаңа, тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ беруді тұрақты түрде жетілдіруді, оқушылардың білімін әділ бағалаумен материалдарды толық игеруде бақылаудың жаңа тәсілдерін қолдануды, пәннің мазмұнын ашу т.б. мәселелерді шешуді талап етеді. Ұзақ уақыт оқыту үрдісінде білім деңгейін тексеру барысында ауызша сұрау қолданылды. Бұл оқушылардың өз ойларын сөзбен дұрыс жеткізуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйретеді.Алайда, ауызша тексеру ұзақ уақыт алады және 3-4 оқушының ғана білімі тексеріліп, олардың пәнге қызығуын, таным әрекетін төмендетуі мүмкін. Сондықтан соңғы кезде оқушылардың білімін тексерудің жолдары мен әдістері, оны өлшеу құралдары көбейіп, сынақтан өткізілуде. Оқушылардың білімі мен білігін тексерудің түрлі формаларының ішінде соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып жүр.Білім деңгейін тест арқылы тексерумен айналысып жүрген ғалым-педагогтер тест – оқушылардың өз-өзін тексеруіне мүмкіндік ашатын есеп беру оқыту әдісі деп есептейді. Бұл әдіс – сабақ үрдістерін бір-біріне байланыстырып қана қоймай, білімді тексеру, бекіту, қайталау сол сияқты жүйелеу құралы. Тест әдісінің тағы бір ұтымды жағы оқушылардың білімін тексеруде уақыт үнемдейді, өздері осы үрдіске тікелей араласатындықтан, қызығып, белсенділіктерін арттырады. Педагогикалық тест әдісі оқушылардың білімін тексеруде объективті құрал ретінде тек шет елдерде ғана емес, біздің мемлекетте де кеңінен қалыптасуына ықпал жасауға болады. Тест – оқушылардың білімін салыстыруға, білім беру үрдісінде оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге, әр түрлі оқу әдістерін салыстыруға мүмкіндік туғызады.

Білімді бағалау үшін оның деңгейінің нақты градациясын білу қажет. Дүние жүзілік педагогикалық тәжірибеде білім бағасының 7-10 баллдық жүйесі пайдаланылады. Мектепке оқушы жастардың білімін, білігі мен дағдыларын тексерудің тағы да бір тиімді, нәтижелі әдісі – көп баллды рейтинг жүйесі деуге болады. Рейтинг – рыноктық қоғамға тән, адам әрекетінің статистикалық сипаттамасы. Оқу орындарында рейтингтік жүйені дұрыс қолдану дағды мен білікті, білімді тексерудің объектілігінің артуына, өздері меңгерген білімнің беріктігінің кепілі болып табылатын оқушы жастардың систематикалық еңбегіне мүмкіндік береді. Оқушылардың рейтинг баллдары олардың әрекеттерінің негізгі сипаттамасы – бағамен анықталуы тиіс. Ол білім деңгейінің дәл градациясымен бірге таңдалған, бірыңғай баға жүйесі бойынша қойылады. Күнделікті үлгерімнің сандық есепке алынуы қажет болған жағдайда бақылаудың нәтижелері де баға түрінде жазып алынады. Рейтинг балының суммарлануынан сыныптан сыныпқа көшу т.б. байланысты сұрақтар шешіледі.

Оқушылардың білімі мен білігін тексеруде тест және рейтинг әдістері тиімді деуге болады. Тест әдісі – жеке оқушының қысқа уақыт аралығында білімін, біліктілігін тексеретін бірден бір тәсіл. Күнделікті сабақ барысында мұғалім барлық оқушылардың жеке ерекшеліктерін, таным мүмкіндіктерін ескеріп, оқу үрдістерінің талаптарына сай толық деңгейде жауап алуға мүмкіндігі жете бермейтіндіктен білім тексеруде, бақылауда тест өте тиімді. Осы ретте жазылған оқу құралдары – «Химия пәні бойынша өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар мен бағдарланған бақылау» және «Органикалық химия пәні бойынша өзіндік жұмыстар мен тапсырмалар және бағдарланған бақылау» (авторлары: профессор Н. Нұрахметов және басқалар) – оқушылардың өздігінше жұмыс істеуін ұйымдастырып, игерілген оқу материалдарын тексеруге кететін уақытты

үнемдейді. Білімді тексеру – күрделі үрдіс, сондықтан оның нәтижелі өтуі көбінесе мұғалімнің дайындығына, шеберлігіне және шығармашылығына байланысты. Білімді жүйелі тексеруге тест жасау мұғалімнің бағдарлама мен оқулықтағы әрбір тақырыптарды мұқият талдап, соның негізінде міндетті түрде меңгерілетін ең маңызды деректерді, ұғымдарды, заңдылықтарды ерекше бөліп көрсетуі талап етіледі. Тест – ағылшын сөзі (test), аударғанда «байқау», «бақылау», «зерттеу» деген мағына білдіреді. Білімді тест әдісімен тексеруді талдай келе, оның мынадай артықшылықтарын көрсетуге болады:

1. Үлкен көлемді оқу материалын жылдам тексереді.
2. Материалды кең қамту.
3. Үлкен топпен бақылауды біруақытта өткізуге ыңғайлы.
4. Дұрыс жауаптардың саны бойынша қойылған баға сенімді болады.
5. Сұрақтардың мазмұны, сондай-ақ олардың тереңдігі және ауқымы бірден түсінікті.
6. Тест тапсырмаларын тексеру кезінде техникалық құралдарды пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, окытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Химия – XXI ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпарат технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пән мектеп мұғаліміне зор жауаптылықты талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне осы жағдайда технологиялардың көмегі зор.

Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Мысалы, ерітіндінің рН мәнін анықтау және температураны өлшеу құрылғысы, еріген оттегі құрылғысы судағы оттегі концентрациясындағы нақты уақытты анықтауға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақтаны пайдалану аркылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде, немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Ол үшін интерактивті тақталардын арнайы құрылғылары қолданылады. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тестілеген кезде мұғалім оқушылардың білім деңгейін анықтай алады. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады.

Химия пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы химия бойынша минимум талаптарына сәйкес келеді. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген киын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі.

Демек, әр түрлі пәндерде соның ішінде химия сабағында тест әдісін пайдаланудың мақсаты оқушылардың білім деңгейлерін арттыруды, ойлау қабілеттерін дамытуды, уақытты ұтымды пайдалануды көздейді.

Тексерудің рейтингтік жүйесіне тоқталсақ, рейтинг сөзі ағылшын тілінен аударғанда баға, бағалау деген мағынаны білдіреді. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – шәкірттің сабақ үстіндегі, үйдегі, қоғамдық ортадағы барлық іс-әрекеттің баллдық көрсеткішпен бағалап, оқу үрдісінің өн бойында жинақтала келе тоқсандық, жылдық тіпті сатылық оқу үлгерімінің нәтижесін анықтауға мүмкіндік жасайды. Бұл жүйе арқылы оқушының әр пән бойынша даму деңгейі мен бейім қабілетін ертерек байқауға мүмкіндік жасалады. Рейтингтік жүйе топтан лидерді анықтауға, оқу процесінде оқушылардың жарысып оқуына мүмкіндік береді. Осының негізінде бұл әдістерді білім мен білікті бақылауда тиімді деп, алдағы уақытта орта мектептің мұғалімдеріне тест және рейтинг жүйесін дамытып, білім деңгейін тексеруді ұсынамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Жаманқұлов Б. Педагогикалық бақылаудың кейбір түрлері.// Қазақстан мектебі. 2000. №1. 26-28бет.

2 Жанабаев З. Можно ли оценить знание рейтинговой системой и тестированием. // Қазақстан жоғарғы мектебі. 1996, №1, 98-100с.

3 Нұғыманов И. Химияны оқыту әдістемесі. // Алматы. Рауан. 1993.

ГРНТИ 39.21.21

МЕЖДУНАРОДНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА СОТРУДНИЧЕСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ В СФЕРЕ ПОСТАВОК ЭНОРГОНОСИТЕЛЕЙ

А.Ғ. Дүйсен
Магистрант, Казахского национального университета имени Аль-Фараби, г. Алматы

Казахстанко-российские отношения опираются на Договор о дружбе, сотрудничестве и взаимопомощи от 25 мая 1992 года и Декларацию о вечной дружбе и союзничестве от 6 июля 1998 года. Оба документа исходят из того, что Российская Федерация является крупнейшим торговым партнером для Казахстана в частности, и для каждой из стран Каспийского бассейна в целом. Предоставление объективной информации об итогах и перспективах развития сотрудничества между Казахстаном и Российской Федерации в области энергетики. В процессе исследования использовались системный подход и традиционный метод сравнительного анализа. В статье приводятся актуальные статистические данные из международных и казахстанских источников. Представлен обзор нефтегазовой отрасли Казахстана и корпоративной стратегии российских ТНК в стране. Впервые детально проанализирована структура и география торговли энергоносителями, определены узкие места казахстанско-российского энергетического диалога и представлены рекомендации по их устранению.

Ключевые слова: энергетика, торговля, инвестиции, ТНК, энергоресурсы.

Казахстанско-российское взаимодействие в энергетической сфере динамично развивается в духе традиционного партнерства, на взаимовыгодной и доверительной основе.

Российско-казахстанские отношения опираются на Договор о дружбе, сотрудничестве и взаимопомощи от 25 мая 1992 года [1] и Декларацию о вечной дружбе и союзничестве от 6 июля 1998 года [2]. Оба документа исходят из того, что Российская Федерация является крупнейшим торговым партнером для Казахстана в частности, и для каждой из стран Каспийского бассейна в целом.

Как и многие другие государства на постсоветском пространстве Казахстан оказался на пути выбора нескольких вариантов развития своей добывающей промышленности. Первой возможностью выбора стояла полная национализация, второй – перевод части энергетических ресурсов в частный сектор. В силу особенностей своей внешней политики в русле многовекторности Казахстан выбрал второе – создание совместных предприятий и заключение соглашений о разделе добытой продукции с зарубежными инвесторами.

Начиная с 90-х годов, трана взяла курс на целенаправленную приватизацию своих активов, привлекая все большее число геополитических игроков в свою нефтегазовую орбиту.

Фактически энергетическое сотрудничество между двумя странами продолжается со времен Советского Союза, когда геологи обнаружили запасы углеводородов в Каспийском бассейне. После получения независимости Казахстаном в 1991 году Россия одной из первых проявила интерес по сотрудничеству и освоению казахстанских месторождений.

Однако многие эксперты согласны с тем, что в эпоху Бориса Ельцина темпы экономического сотрудничества, включая сотрудничество в сфере энергетитикни значительно спали.

Переоценить роль РФ в качестве близкого соседа и стратегического партнера Казахстана очень сложно. Ежегодно через территорию Российской Федерации Казахстан экспортирует до 25 миллионов тонн нефти в год и получает беспошлинно более 2,6 миллионов тонн российских нефтепродуктов.

Прежде всего. Казахстан и Россию связывают общие линии электропередач, построенные еще во времена СССР, когда обе страны являлись частью объединенной энергетической системы. Например. Северный Казахстан пересекают линии электропередач ЕЭС России. В 90-е годы из-за возникших разногласий экономического и технического характера энергосистемы двух стран были переведены на режим раздельной работы.

Также обе страны объединяет необходимость модернизации национальных экономик, включая наличие общих экономических проблем структурного характера, как в области промышленного производства, так н в масштабах экономики в целом. В основе лежит низкий технологический

уклад, который усложняет переход к индустриально-инновационной ступени развития. Сырьевая ориентация экспорта, недостаточная диверсификация экономики, слабое инвестирование в обрабатывающую промышленность характеризуют обе страны.

При этом следует отметить, что сотрудничество в сфере электроэнергетики продолжается в оптимальном ключе и между странами выполняется Соглашение о мерах по обеспечению параллельной работы энергосистем России н Казахстана [3].

Казахстанско-российские отношения в сфере энергетики следует рассматривать, прежде всего, через призму транзитно-транспортной зависимости. Отношения можно условно поделить на два важнейших периода:

1) с 1991-2006 гг. когда Россия являлась фактическим монополистом по транспортировке казахстанских углеводородов:

2) с 2006 до сегодняшнего дня. когда у РК появились альтернативные маршруты транспортировки, и зависимость как таковая, несколько уменьшилась.

В мае 1997 года Казахстан,РРоссия и Шеврон в составе Каспийского трубопроводного консорциума договорились о строительстве нового трубопровода, который соединит Тенгиз с Новороссийском.

До открытия нефтепровода Баку-Супса (Грузия) в апреле 1999 года, Россия единственная предоставляла трубопроводный выход через Баку-Новороссийск.

В некоторых случая несостоятельность России обеспечить необходимое финансовое и техническое содействие негативно отражается на ее энергетической политике в регионе. В то же самое время энергетическая политика России в Центральной Азии заключается в попытках контролировать альтернативные маршруты транспортировки углеводородов и ревниво охранять н защищать привилегии собственного ТЭК.

Рассмотрим казахстано-российское энергетическое сотрудничество по отдельным видам топлива.

Газ. В газовой сфере происходит активное сотрудничество «Газпром» с «КазМунайГаз» с 2002 года.

В 2001 году было заключено соглашение о создании на паритетной основе совместного предприятия «КазРосГаз» между Россией и Казахстаном для регулирования закупок казахстанского газа [4].

С 2007 года Оренбургский газоперерабатывающий завод начал осуществлять переработку сырого газа из Карачаганака [5]. Таким образом, в 2006 году было подписано межправительственное соглашение «О сотрудничестве в создании хозяйственного общества на базе Оренбургского Газоперерабатывающего завода». Далее переработанный в Оренбурге карачаганакский газ реализовывался на территории России через газопровод Оренбург-Новопсков. в то время как российский газ продавался по сниженным ценам для потребления в Кустанайскую и Актюбинскую области [200]. Данная схема осуществлялась на основе соглашения «О поставках в Казахстан российского природного газа по «принципу замещения» 1998 года.

Несмотря на многочисленные затруднения, страны подписали протокол к соглашению «О разграничении дна северной части Каспийского моря в целях осуществления суверенных прав на недропользование» [4].

Таким образом. планировалось строительство Прикаспийского газопровода и создание Прикаспийской газопроводной системы. Однако в Европе стал падать спрос на газ. н данные проекты были пересмотрены. В результате проект Прикаспийского трубопровода был заморожен. Несмотря на подписание Казахстаном Соглашения о строительстве прикаспийского газопровода и расширении мощностей трубопровода «Средняя Азия – Центр», в этом направлении было проведено минимум работы, что повлекло за собой недовольство России и обвинения в неисполнении договоренностей.

Казахстан в свою очередь переориннровался в сторону развития сотрудничества с Китаем. В ноябре 2015 года стартовал магистральный газопровод Бейнеу – Бозой – Шымкент, соединивший районы добычи газа западного и центрального Казахстана со снабжавшимися узбекским газом в советское время южными регионами, ставшими энергодефнцитными. Его важность состояла в использовании для подачи газа в магистральный газопровод Туркменистан – Узбекистан – Казахстан – Китай. Он начал действовать с декабря 2009 года.

Уголь. Основным импортером казахстанского угля по праву считается РФ. тем более что некоторые российские электростанции были специально спроектированы для эксплуатации казахстанского угля. Существует вероятность снижения импорта после 2020 года в связи с выведением из строя специализированных электростанций, а также переизбыточного производства собственного роснйского угля.

Около пятой части всего добываемого угля в стране экспортируется в Россию. Коксующийся

уголь Карагандинского бассейна идет на металлургические комбинаты южного Урала (Магнитогорский н Новотроицкнй). а уголь Экнбастуза – на тепловые электростанции Сибири.

В Казахстанско-российском трансграничном регионе запасы угля оцениваются приблизительно в 20 млрд, тонн из пяти крупных и перспективных месторождений [6].

Атомная энергетика. Сотрудничество в сфере атомной промышленности является достаточно динамично развивающимся направлением, в рамках которого осуществляются казахстанско-российские программы научных исследований в сфере атомной энергетики.

Россия также лидирует в сфере добычи урана: выкупив в 2013 году 100 % акций канадской «Uranium One», у которой находились контрольные пакеты казахстанских уранодобывающих компаний, российский «Росатом» таким образом стал единоличным обладателем и монополистом в этой области. Сегодня РФ и РК совместно разрабатывают урановые месторождения в Казахстане.

В мае 2014 года российская «Росатом» и «Казатомпром» подписали меморандум о взаимопонимании по сотрудничеству в сооружении АЭС на территории Казахстана. Местом был выбран Курчатов. Будущая атомная электростанция будет функционировать на основе водо-водяных реакторов с установленной мощностью от 300 до 1200 МВт. Российская сторона предварительно договорилась о сотрудничестве и содействии в проектировании, сооружении, вводе в эксплуатацию, эксплуатации и выводе из эксплуатации АЭС. Две страны подписали «Комплексную программу развития российско-казахстанского сотрудничества в области мирного использования атомной энергии». Она предполагает дальнейшее развитие сотрудничества предприятий ядерных энергетических комплексов двух стран, включая сотрудничество в ядерном-топливном цикле, развитии отраслевых научных проектов и совместной работе по повышению уровня радиационной безопасности.

Между тем, вопрос о действительном строительстве АЭС Россией в Казахстане воспринимается скептически некоторыми из экспертов. В. С’ливяк из группы «Экозащита» утверждает, что планы по строительству АЭС в Курчатове в принципе невыполнимы, поскольку Росатом строит реакторы мощностью минимум 1.200 мВт. в то время как Казахстану нужна небольшая АЭС. Стремление заручиться выгоднейшим контрактом в этой сфере больше является «политическим сигналом Западу» на фоне ухудшающихся отношений, санкций и непростой ситуацией на Украине.

Российский эколог полагает, что Россия пытается достичь максимум торгово-экономических договоренностей, включая Меморандум о взаимопонимании со странами ЕАЭС. Однако это не означает, что строительство может начаться в ближайшем будущем. Текст Меморандума не удалось обнаружить в свободном доступе. Дополнительной причиной для скепсиса является то, что переговоры по строительству АЭС в Казахстане с различным переменным успехом проводились с середины 90-х и до сих пор остаются планами на будущее.

Нефть. Основным путем, по которому шла казахстанская нефть до 2001 года, был нефтепровод Атырау-Самара. Каждый год Россия и Казахстан согласовывали квоту на его использование, что зачастую становилось долгим, сложным и трудоемким процессом, фактически объектом политических переговоров. Казахстан, затянутый в данный процесс и вынужденный идти на постоянные уступки и компромиссы в течение долгих лет пытался найти выход из сложившейся ситуации. Таким образом, объясняется повышенный интерес

Казахстана к проектам строительства Каспийского трубопроводного консорциума н нефтепровода Тенгнз-Новороссийск.

В одном из соглашений закреплялось, что начиная с конца 2003 года н на последующие 15 лет, Казахстан будет поставлять до 15 млн. тонн нефти ежегодно через трубопровод Атырау – Самара. По другой договоренности Казахстан должен был поставлять дополнительных 2,5 млн. тонн нефти танкерами в порт Махачкалу для дальнейшей ее переправки через трубопровод Тихорецк-Новороссийск [7]. На момент 2002 года Казахстан экспортировал около 3 млн. нефти по нероссийским маршрутам: морем и железнодорожным транспортом до Батуми, и морем до северного Ирана.

Каспийский трубопроводный консорциум (КТК) был создан для экспорта казахстанской нефти в Российскую Федерацию по трубопроводу Тенгиз-Новороссийск общей протяженностью более 1,5 тыс. Км. Он соединяет западные месторождения Казахстана с российским побережьем Черного моря. В 2014 году экспорт составил около 40 млн. тонн.

Казахстан совместно с Россией управляет КТК. в котором Казахстану через Казмунайгаз принадлежит доля в 19 % [286]. Другими акционерами КТК являются Российская Федерация («Транснефть» – 24 % и «КТК Компани» – 7 %) – 31 %, Казахстан («КазМунайГаз» – 19 % и Kazakhstan Pipeline Ventures LLC – 1,75 %) – 20,75 %, Chevron Caspian Pipeline Consortium Company – 15 %. Lukarco B.V. – 12,5 %, KTK «Mobil» – 7,5 %, Rosneft-Shell Caspian Ventures Limited – 7,5 %. Agip International N.V. – 2 % и Oryx Caspian Pipeline LLC – 1,75 %.

До конца 2016 года планировалось увеличить пропускную мощность КТК на 68 % (до 67

млн. т/год) посредством модернизации нескольких нефтеперекачивающих станций. строительства 10 дополнительных нефтеперекачивающих станций и 6 резервуаров для хранения нефти [8].

Заметно снижение объемов экспорта нефти в 2016 году по нефтетерминалу Каспийского трубопроводного консорциума (КТК) – 3,137 млн. тонн в апреле 2016 года, 10.3 % меньше по сравнению с 2015 годом [9].

В связи с планами по освоению нового крупного утлеводородного месторождения «Центральная» Казахстан и Россия в 2015 году подписали Протокол к соглашению о разграничении дна северной части Каспия. Расположенное на шельфе Каспия месторождение «Центральное» оценивается в 169 млн. тонн условного топлива [9].

В 2014 году Парламент Казахстана ратифицировал соглашение между правительствами Республики Казахстан и Российской Федерацией о сотрудничестве в области транспортировки российской нефти через территорию Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику [10]. Его целью является создание условий для долгосрочной транспортировки российской нефти в количестве 7 миллионов тонн в год с возможностью увеличения до 10 миллионов тонн в год через территорию Казахстана в Китай.

Основной поток проходит по традиционной линии Омск – Иртыш – Павлодар – Атасу, и далее по построенному нефтепроводу Атасу – Алашанькоу (Китай). При этом РК услуги по транспортировке нефти по данному- маршруту облагает налогом на добавленную стоимость по нулевой ставке. Соглашение вступило в силу с 1 января 2014 года, и будет действовать до 1 января 2019 года [10]. По окончании срока соглашение будет автоматически продлено на пять лет.

Не будет ошибочным и утверждение того, что Казахстан и Россия являются фактическими конкурентами на энергетическом рынке. Поиск Казахстаном путей диверсификации экспорта своих углеводородов не может сказаться положительным образом на укреплении энергетического диалога между двумя странами. Таким образом, учитывая недавно созданный ЕАЭС. обе страны должны приложить совместные усилия по преодолению сырьевой зависимости, включая выработку общей стратегии в рамках организации.

Россия со своей стороны должна также перейти в активное наступление в роли двигателя ЕАЭС. чтобы доказать свою политическую н экономическую состоятельность остальным членам Союза. Конкретно для Казахстана Россия должна превратиться из конкурента в подлинного союзника и партнера, особенно в энергетической сфере. России на данном этапе важно понимать, что при тесной взаимосвязанности и похожести экономик, проще пытаться сотрудничать и идти на уступки, иногда даже за счет собственных интересов н краткосрочных выгод.

С другой стороны, продвигая ЕАЭС н пытаясь противопоставить его Европейскому Союзу. Россия посылает неоднозначные н конфликтующие сигналы. В отношениях с Казахстаном это проявляется, прежде всего, в энергетической сфере и именно тут. могут возникнуть серьезные трения н конфликты между нашими странами.

Энергетика всегда являлась «ахиллесовой пятой» в отношениях России и Казахстана, при этом руководство обоих стран всегда делало вид. что ее не существует. В связи с меняющимися условиями глобального рынка углеводородов, падением цен на нефть, открытием Ирана международному бизнесу и ухудшающимся отношениям РФ с Западом, для Казахстана пришло время делать ставки и начать борьбу за свои интересы. В конце концов, интеграционные проекты на постсоветском пространстве существовали всегда, а энергетические ресурсы не бесконечны.

Весомым вкладом в развитие энергетического сотрудничества стало бы создание совместных производств в приграничье, а также создание совместных нефтехимических предприятий.

Однако позиция России нередко препятствовала заключению взаимовыгодных долгосрочных договоров о сотрудничестве. Кроме того, трудности во взаимоотношениях между Россией н южными странами- экспортёрами нефти государств Каспийского региона заключаются в усиливающейся конкуренции нацеленных на европейский рынок энергоносителей, имеющие экспортные возможности. Нефтяной бум в каспийском регионе может привести к укреплению экономик южных стран СНГ. что в свою очередь, приведёт к ослаблению экономической и военной зависимости от России и, наоборот, к усилению позиций Запада в регионе, и соответственно, оттеснено из региона России.

По мнению ряда экспертов, «энергетическая стратегия России в регионе базируется на принципах обеспечения контроля над ресурсами Центральной Азии в плане производства и транзита энергоносителей, а также приобретения доли в инфраструктуре и в энергетических компаниях-потребителях в Европе и Китае».

В складывающихся условиях политической н экономической конфронтации России с Западом. Казахстану необходимо выработать свой собственный план действий и суметь сохранить статус-кво. как с Россией, так и с Западом. Иными словами в период кризиса и обострения

геополитических трений. Казахстан вынужден маневрировать, выполняя гибкие действия с целью сохранения баланса сил в регионе.

Литература

1 Договор о дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Республикой Казахстан и Российской Федерацией (Москва, 25 мая 1992 г.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1007137

2 Декларация между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о вечной дружбе и союзничестве, ориентированном в XXI столетие (Москва, 6 июля 1998 года) // http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1009809#pos=0

3 Казахстан ищет запасные маршруты экспорта нефти в случае санкций для РФ // https://ru.reuters.com/article/businessNews/idRUMSEA3603S20140407

4 Протокол к Соглашению между Российской Федерацией и Республикой Казахстан о разграничении дна северной части Каспийского моря в целях осуществления суверенных прав на недропользование от 6 июля 1998 г. // http://kremlin.ru/supplement/3474

5 Исторический опыт развития российско-казахстанского геоэнергетического комплекса //https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskiy-opyt-razvitiya-rossiysko-kazahstanskogo-geoenergeticheskogo-kompleksa

6 Соколов А.А., Руднева О.С., Алферов И.Н. Нефтегазовый комплекс Российско-казахстанского трансграничного региона // http://www.orensteppe.org/staff/41-2013-07-09-07-38-18/119-2013-07-09-11-05-55

7 Socor VI. Russia and Eurasia // review. -2002. -Vol.1. -Issue 3. -July2. -P.120

8 Текслер А.: Мощность Каспийского трубопроводного консорциума увеличится до 67 млн т/год // https://neftegaz.ru/news/transport-and-storage/222219-a-teksler-moshchnost-kaspiyskogo-truboprovodnogo-konsortsiuma-uvelichitsya-do-67-mln-t-god/

9 Экспорт нефти через КТК в апреле 2016 г сократился на 10 % и составил 3,1 млн т // https://neftegaz.ru/news/transport-and-storage/222219-a-teksler-moshchnost-kaspiyskogo-truboprovodnogo-konsortsiuma-uvelichitsya-do-67-mln-t-god/

10 Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве в области транспортировки российской нефти через территорию Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31488851#pos=0;32.66666793823242.

ҒТАМР 39.21.02

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Н.А. Ажиров
Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
И.Б. Сарсенова
Оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасының деңгейін көрсететін әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер қаралды. Олар халықтың өмір сүру сапасын бағалаудың негізгі индикаторларының бірі болып табылады. Халық санының динамикасы, халықтың табиғи және механикалық қозғалысының көрсеткіштері, өмір сүрудің орташа ұзақтығы, 1999-2018 жылдардағы жынысы мен жасы бойынша халықтың құрылымы талданды. Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейі, халықты біліммен қамту деңгейі, халықтың табысы және кедейлік деңгейі, халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі сияқты көрсеткіштер бойынша деректер келтірілген.

Түйін сөздер: әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер, жұмыссыздық деңгейі, өмір сүру сапасы, экономика, халық саны серпіні.

Қазақстан жоғары өмір стандарттары бар әлеуметтік мемлекетті құру бағытын жариялады. Бұл ұстаным Мемлекет басшысының мәлімдемелерінде, сондай-ақ «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Денсаулық» Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және т.б. сияқты стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік өңірлік және салалық бағдарламаларда көрсетілген. 2017 жылдың басында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті елдің үшінші жаңғыруы туралы жариялады, оның мақсаты жедел экономикалық өсу және адамдардың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Республика дамуының стратегиялық мақсаттарына байланысты мемлекет халқының жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету басқарудың басты міндеттерінің бірі болып табылады [1, 5].

Мәліметтер мен зерттеу әдістері. Ақпараттық база Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің, Астана қаласының статистика департаменттерінің ресми деректері болды. Астананың әлеуетін талдау үшін оның 1999-2016 жылдардағы динамикадағы әлеуметтік-демографиялық және экономикалық көрсеткіштері бойынша, яғни Елорданың қалыптасуы мен қалыптасуы кезеңіндегі деректері қаралды.

Мақаланы жазу кезінде жалпы ғылыми және географиялық әдістер қолданылды: статистикалық және салыстырмалы-географиялық талдау.

Нәтижелер және оларды талдау. Біздің ойымызша, жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету қалалық дамудың бірінші кезектегі мақсаты болып табылады. Әлемнің жетекші зерттеу ұйымдары халықтың өмір сүру сапасын және урбанизацияланған аумақтардың даму деңгейін бағалауда бірыңғай тәсілдемені әзірлемеген, олардың әрқайсысы өзінің индексі мен есеп айырысу көрсеткіштерінің жүйесін ұсынады.

Астана халқының өмір сүру сапасын зерттеу үшін біз халықаралық және Ұлттық бағалауда жиі қолданылатын көрсеткіштерге талдау жасадық. Ыңғайлы болу үшін олар келесі ірі блоктарға біріктірілген: әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-демографиялық ахуал халықтың өмір сүру сапасын едәуір дәрежеде көрсетеді. Маңызды әлеуметтік демографиялық көрсеткіштердің бірі халық саны болып табылады. 2019 жылы Қазақстан Республикасы халқының саны 18 632,2мың адамды құрады. Халық саны бойынша ел дүние жүзі бойынша 64-ші орын алады. Елдегі халық санының 57,8 %-ы қалаларды мекендейді.Республика 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қалалардан тұрады. Халықтың шамамен жартысы оңтүстік экономикалық аудандарды мекендейді.



Сурет 1. 1999-2019 ж. Қазақстан Республикасы облыстары халық санының динамикасы.

1-ші кестеге қарасақ халықтың саны әр онжылдықта 9 %-дан өсіп отырған. Ал республикадағы табиғи өсім 1999 жылы 4,7 % болса, 2018 жылы 14,6 %-ге дейін үш есеге өскен. Зерттелген кезеңде халықтың табиғи өсімінің көрсеткіштері өсудің оң үрдісі болды. Бұл көбінесе туу деңгейінің қарқынды өсуіне байланысты, ол 1999 жылғы 14,5 %-ден 2018 жылы 21,7 %-ға дейін ұлғайды. Қазақстанда туудың өсу қарқыны тұтастай алғанда 2002 жылдан бастап тұрақты оң динамиканы көрсетті. 2016 жылы республикада 400 мың адам дүниеге келген, бұл ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Кесте 1. Қазақстан Республикасының 1999-2018 жылдардағы негізгі демографиялық көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	1999 ж.	2009 ж.	2018 ж.
Халық саны, адам	14901641	16203274	18157337
Туылғандар, адам	217 578	356 261	397 799
Туу коэффиценті(1000 адамға)	14,57	22,14	21,77
Өлгендер, адам	147 416	142883	130 448
Өлу коэффиценті (1000 адамға)	9,87	8,88	7,14
Халықтың табиғи өсімі	70162	213378	267 351
1000 адамға	4,7	13,26	14,63
Халық көші-қоны, барлығы, адам			
Келгені, адам	273 747	406 166	900 931
Кеткені, адам	397 374	398 640	930 052
Көші-қон сальдосы, адам	-123 627	7526	-29121
Күтілетінөмірсүруұзақтығы, жас	65,63	68,39	73,15
Некелесудің жалпы коэффициенті (1000 адамға)	5,75	8,75	7,54
Ажырасудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	1,71	2,45	3,23

Республика халқының өлім-жітімі 1999 жылы 1000 адамға шаққанда 9,8 % болса, 2018 жылы 7,1 %-ге дейін азаяған.

Бала өлімі халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасының жалпы жағдайының маңызды сипаттамасы болып табылады. 1999 жылы бала өлімі коэффиценті 20,4 % болса, 2018 жылы көрсеткіш 2,5 есе азайып 8 % болған. Нәресте өлімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады.

1990 жылдары халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуінің салдары жалпы ел бойынша да, қалалық және ауылдық жерлерде де 10-19 жас аралығындағы балалар, жасөспірімдер мен жастар үлесінің күрт төмендеуімен (2000 жылмен салыстырғанда да) үн қатқан (1994-2003 жылдары туу деңгейінің құлдырауы және халықтың өлім-жітімі деңгейінің өсуі). 2005 жылдан бастап туу деңгейінің (әсіресе қала халқы арасында) тез өсуінде өткен ғасырдың 80-ші жылдардың ортасында және екінші жартысында туған босанатын жастар санының өсу факторымен қатар, соңғы жылдары халықтың қалған бөлігінің өмір сүру деңгейін көтеру факторлары да елеулі рөл атқарады.

Соңғы жылдардағы халық өлімінің көрсеткіші деңгейінің едәуір төмендеуі-бұл тек балалардың ғана емес, қалған және ересек халықтың денсаулығын біртіндеп жақсартудың нәтижесі, ол өз кезегінде, олардың өмір сүруінің күтілетін ұзақтығы көлемінің тұрақты өсуіне бірден әсер етті. Жастардың некелік көрсеткішінің өсуі 1980 жылдардың екінші жартысында (1990 жылдардың басында) туған некелік одақтарға кірумен, сондай-ақ олардың көпшілігі үшін соңғы жылдардағы өмір сүру деңгейі мен сапасының нақты өсуімен байланысты.

Халықтың өмір сүру сапасының көрсеткіштерін зерттеу үшін орташа өмір сүру ұзақтығын талдау елеулі маңызға ие. 1999-2018 жылдары халықтың өмір сүру ұзақтығы өсті. Өмір сүру ұзақтығының артуының оң үрдісі қазіргі уақытта да сақталатынын байқаған жөн. Ұзақ өмір сүруді сипаттайтын көрсеткіш туу кезіндегі болашақ өмірдің орташа ұзақтығы болып табылады.

1999-2018 жылдары Қазақстанда халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 7,5 жылға – 65,6-дан 73,15 жылға дейін өсті. 1999 жылдан қазірге дейін халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы баяу өсуде. 2018 жылы республикада халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 73,1 болды, оның ішінде ерлерде 68,8 жас ал әйелдерде 77,2 жас болды. Олардың айырмашылығы 9 жасты құрады.

Облыстар бойынша халықтың өмір сүру көрсеткіштерін қарастыратын болсақ 2018 жылы ең жоғарғы көрсеткіштер Нұрсұлтан қаласында 76,2 жас болған, келесі Алматы (75,5 жас) және

Шымкент (74,6 жас) қалалары. Ең төменгі көрсеткіштер Ақмола (71,6 жас) және Қарағанды (71,7 жас) облыстарында.

Қазақстан халқының көші-қоны әр кезеңде байланысты өзгеріп отырды. КСРО тарап, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстаннан өз ата-мекеніне көптеген ұлттар қайтты. Ол процесстер бірнеше жылға созылып, көші-қон сальдосы теріс мәнде болды. 2000 жылдардан кейін жағдай тұрақтала бастады. 1999 жылы көші-қон сальдосы – 123 626 адам болды. Тек 2004 жылы сальдо оң мәнге жетіп, 2789 адам болды. Ал 2006 жылы көші-қон сальдосының максимальды көрінісі орын алды, ол 33044 адамды құрады. Оның себебі осы уақыттарда Қазақстан экономикасы тұрақталып, елге көшіп келушілер көбейді. Бірақ 2012 жылдан бастап көші-қон сальдосы мәні төмендеп, 2018 жылы – 29121 адамға жетті. 2012 жылдан бастап республикадан кетушілердің саны артуда. Себебі республикада экономикалық-әлеуметтік дағдарыстар орын алып, халықтың экономикалық белсенділігі төмендеді. Сондықтан әр түрлі мақсаттарда Қазақстаннан көшіп кетушілердің саны артқан.

Халықтың біліммен қамтылуы Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының негізгі индикаторларының бірі болып табылады. Осы бағытта Қазақстан дамудың жоғары деңгейіне жетті. Қазіргі уақытта қазақстандықтардың білім деңгейі 99,7 % құрайды . Бұл жетістіктер көп жағдайда еліміздің мемлекеттік бюджетінің білім беру шығындары өте жоғары болуына міндетті, 2014 жылы бұл көрсеткіш ІЖӨ-нің 3,5 %-ын құрады.

2002 жылдан бері мектепке дейінгі мекемелер көбеюде және оларда 2018 жылы 880,9 мың бала тәрбиеленген. Ал республика бойынша мектептер саны 2001 жылдан бері азаюда. 1999 жылы оқушылар саны 3117,8 мың болса, 2018 жылы 3186,2 мың болған.

Жоғарғы оқу орындары республика бойынша қысқаруда, 1999 жылы саны 163 болса, 2018 жылы 124-і қалған. Онда оқыған студенттер саны әр кезеңдерде өзгеріп отырған. 2006 жылы студенттердің ең көп саны байқалған (768,4 мың адам).

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін сипаттайтын әртүрлі статистикалық мәліметтер қаралды (2-кесте).

Осылайша, қаралған халықтың өмір сүру сапасының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері республиканың астанасында қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық жағдай туралы айтуға мүмкіндік береді.

Халықтың өмір сүру сапасының жалпылама экономикалық көрсеткіштерінің бірі халықтың жан басына келетін жалпы өңірлік өнім көлемі болып табылады.Айта кетерлігі, республика бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі үнемі артып келеді. Қаралған кезеңде бұл көрсеткіш 25 еседен астам өсті – 1999 жылғы 135 мың теңгеден 2018 жылы 3382,4 мың теңгеге дейін.

Кесте 2. Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	1999 ж.	2009 ж.	2018 ж.
Жан басына шаққандағы ЖІӨ, теңге	135 075,4	1 056 854,7	3 382 469,2
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	6105,4	7903,4	8695,0
Жұмыссыздық деңгейі, %	13,5	6,6	4,9
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге	11864	67333	162673
Халықтың жалпы санынан табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %	34,5	8,2	4,3
Мектепке дейінгі мекемелер саны	1 102	1 852	10314
Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны, мың адам	124,4	274,9	880,9
Мектептер саны	8290	7811	7393
Мектептердегі оқушылар саны, мың адам	3117,8	2534,0	3186,2
Колледждер саны	274	480	769
Колледж оқушыларының саны, адам	142 585	495 163	489818
ЖОО саны	163	148	124
Жоғары оқу орындарында оқитындар саны, мың адам	365,4	610,3	542,5

Республика экономикасының негізін өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс, сауда және құрылыс құрайды.

Халықтың өмір сүру сапасының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі Еңбек және халықты жұмыспен қамту саласының көрсеткіштері болып табылады. Статистикалық деректер экономикалық белсенді халықтың, жұмыспен қамтылған және жұмыссыз азаматтардың саны соңғы жылдары оң үрдістермен өзгергенін көрсетеді (2-кестені қараңыз).

Қаралып отырған кезеңдегі жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің оң динамикасын атап өткен жөн. Мәселен, жұмыспен қамтылған халықтың саны 1999 жылы 6105,4 мың адамнан 2018 жылы 8695,0 мың адамға дейін өсті.

Осылайша, жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 1999 жылғы 13,5 %-дан 2018 жылы 4,9 %-ға дейін төмендеді. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-тен 28 жасқа дейінгі) 2001 жылы – 16,6 %, 2009 жылы – 8,5 %, 2016 жылы – 3,8 % болды. Нарыққа көшумен халық табысының әртүрлі түрлерінің саны айтарлықтай артты,ал олардың табыстарының мөлшері көбінесе еңбек және экономикалық белсенділігімен, адамдардың бастамашылығымен, яғни, сайып келгенде , олардың жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуімен айқындала бастады .

Әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты халықтың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі шараларды іске асыру болып табылады.

Қоғамның әл-ауқатының деңгейін сипаттайтын негізгі индикаторлардың бірі 1999 жылдың қорытындысы бойынша 34,5 %-ды, 2009 жылы 8,2 %, 2018 жылы бұл көрсеткіш 4,3 % құрады.

Қызметкерлердің орташа айлық жалақысы деректер бойынша тәуелсіздік алған жылдардан бастап өсіп, қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. 1999 жылы 11864 тенге болса, 2009 жылы 67333 тенге, 2018 жылы 162673 теңгені құрады. Алайда АҚШ долларына аударып есептейтін болсақ көрсеткіштер өзгереді. 1999 жылы орташа жалақы 99 доллар болса, 2009 жылы 456 доллар, 2018 жылы 485 долларға тең. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында долларлық эквиваленттіндегі орташа айлық атаулы жалақы мөлшері бойынша Қазақстан Ресейден кейін екінші орынды алады.

Өңірлік бөліністе ең жоғары орташа айлық атаулы жалақы Маңғыстау және Атырау облыстарында, Астана, Алматы қалаларында, ең аз жалақы мөлшері Солтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында. 1989 жылы ЕО бастамасы бойынша құрылған Халықаралық комиссияның қорытындысы бойынша Ұлттық орташа жалақының 68 %-на жететін ең төменгі жалақы әділ болып саналады. Дамыған елдерде бұл принцип сақталады, ал кейбіреулерінде ұсынылған норматив одан да асып түседі. Осылайша, жалақының ынталандырушы функциясы іске асырылады.

Еңбек ақы төлеуде айырмашылықтар бар экономикалық қызмет түрлері бойынша. Ең жоғарғы еңбекақы мөлшері тау – кен өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда – 251686 теңге, ең төменгі – ауыл, орман және балық шаруашылығында – 66483 теңге.

Қорытынды. Талдау нәтижесінде 2010-2018 жылдар кезеңіндегі халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері және олардың динамикасы әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясат жеткілікті түрде тиімді екенін дәлелдейді. Мемлекет қоғамда экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, адамдардың ұзақ, қауіпсіз, салауатты және қолайлы өмірі үшін қолайлы жағдай жасайды, сондықтан бүгінгі таңда мемлекеттің басты мақсаты Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған дұрыс әлеуметтік саясат болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері туудың жоғары деңгейі; халықаралық стандарттарға бағдарланған білім беру жүйесін материалдық-техникалық жарақтандыру; халық үшін медициналық көмектің жоғары технологиялық түрлеріне қолжетімділік; өмір сүру деңгейінің тұрақты өсуі; жыл сайын жаңа жұмыс орындарын құру республиканы дамытудың бәсекелестік артықшылықтарын анықтады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050 «Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

2 «Цифрлық Қазақстан»мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

4 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016.

5 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген. - Астана, 2018.

6 ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің Интернет-ресурсы http://www.stat.gov.kz.

7 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты http://www.akorda.kz/en/republic_of_kazakhstan/astana.

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 06.73.75

ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЕСИЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

К.К. Рахимжанова
PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Банк секторының тұрақтылығына кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі – проблемалық несиелер. Осы проблемалық несиелер банктердің, сонымен қатар жалпы экономиканың дамуының өтімділігін төмендетіп отыр. Проблемалы несиелер – бұл қарызды қайтармау немесе қайтару ықтималдылығы төмен несиелер. Сондықтан, банк несие бергеннен кейін, несие бойынша шығындардың болмауына шаралар қолдануы керек. Проблемалық несиелерді басқару – банктік тәжірибеде ең маңызды аспектілердің бірі.

Түйін сөздер: банк, несие, проблемалық несиелер, шығын, дефолт, қарыз, тәуекел, басқару.

Қазіргі кезде жаһандық ауқымда және мемлекет шеңберінде қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды проблемалардың бірі банктердің балансын жұмыс істемейтін активтерден тазартуға арналған тиімді шаралар әзірлеу және пайдалану болып табылады. Дағдарысқа байланысты банктер, компаниялар және басқа да қаржы нарығының қатысушылары өздерінің шығындарын қысқарта бастады. Қазақстан үшін проблемалық несиелерді басқару өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені отандық банктердің несие портфеліндегі мерзімі өткен және күмәнді несиелердің үлесі дамыған елдердің банктерінің мөлшерінен көп болып келеді. Сол себепті, халықаралық тәжірибе нәтижесі көрсеткендей банк қызметінің тәуекелдерін азайту үшін, ҚРҰБ-і үнемі жалпы тәуекелдерді басқаруды жетілдіру мақсатында іс – шаралар қолданады және ең бастысы несиелік тәуекелге үлкен мән беру қажеттігін анықтайды [1].

1 сурет. Проблемалық несиелерді басқару жүйесін ұйымдастыру элементтері.

Өкінішке орай, банктер көбіне ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтерді қалыптастыруға жұмсалатын қаржыны барынша аз бөлуге тырысады. Бұл жағдай коммерциялық банктер қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету проблемаларына ұшырайтын дағдарыстар кезінде өте маңызды, ал ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтерді қалыптастыру несиелік ұйымдардың шығыстарын арттырады, табыстылық көрсеткіші мен капиталдың жеткіліктілігі көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізеді, банктердің орнықтылығы әлсіреп, олардың тұрақсыздық жағдайындағы осал тұстары көбейеді.

Нәтижесінде, несиелік ұйымның есептерінде белгілі бір ауытқулар орын алады, кейбір жағдайлар көрінеу жасырылып қалады, сөйтіп, несиелік ұйым проблемалық несиелерді басқару әдістері тиімсіз болған жағдайда қорғаусыз қалып, өзін-өзі қиын жағдайға итермелейді. Бұл себептер көбіне ықтимал шығындарға арналған резервтердің проблемалық несиелерді басқаруда реттеуші тарапынан ең қатаң реттелетін әдіс екенін түсіндіреді.

Сонымен, жүргізілген талдау коммерциялық банкте проблемалық несиелерді басқару жүйесін құру кезінде ескерілуі тиіс үш негізгі аспектіні атап өтуге мүмкіндік береді. Бұл аспектілер жоғарыдағы 1 суретте көрсетілген. Бұл аспектілердің барлығы да банктің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көрсетілуі тиіс. Қарыз алушының қаржылық жағдайын қайта қараудың жиілігі несиелік шарт талаптары бұзылмаған жағдайда жарты жылды құрайды.

Проблемалық несиелермен жұмыс жөніндегі менеджердің жауапкершілігіне қарыз алушының қаржылық жағдайына талдау жүргізу және мәміле бойынша тәуекелдерге қаржылық талдау жасау бойынша барлық функциялар, сонымен қатар тиісті шешім қабылданған жағдайда кепілге қойылған мүлікті сату мәселесін қоса алғанда, туындаған проблемалық несиелік қарызды реттеу жөніндегі келіссөздерді ұйымдастыру бөлігінде клиентпен өзара әрекеттестік бойынша функциялар қоса жүктеледі. Клиенттік менеджердің, кепілдік менеджерінің және несиелік әкімшінің несие үшін жауапкершілігі сақталады, алайда, олардың жұмысын үйлестіру проблемалық несиелермен жұмыс жөніндегі менеджерге ауысады.

Проблемалық несиені басқару стратегиясын бекіту туралы шешімді проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі менеджердің ұсынуы бойынша Проблемалық несиемен жұмыс жөніндегі комитет қабылдайды. Практикада қолданылып жүрген стратегиялардың қатарында сот арқылы өндіріп алу, кепілді ерікті түрде сату (банк сатып алушыны іздестіруге жәрдемдеседі), төлем мерзімдерін кейінге қалдыра отырып, қарызды қайта құрылымдау, талап ету құқықтарын қайта табыстау және беру туралы келісім жасау, қарызды үшінші тұлғаға аударудың кешенді схемалары (мысалы, банктен алынған заем қаражаттарының есебінен қарыздарды қайта қаржыландыру жобалық қаржыландыруда қолданылады, яғни қарызды өтеу жөніндегі міндеттемелерді қабылдаушы компания бастапқы қарыз алушының аяқталмаған жобасын бақылау құқығына ие болатын кездерде) және т.б. стратегияларды атап өтуге болады.Мұнымен қоса, Базель II талаптарына сәйкес капиталдың жеткіліктілік деңгейін анықтау мақсатында Банкте «дефолт» дәрежесін беру рәсімі қолданылады. Бұл рәсім бойынша дефолттың 11 индикаторы қарастырылған, олардың ішінде: төлемнің 90 күннен аса кешіктірілуі, қарыз алушының банкротқа ұшырауы, мәміле бойынша шығындардың күтілуі, кросс-дефолт (қарыз алушының басқа ұйымдардың алдындағы міндеттемелері бойынша дефолт деп тану) және т.б. Дефолт деп тану бір мезгілде қарыз алушының барлық міндеттемелері бойынша жүргізіледі және оларға сапаның V санаты тағайындалып, ықтимал шығындарға арналған резервтерді 100 % қалыптастыру қажет болады. Дефолттың барлық оқиғалары бойынша банкте дефолт деп танылған сәттен бастап ол аяқталғанға дейін EAD шамасы мен оның өзгерістерінің есебін жүргізу қолға алынады.

Дағдарыстан кейін А Банкінің проблемалық несиелерді басқару жүйесіне енгізілген жаңалық – тәуекел мәртебесін тағайындау рәсімінің қабылдануы болды. Бұл рәсімнің мақсаты қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалаулардың арасындағы кезеңдерде несиелік тәуекелдің деңгейін қадағалау болып табылады. Қарыз алушының тәуекел-мәртебесі үш түстің біреуімен белгіленеді – жасыл түс (қалыпты), сары (күмәнді) және қызыл (проблемалық). Тәуекел мәртебесін тағайындау 27 дабыл белгілері бойынша жинақталған ақпараттардың негізінде жүргізіледі, ол белгілер несие шарты талаптарының орындалу жағдайларына және қарыз алушы туралы сыртқы ақпараттарға байланысты болады. Әрбір дабыл белгісі белгілі бір кезеңділікпен бағдарламалық ортада алдын ала өңдеуден өтеді, одан кейін растау немесе жоққа шығару үшін жауапты қызметкерге жолданады. Дабыл белгісінің деңгейін өзгертуді жауапты қызметкер жүзеге асырады, ол сонымен қатар осы дабыл белгісі бойынша тиісті пікірілерін білдіреді. Дабыл белгісінің деңгейі туралы жинақталған ақпараттар мен пікірлердің негізінде тәуекел-менеджер, қарыз алушыны қолдауға жауапты қызметкер қарыз алушының тәуекел мәртебесін өзгерту қажеттігі туралы қорытынды жасайды. Тәуекел-мәртебесіне сары түстің берілуі қарыз алушының күшейтілген бақылауға алынуын, қызыл түс – несиенің «проблемалық» деп танылуын, қарыз алушының қаржылық жағдайын кезектен тыс бағалауды және осы қарыз алушының несиелерін басқаруды проблемалық несиелерді басқару бөліміне беруді білдіреді.

Міне осылайша, корпоративтік қарыз алушылардың проблемалық несиелерін басқарудың көрсетілген рәсімдерін, проблемалық несиелерді басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғарыда келтірілген аспектілерімен салыстыра отырып, мынадай қорытындыға келе аламыз:

1. Ұйымдастырушылық құрылым тұрғысынан алғанда банк проблемалық несиелердің басқарылуын банкішілік мамандандырылған бөлімшеге беру саясатын жақтайды. Осылайша,

бір жағынан, проблемалық активті жеке ұйымға бөліп шығаруға байланысты заңдық тұрғыдағы тәуекелдерден құтылады. Екінші жағынан, жеке бөлініп шыққан бөлімше қызметкерлерінің арасында «аттитюд» феноменінің туындау тәуекеліне, жауапкершіліктің басқаға берілуі кезінде құжатталмайтын ақпараттардың жойылуына байланысты жоғарыда сипатталған шектеулер сақталады. Соған қарамастан, бұл кемшіліктер клиенттік менеджердің проблемалық несиелерді басқаруды жүзеге асыратын командада ішінара қалдырылатындығымен айтарлықтай дұрысталатынын айта кетуіміз керек.

2. Проблемалық несиені басқару контексінде талдау жүргізілген банкте қолданылатын басқарудың бірден-бір деңгейі – жеке несиелер деңгейі. Бұл тәсілдеме қарыз алушымен әріптестік қарым-қатынастар орнату туралы шетелдік зерттеулерге жүргізілген талдаулардың негізінде жасалған қорытындыларға толығымен сәйкес келеді.

3. Проблемалық несие тәуекелдерін бағалау мен ықтимал шығындарға арналған резервтердің мөлшерін өзгерту рәсімдері ресмилендірілген және барынша регламенттелген. Үшінші тараптармен өзара әрекеттестікке байланысты әдісті таңдау туралы шешім алқалы түрде қабылданады және банктің мамандандырылған комитетінің шешімдерімен бекітіледі.

4. банктегі проблемалық несиелерді басқару негізінен «тегінде проблемалық несиелер» деңгейінде жүзеге асырылады. Жүйенің бұл кемшілігін жою үшін несиелерді проблемалылықтың алдындағы сатыда айқындауға мүмкіндік беретін тәуекел-мәртебесін тағайындау рәсімі енгізілген болатын. Солай бола тұрса да, қарыз алушының тәуекел-мәртебесін өзгерткеннен кейін жүргізілетін рәсімдерде, автордың пікірі бойынша, несиенің «тегінде проблемалық несие» санатына өтуін ерте бастан тоқтатуға мүмкіндік беретін тәсілдемелер жоқ. Тәуекел-мәртебесін тағайындау рәсімінің келесі бір кемшілігі оның шектен тыс күрделілігі (бұл басқа бағыттарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін) және оның қолданылуының әрбір сатысында да кездесетін субъективизм деңгейі. Осыған қарамастан, проблемалылық белгісін ерте бастан анықтау қажеттігіне банктің баса назар аударуы, банк басшылығының осы бағыттың маңызын түсіне бастауында деп санайды авторлар.

Осы зерттеудің авторы өз тарапынан проблемалық несиелерді басқару рәсімдерін екі өлшемді матрица түрінде реттеуді ұсынады, ол осы зерттеудің бірінші тарауында белгіленген проблемалылық сатылары бойынша жіктемеленген несиелердің санаттары мен проблемалық несиелерді басқару әдістеріне негізделген. Автордың пікірі бойынша проблемалылықтың әрбір сатысы үшін талап етілетін шаралардың ең аз мөлшерін көрсететін мұндай матрица А қосымшада көрсетілген. Коммерциялық банктегі проблемалық несиелерді басқару бойынша өзара әрекеттестік үдерісін ұйымдастыру көбіне нақты бір банктің ұйымдастырушылық құрылымына, сонымен қатар, проблемалық несие үшін жауапкершіліктің бөлінуіне қатысты таңдап алынған стратегияға байланысты. Соған қарамастан, проблемалық несиені басқару үдерісін сипаттау тұрғысынан алғанда кейбір жалпы ұсыныстар әзірлеп шығаруға болады. Ұсынылып отырған үдерістің схемасы 5 схемада көрсетілген.



2 сурет. Проблемалық несиені анықтау және басқару үдерісі

Үдерісті ұйымдастырудың ұсынылып отырған схемасы бойынша, несиелік ұйымда ықтимал проблемалық несиені ерте бастан анықтауға бағытталған, тұрақты жұмыс істейтін мониторинг жүйесі болуы тиіс. Бұл жүйе қарыз алушы туралы деректерді біріктірілген көрсеткіштердің құрамында күнделікті негізде бақылап отырады. Бақыланып отырған көрсеткіштер белгілі бір деңгейге жеткен кезде ықтимал проблемалық несиемен жұмыс үдерісі іске қосылады, бұл өз кезегінде қарыз алушының қаржылық жағдайын неғұрлым егжей-тегжейлі бағалауды жүзеге асыруды көздейтін үдеріс.

Банкте қабылданған рәсімдерге сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалаумен қоса, дәл осы сатыда қалыптасқан жағдайды анықтап, туындаған қаржылық қиындықтарды шешу мәселесі бойынша клиенттің белсенді өзара әрекеттестікке қаншалықты дайын екендігі туралы қорытынды жасау үшін компания басшысымен кездесу өткізу ұсынылады.

Белгіленген екі рәсімді орындау барысында қарыз алушы туралы жағымсыз хабарлар расталған жағдайда, дәл осы кезеңде несиенің қамтамасыз етілуінің мониторингін жүргізу қажет. Жүзеге асырылған шаралардың қорытындысы бойынша, ұсынылып отырған үдерістің құрылымына сәйкес қарыз алушы-компанияға осы зерттеудің бірінші тарауында ұсынылған 5 проблемалылық санаттың бірін тағайындау туралы шешім қабылдануы тиіс. Егер егжей-тегжейлі талдау барысында ықтимал проблемалылық туралы ақпарат дәлелденбесе, несие мониторинг сатысына қайтарылады.

Проблемалылық санаты тағайындалған жағдайда, проблемалық несиелерді басқару әдістерінің матрицасы негізінде, осы активті басқарудың стратегиясы жасалады. Айта кететіні, проблемалық несиелерді басқару стратегиялары толығымен реттелмейді. Әрбір нақты жағдайда қарыз алушының ерекшеліктеріне, оның саласына, бизнес-жоспарына, қамтамасыз ету параметрлеріне, банкпен қарым-қатынас дәрежесіне қарай стратегия да нақтыланып отыруы тиіс. Осыған қарамастан, проблемалылықтың әрбір санаты үшін негізгі басқару әдістерінің регламентациясы басқарудың дербес стратегиясын неғұрлым жедел таңдап алуға мүмкіндік береді және стратегия таңдаудағы операциялық тәуекелдің мөлшерін төмендетеді.

Келесі кезең – таңдап алынған стратегияны іске асыру. Нақты несиелік ұйымның таңдап алған тәсілдемесіне қарай проблемалық несиені басқару жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерді тарту немесе несие үшін жауапкершілікті мамандандырылған бөлімшеге ауыстыру шаралары осы кезеңде жүзеге асырылады.

Таңдап алынған стратегияда қарастырылған шаралардың қорытындысы бойынша, жүзеге асырылған іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау жүргізіледі, қарыз алушының қаржылық жағдайының серпіні мен келешегі бағаланады. Дәл осы кезеңде несиенің проблемалылық санатын қайта қарау да жүргізіледі. Егер, қабылданған шаралар тиімді болып, несиеге қызмет көрсету болжамы тұрақты болып шықса, несие мониторинг сатысына қайтарылады. Ал, проблемалылық санаты әлі де сақталып отырған болса немесе нашарлай түскен болса, онда несие басқару стратегиясын әзірлеу сатысына жолданады.

Сонымен, проблемалық несиені басқару жүйесін құрудың аясында банк үш негізгі аспектіні бақылауда ұстауы тиіс: ұйымдастырушылық құрылым және жауапкершіліктің бөлінуі; проблемалық несиені басқару жүзеге асырылатын бірігушіліктің деңгейі; банкте туындаған проблемалық несиелерге қатысты қолданылуы мүмкін басқару әдістері. Осы аспектілер нақтыланғаннан кейін проблемалық несиелерді басқару жүйесі банктің ішкі құжаттарымен регламенттелуі тиіс. Зерттеу авторы бұл үшін «проблемалылық санатына сәйкес басқару әдістерінің матрицасын» қолдануды ұсынады. Өзара әрекеттестік үдерісін проблемалылық белгілерін ерте бастан анықтаудың тұрақты жұмысісстейтін жүйесін енгізуді ескере отырып құру, ұсынылып отырған матрицаны пайдаланып әрбір проблемалық несиеге қатысты басқару стратегияларын әзірлеу ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Нурсибалиева А.К., Өмір А.Ж. «Екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелері: ағымдық жағдайы, басқару мәселелері және оларды шешу бағыттары», Транзитная Экономика №4 (104)2015 17 бет

2 Лыкова Н.М. Развитие методов управления проблемными кредитами в коммерческом банке. Автореферат. Москва -2013. С 14-15 [Электрон.ресурс]. http://www.dslib.net/search/ (дата обращения:21.03.2020)

ГРНТИ 06.73.02

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ДЕНЕЖНОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

А.С. Садвакасова
Ст. преподаватель, Евразийская юридическая академия имени Д.А. Кунаева, г. Талдыкорган

Денежная система – форма организации денежного обращения в той или иной стране, сложившаяся исторически и закрепленная законом. Отдельные элементы денежной системы мировой цивилизации известны с давних времен и связаны с возникновением денежной формы стоимости – денег. В каждом государстве существует своя национальная денежная система.

Ключевые слова: денежная система, денежная единица, тенге, Национальный Банк, кредитная политика.

Данная тема актуальна на сегодняшний день, так как деньги играют фундаментальную роль во всех сферах деятельности государства. Более того, они кажутся столь естественной характеристикой экономики, что мы не представляем, какой была бы жизнь без них, вероятно, крайне трудной. Даже проведение простых операций купли продажи было бы слишком трудно и обременительно.

Характеризуя денежную систему Республики Казахстан в целом, можно отметить следующие признаки:

1. Денежная система не основана на деньгах, выступает в качестве денежного товара, могут выпускаться памятные монеты, изготовленные из серебряных, золотых и платиновых сплавов.
2. Единственным эмитентом денег является государство, в лице Национального Банка, который является единственным эмиссионным центром.
3. Денежная единица – казахстанский тенге – не содержит масштаба цен.
4. Казахстанский тенге является единственным законным платежным средством на территории РК.

В связи с последними введениями в Казахстане фиксируется резкое падение тенге после введения плавающего курса. Факторы, способствующие понижению курса тенге:

− Низкий спрос на тенге;
− Отрицательное сальдо платежного баланса;
− Дефицит госбюджета;
− Отсутствие доверия к национальной валюте, которое вызвано тяжелым экономическим кризисом, постоянным пассивным платежным балансом.

Однако Национальный банк проводит следующую политику, которая способствует повышению курса тенге:

1. Валютная интервенция. Однако интервенция имеет отрицательную сторону – может привести к истощению золотовалютных запасов.
2. Дефляционная политика, направленная на сжатие денежной массы. Для сокращения денежной массы Национальный банк РК пользуется инструментами денежно-кредитной политики [1, 5].

Жоғарыда аталған туындылардың барлығы графикалық техниканың көмегімен түсірілген болатын. Ал, көлемді (қуыршақты) мультипликацияның алғаш есігін ашқан Владислав Старевич болды. Ол 1909 жылы «Инеліктер өмірі» және «Қоңыз – қи қоңыз» атты жәндіктер туралы екі туындысын жарыққа шығарады. Жасалған жұмыс өнертапқыштың көңілінен ерекше орын алады. Осылайша, ол алдына мүйізді қоңыздардың өзара шайқасын көрсететін деректі фильм түсіру мақсатын қояды. Бұл ойы өкінішке орай іске асқан жоқ. Себебі шамның жарығынан қорыққан жәндіктер, қимыл-қозғалыссыз тұрып қала берді. Бұл сәтсіздіктің шешімін В. Старевич мультипликация өнерінен табады. Осылайша 1911 жылы ол әлемдегі алғашқы көлемді мультфильм «Ғажайып Люканида, мүйізділер мен мұрттылар шайқасын» жарыққа шығарады. Көз алдындағы жәндіктердің ойындарына тәнті болған көрермен, В. Старевичті жәндіктердің жаттықтырушысы деп ойлап та қалады. Бұл туындының сәтті шығуы В. Старевичтің «Инелік пен құмырысқа», «Жануарлар өмірінің қызықты көрінісі» және т.б. мультфильмдерін жасап шығуына себепші болады. Көріп отырғанымыздай осы туындылар болашақта, «қуыршақты анимация техникасы» деп аталатын жұмыс істеу тәсілінің негізін қалады.

Анимация өнерінің бір тармағы болып қалыптасқан Жапондық аниме жайлы айтпасқа болмайды. Бүкіл әлемге атақты болып, өзінің миллиондаған жанкүйерлерін ерткен аниме стилі анимациядағы тәуелсіз бағыт ретінде 1958 жылы пайда болды. Аниме тарихы XX ғасырдың басында, жапондық суретшілер шетелдіктердің әсіресе Батыс елдерінің анимациялық фильмдерді жасау тәсілдеріне үлкен қызығушылық танытқанынан басталады.

Тарихи деректерге сүйенсек 2005 жылы ең көне анименің 1907 жылы бір ғасырға жуық уақыт бұрын жасалғаны анықталды. «Кацудо Сашин» атты қысқа мультфильм целлулоид лентаға салынған елу кадрден тұрды. Онда бейнеленген бала «жылжитын фотолар» (写真写真) дегенді білдіретін иероглифтерді сызады. Ол белгілер сол уақытта «кино» сөзін білдіру үшін қолданылған. Сөзді жазып болған бала, көрерменге қарай бұрылып бас киімін шешіп, басын иіп тағзым етеді. Бұл туындының суретшісі мен авторы әлі күнге дейін белгісіз.

1917 жылы Жапонияда алғашқы анимациялық фильмдер пайда бола бастады. Олардың ұзақтығы бір минуттан бес минутқа дейін созылды. Дегенмен, жапон анимациясының аниме бағытында өріс алуына айтарлықтай әсер еткен «Toei» студиясының «Ақ жылан туралы аңыз» мультфильмі болды. Алғашқы аниме-сериал «Otogi Manga Calendar» деп аталды, бұл ақ-қара түсті тарихи оқиғаны түсірген «Otogi» студиясы еді. 1963 жылы Осаму Тэдзуки (кейіннен «Манга жаратушысы» деп аталып кеткен) «Mushi Productions» студиясының негізін қалап, өзінің алғашқы

«Tetsuwan Atom» аниме-сериалын түсіреді. Осыдан аниме Жапонияда және шеткі елдерде кеңінен тарала бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Thomas F., Johnston O. «Disney animation: the illusion of life»
2 Williams R. «The Animator's SurvivalKit»
3 Арнольди Э.М. «Жизнь и сказки Уолта Диснея». – Л.: Искусство, 1968. –34 с.
4 Иванов-Вано И.П. «Кадр за кадром». – М.: Искусство, 1980. - 239 с.

ҒТАМР 18.67.01

КОММЕРЦИЯЛЫҚ КИНОДАҒЫ ПРОДЮСЕРДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Е. Есентаев
Магистрант, Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бұл мақалада коммерциялық кинодағы продюсердің қызметі, оның маңыздылығы мен ерекшелігі туралы қарастырылады. Сондай-ақ, кинодағы продюсердің түрлері мен олардың негізгі жұмысына назар аударылады. Әлем киносындағы танымал деген продюсерлердің жұмыс істеу тәсіліне мән берілді. Сонымен бірге, бүгінгі отандық коммерциялық кино продюсерлерінің қандай тәсілге жүгінетіні, продюсер мен кино түсіру тобы (сценарий авторы, режиссер, оператор, суретші, актерлер, т.б.) арасындағы өзара шығармашылық байланыс сарапталды.

Түйін сөздер: кинематограф, продюсер, коммерциялық фильм, сценарий, кинорежиссер, дистрибьютор, идея.

Продюсер мамандығы 1910 жылдары Голливудта кинематографты елеулі индустрияға айналдыра отырып пайда болды. Сол кезде продюсерлік цех пен режиссерлік цех арасындағы қарама-қайшылықтар да байқалды. Продюсер әрбір фильмді коммерциялық жоба ретінде қарайды. Режиссердің көзқарасы мүлдем өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, продюсер Дэвид Селзник және оның «Унесенные ветром» (1939) фильмін алайық. Бұл фильм кино тарихындағы ең кассалық болып саналады, ал Селзниктің өзі – голливудтық ең табысты продюсерлердің бірі болды. Бұл фильм оған алғашқы «Оскар» сыйлығын әкелді. Фильммен жұмыс істеу барысында мұндай табысқа Селзник төрт режиссерді ауыстырды.

Продюсер мамандығы жауапкершілікті, өзіне деген сенімділікті, өзін-өзі ұйымдастырушылықты, шешім қабылдау қабілетін, әртүрлі адамдармен жеке қарым-қатынас жасауды, өнер адамдарымен және бизнесмендермен ортақ тіл табуды көздейді.

Ресейлік киноөндірісінің танымал продюсері С. Сельянов: «Ақша әлемі құмарлыққа толы, шығармашылыққа деген мүмкіндік спецификалық тұрғыдан аз да емес. Өнерден бұрын ақшаны маңызды ететін адамдар да бар. Менің ойымша ақшаға жаны жоқ зат ретінде, құнсыз пленканы жасайтын натрийдің сульфиті ретінде қатынас жасау қажет. Бірақ, солай дегеннің өзінде ақшасыз, реактивтерсіз, эмульсиясыз, пленкасыз бейнені жасайтын тылсым процесс орнамайтынын да ұмытпай қажет» [1].

Кинопродюсер мамандығына нақтырақ қарайтын болсақ: фильм жасаудағы идеялық-көркемдік бөлігі мен қаржы-ұйымдастыру салаларын бақылайтын кинокомпанияның сенімді өкілі немесе жеке ұсынушы дейміз. Ол актер таңдау мен техникалық топты жасақтауда белсенді әрекеттер жасайды. Продюсердің функциясын режиссер, актер, сценарист секілді кең көлемді жұмысты жасай алатын адамдар орындауға мүмкіндігі бар.

Продюсер – ереже бойынша фильмнің басталған сәтінен аяқталғанынша режиссермен бірге басқарушы адам. Бастапқы процесс ретінде болашақ картинаның идеясы, сюжеті мен атмосферасын сездіретін бірнеше сөйлемдерді айтамыз. Бұл жағдайда фильмді алып бәйтерек деп теңесек, оның өзі кішкентай ғана дәннен өсіп, қоршаған ортаға пайда әкелетін алып ағашқа дейінгі сәтті айтамыз. Ал, продюсер дегеніміз осынау бәйтеректі күтіп, баптайтын бағбан болмақ.

Продюсердің негізгі мақсаты – түсірілім тобына түсірілім барысында барлық жағдайды жасап, шығармашылық межеге (жоғарғымақсатқа) жетуге мүмкіндік жасау:

Кириллов Н.Б. кинодағы продюсер мамандарының түрлерін келесідей сатыларға бөледі:

− Бас продюсер – фильм жұмыстарына жағдай жасайды. Дистрибьюторлармен келісім және негізгі мамандарды жалдау, бюджетті ұлғайту мәселелері секілді сұрақтарды басқарады, координаттайды. Бас продюсер фильм жасаудың барлық кезеңдерінде, дайындықтан көрсетілімге дейін қатысып, бірақ, ереже бойынша түсірілім процессіне физикалық тұрғыдан араласпайды.

− Атқарушы продюсер – ірі жобаларда студиялардың бірінің басқарушысы немесе бейнесі болады, негізінен ірі инвестордың бірі болуы да мүмкін. Өндірістің қаржылық, әкімшілік және шығармашылық аспектілерін бақылап, техникалық тұрғыдан қатысады. Атқарушы продюсерлер түсірілім алаңында жүріп, кейде жобаның көркемдік қырына әсерін де тигізеді.

− Сопродюсер – атқарушы продюсердің алдында есеп беретін және фильмнің қаржысын басқаратын маман.

− Ассоцивті (ассоциированный) продюсер – продюсерді ұсынушының рөлін қамтамасыз етіп, қаржылық, шығармашылық және әкімшілік функцияларға жауап бере алады. Әдетте жобаға ірі қаржылық немесе шығармашылық тұрғыдан қолдау білдірген, сарапшы ретінде көмектесетін кино өндірісінде айтарлықтай тәжірбиесі бар адамдар қатысады.

− Көмекші продюсер – ассоциировті продюсердің басқаруымен жұмыс істейді.

− Линиялық продюсер – күнделікті өндіріс пен фильмнің қаржысын бақылап, атқарушы продюсердің кейбір функцияларын атқарады.

− Әкімшілік продюсер – өндірістің әр кезеңінде штаттан тыс жұмысшыларды жалдап, дирекоторлар кеңесіне есеп беретін маман [2, 165-166 б.].

Продюсерлер жүйесі 1910 жылы Голливудта пайда болып, кинофильмнің өндірісі мен көрсетілімің ұйымдастыру мен қаржылық мәселелерді шешетін жеке жауапты маман қажеттіліген жасаған үлкен қадам болды. Кинорежиссер Г.В. Александров 1930 жылдары американдық кинематографияның спецификасын толықтай зерттей отырып, өзінің кітабында: «Соғысқа дейінгі америкалық кинолардың бейнесін режиссерлерден бұрын продюсерлер көп анықтайтын. Классикалық Голливудтағы продюсердің жарқын мысалы ретінде И. Тальбергті айтамыз; өмірден өте салысымен Америкалық киноакадемия оның есімінің құрметіне үздік кинопродюсерлерге арналған жүлде тағайындады.

Продюсерлердің жұмысындағы ең үлкен мәселе – шығармашылық тұрғыдан басқару мен кадрлық сұрақтар. Мысал үшін «Унесенные ветром» жобасында Д. Селзник өндіріс барысында төрт режиссерді ауыстырған» деп жазады [3, 32 б.]. Ал, кейде продюсерлер режиссерлердің жолын кеспестен, көптеген жас режиссерлердің бағын ашатын сәттер де кездеседі.

Заманауи кино теоретигі А. Кролмен келісетін болсақ, «кино арқылы табыс әкелетін модельді екіге ғана бөле аламыз»:

− Америкалық модель, көрсетілімде жақсы нәтиже көрсету арқылы, өзге саудалар мен құқығын сату табыстары. Бұл классикалық сауда моделі. Кез келген ұлттық кинематографияның прокаттық кино саудасын дамытуы үшін өте қажет. Әрбір жеке кинофильмнің реалды бюджетіне шынайы шектеуге дейін дамыта алады. Сауда елдеріне барлық ағылшын тілді елдер Франция, Германия, Италия, Үндістан, Жапония және Азияның бірқатар елдері жатады. Бұл елдер айтарлықтай бюджеттегі фильмдер түсіріп, қайтарып ала алады. Ең ірі сауда ошақтары болып АҚШ пен Канада саналады. Бұл елдерде үлкен потенциал мен бәсекелестік дамыған. «Алтылық» бейнесіндегі америкалық өндірушілер әлемде басым болуда. Бұл модель төңірегінде де классикалық сауда продюсерлері жұмыс істейді.

− Бюджетті модель, кең көрсетілімге арналмаған, дегенмен продюсерлер фильм өндірісі үшін ақша тауып, пайда жасай алатын түрі. Бұл модельдер Ұлыбританияда, Францияда, Ресейде жәні кино саласына мемлекеттік қолдау көрсететін жүйесі бар барлық мемлекеттер енеді. Қазақстан да осы қатардан табылады. Бұл модель жалпы пайдадан табылған және шығыннан есептеледі. Дәл осындай модельмен ресейлік және қазақстандық продюсерлердің 99 % жұмыс істейді [4].

Маңыздысы екі жағдайда да пайда табу жолы айтарлықтай айырмашылықта. Алғашқысы – әлемдік деңгейдегі кең прокат әрі мол табыс. Екіншісінде фильм жасау үшін ақша табу және сол ақшаны барынша үнемдеу. Осыған орай өндірушілер фильмнің прокатына да әр түрлі қатынас жасайды.

Әлемге танымал продюсерлердің қатарында Тимур Бекмамбетовты айтсақ болады. Ең алдымен ресейлік кино саласын өзінің танымал туындыларымен таңғалдырып, киноөндіруші ретінде орнын қалыптастырып, бүгінгі таңда Американы бағындырып жүр.

А. Крол «Привлечение финансирования кинопроектов независимыми продюсерами» атты еңбегінде былай деп жазады: «Сауда моделімен жұмыс істейтін продюсерлер мүмкіндігіне қарай кең көлемдегі прокаттарға ұмтылады, МРАА ның хабарлауынша заманауи фильмдердің орташа

маркетингтік бюджеті өндірілген фильмнің 70-80% болады. Олар осы дәрежеге жету үшін барлық маркетингтік құралдарды: фестивальдер, сауда, жарнама және PR пайдаланады. Ресейдегі прокат табысын киноның сапасы емес, жарнама компаниясының сапасы анықтайды, ол кинотеатрдың саясатына тікелей байланысты. Сауда продюсерлері классикалық «блокбастерлер» моделіне ұмтылып көп экран, кең промоушен бағытында істейді. Кәсіби мамандар бұл жағдайда сәтті продукты мен сенімді сценарий және талантты жандарды қауыштыруға тырысады» [5, 19 б.].

Қазақстандық продюсерлердің де жұмыс істеу моделі ресейлік немесе ТМД елдері аумағындағы елдердің моделінен айырмашылығы жоқ. Біздің елдегі продюсерлер көп жағдайда фестивальдердің көмегіне сүйенеді. Арнайы жүлделер және отандық номинацияларға үмітті. Ал, жалпы коммерциялық фильмдер тұрғысынан бюджеттің қайтуы үшін, арнайы статистикалық жүйелерді жіті зерттеу өте маңызды.

Қаржылай және техникалық сұрақтардан алшақ кетіп, аудивизуальды салада киноны продюсерлік ету өзінің жеке дара бейнесінде, табиғи қалпында шығармашылық пен өнердің бөлігі бола алатынын анықтап алуымыз қажет. Өнер – туындатушы мен туындыны бағалайтын жанның арасындағы диалог. Ал, продюсерлер осынау диалогты туындату үшін еңбектенетіндіктен, шығармашылық адамы деп толықтай айтуға болады. Әрине, шынайы өнер тұрғысынан келгенде объективті көзқарастан алшақ кетеді.

И.Е. Кокаревтің пікірінше: «Коммерциялық фильмдер әрқашан үлкен киностудиялармен немесе шағын, бірақ коммерциялық жағынан сәтті кинокомпаниялармен байланысты. Өндіріс деп аталатын компанияларды, әдетте, кино өндірісінің ұйымдастырушысы болуға шешім қабылдаған, қаражат табу, шығармашылық топтар құру және фильмдер шығару үшін танымал кинематографистер құрады. Шындығында, бұл қандай да бір дәрежеде тәуелсіз кинокомпаниялар, өз жобаларында кинода өз бетінше жұмыс істейді, бірақ оларды нақты өндіріске сирек жеткізеді» [6, 436 б.].

Алайда әйгілі кино жұлдыздары құрған шағын өндірістік кинокомпаниялар өздерінің салыстырмалы түрде кіші жобаларын өздері қаржыландыруға мүмкіндігі бар (мысалы, А. Джоли мен Б. Питт түсірген «Мінсіз» фильмі).

Қазіргі таңда продюсерлердің көптеп шоғырланған ортасы Голливуд екені белгілі. Кинотанушы Зейнет Тұрарбекқызы «Әлемдегі алғашқы продюсерлер» атты мақаласында былай дейді: «...Бүкіл әлемдік коммерциялық киноөндіріс Голливуд мөлшерімен өлшенетін болды. Егер, автордың жеке қолтаңбасы, стилі айқындалатын туындыны нағыз өнер деп қарастыратын болсақ, Голливуд өндірісін бір ғана топқа жинастырып қояр едік. Себебі, онда шығарылған фильмдер өте сапалы, жоғары деңгейде жасалғанына қарамастан, барлығы бір-біріне ұқсас, біртектес болып келеді. Сол себепті, Голливудта режиссерді автор ретінде емес, заманауи техниканың тілін жақсы меңгерген жалдамалы шебер қатарына жатқызады. Ал, фильмнің иесі – продюсер болып есептеліп, продюсердің бекіткен нақты сценариі арқылы түсіріледі. Сөзіміздің дәлелі ретінде, америкалық белгілі продюсер Майк Фитцжеральдтың «Караван» газетінің журналисіне берген сұхбатын мысалға келтірейін. М.Фитцжеральд, продюсер – кинопроцестің басты тұлғасы, оның өзге мамандықтарға қарағанда әлде қарай қызығырақ екендігін айта отырып: «Неліктен екендігін білесіздер ме? Өйткені, мен сценаристке үкім жүргізе аламын. Продюсер емес, сценарист болсам мен басқа адамға тәуелді болар едім. Мен болашақта жұмыс істейтін топтағы адамдарды өзім таңдап, өзім шақырамын. Фильмнің кез-келген кезеңінде жеке ойымды білдіріп, жұмыс процесіне араласа аламын, яғни менде толық еркіндік бар», - дейді. Сондықтан, режиссер фильмді түсіру барысында продюсердің рұқсатынсыз ешбір өзгеріс енгізе алмайды, бұл дегеніміз, режиссердің құзырында шығармашылық бостандықтың мүлде болмайтындығын білдіреді. Жүйе түрінде көрсететін болсақ, Һоллиуд өндірісі **продюсер → режиссер** ретімен жұмыс атқарады» [7].

Көбінесе, егер кішігірім өндірістік компаниялар тартымды фильмдер жиынтығының барлық қажетті құрамдас бөліктерін белгілі бір тұрғыдан жинай алса, олар өздері осы пакеті бар студия немесе инвестор іздейді. Бұл жағдайда бәрі коммерциялық табысқа апаратын күтпеген аудиторияның сәттілігі үшін қандай-да бір үлкен ашылуға сенеді және үміттенеді. Мұндай сенімділік болмаса, аудиовизуалды өнер саласында жол жоқ. Мұның бәрі кездейсоқ ойын сияқты. Кейде сәттілік жымиып тұрады, ал ірі кинокомпания, теледидар желісі немесе супер студия жұмыс үшін пакет алады – сол кезде, ең жақсы жағдайда, жақсы жұмыс немесе жақсы жалақы, несиедегі сызық немесе төлемнің пайызы қамтамасыз етіледі. Өндіріс компаниялары көптеген жылдар бойы жеке жобалармен жұмыс істеп келеді, арманға деген құштарлық пен сенімге негізделген.

Коммерциялық фильмдердегі продюсерлер қаржылық мәселелерді шешуге жұмыс күшін бағыттайды. Коммерциялық киноның әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, кез келген фильмнің болашақта табысты әрі сәтті шығуы тек қана продюсерге тікелей байланысты екенін аңғардық.

Себебі, продюсер фильмді таспалайтын, арнайы атмосфера сыйлайтын мамандарды да өзі тауып, олардың барлық жұмыс бағытын айқындайды. Сценарийді және оның идеясын да өзінің кино саласындағы тәжірибесіне, саналы тұрғыдан талдау жасай алатын күш-қуатына сүйене отырып жасайды.

Қолданылған әдебиеттер

1 Интервью с Сергеем Сельяновым. URL: http://kinoart.ru/archive/1998/11/n11-article13

2 Кириллова Н.Б. Медиаменеджмент как интегрирующая система. – М.: Академический Проект, 2005

3 Александров Г.А. Эпоха и кино. – М.: Политиздат, 1976, – 166 с.

4 Крол А. Продюсирование кино / Часть 1: Финансирование кинопроектов – две части единого процесса. URL: http://snimifilm.com/statyi/aleksei-krol-prodyusirovanie-kino-chast-1- finansirovanie-kinoproektov-dve-chasti-edinogo-prot

5 Крол А. Привлечение финансирования кинопроектов независимыми продюсерами. – М.: Менеджер кино, 2007, №2

6 Кокарев И.Е. Российский кинематограф: между прошлым и будущим. – М.: Русская панорама, 2001

7 Тұрарбекқызы З. Әлемдегі алғашқы продюсерлер. Электронды ресурс: https://www.oner.kz/cinema/view/4934-alemdegi-algashky-prodyuserler.

ГРНТИ 18.45.01

ПРИНЦИПЫ ПРИМЕНЕНИЯ РЕЖИССЕРСКИХ НАВЫКОВ В ПЕДАГОГИКЕ

Б.Б. Аскарова

Преподаватель, магистр, КАЗНАИ им. Т.К. Жургенова, Алматы

Статья посвящена проблеме педагогической режиссуры и деятельности современного педагога. Педагогическая режиссура рассматривается как средство создания творческой атмосферы педагогического взаимодействия и повышения мотивации учения, дается характеристика профессиональных качеств режиссера в качестве педагога. Основные понятия педагогики, применение на практике профессиональных терминов по режиссуре. Разновидность практической психологии для педагога, которая позволяет увидеть скрытые от внешнего взора нюансы отношений, опосредуемые внутренними механизмами развития личности и противоречиями образовательного процесса.

Ключевые слова: педагогическая режиссура, педагог-режиссер, режиссерские способности педагога, замысел педагогического взаимодействия, основные задачи педагога как режиссера, профессиональная терминология.

Решение проблемы гуманизации образования многие педагоги и ученые-исследователи видят в том, чтобы предложить такую его организацию, при которой учащийся был бы поставлен в условия активного, заинтересованного, творческого приобретения знаний. Педагогическая режиссура предлагает конкретные средства для этого, справедливо полагая, что проблемы отсутствия интереса, непонимания и плохой дисциплины во многом не что иное, как природная блокировка организма студента против неприемлемого способа воздействия на него и неверно выбранного педагогом стиля взаимоотношений с учеником.

Словосочетание «педагогическая режиссура» у некоторых педагогов вызывает протест. Отчасти в этом «виновата» рифма – созвучие концов слов «режиссура» и «дрессура», ассоциативно связывающее в сознании эти слова с формами директивного воздействия. Кроме того, режиссура закономерно ассоциируется с театром, а «образовательное учреждение – не театр, а серьезное заведение».

Безусловно, школа, ВУЗ – не театр и не должен им быть. Но и режиссура – не подмена обучения развлекающими играми, а организация полноценной. Сущность и принципы педагогической режиссуры жизни учащихся, студентов и педагога в момент педагогического взаимодействия. Нельзя отрицать очевидного факта, что педагог всегда выступает не только как драматург своего

урока (или лекции, семинара например), не только как одно из главных действующих лиц, но и как организатора, режиссера-постановщика (фр. *regisseur* лат. *regere* – править, управлять), который управляет педагогической ситуацией. Это означает, что он знает скрытые от внешнего взора механизмы, формирующие особенности восприятия, понимания, рождения личностного смысла. И от того, насколько искусно и мудро педагог управляет учебно-воспитательным процессом в целом и отдельной педагогической ситуацией, зависит способность ученика к личностному развитию. Говорить о режиссуре, а не об управлении, уместно в силу того, что режиссура как часть театральной сферы – это область искусства. Педагогика тоже связана с искусством: это наука об искусстве воспитания и обучения. Именно искусстве, так как эти процессы сопряжены с преобразованием и открытием действительности, с постижением сущностной стороны явлений, событий и смыслов. Чтобы надежды, возлагаемые на педагогическую режиссуру, оправдывались и желаемые положительные результаты были достигнуты, современному педагогу важно знать особенности содержания и способы воплощения идей педагогической режиссуры.

Театральная энциклопедия определяет режиссуру как «искусство создания единого, гармонически целостного художественного произведения театрального искусства с помощью творческой организации всех элементов спектакля» [11]. Умный и красивый урок тоже произведение искусства – педагогического искусства, в котором слиты воедино разум и эмоции, знания и интуитивные предчувствия. «Режиссер» буквально означает «управитель, распорядитель», и в середине XIX в. это понятие ограничивалось такой интерпретацией. В задачу режиссера входило следить, чтобы костюмеры, реквизиторы, гримеры, осветители, рабочие хорошо и вовремя обслуживали артистов. В XX в. режиссура совершила переход из профессий *интерпретаторских* в разряд авторских. Ее стали понимать как искусство художественного перевода с языка литературы на язык действия.

До К.С. Станиславского театральные актеры читали свои роли, а суфлеры им подсказывали. Он ввел новый метод театральной постановки, в соответствии с которым основная задача актера – не произносить текст со сцены, а взаимодействовать с партнером по пространству сцены. При этом смысл действия иногда приходится долго искать, углубляясь в психологию взаимоотношений. Только в том случае, когда актер понял суть действия, его направленность, интенсивность, он может выйти к зрителям, потому что только в этом случае его действия будут органичными, а речь – живой и яркой. Часто педагог идет на урок, лекцию, семинар с планом, силлабусом в котором написано, что он скажет, процитирует, о чем спросит, какие слова получит в ответ. Он считает себя готовым к уроку благодаря наличию собственного текста. На самом деле это всего лишь текст, имеющий весьма отдаленное отношение к живому взаимодействию, которое должно происходить на уроке и которое требует режиссерской партитуры – четкого постановочного плана педагогического события, определяющего, какое психологическое действие педагог будет совершать по отношению к учащимся в каждый момент общения.

Понятие педагогической режиссуры появилось в педагогическом языке во второй половине XX в. в связи с расширением представлений о функциях педагога и необходимостью создания условий для формирования в растущем человеке, его личности целостного мира культуры в его гармонической организации, потребностью сделать язык «педагогического действа» выразительным и живым. Педагогическая режиссура включает в себя несколько аспектов, среди которых можно выделить следующие:

− Наука и искусство создания гармонически целостного, законченного, обладающего научно-художественным единством педагогического процесса;

− Деятельность педагога по выстраиванию взаимодействия и взаимоотношений при работе с учащимися, студентами. Это может быть не только урок, но и перемена, деловой сбор, праздник, собрание, конференция, педсовет – всюду, где собираются люди с какой-либо педагогической целью, требуется профессиональный способ организации;

− Инструмент педагога, средство обеспечения личностной заинтересованности учащихся в ходе образования и наполнения образовательного процесса богатством личностных смыслов;

− Своеобразный профессиональный конструктор. Педагогическая режиссура предполагает профессиональный взгляд на особенности составляющих педагогический процесс компонентов с точки зрения способов их соединения и гармоничного сочетания. Важно найти «золотую середину», педагогически целесообразную, содержательную и красивую пропорцию всех составляющих процесса для максимального выявления главного, и при этом соблюсти знаменитое правило: «Минимум средств – максимум выразительности»;

− Разновидность практической психологии для педагога, которая позволяет увидеть скрытые от внешнего взора нюансы отношений, опосредуемые внутренними механизмами развития

личности и противоречиями образовательного процесса. Почему для педагога есть глубокий смысл в том, чтобы обратиться к смежной сфере – сфере театрального искусства и соотнести содержание своей деятельности с деятельностью актерско-режиссерской. Если зрители на спектакле пассивны, безучастны – театр умирает. То же самое можно сказать об образовательном процессе, хотя учащихся-студентов нельзя назвать зрителями. Эффект участия обучающихся во всем, что происходит на занятии, создает ту атмосферу, которая превращает их в сотворцов педагогического события и позволяет прожить ценность познания. Многие проблемы, возникающие в образовательном процессе, заключаются в том, что учащийся либо не хочет и не может слушать педагога, либо слушает, но не понимает. Педагог же не всегда прикладывает усилия, чтобы мотивировать ученика, студента считая, что тот просто обязан учиться. Отсюда – отчужденность и непонимание между педагогом и учеником, которые могут продолжаться довольно длительное время. Подобная ситуация абсолютно исключена в театре. Театр, не имеющий контакта со зрителем, существовать не может. Зритель «проголосует ногами» и в такой театр не пойдет. Для актеров и режиссеров умение заинтересовать, «завести» зрителя – вопрос выживания. Именно поэтому этот аспект в актерско-режиссерском искусстве проработан очень хорошо. Центральными объектами внимания театральной сферы являются:

1) общение, 2) действенная выраженность, 3) мизансцена. Эти же объекты оказываются наделенными особой значимостью, влияющей на результат процесса и в педагогической сфере. Человеческая культура существует, передается и развивается благодаря той или иной форме общения людей друг с другом. В театре представлены три типа общения:

– «Нелегальное» общение зрителей друг с другом во время спектакля;

– Фиксированное предопределенное общение актеров на сцене, когда у каждого есть текст роли, который он обязан озвучить, драматургом определены отношения между героями и т. д.;

– Импровизационное, подлинное общение на сцене, когда, несмотря на фиксированность событий пьесы и звучащего текста, то, что происходит на сцене, кажется возникающим спонтанно, «здесь и сейчас», и вызывает отклик зрителей. Возникновение сочувствующего, сопереживающего, соучаствующего характера общения возможно благодаря высочайшему мастерству актеров и режиссеров. Зрители начинают жить с персонажами единой жизнью, граница между вымыслом и реальностью размывается.

Все названные типы общения представлены и в образовательной среде.

Во время объяснения или опроса педагогом может происходить фиксированно-ритуальное общение, цель которого – создать видимость учебно-воспитательного процесса, «отыграть» положенное время, озвучить тексты учебников и программ. При этом ученики (студенты) выступают в роли статистов, могут заниматься своими делами, шептаться, перебрасываться записками, играть. Когда же педагогу интересно то, что он делает и говорит, и он прикладывает усилия к тому, чтобы и ученики добровольно заинтересовались этим материалом, они становятся учениками-импровизаторами, интерес к происходящему неизменно активизируется. Ученики начинают творчески участвовать в процессе, обретая при этом гораздо больше, чем простое получение информацию при лицезрении ритуала. Забота о смене псевдообщения на сцене (у доски) и нелегального общения в зале (в классе, учебной аудитории, лаборатории, актовом или спортивном зале) на общение подлинное, импровизационное, увлекающее всех присутствующих роднит профессию режиссера с профессией педагога, хотя пути достижения этой цели у них разные. Жизнь человека можно рассматривать как цепочку определенных действий. Актерско-режиссерское искусство строится на убеждении, что если человек действительно к чему-то стремится, то это найдет практическое выражение. Если неясны побуждения, это влияет на неясность действий. Но попутное или параллельное совершение действий простых и ясных помогает проявиться неясному побуждению. Чтобы найти «зерно роли», ее смысловой центр, актеры совершают много попутных действий. Этой возможности лишены зрители в зале и ученики в классе. На уроке педагог волен выбирать – посадит ли он учеников в «зрительный зал», где они будут только зрителями, или во время урока каждый будет искать свой выраженный в действиях образ. Любая ситуация так или иначе пространственно размещена, обозначена в мизансцене, которая опосредуется педагогической идеей, сутью, характером общения с учениками. Изменяя мизансцены, мы можем преображать ситуации и отношение к ним. Внимание педагога к изменению взглядов, поз учеников, пространственному размещению участников взаимодействия относительно друг друга предполагает создание, изменение или сохранение сложившихся мизансцен. Когда же мизансцены однообразны, это чаще всего позволяет обнаружить неестественность поведения людей и более или менее подневольное исполнение ими повинности. Из трех рассмотренных нами понятий театральной и педагогической сфер для педагогики, пожалуй, наибольшим смыслом обладает понятие действия (действенной выраженности). Взаимоотношения в действии и взаимодействии

учеников, педагогов и всех участников образовательного процесса проявляют истинную суть происходящего. Учащиеся или сидят в «зрительном зале», или активно действуют и участвуют в процессе своего образования, учатся, т. е. учат себя.

В основании педагогической режиссуры лежит постулат: любое педагогическое событие (урок, праздник, семинар, классный час и т. д.) есть действие и взаимодействие его участников. Педагогика – это движение.

Движение выстроенное, подчиненное определенной сверхзадаче, когда вместо разрозненных уроков возникает общая логика творческого развития через предмет. В связи с этим педагог как ведущий этого процесса должен быть мастером построения взаимодействий. Работа по созданию режиссерского сценария заключается в том, что урок расписывается как действенная структура, т. е. определяется, что и в каком порядке должно происходить, с какой целью и в каких мизансценах; что будет продуктивным, а что можно отбросить как лишнее, малоэффективное; в каком месте можно резко остановить работу учащихся по заданию, а где лучше дать возможность «дозреть» творческому продукту и, значит, оставить для этого заранее дополнительное время; где можно будет подсказать ученикам, а где подсказка навредит; в каком темпоритме будет проходить работа.

Педагогическое взаимодействие представляется не текстом педагога, а событиями урока, действиями педагога и учащихся. Сущность и принципы педагогической режиссуры и методические подсказки педагога, точные и интересные формулировки заданий, вопросов, правил игры проясняют для учеников их предстоящие действия. Ученикам необходимо четко представлять, что они будут делать, как, в какое время им нужно уложиться и как будет оцениваться результат их действий. Конечно, нельзя не учитывать тот факт, что значительная часть действий педагога связана со словом. Однако педагогу важно понимать разницу между «словоговорением» и подлинным продуктивным действием, которое он совершает с помощью слова [8].

Режиссерские способности педагога проявляются прежде всего в ощущении целостности, гармонии содержания и формы педагогического события, избыточности или, наоборот, недостаточности каких-то его элементов; умении определить наиболее педагогически целесообразное структурно-композиционное решение, которое позволит выразить определенную систему ценностей и отношений, избавиться от лишнего, оставив только то, без чего обойтись нельзя, без чего урок не выполнит свою важную миссию в жизни и судьбе ученика. Одним из основных аспектов педагогической режиссуры является рассмотрение ее как деятельности педагога по разработке и воплощению замысла педагогического взаимодействия, обладающего значительным гуманистическим педагогическим потенциалом. Эта деятельность предполагает:

– Нацеленность на формирование у учащихся целостных представлений, относительно завершенных способов деятельности, организацию нравственного воздействия на участников;

– Определение содержательно-эмоциональных доминант взаимодействия (Б.М. Неменский), условий появления ценностного отношения к изучаемому объекту и педагогически обоснованное структурно-композиционное построение занятия с выделением основных по мысли и силе эмоционального воздействия эпизодов;

– Определение логики взаимодействия участников и условий возникновения переживания в ситуациях взаимодействия;

– Развертывание «узловых» моментов урока во времени и пространстве педагогических мизансцен;

– Планирование и организацию темпо ритма и рисунка взаимодействия участников;

– Выбор вариантов использования вербального и невербального языка для выражения мысли и чувства, раскрывающих значение фрагмента содержания образования;

– Создание атмосферы совместного творческого поиска, общего положительного настроя, максимально благоприятных условий для интеллектуально-эмоциональной деятельности.

Таким образом, педагогическая режиссура проявляется внешне – через логику событий, выражающихся в действиях, и внутренне – через построение внутренней психологической логики взаимодействия, логики переживаний «по поводу», в «предлагаемых обстоятельствах». Обозначим основные принципы педагогической режиссуры.

1. Действенность. Любое педагогическое событие определяется как действие и взаимодействие его участников. Педагогическое взаимодействие представляется не текстом педагога, а событиями урока (семинара, внеучебного мероприятия и др.), действиями педагога и учащихся.

2. Противодействие. Организация действия и его активизация связаны с организацией «системы противодействия»: создания для участников трудностей, интересных преград, обозначением странных парадоксов, что требует от педагога продумывания стимулов для преодоления препятствий.

3. Единство научного и художественного характера педагогической деятельности. Педагогическая деятельность рассматривается одновременно как научная и художественная. Педагог выступает не только как исследователь, эксперт, но и как драматург, режиссер, артист. Целью интегративного использования в образовательном процессе научных и художественных элементов служит расширение пространства смыслосотворения для участников.

4. Целостность. В ходе создания и воплощения педагогического замысла важна целостность отдельных частей процесса и обоснование необходимости тех или иных действий, педагогических мизансцен, что опосредуется прежде всего пониманием педагогических целей и сверхзадач.

5. Детальность анализа. Педагогическая режиссура предполагает необходимость обращения самого пристального внимания на детали, нюансы взаимодействия участников, их восприятия, педагогической среды в которой воплощается замысел: от переходной фразы до жеста и костюма.

6. Сквозное действие. Логика действий педагога, позволяющая определить педагогический жанр взаимодействия, выглядит как цепочка действий: формулировка темы как главной проблемы урока – определение сверхзадачи и главной цели – разработка финала урока как его интеллектуального и эмоционального итога – разработка начала урока и всего событийного ряда. Если использовать терминологию К. С. Станиславского, педагог разрабатывает «сквозное действие», в котором все подчинено педагогической сверхзадаче. Сквозное действие – это нитка, на которую нанизываются бусинки – все детали урока. Основа, которая «закольцовывает» его начало и конец.

7. Интегративность. Содержательной и структурной основой организации учебно-воспитательного процесса с позиций педагогической режиссуры выступает педагогическая интеграция его рациональной и эмоциональной сторон. Смысловое содержание педагогического общения в «интегрированном» виде получает как бы облегченный доступ в глубины сознания и подсознания, позволяя не «протаскивать» знание в интеллект, а помогать ему там родиться, стимулируя деятельность фантазии, показывая мир как бы впервые, в новых ракурсах и связях, связывая воедино живое представление и анализ, чувство и мысль, истину и красоту При воплощении педагогом роли режиссера решаются конструктивные задачи:

– Преобразовать (преобразить, изменить образ) материал содержания учебной подготовки в материал учебно-воспитательный путем его художественно-педагогической интерпретации;

– Создать «партитуру» (сценарий) урока, в которой воплотится замысел, разработать композиционный план урока с соподчиняющийся логическими и эмоциональными фрагментами;

– «примерить» возможности, которыми обладает «партитура», к конкретному классу и ученикам и определить, какое решение урока ускорит

личностный рост конкретных учеников и коллектива в целом;

– Продумать педагогический жанр урока, интригу-завязку и другие компоненты сквозного действия;

– Смоделировать диалогичность урока.

Профессию режиссера реформатор русского и мирового театра К.С. Станиславский всегда рассматривал в тесной связи с профессией педагога и сознательно пожертвовал своей актерской и режиссерской карьерой ради возможности воспитания личности в театре и личностей театром – «Школой жизни» [10]. Основные положения системы Станиславского, постулаты его художественно-педагогического режиссерского метода очень актуальны в гуманистической парадигме современного образования, которое должно предлагать ученику и воспитаннику действенность, возможность проживать, переживать и рефлексировать события жизни, а не быть их сторонним наблюдателем. Только такое образование может привести к личностному росту ученика, к появлению у него личностных смыслов. Вопреки распространенному мнению, педагогическая режиссура не отказывается от традиционного урока. Не отказывается в силу того, что его традиционность может определяться, например, только тем, что он длится 45 мин. А вот что и как происходит на уроке, решает педагог-режиссер. Именно он определяет, какие специально созданные педагогические ситуации и какая атмосфера педагогического события окажутся необходимыми для процесса образования и воспитания, что с большей вероятностью способно привести к неразрывности физических ощущений и духовных переживаний учащегося, что может помочь воспитаннику выбрать ту или иную линию поведения в конкретной ситуации самоопределения, как это поведение отразится на его рефлексивной оценке. Например, на уроке музыки свою задачу многие педагоги, к сожалению, видят только в том, чтобы раздать детям листки со словами песни и путем многократного повторения добиться от них запоминания этих слов, а затем их «накладывания» на музыку. В результате ученики все-таки умудряются «вписаться» со

своим текстом в музыкальный фрагмент, и это часто у них неплохо получается, но ответ на вопрос, способствует ли такой урок обретению детьми личностного смысла в процессе пения, очевиден. Педагогическая практика демонстрирует и примеры другого подхода к образовательному процессу. Так, Виктор Васильевич Шилов – учитель музыки школы № 138 г. Челябинска, отличник народного просвещения, учитель года России – 1999 – на уроке ставит перед собой не просто задачу, например, разучить с детьми хорошую песню, но обязательно сверхзадачу – так воздействовать на ум и сердце ребенка, чтобы он испытал особое состояние – состояние катарсиса, очищения через искусство. Педагогическая философия Учителя заключается в четком осознании необходимости для ребенка испытать переживание слияния с другими людьми, радости от полнокровного и глубокого общения с ними.

Момент, когда дети начнут петь, педагог тщательно и искусно подготавливает. Это самый ответственный момент его педагогического общения с учениками, потому что они не просто извлекают звуки определенной высоты – перед ними поставлена большая прекрасная цель: поделиться своими чувствами со всеми, кто их слушает. Например, на уроке музыки в классе учитель сначала рассказывает с интригующими нотками в голосе, как важно настроить такой нужный для пения «аппарат» в своем организме, как горло. Оно должно быть таким, чтобы звук шел свободно и легко. Без свободы в собственной душе, т. е. без внутренней свободы, этого не достичь. А как этого добиться?

Надо стать спокойным, раскованным, ведь зажатый человек не поет, а булькает. В беседе с детьми выясняются возможные пути обретения свободы: пообщаться друг с другом, доброжелательно поговорить, успокоить друг друга. Разговаривая с ласковой интонацией, мы и сами становимся спокойнее. И не только на уроке – в жизни тоже.

– А чем мы улавливаем интонацию? – спрашивает педагог. – Верно, ушами. И это тоже «аппарат», важный для того, кто поет. Чтобы развить слух, надо больше слушать музыку.

После такой подготовки учитель загадочно улыбается, потому что знает, что теперь будет настраивать самый главный человеческий инструмент – душу. Он дает послушать классическое произведение и спрашивает, какие чувства оно вызывает, незаметно подводя детей к правильному ответу. Если расписать урок педагога-режиссера как ряд действий, то в нем будут присутствовать такие действия, как «настраиваю, удивляю, вовлекаю, меняю мизансцену, даю инструктаж, переключаю внимание, наблюдаю, создаю педагогическую интригу» и т. п. Педагог создает нужную для решения педагогических задач атмосферу, располагает к творчеству, предоставляет возможность осознанно действовать. И только после всего этого, когда до конца урока остается десять минут, предлагает детям спеть. Результатом такой совместной творческой работы является свободное и легкое пение детей, при котором они испытывают наслаждение от самого этого процесса. Знания детей становятся их сознанием, мироощущением, способностью поступать по-человечески. Знания и нравственность сливаются. Педагог все время предлагает детям обратиться внутрь самих себя и там искать основание для свободного пения, рассматривая его как про сущность и принципы педагогической режиссуры процесс дарения всего себя, самого лучшего в себе, другим людям. Дети понимают, что радость приходит только тогда, когда она принадлежит не тебе одному, когда ее ощущают те, для кого ты поешь. Что, по большому счету, делает В. В. Шилов. Он показывает детям пути осмысления жизни через музыкальное искусство. В этом ценностные основания его уроков и личностный смысл для него и для его учеников. Процесс создания уроков в соответствии с принципами педагогической режиссуры требует от педагога дополнительных усилий для продумывания методов и приемов настройки учащихся на общение, гармоничного расположения деталей урока и действий его участников в его целостной «партитуре», способов создания творческой атмосферы и достижения сверхзадачи в соответствии с целями и задачами педагогического взаимодействия. Это очень трудоемкий процесс. Но в той же степени он и результативный, и единственно возможный в современном образовании, если педагог все-таки не только на словах принимает идеи и ценности гуманистической парадигмы в образовании. Конечно, изменить годами складывавшийся стиль работы педагогу очень сложно, а отказ от стереотипов – болезненный процесс. Но у настоящего педагога другого пути нет. Важно понять, что для обеспечения высокого качества современного образования, для появления у учащихся личностной заинтересованности в процессе познания и повышения их самостоятельности в нем необходимо посмотреть на педагогический процесс другими глазами и поменять прежде всего себя как педагога, пройдя путь от «специалиста разговорного жанра» до мастера построения взаимодействий. Идя этим путем, можно превратит образовательный процесс в дело, которому и ученики, и педагог будут отдавать себя с удовольствием и радостью.

Литература

1 Аникеева Н. П. Режиссура педагогического взаимодействия. Новосибирск, 1991.
2 Ершов П. М. Режиссура как практическая психология. М., 1972.
3 Ершов П. М., Ершова А. П., Букатов В. М. Общение на уроке, или
4 Режиссура поведения учителя. М., 1998.
5 Загвязинский В. И. Педагогическое творчество учителя. М., 1987.
6 Кан-Калик В. А. Педагогическая деятельность как творческий процесс. Грозный, 1976.
7 Кожара Е. В. Система педагогической режиссуры. СПб., 2003.
8 Мочалов Ю. А. Композиция сценического пространства. М., 1981.
9 Попов Л. Н. Технология реализации педагогического образа // Образование и наука. Изв. УрО РАО. 2010. № 3 (71). С. 49–57.
10 Смирнов С. А. Понятие режиссуры игры в педагогике // Вестн. высш. шк. 1987. № 6. С. 34–38.
11 Станиславский К. С. Собрание сочинений: в 8 т. М., 1954.
12 Театральная энциклопедия: в 4 т. Т. 4. М., 1965. С. 563–564.

ҒТАМР 18.45.07

ҚАЗАҚ АКТЕРЛІК ӨНЕРІНДЕГІ ТАПТАУРЫННЫҢ СИПАТЫ

М. Дунгешов
PhD докторант, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

Мақалада қазақ театр өнеріндегі таптаурын мәселесі көтеріліп, оның шығу себептері зерттеудің негізгі нысанына алынды. Актерлік өнердегі таптаурынды болдырмаудың теориялық-тәжірибелік жолдары қарастырылды.
Түйін сөздер: театр, спектакль, режиссер, актер, пьеса, таптаурын, трактовка.

Өнердің ішкі мәні қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады. Ал ғылым мен техниканың шексіз дамуы кей кездері руханиятты бейтараптандырып, өнердің құлдырауына әкеліп соғатын да кесірі бар екенін ешуақытта жадымыздан шығармағанымыз жөн. Жалпы ғылым мен білім арқылы адамзат жақсы өмірге кең құлаш ашса, өнер арқылы әсемділікке ұмтылып, жамандық пен жақсылықтың арасын айырамыз.

Адамзат мәселесі, адамның тағдыры, әділеттілік пен ізгілік, адамгершілік, т.б. руханият мәселелері әрқашанда театр өнерінде кең көлемде көтеріліп келеді. Әртүрлі әлеуметтік-саяси, қоғамдық-этикалық, моральдік-философиялық мәселелерді арқау еткен драматургиялық шығармалар авторлардың өмірге деген өзіндік ой-толғамдарымен, көзқарастарымен қызықты. Кейіпкерлер арқылы замана келбетін, оған деген өз ой-тұжырымын жеткізетін драматургтың еңбегі дегенмен сахнаға шықпаса өлі материал қалпынан ары аса алмақ емес.

Драматург шығармасына жан бітіретін, оның азаматтық биік ойларын бұқара халыққа жеткізетін, әрине, актерлер қауымы. Тек актер ғана сахна кеңістігінен көрермендерге құлаш сермеп, өзінің диалогы мен монологы арқылы келелі ой, кемел идея жеткізе алады. Сондықтан, драматург шығармасы мен көрермен арасындағы алтын көпір, дәнекерші – актер болмақ.

Театрдың діңгегі – актер. Ал актерсіз сахна өнерін көзге елестету мүмкін емес. «Актерлік өнердің сыры тереңде. Оның тағдыры кедірлі-бұдырлы. Ендеше, сәл таратып айтайық. Өз сахнамыздың күнделікті тіршілігімен байланыста айталық! Актер өнері - екінің біріне қонбайтын ерекше бақыт. Ол өзгенің өмірін жаңғырту жолында жүріп, өз өміріне тауқымет тауып алатын күрделі кәсіп. Жолың болса, жарағаны, әйтпесе, жаның жасумен, жүйкең жұқарумен қысқа ғұмырыңның құрдымға кеткені. Актер үшін екі-үш жыл түгіл, екі-үш күн сахна қиқуынан шет қалу мәңгілікке ұмыт қалумен бірдей» [1, 197 б.] – деп жазған театр сыншысы Ә.Сығайдың сұңғылалығына тәнті болмасқа амалымыз жоқ. Актер өнерінің қызығы мен қиындығын дөп басқан бұл пікір, сол кәсіптің маңыздылығын да ашып береді.

«Несмотря на технологические достижения, добравшиеся и до театра, актерское мастерство все равно остается актуальным, необходимым и ведущим компонентом. Без него театр непредставим, так как это единственное живое творчество, именно этим отличающееся от других сфер искусства. Поэтому актер в современном театре и есть то оружие, которым режиссер «выстреливает» свое слово» [2, 11 б.] – деген екен грузиндік театр зерттеушісі Л.Чхартишвили. Ғалым пікірі орынды. Шынтуайтына келгенде, актер театр мен көрермен арасындағы медиатор деуге болады. Ол мәтіндегі бар әмбебап ақпаратты көрушісімен бөліседі. Сондықтан қазіргі актерлік өнердің функциясы да, атқарар қызметі де күрделеніп отырған жайы бар.

Өкінішке орай, өз кәсібіне атүсті қарап, ақша табудың көзі ретінде ғана жұмысқа келетін қатардағы өнерпаздардың санаты көбейіп бара жатқанын ашық айтатын сәт туған сияқты. Театр төрінде салтанат құрған қайталаулар мен ұқсастықтар бізді еріксіз осындай ойға жетелейді. Сондықтан сахна өнеріндегі таптаурынды ауыздықтаудың теориялық-тәжірибелік жолдарын қарастыру күн тәртібіндегі негізгі мәселе екені қақ.

Қазақ сахна өнеріне таптаурын алғашқы қалыптасу кезеңінде-ақ бой көрсеткен. Театрдың балаң шағында орыс, татар труппаларынан көрген, үйренген машық-амалдарын қайталап, еліктеп жасаған тұңғыш актерлерге бұл жолдың ерсілігі де, терістігі де жоқ еді.

Кәсіби актері жоқ, тақырға театр құрған өнерпаздардың ойынында еліктеудің болуы заңдылық. Бұл ретте, актерлердің барлығы таптаурынға ұшыраған деген ойды айтудан аулақпыз, алайда «кейіпкержандылыққа» жетер жолда олар белгілі ойын әдістерін қолданғаны сөзсіз. Дегенмен қазақ актерлерінің бұл жолдан өтпеуі мүмкін емес еді. Кәсіби білімі жоқ театрдың алғашқы топ орындаушылары дала мектебінен үйренбеске шаралары да жоқ еді. Бұл елімізде шеберлікке баулитын басқа орынның жоқтығынан туындаған болатын. Сол себепті театрдың түңдігі түрілген алғашқы кезеңдегі спектакльдің өн-бойынан таптаурындықтың бой көрсетуі кездесетін құбылыс. Олар өмірдің өзінен тапқан қайсыбір жақсы әдіс-машықтарын ұзақ уақыт қайталап жүрді.

Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктерін жете зерттеген театртанушы-ғалым М.Жақсылықова өз еңбегінде осы кезеңдегі актерлік өнердің дамуына қолбайлау болған жайттарды атап көрсеткен [3]. Ғалым пікірімен қосыла отырып, ой қорытындыласақ, «драматургиялық шығармалардың (пьеса) қаттығы, арнайы режиссерлердің болмауынан спектакльдің иллюстративтік тұрғыда қойылуы, осыдан келіп мизансценалық қайталаулардың туындауы; спектакльді сахналауға (даярлық пен репетицияға) қысқа ғана уақыт берілгені де актерлік ізденістерді тежегенін; суфлердің көмегіне жүгіну, осыдан барып шапшаңдатып немесе судыратып мәтінді айтып шығу орын алды; актер жетіспегендіктен бір актер бірнеше роль орындауы; «актерліктің қыр-сырын оқыған тәжірибелерінің» [3, 36 б.] болмауы айналып келгенде таптаурынның туындауына қолайлы жағдай екенін түсіну қиын емес. Даярлыққа берілген аз ғана уақыт ішінде актерлер өздеріне жете таныс, тіпті, сүйікті болып кеткен әдіс-тәсілдерді екшеусіз қолдануға мәжбүр болғаны да түсінікті.

Уақыт өте келе, өз тәжірибелері мен шеберліктері шыңдалған қазақ сахнагерлері рольді өз беттерінше жасауға көшті. Әсіресе, 1933 жылы театр жанынан ашылған студиялардың осы істі дамытуда сіңірген еңбектері зор. Бұл жайында Қазақстанның халық артисі С.Қожамқұлов былай еске алады: «Мен рольдерге кіріспес бұрын театр тарихын оқыдым. Бұл үшін мен көптен-көп Мұқаңа (Мұхтар Әуезовты айтқаны) рақмет айтамын... Мұқаңның бір ерекше еңбегі К.С.Станиславскийдің «Менің театрдағы өмірім» дегенін Мұхтар Жанғалинға аудартып, бізге беріп қойды. Бұл соғыстан бұрын шықты. Ал 1941 жылы «Өзін өзі әзірлеу керек» дегенін аудартты. Таудай кітап еді бұл. Біз осыларды оқып жүрдік» [4, 25 б.]. Осылайша, театр актерлерінің ізденіске араласуына К.С.Станиславскийдің теориялық еңбектері, оның «жүйесінің» негізгі элементтері де арқау болғанын түсіну қиын емес. Төл тілімізге аударылған теориялық-тәжірибелік, ғылыми-шығармашылық еңбектердің тигізер септігі қашанда зор екені сөзсіз. Осы үрдіс әрдайым жалғасын тапқаны абзал.

Еліміздің түкпір-түкпірінде ашыла бастаған облыстық өнер ұжымдары орталықтағы бас театрлардан көргендерін қайталап, еш өзгеріссіз қоюды да бастан өткерген кездер де болған. «Еліктеу мен көшірмелік кінәраттары тек орыс сахнасында емес, қазақ сахнасына да қожалық еткен. Қ.Қуанышбаевтың Абайы мен Мылқауына, С.Қожамқұловтың Қарабайы мен Қоңқайына еліктемеген актерлер кемде-кем шығар. Ондайлар облыстық театрлардың бәрінен табылатын. Олар Қ.Қуанышбаев пен С.Қожамқұловтың ішкі дүниесін емес, сыртқы белгілерін айнытпай көшіріп алатын» – [5, 63 б.] деген пікірі біздің сөздеріміздің дәлеліндей.

Таптаурындық қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму кезеңдерінде де аяққа оралғы болғанын қазақ театр тарихынан байқау қиын емес. Зерттеуші М.Жақсылықова осы кезеңдегі актерлік

ойынға баға бере келіп, «кейіпкер бейнесін сомдаудағы тән тіршілігінің белсенсіздігі, қимыл әрекеттің қасаңдығы, ойын мәнерінлегі сараптамалық әдістің басымдылығы спектакльден спектакльге көшуінің нәтижесінде сыңаржақтылық байқала бастады. Актерлер интелектуалды-сараптамалық тәсіл арқылы өмірдің әлеуметтік-философиялық, адами мәселелерін көрсетуде бір сарындылыққа ұрынғандарын сезінді», - деп [3, 56 б.] қайсыбір қойылымдардағы ойын мәнерінде таптаурындықтың орын алғанын баса айтқан.

Ғалым пікіріне қосыла отырып, қазақ орындаушыларында да ортақ актерлік таптаурындылықтың бар екеніне тағы бір назар аударсақ. Әсіресе, осы кезеңдегі спектакльдерде көбінесе декламациялық таптаурындық көзге түседі. Мәселен, белгілі актер Ш.Мусиннің Ақан ролін шебер ойнағаны көне көз көрерменнің жадында. Актердің әсем үні, қоңыр даусы көрушінің жан-дүниесін баурап алатын. Кей кездері дауысты жөнсіз құбылытып, жалған пафосқа ұрынып қалатын да болған. Үн ырғақтарының әдемілігіне бой алдырып, айтылып жатқан мәтіннің мәні мен мазмұнынан ажырап кететін тұстарын театртанушы ғалымдар талай мысалға келтіріп отыратын. Дәл осы Ақан бейнесін сомдаудың тың жолын табуда көп қиындыққа кездескенін Ш.Аймановта өз естеліктерінде жасырмай айтқан. Ақан бейнесін толыққанды етіп шығарудың күрделілігі – пьесаның романтикалық сарынымен де айқындалды. Трагедияның мәтінімен жұмыс істеуде Ш.Айманов қазақ ақындарынан мұраға қалған сөз маржанын тізбектей нақ-нағымен ерекше мөлдіретіп сөйлеп кететіндігін мойындап, мәтінді ішке түсірумен ұзақ уақыт жұмыс жасайды. Әсіресе, арындаған ақындық леппен, түйдек-түйдек сұлу сөздердің иіріміне бой алдырып, жылтыраған жалаңдыққа, салтанатты пафосқа ойысқанын баяндай келіп, бұлайша ойнау бейнені шынайлықтан алшақтататынын, рухани мазмұнан ада ететінін ашып айтты.

Қазақтың профессионалды театрлық мектебінің негізін салушылардың бірі, ұстаз-режиссер А.Тоқпанов «Іңкәр дүние» кітабында ұлттық классикамыз бойынша қойылған спектакльдердің ескі және жаңа нұсқаларын салыстыра келіп, бірінен біріне көшіп жүрген актерлік таптаурындықтар көрсетеді. «Ж. Өгізбаев Кебектің әсем қимыл, сұлу жүріс, сыпайыгершілігін бере алмады. Кебек – Қармысовтың жүріс-тұрысы, қимыл-әркеті әдемі болғанымен, өзінің актерлік машығынан, әдеткі ойынынан аса алмады», - деп [6, 194 б.] артистердің ізденіс сүрлеулерінің аз болғандығын тайға таңба басқандай жайып салады.

Таптаурындық – жалғандыққа, жасандылыққа ұрындыратын кері жол. Ол актер дүниесіне сыналап еніп, дамып, өршитін, бірақ «батпандап кіріп, мысқалдап шығатын» дерт іспетті.

Қазақ театр тарихын, соның ішінде актерлік өнерді жіті назар сала зерделеген Қ.Куандықовтың қырағы көзқарасынан, дәл тауып айтқан сын-пікірін мойындамаған өнерпаз кемде-кем. Таптаурындықтың актер үшін айықпас аурумен тең екенін талмай айтқан сыншының мына сөзіне көңіл қоялық: «Сахнадағы ойыншылар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы актердің зейінсіз болуынан, не өзін көрсету үшін ғана ойнаушылығынан, өзімшілдігінен туады. Бұл сияқты күйлер көбіне Телғараев пен С.Қожамқұловтан жиі кездеседі. Бұлардың ойынында жұртты күлдіруі, тек өздерін ерекшелендіріп, оқшау көрсетуге салушылық сияқты дағдыға айналып бара жатқан бір әдет бар. Бұл кемістік алдымен актердің өзіне зиянды. Бұл әдетке бой ұрған актер, таланты мен техникасын тұсап, орынсыз шыққан күлкіге мәз болып, өнерінің өсуіне бөгет жасайды. Ойыны бір сүрлеуге түсіп, штампқа айналады», дейді де, ары қарай: «Телғараев көбіне комедиялық рольдерде ойнайды. Ал, комедиялық рольдердің бір-біріне аздаған жалпылама ұқсастықтары болса да, характері, психологиясы басқа-басқа жандар. Телғараев ойнайтын «Асауға тұсау» комедиясындағы Грумио – итальяндық болса, «Сараңдағы» Лафлеш – француз, ал «Бір семьядағы» Қоқым – қазақ. Бұлардың әрбіреуіне тән мінез-құлқы мен ұлттық ерекшелік қасиеттері бар. Ал осы үш рольдің үшеуінде де сахнада байбалам салып, көзін әлсін-әлсін жыпылық атқызып, көруші жұртқа қарап жымың қағып, құтыңдап жүрген Телғараевтың кейпін көреміз. Бұл ұқсастық Грумио мен Лафлеш рольдерінде егіздің тумысындай»,-деп [7, 161-162 б.] актер ойынындағы басты кемшілікті – көрерменнің жетегінде кетіп, арзан қол дайын әдістерді қолдануды атап көрсетеді.

Сыншының әр халыққа тән ұлттық ерекшелік қасиеттері бар деген сөзінде үлкен мән бар. Мәселен, француздардың немесе ағылшындардың малдас құрып отырғанын көрмеппіз. Сол сияқты, қазақтардың бастарына шляпа киіп, тростикпен жүретіндері ілеуде біреу ғана. Сондықтан актерлер спектакль барысында осындай ұлттық болмыстан туған ишараттарға аса көңіл бөлуі қажет.

Актерлік таптаурындықтың туындауының бір себебін режиссер М.Байсеркеұлы былайша түсіндіреді: «Театрдың табиғатын айқындайтын – әлеуметтік, сахналық, ұлттық шындықтардан айырылып қалдық. Қимыл қозғалыс, сымбат, ишарат өрнектері – сахналық заңдылықтармен

қатар ұлттық ерекшеліктерден өркен жаятындығын ұмыттық. Сол себепті сахнамызды таптаурындық пен кәсіпқойлық жайлап алды. Аталмыш індет эстрада артистерінен драма артистеріне ауысты. Сахна – азынаған айғай мен даңғаза шуға, ирелеңдеген, қиралаңдаған қимыл-қозғалысқа толып кетті. Бірін-бірі қайталау, біріне-бірі еліктеу, бірінен-бірі көшіру – өнер саналып, қалыптасып алды» [5, 64 б.]. Қазақ актерлері мен режиссерлерінің бірнеше дүркін тобын тәрбиелеген ұлағатты ұстаздың бұл пікірі жоғарыда мысалға келтірген Қ.Қуандықовтың ойымен үндес.

Осылайша, кәнігі, кәсіби актерлердің өздері де таптаурындықтан бірден арыла алмайтындығын түсінуге болады. Бір рольде қолданылған бейнелеу тәсілдерін екіншісінде пайдаланбау қиынның қиыны. Бірақ тек дайын тәсілдермен күресе алған өнерпаз ғана шығармашылықтың нағыз шыңына – кейіпкермәнділікке жете алатынын қазақтың маңдайына біткен жұлдыз актері Шәкен Аймановтың және комедиялық бейнелерді жетер жеріне жеткізе ойнаған актер Сейфолла Телғараевтардың сахналық тәжірибелерінен байқаймыз.

Сахнада өмір сүрудің ішкі мазмұнымен емес, сыртқы нәтижелік үлгісін пайдаланып өнер көрсету кей кездері театр төріне шығатын пьесалардың «тартыссыздығымен» де байланысты. Диспуттық әсер қалдыратын қойылымдарда ерекше бейне жасау үшін төгілген тер қаншама. Жалаң сөзге құрылған пьесалардың сахналық қалпы да осы өреден шығып, мәнерлеп айтылған сөз орындаушылар ойынында байсалдылықтың, сабырлылықтың иллюзиясын тудырып отырды. Сахналық әрекетті жандандыру мақсатында сыртқы әрекеттен қарағанда сөз айтысы бірінші планға шыққандықтан актерлер бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі-таптаурынды тәсілдерге жүгінуге мәжбүр.

Мәселен, С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» спектаклі ондағы сақа актерлердің өнер көрсеткеніне қарамастан көрерменді жалықтырып алатыны туралы қойылымға білдірілген сын-пікірлерден оқуға болады. Бұл біріншіден пьесаның сөзге құрылуынан болса, екінші жағынан ондағы драмалық заңдылықтардың дұрыс қолданылмауының кесірі. Спектакльдің экспозициясы аса ұзақ, драмалық тартысы жасанды болғандықтан оған қатысушылар қанша сөз әрекетін дәлеудеуге талпынғанымен сөз айдалаға айтылып жатқандай әсер қалдырған. Спектакль қарқынды дамымай, көп сахналар шұбалаңқылыққа ұласқан. Соның салдарынан актерлік ойында салқындылық, нағыз драмалық тартыс ашылмай қалғаны туралы талай жазылды. Пьеса арқауының дұрыс түзілмеуі – актерлер мен режиссерді жаңсақ жолға салып жіберген.

Таптаурындылықтың тек бір актер немесе режиссер шығармашылығында ғана кездесіп қана қоймай, күллі бір спектакльге де тән болатынын жоғарыда тілге тиек еткен қойылымның мысалында жақсы ұғамыз.

Жинақтай айтқанда, актерлік өнердегі жасанды бет-әлпеттің қимылы (актердің сахнада не істерін білмегендігінің дәлелі іспетті), мәтінге кереғар туындайтын ым-ишараттар (сасқалақтағаннан пайда болып, қол-аяқтың актерге бағынбауының нәтижесі), актердің асыра сілтеп ойнауға деген талпынысы да таптаурындылыққа апаратын жол екені алдағы уақытта терең зерттеуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сығай Ә.Т. Толғам. – Алматы, Парасат. –2004, - 392 б.

2 Чхартишвили Л. Некоторые вопросы современного актерского искусства // Театр сыншысы, профессор Ә.Сығайдың 70 жылдығына арналған «Қазақстандағы замануи театр өнерінің даму жолдары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Принт экспресс», 2017. – 301 б.

3 Жақсылықова М.Б. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің қалыптасу ерекшеліктері.– Алматы, «Дәстүр» баспасы, 2014 ж. – 384 б.

4 Қожамқұлов С. Шеберлік мектебі. – Алматы, Өнер, 1982. – 270 б.

5 Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы, «Ана тілі», 1993. –336 б.

6 Тоқпанов А. Іңкәр дүние. – Алматы, Жалын. – 1991. – 258 б.

7 Қуандықов Қ. Театрда туған ойлар. – Алматы, Жазушы, 1972 ж. – 221 б.

ҒТАМР 18.01.39

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

А.М. Айдар
PhD доктор, Т.К. Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.
Т.Қ. Кабиева
PhD докторант, Т.К. Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

Телевизия елімізде кең тараған, қол жетімді бұқаралық ақпарат құралы ретінде үлкен мүмкіндіктерге ие. Бүкіл әлемде теледидар көпшілік коммуникацияның ең танымал құралы ретінде көптеген адамдардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, адам ақпаратты тыңдаған кезде мағлұматтың 15%-ын есте сақтайды екен, көрген кезде – 25%, ал бір мезгілде көріп және естіген кезде ақпараттың 65% есінде қалады екен, сондықтан телевизияның көрерменге тигізер әсері сөзсіз.Бұл тұжырым, әрине, зерттеу қызығушылығын тудырады және терең ұғынуды талап етеді.

Түйін сөздер: телевизия, мемлекеттік бағдарлама, мәдени құндылықтар, тұлға, рейтинг.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев, «Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы» десе, төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту», деп айқын айтып өтті. «Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» екендігін айтты [1]. Осылайша, мемелекет тарапынан заманға сай дамып, жаңа технологияларды игеруге үлкен көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалар ұлтымыздың рухани-мәдени қазынасын қайта қаузап, тарихи танымды кеңейтуді ғана емес, бүгінгі қоғамдық сананың трансформациясын көздейтін маңызды құжаттар. Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларды қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басты міндетіне айналып отыр. «Жеке адам болу дегеніміз – азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі жетілдіріп отыруы керек» [2].

Қазіргі техника дәуірінде адамның күнделікті өмірі бұқаралық ақпараттар құралдары мен әлеуметтік жүйелерде өтуді. Соның ішінде қазақстандықтар үшін ең кең тараған ақпараттық құрал ол телевизия. Бүгінгі күні қазақстандық телевизия ерекше серпінмен дамып келеді. Телевизияның функционалдық мақсаты кеңейді, құрылымы мен қаржыландыру жүйесі өзгерістерге ұшырады. Белсенді әлеуметтік күш бола отырып, телевизиялық бағдарламалар қазақстандықтардың қоғамдық пікірі мен көңіл-күйіне әсер етуде басты орынға ие. Әсіресе, теледидардың қоғамның айнасы ретінде қабылдануы туралы атап өту қажет, себебі теледидар арқылы көрермендерде әлемдегі және жергілікті әлеуметтік – экономикалық жағдай туралы түсінік қалыптасады. Сондықтан «телевизия тек өмірді бейнелейтін ғана емес, сонымен қатар көрермендер үшін шындықты айқындайтын көрініс» болып табылады [3, 56 б.]. XX ғасырдағы телевизияның пайда болуы, қалыптасуы және дамуы адамдардың дүниетанымына, олардың мінез-құлқына, көңіл-күйіне, шындыққа деген көзқарасына, жалпы қоғамның қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Теледидар қоғамның қандай да бір мәдениет құндылықтарын қабылдауында немесе жоққа шығаруында үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ теледидар арқылы адамдарда эстетикалық және жалпыадамзаттық құндылықтар қалыптасады, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі тәрбиелеу және адамдармен диалогтық және қауіпсіз өзара қарым-қатынас құру механизмі қалыптасады [3, 46]. BBC (Би-Би-Си, BBC, ағыл. British Broadcasting Corporation — «Ұлыбританияның радиохабар бірлестігі, радио-, интернет- және теletарату комплексі») негізін қалаушылардың бірі Лорд Рейт, қоғамдық хабар таратудың жылдар өткен соң бақытты отбасы, дамыған мәдениет және нағыз азаматтық түрінде пайыздар әкелетінін айтқан. А. В. Захаровтың пікірінше, бұқаралық ақапарттар құралдары адамдардың өзара түсіністігі үшін және құндылықтардың алуан түрлі болуына мүмкіндік беретін «ойлау кеңістігін» құрайды [4].

Мемлекет жеке тұлғаның және жалпы қоғамның мүдделері мен көзқарастарын қалыптастырудағы қуатты құрал болып табылатын телевизиялық хабар таратудың стратегиялық маңыздылығын ескеруде. Алайда, қазіргі замандағы материалдық құндылықтар мен жаһандық интеграция дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдары әрдайым шынайы жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттайды деп айту қиын. Экономиканың трансұлттық дамуы, цифрландыру, дәстүрлі әлеуметтік институттардың ыдырауы қоғамдық өмірдің принциптерін түбегейлі өзгертуде. Әлсіз идеология, мәдени құндылықтардың ескіруі, жаңа ағымдардың пайда болуы қоғамды құлдыратып материалдық құндылықтар әлемінің басымдық алуына әкеліп соқты.

Бүгінгі таңда телеарналардың көпшілігі рейтингті көтеру жолында мазмұн сапасын жоғалтуда. Ресейлік зерттеушілер (Е.Л. Вартанова, В.В. Тулупов және т.б.) атап өткендей, қазіргі ресейлік бұқаралық-ақпараттар құралдары тұтынушылық қоғам мен бұқаралық мәдениет құндылықтарының қысымымен өздеріне тән ақпараттық, ағартушылық, жасампаздық, тәрбиелік функцияларын жоғалтып келеді [5]. Сонымен қатар, көрсетілімге ұсынылатын жобаны құрастырушының өзіндік құндылықтары аса маңызды рөл атқарады, яғни жобаның режиссері мен авторларының мәдени ұстанымы, кәсіби деңгейі, философиялық көзқарасы т.б. Шығармашылық қызмет барысында режиссер психолог, педагог, зерттеуші, социолог, ұйымдастырушы рөлін атқарады. Режиссердің міндеті қоғамдағы оқиғаларды көрсету ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның, қоғамның қалыптасуы мен дамуының терең себептерін ашу, қоғамда пайда болатын барлық өзгерістерді жүйелеу және сол өзгерістердің пайда болу себептерін талдау.

Телеарналардың бағдарламаларын талдау негізінде келесі жағдай байқалады: заманауи теледидардың бағдарламалық саясаты екі топқа бөлінген. Егер бірінші жартысы өзекті мәселелерді ашуға тырысып гуманистік дамыған қоғамды қалыптастыру мақсатында жұмыс жасауға талпынса, екінші жартысы жалпы адамзаттың моральдық қағидаттарына сәйкес келмейтін элементтері бар төмен сапалы контентті ұсынып, бас назарын қысқамерзімді пайда түсіруге арнауда. Сапасы төмен, мазмұндық концепциясы қалыптастырылмаған бағдарламалардың ықпалының нәтижесінде адамдар өзіне деген сенімділігін, шынайылық сезімін жоғалтып, экрандық өмірге еліктеп өз өмірлерінің мәнін жоғалтуда.

TNS Gallup Media Asia тәуелсіз зерттеу компаниясының мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда үш телеарна көшбасшы болып отыр: «Еуразия» бірінші арнасы», «КТК», «31 арна». «Еуразия» бірінші арнасы» ресейлік «Первый канал» акционерлік қоғамы негізінде құрылған, «КТК» және «31 канал» жеке арналар.

«Еуразия» бірінші арнасы» бүгінгі таңда ең ауқымды ғана емес (арнаны трансляциялау еліміздің 478 елді мекенінде жүзеге асырылады), сондай-ақ Республиканың ең танымал телеарнасы болып табылады. Арнаның жоғары рейтингісін көптеген әлеуметтік қызметтердің зерттеу нәтижелері растайды.

«КТК» телеарнасы – Коммерциялық телевизиялық арна – Қазақстанның алғашқы жеке телевизиялық арнасы. 1991 жылдың 20 ақпанынан бастап хабар тарата бастады. Өз өндірісінің фильмдері мен сериалдары бар.

«31 арна» – 1992 жылы құрылған коммерциялық арна. Еліміздің 14 облыс орталығында жүргізіледі. 2008 жылдан бастап хабар тарату форматын жаңартты. Жергілікті және шетелдік өнімдері бар ойын-сауық арнасы. Бұл ақпарат негізінде қазақстандық көрермендер арасында шетелдік контент, сондай-ақ жаңалықтар, сериалдар және ойын-сауық сипаттағы бағдарламалар сұранысқа ие деп айтуға болады. Тағы бір айта кетерлік жағдай, әр телеарнаның контенті оның қаржыландыру көзіне байланысты құралады: мемлекеттік телеарналар мемлекет саясатын насихаттау мақсатында өз жұмысын жүргізіп, стратегиялық даму жоспарларында белгіленген тақырыптарды жариялайды. Жеке телеарналар өз саясатын аудиторияның көлемін арттыру мен арна рейтингісін көтеру мақсатында өз саясаттарын ойын-сауық сипатындағы шетелдік форматқа негіздеп отыр. TNS Gallup Media Asia тәуелсіз зерттеу компаниясының талдау нәтижесі бойынша «Бір апта аралығындағы ТВ-дағы топ 10 бағдарламаны» қарастырайық, 2020 жылдың наурыз айы [6]:

Бағдарлама	**Телеарна**	**Апта күні**	**Шыққан уақыты**	**Басталуы**	**Аяқталуы**	**Рейтинг, %**
Новости КТК	КТК	Бейсенбі	12.03.2020	20:59:43	21:42:45	6,51
Поле чудес	«Еуразия» бірінші арнасы»	Жұма	13.03.2020	20:47:59	21:56:17	5,08
Астарлы ақиқат. Ток-шоу (каз) рус/тит	КТК	Бейсенбі	12.03.2020	19:59:48	20:58:35	4,75

Главные новости на Первом канале Евразия (субтитры)	«Еуразия» бірінші арнасы»	Жұма	13.03.2020	19:59:46	20:44:09	4,63
Выбирая судьбу т/сериал	«Еуразия» бірінші арнасы»	Жексенбі	15.03.2020	21:36:45	00:52:28	4,45
Главные новости на Первом канале Евразия	«Еуразия» бірінші арнасы»	Бейсенбі	12.03.2020	20:00:06	20:45:17	4,25
Обними меня х/ф (Россия-2014)	«Еуразия» бірінші арнасы»	Дүйсенбі	09.03.2020	18:46:41	19:49:53	4,16
Informburo (каз/рус) сурдоперевод	31 арна	Жұма	13.03.2020	20:00:07	21:04:07	4,13
Такая работа т/сериал (Россия-2015)	«Еуразия» бірінші арнасы»	Бейсенбі	12.03.2020	20:49:05	23:59:53	4,04
Шытынаған тағдыр т/сериал (каз)	Qazaqstan	Дүйсенбі	09.03.2020	17:59:38	19:48:22	3,89

Қазақстандық телеарналардың бағдарламалық кестесін талдай отырып, дәстүрлі құндылықтарды жаңа тартымды форматта насихаттайтын отандық өндіріс жобаларының жетіспеушілігі сезіледі. Ал телевизияның басты рухани-идеологиялық мақсаты – мәдениет пен адамгершілік құндылықтарын насихаттау, себебі мәдениет пен адамгершілік әрбір қоғамның үйлесімді дамуының маңызды аспектісі. Адамзаттың бойында моральдық, әдет-ғұрып, адамгершілік, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар мен мәдени қасиеттерге тәрбиелеу жалпы ұлттық міндет екені айқын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conference, 12 сәуір 2017

2 Дулати М.Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы.1999.

3 Власть, зеркало или служанка? М., 1998. т.Н. с 56.

4 Захаров Л.В. Духовное (символическое) производство как подсистема общественной деятельности. URL: sociologist.nm.ru/artides/zahamv_ 19.htm

5 Вартанова Е.Л. Новые медиа как фактор модернизации СМИ. М., 2008.

6 ТНС Гэллап Медиа Азия http://www.tns-global.kz

7 «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы.

8 Тулупов В.В. Профессиональная деформация в современной журналистике. М., 2015.

9 Тұрсын Қ. Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. Алматы, 2009

10 Омашев Н. «Журналистиканың жаңа стилі». Ақиқат – 1997. №9 https://massaget.kz/mangilik_el/50408

ҒТАМР 18.67.01

Н. ТУРЕБАЕВ ФИЛЬМДЕРІНДЕГІ «КІШКЕНТАЙ АДАМ» СИПАТЫ

Ш.Б. Төребай

Магистрант, Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақ кино ғылымында көкейкесті мәселелердің бірі – кішкентай адам мәселесі. Қазіргі уақытқа дейін әлемнің ғалымдары осы мәселе төңірегінде талай пікірталастар туғызып жүр. Оған біріншіден, «кішкентай адам» түсінігінің дәл пайда болған уақытының белгісіздігі себеп болса, екіншіден «кішкентай адам» деген ұғымның өзіне осы уақытқа дейін нақты анықтама берілмегендігі себеп болып отыр. Үшіншіден, арнайы «кішкентай адам» мәселелеріне қазақша жазбаша түрде берілген классикалық тұжырымдар мен мәтіндер жоқтың қасы.

Түйін сөздер: кішкентай адам, жаңа толқын, образ, кейіпкер, заман проблемасы.

Бір топ ғалымдар «кішкентай адам» мәселесін философиямен байланыстырса, енді бірі сана сезімнің тереңінен жатқан сезімдермен байланыстырады. Ал, келесі топтағы ғалымдар тіпті адам бойының ұзындығымен өлшеген. Дегенмен, барлық пікірлердің түйіскен жері «кішкентай адам» пайда болуының тарихы алғышарттары–әдебиет ұғымында жатқандығында болып отыр. Сондықтан «кішкентай адам» бастауы болып отырған әдеби тұжырымдарға тоқталып кетуді жөн көріп отырмыз. «Кішкентай адам дегеніміз кім? Ол мүлде бойы ортадан төмен адам емес. Кішкентай адам – күш, жігері жоқ, әлсіздігімен, өзіне деген сенімсіздігімен ерекшеленетін адамдар. Әдетте олар тұйық, өз әлемінде өмір сүретін, ешкіммен қақтығыспай, ұрыспай, көпшілікті ұнатпайтын жандар. Мәселен әдеби шығармаларда мұндай адамдар қоғамның соңғы шебінде болады да, ешкімге не пайдасы, не зияны болмайды» [1] десе белгілі Ресей жазушы Гоголь алғашқылардың бірі болып осы тақырыпқа қалам тартқан болатын. Кішкентай адам мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген Гоголь олардың бар мәселесі күйзеліске ұшыраған жан дүниесінде немесе, білімінің жетістігінде емес, қоғамда алған орнында деп атап кеткен. Жазушы оқырмандарын аянышты, назарсыз, күлкілі, көзге көп түсе бермейтінде назар салуға шақырады. Олардың басқалар сияқты өмір сүрегу құқылы екендігін баса айтады [2]. Яғни «кішкентай адам» мәселесін алғашқы болып әдебиет шығармаларынан орын алғанына күмәніміз жоқ.

«Кішкентай адам» түсінігі жазушының ажырамас тақырыбына айналғанын да байқауға болады. «XIX веке «кішкентай адам» бейнесі әдебиетте маңызды мәселеге айналады. «Кішкентай адам» түсінігін 1840 жылы В.Г.Белинский «Горе от ума» еңбегімен қолдануға енгізген. Алғашқы қолдануда «қарапайым» деген мағына берген. Орыс әдебиетінің психологизмінің өзгеруімен күрделеніп XIX ғасырдың екінші жартысында еркін шығарманың ең танымал психологиялық кейіпкеріне айналады [3].

Кей әдеби, тарихи деректерге сенсек әдебиет кейіпкерлері патшалар, әскери қызметкерлер болған деп басталса, әдебиетке классицизмнің, синтементалист жазушыларымен жаңа кейіпкерлер келе бастаған. Классицисттерді қоғамның бай, бағландарынан гөрі қоғамның жаңа кейіпкері қарапайым жандар мен олардың күн кешуі, уайымы, өмір сүру қағидасы қызықтыра бастайды. Бұл мәселе жөнінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, ф.ғ.д., профессор А.Үсен: «Әдебиетте кішкентай адамдардың жасалуы Н.Гоголь, Ф.Достоевский, А.Чехов шығармаларында кең өзріс тапты. Реалистік әдебиеттердің принциптері әдебиетке тереңдеген сайын кішкентай адамдардың бейнесін жасау өзекті бола түсті [4] дейді.

Адамдардың қоғамдық арқауда таныту үшін кішкентай адамдардың проблемаларын шынайы көрсету маңызды. Олардың тыныс-тіршілігі мен ой-армандарын шынайы тану арқылы қоғамдық сананың шынайы болмысын тануға болады. Классикалық реалистік проза адам проблемаларын қоғамдық дамудан, сыртқы фактордан іздейтіні белгілі. Қоғамдық орта, қоғамдық сана, қоғамдық мінез-құлықты саралай отырып, адамның ішкі және сыртқы қайшылықтарын таныту 19-20 ғасырдағы әдебиеттегі негізігі проблемаладың бірі болды» дейді [5].

Байқап отырғанымыздай «кішкентай адам» мәселесі әдебиет әлемімен тығыз байланысты. Демек, осы зертеулерге сүйене отырып «кішкентай адам» мәселесі қазақ кино өнерінен бұрын әдебиетінде де алғаш болып өз орнын алды деуге негіз бар. Әдебиет өнерінің тұтастығын ескеретін болсақ «кішкентай адам» мәселесі қазақ әдебиетінен орын алғандығы сөзсіз. Қазақ әдебиетінің алғашқы қатарындағы кез-кез келген автордың өмір жолына үңілсек дәуірінің шынайы суретшілерін байқаймыз. Олар қоғам мәселелеріне белсенді үн қосып, өз түсінігі мен қабылдау арқылы әдеби кейіпкер жасай білетін батыл қаламгерлер. Сондықтан «кішкентай адам» мәселесі қазақ әдебиетін де айналып өтпегені анық.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ прозасының көш басында Ж.Аймаутов, М.Әуезов, және Б. Майлин тұрды. Демек, қоғамның күрделі кезеңдерін прозалық шығармаларда бүкпесіз суреттей білетін жазушылар шығармаларында «кішкентай адам» мәселесі орын алғаны белгілі. Және бұл тақырып бүгінде ғылыми зерттеліп, А.Үсенің еңбегінде терең талданды. Ғалымның пікірінше аталған жазушылардың шығармаларында: «Реалистік принциптер бір болғанымен, әр жазушының стильдік ерекшелігіне сай шығарма композициясы тілі мен көркемдік жүйелері түрліше өрілді. Ж. Аймаутов пен М. Әуезов шығармаларында кішкентай адамдар бейнесі басты емес, қосымша сипат алса, Б. Майлин прозасында кішкентай адамдардың көркем галереясы жасалды. Сондықтан орыс әдебиетіндегі кішкентай адамдардың бейнесі А.Чехов шығармалары арқылы саралап, қазақ әдебиетінде оны Б.Майлин әңгімелері арқылы зерделеу тақырыптары кең ашып, терең түсінуге мүмкіндік береді» [6]. Аталған ғылыми еңбекте автор «кішкентай адам» мәселесінің қазақ әдебиетіне келу жолдарымен қатар әлем әдебиетінің зертеулерімен салыстырмалы түрде талдап-таразылап шығады.

Автордың зертеуі бойынша әлемдік сөз өнерінің биігінде тұрған: «А.Чехов, Ф.Кафка, Б.Майлин шығармаларын қатар қоя суреттеу, қазақ халқының да биігін табудың маңызды мәселесі екенін алға тартады. Бұл үш қаламгер кішкентай адамдардың өміріне назар аударды. Олар үшін өмірді көркем шығармаға тән пафос пен көркемдік идея тұрғысынан емес, барынша «жалаңаш көрсету», адамның ішкі дүниесіндегі шынайы үдерісті көрсету басты мақсат болды. Сондықтан

бұл қаламгерлердің шығармалары қоғамын, уақытын «жалаңаштай» көрсеткен адамдардың ішкі әлемін «теріс аудара» көрсеткен аса сыншыл туындылар екеніне күмән жоқ» [7].

Ия, Б.Майлин өз шығармаларында халық өмірінің әлеуметтік шежіресін жасап кеткен ұлы жазушы. Байқап отырсақ ол жасап кеткен Айша, Раушан, Берен, атақты көк сиырлы Дайрабай, Азамат Азаматыш.... барлығы типтік дәрежедегі кейіпкерлер екен. Сондықтан қазақ әдебиетіне «кішкентай адамдар» мәселесін алғаш алып келген жазушылар тізімін бастап тұрғандығымен келіспеуге жөн жоқ.

Жалпы кино өнерінде «кішкентай адам» болмысы туралы түрлі пікірлер айтады. Тіпті біреулер оларды киноға «жаңа толқынның» келуімен байланыстырса енді келесі бірі киноның алғашқы кадрларында-ақ бой көрсеткен дейді. Кино тарихының алғашқы пайда болған кездеріне назар салсақ Американың атақты комик, дыбыссыз киноның дара тұлғасы Чарли Чаплиннің м фильмдерін қарасақ ол да қоғамның «кішкентай адам» мәселесін көтереді.

Әдебиеттің ізін басып қазақ кино өнеріне аяқ басқан «кішкентай адам» мәселесіне алғашқы болып әйгілі «art cinema» киностудиясы алға тарта бастады. Алғашқы болып режиссер Нариман Туребаев фильмдерінде «кішкентай адамды» экранға әкеліп көременге жаңа кейіпкер ұсынды. Режиссердің фильмдерінен байқағанымыз оның кейіпкері «әлсіз», «әрекетсіз», мақсатқа деген ұмтылысының жоқтығын баса айтуға болады.

Жалпы 1980 жылдары жарыққа шыққан «Жаңа толқын» режиссерларынының картиналарына назар аударсақ режиссерлік мүделерінің бөлектігін байқаймыз. Олардың картиналарында көз үйренген классикалық фильмдердің формасы жоқ. Өмірдің шынайын көзқарсын байқауға болады. Белгілі киносыншы Б.Нөгербек «Экранда Қазақфильм» еңбегінде С.Апрымов пен Д.Өмірбаевтың режиссурасына талдаулар жасап «Ақсуат» фильмін ұлттық кино атағына лайық деген баға береді [8]. Автор фильмді ешқандай идеологияны дәріптемейді, біреудің ырқына жығылмай, қоғамның жағдайын өзінің субъективті көзқарасымен көру нағыз тәуелсіздіктің рухын арттырған деп түсіндіреді. Режиссер С.Апрымовтың өзге фильмдерін сарапқа салып, «Қиян» фильмінен бастау алған өз туған ауылын өзі танымай қалған жат кейіпкері жайында кеңінен сөз етеді. Ешқандай бағыт-бағдарсыз қалған бұл кейіпкердің сапары ары қарай режиссердің басқа фильмдерінде де жалғасын табады. Бірақ, кейінгі фильмдерінен білетініміздей С.Апрымовтың кейіпкері әлі де жалғыз, әлі де барар нақты бағыты жоқ. Сыншы кейіпкердің психологиялық, эстетикалық құндылықтарына баға бере келіп адамның жан дүниесіндегі мұңын, сол кездегі қоғамдағы жағдайымен байланыстыра режиссердің фильмдерінің өзіндік ерекше нақыштағы ұлттық колоритке ие деген баға береді. Расында Апрымовтың құлдырау кезеңіндегі қоғам көрінісі еш боямасыз көрсетілген «Ақсуат», «Қиян» фильмдері дәл қазіргі уақытта тарихта қалған таңба фильм болып отыр. Жалпы Б.Нөгербек еңбектерінде «жаңа толқын» қазақ киносындағы Шәке Айманов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақпаевтардан кейін жаңа леп әкелген жастар деп қарастырады. Олай деп айтуға толық себеп бар. Өйткені, италиялдық неореализм, неміс киносындағы экспрессионизм, атақты «Догма 95», француздық жаңа толқынының белгілері қазақ киносының тоқсаныншы жылдарында пайда болған фильмдерде айқын көрініс тапты. Мысалы, постмодернизм бағытының барлық ережелеріне сай режиссер Ә.Қарақұловтың «Жылама» фильмін де жатқызуға болады. Ондағы қол камерасының қолдануы, дыбыстардың, көріністердің шынайылығы сөзімізге дәлел. Кинотанушының зерттеулеріне тоқталуымыздың себебі, «жаңа толқын» режиссерлерінің кейіпкерлерінің өзгеріске ұшырау жас режиссерлердің кино өнеріне жаңа кейіпкер жасап шығарудағы себебі болмақ.

Нариман Туребаев «жаңа толқын» режиссерлерінің бірі Әмір Қарақұловтың шеберханасынан шыққан есімі танымал режиссерлардың бірі. Студент кезінен кино тілін жеттік меңгерген нағыз шебердің алғашқы «Романтика» (2000) картинасы жылы жарық көреді. Араға бір жыл салып «Антиромантика» (2001) жарық көреді де сол жылы «Смотри по новому» кинофестивалінде қазылар алқасының жоғарғы бағасына ие болады. Студенттік кезден байқауларда фильмдерін ұсынып жүрген режиссердің фильмдерінде өзіне тән қолтаңбасы қалыптасып, көтерген мәселелері сыншылар назарына іліну талдауға түсіп жатты. Н.Туребаев фильмдерінде 90 жылдары жарық көрген «жаңа толқын» фильмдерінің тақырыптық, мазмұндық, стилі көрініс тапты. Яғни Нариман Туребаевтің фильмдерінде авторлық көзқарас айқын байқалатын. «Антиромантика» картинасында көше қызымен қатынасқа түскен жас жігіттің бір бөлме ішіндегі көрінісі суреттеледі. Материалдық жағдайына қарамастан, жігіт табиғи қажеттілігін өтеу үшін осы шарасыз қадамға барады. «Алдымен тамақтанып алармыз» деген қонақ қыздың әңгімесінен, фильмнің оқиғасының қалай өрбитінін сезіп отырасың. Көп ұзамай режиссер «Маленькие люди» фильмін жарыққа шығарады. Бұл режиссердің толық метражды фильм жасаудағы алғашқы тәжірибесі болғандықтан идеясы жетілген, тақырыптық ауқымы кеңейе түскенін байқаймыз. Фильмде кішкентай адам образы көрініс беріп, үлкен мегаполистегі екі кейіпкердің мәселесі қоғамдық деңгейге көтеріледі. Уақыт жетегінде жүрген алуан өркениеттің әуресі кейіпкерлерді әурегe салады. Режиссер бас кейіпкерінің бейнесі арқылы адам болмысындағы әлсіздікті, қарекетсіздікті, мақсатқа деген ұмтылыстың жоқтығын көрсетеді. Бір жағынан әрекет, талпыныс бар, екінші жағынан заман талабына сай қарсы күресетін күштің жоқтығын байқауға болады.

Фильмнің кейіпкерлері екі жігіт көше жағалап жарнама жасау арқылы күнделікті тірлікте қажеті бар заттар сатып күн көруге мәжбір. Тапқан табысына «қыз жалдап» уақытын өткізетін

олардың жетістікке жетуіне тек өздері кедергі. Кино авторы екі жігіттік тыныс тіршілігі, күн көру ережесін көрсете отырып, ешкімді кінәламайды, керісінше кейіпкерінің ішкі жандүниесін түсінуге шақырады. Сол себепті де олардың әлсіздігін көрсету арқылы фильм тақырыбы «кішкентай адам» мәселесін астарлап көрсетуге тырысады.

Режиссердің 2011 жылы жарық көрген «Шуақты күндер» фильмі заманауи кино үрдісінде ерекше фильмдер қатарына енді. Отандық VII Халықаралық «Евразия» кинофестивалінде фильм «үздік режиссура» жүлдесін иеленді. Қазақ кино өнері қоғамдық мәселеден алшақ кетіп, заманауи көрермен талаптарына сай формаға енген сәтте мәңгілік тақырып-жеке адамның ішкі трагедиясы бұл фильмде қайта бас көтерді. «Шуақты күндер» деп аты айғайлап тұрғанмен фильм оқиғасы ондай көтеріңкі көңілде өрбімейді. Фильмнің бас кейіпкері-жалдап отырған пәтерінің ақшасын төлей алмай, қарызға әбден батып, далада қалатын жағдайға жетеді. Үлкен қалада оның жолы болмайды, не оқыған оқуы не жасаған жұмысы жоқ. Өмірін жалғастырып, бір жарқ еткен үміт жоқ. Фильмнің алғашқы кадрлары кейіпкердің сәтсіз өмірімен басталып, сәтсіздікпен аяқталады. Сүйікті серттескен қызы тастап кетеді. Пәтер ақысын төлейтін қаражат жоқ, тіпті сырттан келетін көмек те жоқтың қасы. Достан, анасынан көмек сұраганның өзінде әрқайсының өз проблемасы, өз тірлігі, өз шығыны бар. Үйіндегі затын шығарып сатып пайда етемін деген әрекеті де сәтсіз аяқталып «мына жасымда алдамаймын деген» саудагер қарияның қолында кетеді. Тіпті сырттан келген кәсіпкерлерге гид болып табыс табам деген әрекетінен де түс шықпайды. Жанында көмек беремін деген орта жастағы әйелдің өз есебі де байқалып қалады. Демек бас кейіпкерге жаны ашитын бір адам табылмағаны оны өмірден түңілтіп жібереді. Бір ғана дүкен сатушысының бас кейіпкерге деген дұрыс көңілін білдіргенімен, сезімі де бар көрінгенімен тіршілікпен басы қатқан бас кейіпкер оны сезбейтін де сияқты. Режиссердің айтпақ ойы да осы кадрларда байқалады. Бір-бірінің қайғысына, қуанышына мән бермейтін өз күнін өзі көрген қоғам өмірі. Біреудің проблемасында біреудің шаруасы жоқ. Сол себепті бас кейіпкер де өз өмірін өзі дөңгелетіп әкетуге қанша талпыныс жасаса күші жетпейді. Қауқарсыздық пен шарасыздық киноны әр кадрінде орын алады. Кафеге келіп, сыра құйып беруді өтінген кейіпкер бейнесіне назар салып көріңізші. «Шуақты күндер» фильмінің әлеуметтік мәселелерінің алдында өмірдің ырғағынан сырт қалып қойған немесе ілесе алмай қалған адамдар туралы баяндалады.

Режиссердің 2014 жылы «Приключение» фильмі Х-ші «Евразия» Халықаралық кинофестивалінде Фиприсси және Нетпак қазылар алқасының арнайы жүлдесімен марапатталады.

Фильмнің бас кейіпкері Марат мекеме күзетшісі болып жұмыс атқарады. Кейіпкердің бір қалыпты өміріне ойламаған жерден жас қыз келіп шытырман оқиғаға айналдырады. Фильм Ф.М. Достоевскийдің «Ақ түндер» повесінің желісі бойынша түсіргенімен, режиссер өзіндік көзқарасына қарай икемдеп түсіргені белгілі. «Приключение» фильмінде кейіпкердің бойынан үйлесімдік, депресивті көңіл–күйге берілмейтін толықалық, күйреу және жеңілістерден өзін-өзі сақтауға деген ұмтылыс аңғарылады. Яғни, ішкі сезімдердің құрбанына айналмайды.

Нариман Туребаевтің фильмдеріндегі өмір шындығы мен экран заңдылықтары бірегей формада үйлесім тапқанымен, кейіпкер болмысымен, қоғам көрінісі қақтығысып отырды. Шығармашылық жолындағы туындыларының барлығында орталық кейіпкер ер адам бейнесі болды. «Антиромантика», «Кішкентай адамдар», фильмдеріндегі кейіпкер бейнесі, жаңа ортаға бейімсіз, өмір көшіне ілесе алмай келе жатқан кейіпкерлер қатарынан көрінсе «Шуақты күндер» кейіпкері әлсіз, әрекетсіз, рухани және мате риалды дағдарысқа ұшыраған еді. Ал соңғы фильмдегі заманауи кейіпкер бейнесінің құбылмалы шешімдері арқылы, режиссер шығармашылығына тән жалғыздық тақырыбын шындай түсті. Аталып отырған фильмдердің барлығына ортақ бір қасиет бар. Ол іс-әрекеттері қоғамдық өзгерістердің нәтижесі ретінде берілетін бас кейіпкердің экрандық сипаты. Әртүрлі себептердің әсерінен фильмдегі кейіпкерлердің психологисы өзгеріске ұшыраған және осы жағдайдан шығудың жолдарын өз мүмкіндігінше іздейді.

Белгілі кинотанушы Назира Рахманқызы «Бүгінгі қазақ киносының кейіпкері» атты ғылыми еңбегінде «кішкентай адам» мәселесін ғылыми талдау жасап арнайы бір бөлім арнаған. Автор «кішкентай адам» образын тек режиссер Нариман Туребаевтің фильмдерінде ғана емес режиссер Дәрежан Өмірбаевтың және Данияр Саламаттың фильмдерінде көрініс беретіндігін ғылыми дәлелдермен талдау жасаған. «Соңғы жиырма бес жылдағы қазақ қоғамындағы айтулы өзгерістердің бірі – ауылдан қалаға үдере көшу, урбанизация мәселесі екені белгілі. Бұл құбылыстың қазақ кино өнеріне ауылдан қалаға келген жастарының өмірі туралы Д.Өмірбаевтың, Данияр Саламаттың фильмдерінен көріп жүрміз. Осы режиссерлердің шығармалары арқылы ғасырлар бойы дала мәдениетін бойына сіңіріп келген қазақтың қала өміріне, мәдениетіне сіңісу процесі өте күрделі кезеңдерден өтіп келе жатқанын байқаймыз. Бұл өз кезегінде «бөтендік сезім», өмірде жолы болмай жүрген «кішкентай адам» оның ішкі күйзелістері мен бақылаулары, айналасын қоршаған ортамен текетіресі және одан жеңіліс табуы сияқты тақырыптарды экранға шығарды». [9] Автордың тұжырымы бойынша «кішкентай адам» басты мәселесі жеке әлемінің күйреуі, сыртқы әлеммен қарым-қатынасындағы шарасыздығы оның ішкі сезім иірімдері жалпы қоғамдық құбылыспен өрбіп отырады. Кинотанушының пікірі бойынша «кішкетай адамдар» сол қоғамның «құбыжық» құндылықтарына қарсы шығады. «Режиссердің айтуынша, біз кедей, бай деп нақты екі әлеуметтік

топқа бөлінген капиталистік қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ол қоғамда тек күші бар әлділер ғана жеңеді, ал қорғансыз бен әлсіздер олардың құрбанына айналады. Фильмде режиссердің бүгінгі қоғам, ондағы «кішкентай адамның» орны туралы көзқарасында қандай да бір мәмілеге келе алмайтын қатаңдық, турашылдық бар» Дәрежан Өмірбаевтің «Студент» фильміндегі тұжырымы жайлы пікірін білдіреді [10]. Автор сонымен қатар «кішкентай адам» мәселесі Серік Апрымовтың «Бауыр» (2013) фильмінде орын алғандығын баса айтады. Алайда бұл фильмнің кейіпкері шарасыздық, әлсіздік, күйреуден гөрі ішкі үйлесімдігі бар кейіпкер деп қорытындылайды.

Ал, киносыншы Инна Смаилова «кішкентай адам» мәселесіне байланысты өз еңбегінде: «Кинода мансабына шек келтірместей көрінген, терең ойлауға қабілетсіз кейіпкерлер өздерінің ішкі қасиеттеріне қарамай, киноға жаңа кейіпкер болып келді. Олар үшін ішкі жан дүниесінен бұрын, сыртқы келбеті маңызды болып тұр. Сондықтан автор үшін олардың сыртқы қорқынышы, бос сандалысы, жаңа жағдайға деген көзқарасы, эмоциясы жағдайдан шығу әрекеті ғана [11].

Киноның құдіреті оның кейіпкерінде. Сондықтан кейіпкерді жасап шағаруда сценаристің еңбегінің зор екендігін ескере кетуіміз керек. Нариман Туребаевтың шығармашылығында бірнеше рет сценарий жазу бақыты бұйырған. Студент кезінен ұстазы экранға шығарған «1997 Записки Рустама с картинками» (1998) сценариін алғаш жазған осы Н.Туребаев болатын. Сондықтан өз фильмдерінің сценариін өзі жазып өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған дарынды режиссердің фильмдерін алғашқы кадрларынан-ақ тануға болады. Режиссердің фильмдерінің жарық көргеніне біраз жыл болса да фильм тақырыбы жағынан құнын жоймай, жан-жақты талқылаудан актуалдығын жойған емес. Себебі оның жасап шыққан кейіпкерлері қоғамдық құбылысты нақты бере алатын сол заманнан орнын табатын кейіпкерлер. Бұл жөнінде жас киносыншы Баубек Нөгербек өзінің диссертациялық жұмысында мынандай талдаулар жасайды. «Бұл фильм Маке мен Баеке есімді пәтер жалдап тұратын жігіттер жайында. Олар көше жағалап, сетевой-маркетингпен айналысып, көшеде сенгіш адамдарға қажетсіз заттар ұсынып оны сатумен айналысады. Фильм тақырыбы тақырып үшін ғана, Бек пен Макс «үлкен әлемнің» «үлкен өзгеріс күтіп жүрген» «кішкентай адамдары» [12].

Міне, кәсіби мамандардың пікірлерін сарапқа сала келе түйгеніміз «кішкентай адам» мәселесі әрдайым күн тәртібінде тұрып, біз оған қалаған уақытымызда оралып, олар арқылы қоғамдық өзгерістерге ойымызды айта аламыз. Режиссер Нариман Туребаевтің шеберлігі де осы тақырыпты кеңінен көрсете алғандығында болып тұр. Режисердің қай фильмін алсаңыз да оның бас кейіпкері ер адам. Жәй ер емес, қоғамда орнын іздеп амалсыз, шарасыз қалған ер адам. Фильмдерінің ырғағы қалай бояу болса фильдегі басты кейіпкерінің іс-әрекеті, қимыл қозғалысы да сондай баяу.

Өнерде дала өнері мен қала өнері деген ұғым бар. Кино саласына қатысты айтар болсақ әрине аға буын режиссерларымыз бен киноға келген сценаристерді сөзсіз даланың өнерінің шеберлері деп атауға әбден болады.

Ал «жаңа толқын» режиссерларының басты назар аударатын мәселесі заман тақырыбы мен сол кезең аралығында пайда болған жаңа кейіпкерлердің экрандық бейнесі күрделі де аса қызықты мәселелерді қамту болды. Жаңа кейіпкердің сомдауын қарастыру арқылы қазақ кино өнерінде қалаптасқан кейіпкерден алыстап кетті. «Наримау Туребаевтың «Кішкентай адамдар» фильмінде голивуд моделіндегі жақсылығымен жамандықты жеңетін мейірімді-кейіпкер жасау жағынан ұтымды шыққан. Жас кинорежиссерлардың фильмдерінде жаңа өмірге жаңа көзқараспен қарайтын, қиындықты жеңе білетін, болашаққа үмітпен қарайтын кейіпкер жасау қалыптастырып жатқанын байқауға болады [13]. Ия, Н.Туребаев фильмдерінде бүгінгі күннің кейбір келеңсіз әрекеттері бейнеленген. Кинотанушының шетелге еліктеушілік тәсілімен түсірілген деген тұжырымымен келісуге негіз бар. Н.Туребаев фильмдерінде ұрып-соғу, кинау, үлкеннің кішіге озбырлығы, зорлық-зомбылық, азаптау, жоқшылық, түрлі мистикалық сарынды көп пайдалану орын алады. Әрине, режиссердің фильмдерінде еліміздің тарихын дәріптейтін, қазақ мәдениетін паш ететін элементтер жоқтың қасы. Десе де әр фильмі өз кезеңінің айнасы тәрізді, еліміздің егемендігінің бұғанасы қатаймай, қабырғасы бекімей тұрып шыққан фильмдер сол заманға сәйкес шыққан. Тағы бір ескере кететін жағдай жоғарыда айтқан қала өнерінің кең өріс алуы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 obrazovaka.ru

2 www.litra.ru

3 https:sites.google.com (Вертуальный музей)

4 https:lladabeportal.kz (7 сентября 2018 года)

5 Ногербек Б.Р. Кино Казахстана.- НЦП,1998, 272 б.

6 Рахманқызы Н. «Бүгінгі қазақ киносының кейіпкері» РКР cajas.rz

7 Смаилова И. Генезис киноязыка в современном казахском игровом кино:. автореферат... кандидат...искусств...наук...Алматы 2010. - 31 б.

8 Б.Нөгербек. Эволюция и трансформация образа героя в казахском игровом кино (1930-е 2000-е годы) диссертация на соискание ученной степени доктора философии (PhD).Алматы 2012

9 Деллюк Л. Фотогения. Новые вехи. 1929. - 124 б.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ

СФЕРЫ УСЛУГ

SERVICE SECTOR

ҒТАМР 71.35.01

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДАМУ ҮРДІСІ

Д.Е. Жумекенова
Аға оқытушы, магистр, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.
А.К. Айболова
Студент, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

В данной статье речь идет о динамике и тенденциях развития гостиничной индустрии в Республике Казахстан, являющейся главным сектором международного туризма. Низкий уровень обслуживания гостиничных предприятий в Казахстане является одной из причин слабого развития туризма в стране. Одним из важных вопросов, рассматриваемых в рамках государственной программы развития туризма, является повышение качества услуг.

Ключевые слова: гостиничное хозяйство, сервис обслуживания, туризм, туристская отрасль, гостиничная индустрия, гостиничные предприятия, туристская инфраструктура.

Қонақ үй шаруашылығы ортасы туризмнің жетекші факторы мен базасы болып табылады. Бірақ елімізде қонақ үй-мейрамханалық және туристік бизнес көптеген себептерден шетелдегідей өріс алып жатқан жоқ, оның экономикалық және басқару негіздерін оқу экономикалық ғылымның жеке саласына әлі айналмады [1].

Қазіргі таңда әлемнің әр нүктесінде қызметтер саласының феноменальді кеңеюіне айқын тенденция байқалуда. Қызмет көрсету – адам қажеттіліктерін қанағаттандырып, жетілдірілетін адамзат қарым-қатынастарының саласы болып табылады. Қонақ үй қызметін дұрыс ұйымдастыру және жылжыту үшін сервис мәдениетін дамыту керек. Қызмет көрсетудің жоғары мәдениеті қызметшілерге тұтынушылардың мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қонақ үй қызметтерінің маркетингі саласында жұмыс істейтін адамдар, өз тауарының төрт спецификалық белгілерін ұмытпауы керек:

1. Материалды тауарларға қарағанда қызметтерді, оларды тікелей көрсету сәтіне дейін, дәмін татып, ұстап көріп, көруге және естуге болмайды;
2. қонақ үй индустриясында қызмет көрсету қызмет көрсететін адамды да, қызмет көрсетілетін адамды да қажет етеді, яғни қызметтер көзі мен объектісінен ажырамайды;
3. қонақ үй саласының қызметтері құбылмалы, оның сапасы қызмет қандай жағдайда және кіммен көрсетіліп жатқандығына байланысты болады;
4. қызметтер сақтауға келмейді [2].

Қонақ үй қызметтерінің сапасы өндірістік фирмалардың қызметтерінің сапасынан әлдеқайда ерекшелінеді. Қонақ үй кәсіпорнының өнімі бір уақытта өндіріліп – тұтынылатыны – оның басты ерекшелігі болып табылады. Зерттеушілер сапаны қонақтың сұраныстарын қанағаттандырып, одан асу мүмкіндігі ретінде анықтайды. Жоғарғы деңгейдегі сапаға ұмтылу – шексіз удеріс, бірақ бүгінгі күні қонақ үй бизнесіндегі барлық бірлестіктер онымен айналысатыны анық. Қызмет көрсету сапасының сұлбасы танылған бес сатылы модель ретінде кең қолданылады. Ол қызмет көрсетудің сапасын қонақтың үміттерін қанағаттандыру көзқарасынан анықтайды.

Сұлбаны жасағандардың айтуынша: «Қызмет көрсетудің бірінші қадамы – бұл тұтынушылардың қажеттіліктері және талаптарымен қоса, қызмет көрсетудегі туындайтын қиындықтардың алдын алу, қызмет көрсету сапасында кемшіліктер туу мүмкіндігін білу, қадағалау. Басқаша айтқанда, фирма өз қонағының талаптарын білу, сол қажеттіліктерін үлгілі сапамен жоғары деңгейде жүзеге асыруы керек» [3].

Халықаралық қызмет көрсету стандарты міндетті түрде қонақүйдің сапалы жоғарғы деңгейдегі қызмет көрсетуін талап етеді.

Қызмет көрсету стандарты – бұл тұтынушыға міндетті түрде көрсетілетін қызмет ережелерінің жиынтығы, өндірістік операциялардың жоғарғы деңгейдегі сапасын кепілдеу. Стандарт белгілі бір критерийлерден тұрады, олар қонақүй шаруашылығының жұмысшылар қызметі және тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасының деңгейімен бағаланады:

− Ақпарат немесе брондау жайлы хабарламаға жауап уақыты(секунд); орналастыру қызметі кезіндегі уақыт;

– клиенттердің көп келуіне қарамастан, қонақүй шаруашылығында қатарда тұру уақыты көп ұзамау керек;

– белгілі бір қызмет түріне кететін уақыт шығыны. Мысалы, тұтынушының номерге кіргеннен бастап 3 мин кем емес жүкті жеткізу; тәулік ішінде пайдаланушының жеке заттарын сұрыптау, тазалау немесе жинастыру және т.с.с.;

– сыртқы кейіп және униформаның болуы;

– персоналдың тіл білуі (мемлекеттік тілі, шет тілдері т.б.) және т.б.

Қонақ үй бизнесі экономиканың ерекше салаларының бірі, мемлекет қонақ үй қызметіне көмектеседі, жалпы туризм индустриясының дамуы үшін жағымды жағдай жасай отыра, оның ерекше бағыттарын анықтайды және қолдайды.

Қонақ үй индустриясы экономикалық қызмет түрі ретінде қонақ үйлерде, мотельдерде, кемпингтерде және қосымша ақы үшін басқа да орналастыру құралдарында қызмет көрсетуді және қысқа мерзімді тұруды ұйымдастыруды қамтиды.

Қонақ үй қызметтері нарығын дамыту Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыруға негізделген, онда туризм саласы қонақ үй секторымен бірге басым сала ретінде айқындалған. Қазақстанның қонақ үй шаруашылығын табысты дамытуы үшін барлық мүмкіндіктері бар [4].

Қазақстанның қазіргі заманғы қонақ үй индустриясы отандық және шетелдік менеджменттің екі түрі бойынша жұмыс істейді. Соңғысы шетелдік компаниялардың басқаруында жұмыс істейтін қонақ үйлердің пайда болуымен байланысты, бұл қонақ үй қызметтерінің отандық нарығының сапалы жаңа жағдайға көшуін дәлелдейді.

Қонақ үй тізбектері Қазақстанның қонақ үй секторын ұйымдастырудың жаңа тәсілін қалыптастырады және оның қызметтерінің деңгейін арттыру үдерісіне елеулі үлес қосады.

Заманауи компьютерлік технологиялар қонақ үй өнімін жылжытуға үлкен әсер етеді. Осылайша, қонақ үй ақпаратттарын электрондық пошта арқылы тарату және ғаламтордағыөзінің сайттарын жасау жарнама саласында кеңінен таралды. Қонақ үй бизнесіндегі инновациялық технологиялардың негізгі бағыттарының бірі мультимедиялық технологияларды, атап айтқанда анықтамалықтарды, буклеттерді, каталогтарды енгізу болып табылады.

Мультимедиялық технологияларды қолдану әлеуетті тұтынушыға қонақ үй туралы ақпаратты тез ұсынуға, сол арқылы қонақты қажет ететін өнімін жедел әрі нақты қатесіз таңдауға мүмкіндік береді. Қонақ үйдің және оның кәсіпорындарының басқа бөлімшелерінің қызметін автоматтандыру бағдарламасын әзірлеу басқарудағы елеулі өзгерістерге алып келеді, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын арттырады.Қонақ үй кәсіпорнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі инновациялық технологиялардың көмегімен шешілуде [5].

Туристік қызметтер, соның ішінде қонақ үй қызметі шеңберінде әлеуметтік-мәдени қызметтерге жатқызылды. Олар қазіргі заманғы қонақжайлылық қағидаттарында құрылады, бұл олардың отандық туризмді дамытудағы рөлін арттырады, сондай-ақ туристік-қонақ үй сервисі үшін кадрлар даярлау жүйесінде белгілі бір міндеттерді қояды.

Адам ресурстары қызметі және маркетинг бөлімі сапаны басқару бойынша жұмысты бақылау мен үйлестіруге жауап береді. Олар көрсетілетін қызметтердің сапасын және стандарттар мен санитарлық нормаларға сәйкестігін күнделікті бақылауды жүзеге асырады, қызметкерлерді оқыту мен кадрларды қайта даярлауды ұйымдастырады. Жаңа қызмет түрлерін және қызмет көрсетудің заманауи технологияларын зерделейді және енгізеді, қызмет сапасын арттыру бойынша шараларды әзірлейді.

Кесте 1: Қазақстандағы қонақ үй индустриясының позициясын бағалау нәтижелерін SWOT-талдау.

Әлсіз жақтары	**Күшті жақтары**
Қорытынды бағалау бойынша критерийлердің әрқайсысы бойынша қорытынды ұпай шығарылып, содан кейін барлық критерийлердің қорытынды ұпайлары жиынтықталып, арнайы ауыстыру шкаласы арқылы «5» ұпайлық бағаға көшіріледі.

Критериальды бағалау бірнеше ережелер басшылыққа ала отырып бағаланады;

– Оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен тікелей салыстырылмайды, эталонмен (үздік орындалған жұмыспен) салыстырылады.

– Эталон жұмыс қандай болатындығы туралы оқушылар алдына ала хабардар болуы тиіс.

– Оқушы өз жетістіктерінің деңгейі мен бағасын өзі анықтай алатындай, бағаны шығарудың анық алгоритмі жасалынуы керек.

Бағалаудың рейтингтік жүйесі

Егер критериальдық бағалау көбінесе орта мектептерге тән болса, рейтингтік бағалау гимназияларда, бейімдік сыныптары бар мектептерде, ЖОО-да кеңінен пайдаланылады.Бұл жерде ескеретін жәйт оқушы өз сыныптастарымен білім алу жарысына қатысуға, өзінің рейтингілік позициясын өзгертуге дайын ба? деген сұрақ туындайды. Біз қарастырған оқу орындарының білім алушылары бұл сұрақты қанағаттандырып, өздерінің өмір жолдарын дұрыс таңдаған балалар. Рейтингтік жүйені оқу үдерісіне енгізу эксперименті №3 мектеп-лицейде жүргізілді.

Жетістіктердің рейтингісі неден құралады?

Модель негізгі екі компоненттен тұрады:

1) Академиялық үлгірім рейтингі (оқу үлгірімі, мінез құлқы, тәртібіне байланысты алған бағаларының жартыжылдық қорытындысы бойынша өзгеріп отырады);

2) «портфолио» – оқушының әртүрлі жетістіктерін есепке алатын жинақтаушы жүйе.

Ол екі бөлімнен тұрады:

– олимпиадалық рейтинг;

– көшбасшы рейтингісі.

Академиялық үлгірім рейтингісі қалай жасалынады?

Академиялық үлгірім рейтингісі жоғары сынып оқушысының тек оқу үлгірімін, демек, барлық оқылатын пәндерден алған білім деңгейін және жалпы оқу дағдысының қалыптасқандығын көрсетеді.

Академиялық үлгірім рейтингісі			
Оқу мерзіміндегі бейімдік пәндерге қойылатын ұпайлар	Оқу мерзіміндегі базалық пәндерге қойылатын ұпайлар	Элективтік курс сынақтарының ұпайлары	Тәртібі мен мінез-құлығына қойылатын ұпайлар

Олимпиадалық рейтинг қалай құрастырылады?

Олимпиадалық рейтинг жоғарғы сынып оқушыларының аудандық, қалалық, республикалық деңгейдегі кезкелген зияткерлік, шығармашылық және спорттық жарыстарда, пәндік олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, шығармашылық фестивалдар мен көрмелер, ғылыми-зерттеу және мәдени жобалар, рефераттар, эссе жазғандары үшін алған ұпайлар жиынтығынан тұрады.

Көшбасшылық рейтинг қалай құрастырылады?

Көшбасшылық рейтинг жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлылық деңгейін, олардың қоғамдық белсенділігін көрсетеді. Ол белсенді, тұрақты, эпизодты емес, әртүрлі деңгейдегі өзіндік басқаруға, пайдалы әлеуметтік акциялар мен жобаларға, мерекелерге, спектаклдерге белсенді қатысуына берілетін ұпайлардан құралады.

Оқушыларда мектеп, аудан, қала, облыс деңгейінде әрбір оқу периоды қорытындысы бойынша жеткен жетістіктері ұпайлармен бағаланады. Жиналған ұпайлар жетістіктер деңгейіне қарай әртүрлі коэфициенттер қолдану арқылы есептеледі. Оқушылардың әлеуметтік пайдалы әрекеттері үшін, оларға жетекшілік ететін мұғалімдер рейтингі мәліметтерін береді.

Көшбасшылық рейтингісі		
Лицей немесе гимназияның өзін-өзі басқаруына белсенді қатысу	Лицей немесе гимназияның мерекелерін ұйымдастыру және өткізу	Арнайы әлеуметтік акцияларда және жобаларға қатысу

Бағалаудың рейтингтік жүйесі қандай ұстанымдарға негізделеді?

– Жетістіктердің барынша кең спектрін бағалау.

– Білімді практикалық қолданыс тұрғысынан бағалау.

– Білімді дайын күйінде бермей, білім алушының білім алуға өз құлшынысын, ынта-ықыласын арттыру, бір орында тұрып қалмай, болашаққа жол ашу

– Рейтингтің жиынтық бөлігінен ешбір айыппұл шегеріп тастамау.

– Жеке жетістіктерінің портфолиосын жасау.

Бағалаудың рейтингтік жүйесінің білім берушілік әсері:

– Оқу мотивациясы мен жауапкершіліктің көтерілуі.

– Әлеуметтік белсенділіктің өсуі.

– Табысқа жетуге бағдарлану.

– Өзін-өзі дәл бағалау

– Командалық рухты нығайту.

– Саналы өмірлік таңдау жасау.

Қазіргі кезеңде жаңаша *бағалау жүйесі келесі бағыттарда дамуда*:

– Бағалау-өлшеу материалдарының негізін қалау және ендіру;

– Білім беру үдерісіне кері байланысты іске асыра алатын жаңа білім беру технологияларын енгізу;

– Оқушылардың білімін бағалаудың тұтас жүйесін құру, (оқытудың барлық кезеңдеріндегі олардың жетістіктері ескерілуі керек), құзырлылық тәсілді есепке алатын аттестациялық әдістемелер мен қажетті инструменттерді іздеу және сынақтан өткізу.

Осы аталған жаңаша бақылау түрлері Қызылорда қаласындағы дарынды балаларға арналған №4 Еркін Нұржанұлы Әуелбеков атындағы мектеп интернатта соңғы үш оқу жылында оқыту үдерісінде пайдаланылып жақсы нәтижелер көрсетті.

Сонымен біз жаңаша бақылау және бағалау әрекетінің жаңа әдістерімен таныса келе, олардың білім алушының құзырлылығының қалыптасуына оң әсерін тигізетіндігіне көз жеткіздік. Енді алдымызда білім алушының құзырлылығын дамытуға арналған арнайы тапсырмалар жүйесін жасау мәселесі тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ковалевский И. Организация самостоятельной работы студента // Высшее образование в России №1, 2000, с. 114–115.

2 Мальцева Ю.А. Основы научных исследований: Учеб. Пособие.- М.: ВТУ, 2003

3 Сәдуақасқызы К. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Фолиант. Нұрсұлтан. 2019.

ҒТАМР 14.25.01

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Е. Бимуханбетова

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, «Сағакүрес негізгі орта мектебі», Алматы облысы

Мақалада жаңартылған білім берудің маңыздылығы жайлы және оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлауға, зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуге машықтандырудың тиімділігі жан-жақты қарастырылған, сонымен қатар тиімді тұстары нақтыланған. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі, білім сапасын арттырудың, оқу мақсаттарына жетудің бірден бір жолы екендігі баяндалған.

Түйін сөздер: жаңартылған білім беру, жаңа әдіс-тәсілдер, спиральді қағидат.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу». Өйткені, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек… Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Осыған орай мұғалім ретінде тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи, танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты меңгеру қажеттілігін сезіндім. Шығармашылықпен жұмыс істей жүріп, оқу мен тәрбие ісін жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгеріп, білімім мен біліктілігімді жетілдіру арқылы ғана білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш мектепте білім беру үрдісін ұйымдастыруға болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

Осы мақсатқа сай өз оқушыларымның бойына бірнеше дағдылырды қалыптастыруды жоспарлы түрде жүзеге асырамын. Олар:

− Оқушылардың білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білуі;
− Кез келген сабақта сын тұрғысынан ойлай отырып, ұтымды шешім қабылдай алуы;
− зерттеу жұмысын жүргізуі;
− ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдануы;
− коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалануы;
− топпен және жеке жұмыс жасай білу шеберлігі.

Бүгінгі таңда ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы». Бұл ұстанымнан «Шәкірт өздігімен үйрену керек»,-деген түсінік қалыптасады. Бұл дегеніміз Ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді. Мұнда мәселе – ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде. Педагог – білім тасушыдан – Білім әлеміне жол көрсетушіге айналуы тиіс. Себебі, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш мектепте білім беру үрдісін ұйымдастыру үшін жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктерін білу қажет:

– *біріншіден,* пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі маңызды. Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды: белсенді; бейнелік; таңбалық. Бұл спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымының дамуына себеп болған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

− оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
− әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
− жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

– *екіншіден,* Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы қолданылады, білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері бойынша бағалау критерийлері бойынша сабақ мақсаттары анықталады. Сабақ барысында пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал етті. «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Серпілген сұрақтар», «Сұрақ менен, жауап сенен», «3 таяқша», «Қос диаграмма» әдістері оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

– *үшіншіден*, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптар» беріледі. Әр пәнді жеке оқыту маңызды болып табылатынына қарамастан, пәнаралық байланыс оқушылардың жаттығуларды орындауында пәндерді анағұрлым сапалы зерделеуге, жетік түсіне алуына мүмкіндік береді. Каррдың пайымдауынша, пәнаралық байланыс тәсілі білім өзара байланысты құбылыс деп санаған Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп топпен, жұппен жұмыс істей отырып, пәндердің араларындағы мәселелерді талқылап пікірталас жүргізеді.

– *төртіншіден,* оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастырылады.

Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сынып пәндерінің оқу мақсаттарында белгілі бір сыныпта оқушылар үйренеді деп күтілетін тақырыптар, мазмұн және дағдылар сипатталған. Дәл осы оқу мақсаттарын оқу бағдарламасынан, оқу жоспарынан және критериалды бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтан таба алады. Осы арқылы ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды біріктіруге болады. Бастауыш сынып сабағын жоспарлау кезінде бұл үш құжаттың үшеуі де қолданылуы керек, міне, осы жағынан ерекшеленіп отыр.

Оқу жоспары көптеген орта мерзімді жоспарлардан, бөлімдерден тұрады, олардың әрқайсысы оқу кезеңінің бірнеше аптасына дейін қамтуы мүмкін. Осылайша бірнеше аптаны топтастырып бірден жоспарлаған тиімді болмақ. Бұл мұғалімге оқушылардың осы уақыт ішінде, тақырып немесе мәнмәтін арқылы байланыстырылған тізбектелген сабақтар топтамасы аясында қалыптастырып, дамытуы тиісті білім мен түсінік, дағдыларды толық қамтуға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді жоспарды әзірлеп болған соң, күнделікті жеке сабағымның жоспарын (қысқа мерзімді жоспар) дайындаймын. Сабақты жоспарлауды бастағанда бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешіп, сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында баяндалған оқу мақсатына сәйкестендіріп, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтылмауы мүмкін.

– *бесіншіден,* оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік рухани қасиеттері қалыптастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру тек тәрбие сағаттарында ғана жүзеге асырып қоймай, әрбір пәннің мазмұнында қамтылған. Адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын тәрбиелеу «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ескере отырып жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді.

– *алтыншыдан,* оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным ретінде оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуын, яғни, бастауыш сынып оқушыларын көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланатындығы ескерілген. Шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа үлгіні жасауда ықпалы зор. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің терендігін көрсетеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды жиі пайдаланамын.

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Критериалды бағалау жүйесі бұрыңғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндк береді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау, сабақтың өн бойына оқушыларды оқыту мақсаттарына жетелей отырып,тапсырмаларды орындауға деген қызығушылықтарын арттыруды жүзеге асырамын. Сабақта жоспарланған әрбір тапсырмадан кейін жүзеге асырылатын қалыптастырушы бағалау оқушының өзін өзі бағалауына, көршісін бағалауына және топ аралық бағалауды жүзеге асыра отырып, шешім қабылдай алуына сондай-ақ алға ұмтылуына, күтілетін нәтижеге ұмтылуына түрткі бола алады. Жиынтық бағалау оқу тоқсанның соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін – сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін – табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін – оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады [1]. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқан көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті повесть жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Бастауыш сыныптың барлық пәндерінде пайдаланып жүрген белсенді оқыту әдістері оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Сабақтың мақсатына және күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін , жаңа бағдарламаны меңгеру үшін өз тәжірбиемде пайдаланып жүрген белсенді оқыту әдіс-тәсілдері сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіне көз жеткіздім.Олар: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» т.б.

Менің пайымдауымша белсенді оқыту әдістері әрбір мұғалімнің барлық сабағында жүзеге асырылып жатады. Яғни, ашығын айтсам, мұғалім өз сабағына қатысып отырған оқушыны жансыз бейне ретінде қарамай, оқушының ойымен санасуға және ойын ашық түрде жеткізе білуге мүмкіндік берсе, оқушылардың сөздік қоры дамиды. Жаңа сабақты игеру мақсатында оқушылар жазған сұрақтарына оқулықты пайдалана отырып, жауаптар жазды. Топтар өздерінде туындаған сұрақтарды диалогтық оқыту арқылы басқа топтарға қоя отырып түсіндірмелелер жүргізілді. Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп,

оқушылар бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас жасады. Алдағы уақытта оқушыларды ашық сұрақтар, құнды пікірлер, идеялар айтуға дағдыландырып, болашақта қиналмауына себепші боламын.

Сабақтарымда жаңа әдіс тәсілдерді қолданып, топтастырып, формативті бағалау түрлерін қолданып, ашық сұрақтар қоюға дағдыландырып оқушылардың қызығушылығын ояттым.

Оқушылар жұппен не топпен жұмыс жасау барысында, әуелі идеялармен өзара бөліседі, содан соң бір-біріне сұрақ қою, яғни диалог арқылы жұмыстарын жүйеге келтіреді. Жұмыстарын қорғау кезінде, оқушыларға өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе алу, кез-келген іс-әрекеттің белгілі бір жағдайға тигізетін әсері жөнінде ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру мақсатын көздеп, қосымша сұрақтар қоямын. Балалардың жауаптарына сүйене отырып, оқушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын, болашаққа болжам жасай және шешім қабылдай алатынын байқадым. Осы сабақтағы оқушыларымның әрекеттестігін зерттей отыра, келесі қорытындыға келдім: «серіктестермен әңгімелесу» әдісі оқушыларды бір-бірінің ұстанымдары мен идеяларын жақсы танып білуге мүмкіндік бере отырып, жауапкершілікті, талапты болуға итермелеп, өз ойын дәлелді жеткізу қабілеттерін дамытып, оқушы бойында іскер адамға тән қасиеттерді оятады.

Өткізген сабақтарымның топтамасына сүйене отырып, білім беру мазмұнын жаңартылған бағдарламасының аясындағы белсенді оқыту әдісі қолданылған сабақтарымның талдауын жасау арқылы, дұрыс құрастырылған сабақ оқушының білімін тереңдетіп қана қоймай, оның ойлау, жүйелі сөйлеу, пікірін білдіру дағдысын да жаттықтыратынын, яғни әлеуметтік ортада өзін ұстай білу дағдысын қалыптастырады.

Мұғалімге өз тәжірибесінің негізінде шешім қабылдау үшін өз іс-тәжірибесін сыни бағалау да қажет. Кез- келген жүріп өткен қадамыңды жоспарлау оны орындау үшін іс-әрекет жасау, ал сол жасалған іс-әрекетіңе рефлексия жасау маңызды болып табылады. Бұл өз ісіңе есеп беру, өз әрекетіңді сыни талдау және бағалау барысында мұқият ойлану үдерісі екенін мен осы жаңартылған бағдарламаны оқу барысында түсініп жатырмын.

Білім беру жүйесіндегі әлемдік өзгерістер әсіресе мұғалімдерге өзгерістің қажеттігін дәлелдейді. Себебі мұғалімдер болашақты дайындайды, ал болашақ – қазіргі мектеп оқушылары болып табылады. «Балаңды өзің өмір сүріп отырған кезеңге емес, болашаққа қарай тәрбиеле» деген екен мұсылман ғұламалары. Сондықтан бала тәрбиешісі ретінде мұғалімге өзгеріссіз қалу қауіпті деп ойлаймын.

Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Бастауыш сыныпта жаңаша білім беру мазмұнын жетілдіру, жаңашылдық әдістерді мектеп тәжірибесінде қолдану тиімділігімен жүзеге асырылады. Алдағы келешекке сенім мол деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей. 2014 ж.

2 ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.

3 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.

ГРНТИ 14.07.07

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

А. Аймульдина

Магистрант, Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар

Статья посвящена особенностям применения технологии критериального оценивания в процессе обучения английскому языку, описан опыт внедрения критериального оценивания в процессе изучения.

Параллельно с процессом обучения по обновлённому содержанию велось исследование, позволяющее выявить в современном методе оценки знаний учащихся трудности, слабые места и достоинства как самого процесса, так и его ментального характера.

Ключевые слова: критериальное оценивание, обновлённое содержание обучения, трудности, слабые места, английский язык.

Актуальность темы исследования в данной статье обусловлена тем, что необходимость повышения уровня образования и современные требования к качеству образования, определяют актуальность поиска новых подходов к процессу оценивания. Процесс оценивания результатов деятельности учащихся является важной составляющей всего образовательного процесса. Оценивание выступает в качестве средства учения, поскольку даёт возможность отслеживать индивидуальный прогресс обучающихся в достижении планируемых результатов в различных сферах познавательной деятельности, обеспечивает обратную связь для преподавателей, обучающихся и их родителей.

Обучение без контроля (без оценок), как показала практика, не может дать результатов – необходимы действенные стимулы в учебной деятельности. Ученые-дидакты сходятся во мнении о зависимости продуктивности обучения от количества, своевременности (оперативности), качества, глубины, полноты, объективности контролирования.

При рассмотрении сущности контрольно-оценочной деятельности педагога мы будем исходить из следующих положений дидактики:

1) обучение представляет собой единство двух сторон – преподавания и учения. В самом общем виде преподавание – это деятельность педагога по планированию и организации процесса обучения, контролю его хода и оценке достигаемых результатов. Учение – это деятельность учащихся по освоению содержания учебного предмета, служащая основой для подготовки учащихся к практической деятельности, формированию и развитию опыта решения учебных и жизненных задач;

2) обучаемый является субъектом учения, в ходе которого он превращается из не владеющего определенными знаниями и умениями в овладевшего ими. Как показано в исследованиях ученых-психологов (И.В. Дубровина, Л.В. Зайков И.И. Ильясов, Ю.Н. Кулюткин, С.Л. Рубинштейн, Г.С. Сухобская, Л.М. Фридман, В.Д. Шадриков), с психологической точки зрения «учение есть деятельность по самоизменению путем освоения элементов социального опыта». Таким образом, основной характеристикой учения является изменение в самом субъекте деятельности;

3) оценочный этап является важной частью процесса обучения и предполагает: со стороны педагога – обсуждение критериев оценивания с учащимися, обобщение и систематизацию полученных новых знаний, со стороны обучаемого – развитие навыков самооценивания и взаимооценивания результатов учебно-познавательной деятельности.

Признание обучаемого субъектом обучения, носителем индивидуального, личностного, субъектного опыта, стремящегося раскрыть собственный потенциал, предполагает создание соответствующих условий для этого раскрытия. Важным условием для раскрытия потенциала обучающегося является эффективная оценка учебных достижений.

4) обучение является многообразным процессом и представляет собой систему, состоящую, в свою очередь, из различных систем, зависимых от изначальных «образовательных моделей» (А.В. Хуторской). Оценка и контроль являются элементами, характеристиками системы обучения, находящимися в отношениях и связях друг с другом и всеми остальными элементами, образующими определенную целостность и единство.

А.В. Хуторской предлагает понимать под системой обучения «модель организации обучающего процесса, которая включает взаимосвязанные между собой смысл, цели, принципы, содержание, формы, методы и средства (технологии) обучения, а также индикаторы, способы контроля и оценки результатов обучения». Данное положение позволяет утверждать, что эффективность оценочной деятельности зависит от каждого вышеуказанного элемента системы обучения и влияет в той или иной степени на каждый элемент этой системы.

Несмотря на то, что оценочная деятельность педагога признается как составная, органическая часть урока и обучения в целом, фактически она освещена в рамках контроля (опроса) и выставления отметки.

В педагогической теории и практике происходит смешение понятий «оценка» и «оценивание», отождествление или противопоставление оценки и отметки, оценивания и контроля. Необходимо уточнить, какое из приведенных понятий наиболее полно отражает содержание оценочной деятельности педагога.

В данном ряду, как показал анализ литературы, общим понятием предлагается считать «контроль», означающий, по мнению ученых, «выявление, измерение и оценивание знаний, умений». На важность контроля в учебном процессе указывает тот факт, что в некоторых западных странах за безоценочное обучение плата взимается в 3-4 раза меньше, чем за обучение в условиях жесткого контролирования и объективного оценивания.

К основным дидактическим функциям контроля относятся:

– получение педагогом объективной информации о степени достижения целей обучения;

– выявление уровня развития учащихся;

– обеспечение обратной связи между педагогом и учащимися;

– своевременное выявление недостатков и пробелов в освоении учебного материала.

В последние годы в оценивании результатов обучения четко обозначилась тенденция включения в дидактические функции контроля следующих параметров:

– получение объективной информации о готовности к решению различных проблем окружающей жизни, о сформированности умений направить свои знания и опыт на концептуализацию жизненной проблемы, разработку решения и планирование его реализации (жизненные компетенции);

– выявление уровня сформированности заданных личностных качеств.

Однако последний компонент представляется трудновыполнимой задачей и находится в стадии изучения.

Основной недостаток отметочной системы – субъективизм. Исследования показывают большой разброс отметок, поставленных разными педагогами за один и тот же ответ. То есть, экспертная оценка педагога является неточной. Да и сама шкала измерений, условно-числовой балл дает общее представление об уровне знаний, несет в себе мало сведений о качестве учебного процесса и не дает информации для его совершенствования.

Н.П. Подласый при описании причин субъективизма педагогов при оценке знаний приводит результаты одного эксперимента, которые доказывают, что именно педагогический субъективизм является главной причиной, по которой современные студенты отдают предпочтение компьютерным и тестовым формам контроля с минимальным участием педагога. Передача функции оценивания достижений учащихся контрольно-измерительным материалам, тестам, компьютерным программам не только повышает объективность оценки, но и снимает с педагога тот известный психологический стресс, возникающий в процессе оценочного общения: педагог, отрицательно оценивающий обучаемого, сам становится объектом его отрицательной оценки. Это приводит к деформации их отношений, а впоследствии и к эмоциональному сгоранию педагога.

На травматизм традиционной системы оценивания в советском образовании указывал в середине 80-х годов прошлого века Ш.А. Амонашвили. Как свидетельствуют результаты международных исследований по проблемам этики поведения в учебных организациях, в ряду этических ситуаций в образовании, общих для различных стран, названа предвзятость учебного оценивания .

Существенные недостатки отметочной системы приводил практиков и ученых к поиску других систем оценивания. Так, Ш. Амонашвили использовал целостную методическую систему применения оценок в процессе обучения. В.П. Беспалько в рамках педагогической технологии предложил свою систему объективного контроля и оценки знаний учащихся. Главным в ней является разработка диагностичных целей обучения, описание уровней усвоения знаний и инструментарий подсчета баллов по 12-бальной системе отметок.

В мире существуют и другие шкалы отметок за знания: девяти-, десяти-, двенадцатибалльные системы отметок. Некоторые учебные заведения предпочитают обходиться без числовых отметок, давая словесные содержательные характеристики. Однако приведенные шкалы не могут дать объективных результатов оценки практической педагогической деятельности без достаточно четкого представления педагога об оцениваемых показателях, владения знаниями, умениями и навыками. В современной дидактике существуют различные подходы к конструированию таких показателей, ориентированных на цели обучения различным учебным предметам, что приводит к значительным сложностям в их осмыслении как педагогом, так и учащимся и, как следствие, к формальному использованию в ущерб объективности оценки.

В странах Европы и Америки имеются довольно многочисленные попытки отойти от цифровой, символьной системы. В Германии был проведен эксперимент по введению диагностических листов, в которых давались словесные и цифровые оценки знаний учащихся, мотивов учения, развития мышления, показанных при изучении предмета и отдельных его тем. Они заносились в специальные таблицы. В Англии, подобно этому, имеются так называемые

«профили», представляющие собой тест и результаты, сведенные в таблицу – матрицу. При этом описание результатов обучения рассчитано не только на специалистов, но и на понимание родителей и студентов. В Германии имеется также попытка применять для характеристики успехов в процессе обучения табель-сообщение, в котором выделены следующие параметры:

– поведение по отношению к педагогу, одногруппникам;
– поведение во время работы;
– особые интересы, способности, навыки;
– уровень успеваемости и действительные возможности в разных предметах.

Табель-сообщение ориентирован на выявление возможностей обучаемого и поощрение его к дальнейшим шагам. В данном случае можно провести аналогию с подходом Ш.А. Амонашвили.

В целом, изучение зарубежного опыта проверки и оценивания знаний и умений позволяет сделать вывод, что контроль и учет успеваемости, диагностирование обученности в зарубежных учебных заведениях носят характер объективной констатации результатов и не предполагают реализацию всеобуча. Общепринятый принцип индивидуализации обучения определяет один подход – каждый студент идет своим путем, обучается в меру своих возможностей, потребностей, реальных оценок будущего.

Периодическое оценивание и обратная информация о его результатах позволяют учащимся глубже понять свои сильные и слабые стороны. Такое информирование дает объективные основания для более глубокого понимания уровня собственных умений и навыков, для развития самооценки.

Формирование самооценки – важный психолого-педагогический аспект оценочной деятельности.

Для того, чтобы соответствовать требованиям государственных образовательных стандартов, предъявляемых к содержанию и уровню подготовки бакалавров, изучающих иностранный язык в профессиональных целях, от студентов требуется достижение уровня свободного владения изучаемого языка в устной и письменной форме.

Оценка и контрольно-оценочная деятельность входят в состав универсальных учебных действий, а, следовательно, являются целью и самостоятельным элементом содержания образования, который нужно формировать и развивать. Традиционное оценивание не соответствует веяниям времени, так как имеет ряд недостатков:

– оно в той или иной степени субъективно, поскольку не имеет четких критериев оценки достижения планируемых результатов процесса обучения, которые были бы ясны всем участникам образовательного процесса. Именно поэтому, отмечается рост недовольства оценкой, которую выставляет преподаватель как со стороны обучающихся, так и со стороны родителей.

– так как обучающиеся не вовлечены в процесс оценивания, данная система не способствует формированию и развитию учебной самостоятельности, способности к само- и взаимооцениванию, потребности к действиям и совершенствованию своего обучения.

Таблица 1. Уровни умения обучающихся понимать письменный текст на иностранном языке и соответствующие им категории учебных целей

Уровень	Умение	Категории учебных целей
А1	Я понимаю знакомые имена, слова, а также очень простые предложения в объявлениях, плакатах или каталогах	1. Знание 2. Понимание 3. Применение
А2	Я понимаю очень короткие простые тексты. Я могу найти конкретную, легко предсказуемую информацию в простых текстах повседневного общения: в рекламах, проспектах, меню, расписаниях. Я понимаю простые письма личного характера	+ к предыдущим: 4. Анализ 5. Синтез
В1	Я понимаю тексты, построенные на частотном языковом материале повседневного и профессионального общения. Я понимаю описание чувств, намерений в письмах личного характера	+ к предыдущим: 6. Оценка

Современное оценивание должно быть многофункциональным, понятным, критериальным. Согласно определению, “критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее

известными всем участникам образовательного процесса критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующий формированию ключевых компетентностей учащихся” [3]. Этот процесс помогает обучающимся осознать и спроектировать свои дальнейшие действия для улучшения результатов учения.

Мы выбрали один из текстов и комплекс заданий к нему из электронного учебника и страницы дисциплины «Иностранный язык» (соавторы старшие преподаватели Елкина И.М., Фетисова Л.И., к.ф.н., доцент Преснухина И.А.) Института дистанционного образования Московского государственного индустриального университета [9], на примере которого рассматривается практическое применение теоретических положений таксономии учебных целей Б. Блума и требований Примерной программы по формированию уровней умений в понимании (чтении) на английском языке.

Апробация технологии проводилась на 1-3 курсах обучения студентов. Были проведены отдельные занятия по совместной разработке критериев оценивания речевой компетенции в следующих видах речевой деятельности: устной (монологической и диалогической) и письменной (написание письма личного характера и открытки) речи. Поскольку обучающимся сложно осознать критерии, сформулированные на английском, мы обсуждали их на родном языке. За основу были взяты критерии, используемые при проверке заданий с развернутым ответом на ЕНТ. Кроме того, были разработаны критерии оценивания навыков чтения, аудирования, а также контрольных, тестовых работ и диктантов.

Обучающиеся отметили, что им было интересно участвовать в разработке и анализе критериев оценивания и они обязательно будут принимать их во внимание при выполнении устных и письменных заданий для достижения более высоких результатов обучения. Данные критерии активно использованы и при взаимооценке устных и письменных ответов на уроке. Учащиеся с огромным удовольствием берут на себя роль преподавателя-эксперта. Однако, изначально это было весьма сложно организовать из-за недостаточного уровня объективного самооценивания и взаимооценивания обучающихся.

Таким образом, если традиционно оценивание было прерогативой преподавателя, в новых условиях в процесс оценивания и взаимооценивания достигнутых результатов включается и учащийся, который становится настоящим субъектом своего обучения, а преподаватель от роли судьи и «вершителя судеб» переходит к роли консультанта и помощника.

Самооценивание помогает обучающимся осознать свои достижения в изучении английского языка, а также выявить пробелы и слабые места, требующие доработки.

В рамках данного исследования нами было доказано, что оценивание должно быть критериальным, оно не зависит от субъективной оценки преподавателя, а основными критериями выступают предполагаемые результаты, которые соответствуют учебным целям. Оценивается не учащийся, а результаты которых он добился. Критериальное оценивание делает оценку прозрачной. Наличие критериев оценивания работ дает преподавателю оперативную информацию для анализа и планирования своей учебной деятельности, возможность улучшить качество преподавания своего предмета и повысить результаты обучения. Учащиеся же осознанно подходят к выполнению различного рода заданий, принимают во внимание предложенные требования, прогнозируют собственный результат обучения и осознают успех и причины неудач, а, следовательно, повышается мотивация и интерес к изучению английского языка и, в целом, формируется и развивается навык учиться. Критериальное оценивание необходимо использовать в процессе обучения, за этим будущее.

Литература

1 Кривенцова Е.Э., Гунина Н.А. Система критериального оценивания как инструмент измерения качества образования: текущее и итоговое оценивание / Р.П. Мильруд // ФГКОУ МКК «Пансион воспитанниц Министерства обороны РФ». – М.: Педагогика, 2016. – 201 с.

2 Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. - 80 с.

3 Сазонова А.М. «Влияние отметки и оценки на личность учащегося» [Электронный ресурс]. URL: https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/psikhologiya/2017/11/21 /vliyanie-otmetki-i-otsenki-na-lichnost-uchashchegosya /.

4 Хамедова Л.Л. «К проблеме формирования мотивации изучения иностранного языка у студентов» [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki /.

5 Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования. М.: Издательский центр «Академия», 2009.

6 Иванова С.В. Проблемы развития дидактических систем: философскометодологический контекст: монография. М.: ФГНУ ИТИП РАО, Издательский центр ИЭТ, 2012.
7 «Иностранный язык» для неязыковых вузов и факультетов. Примерная программа, М., 2009, МГЛУ.
8 Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. М., 1994.
9 Преснухина И.А., Фетисова Л.И., Елкина И.М. Английский язык. Часть 3: учебное пособие. М.: МГИУ, 2011.

ҒТАМР 14.15.01

БІЛІМ БЕРУДЕ АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Б. Нияз
Мұғалім, А.Дәрібаев атындағы жалпы орта мектеп, Түркістан облысы

Ақпараттық технологиялар өте тез дамып келеді. Бір жағынан, ол көптеген түсініктердің тұрақты бола алмауын көрсетсе, екінші жағынан, осындай динамизм бұрынғы тұрақты деп саналатын түсініктерді қайта карап, соларды толықтыруды талап етеді. Бұл білім саласына да қатысты. Білім беру әдістері мен технологиялары, оқыту формалары ақпараттық технологиялардың ықпалымен сипаты мен мазмұндық жағынан өзгеріске ұшырауда. Осы орайда, аралас оқыту (blended learning) технологиясы білім беру саласы мамандары тарапынан кеңінен қолданысқа ие болып, жедел дамуда. Мақалада аралас оқыту технологиясының мазмұны мен модельдері қарастырылған. Сондай-ақ, аталған оқыту технологиясын іске асырудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары айқындалған.
Түйін сөздер: Индустрия 4.0., оқыту әдістері, орта білім беру, аралас оқыту, аралас оқыту модельдері.

Төртінші өндірістік революция (Индустрия 4.0.) жағдайында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде.

Бірінші өнеркәсіптік революция (XVIII ғ. екінші жартысы-XIX ғ. басы) Өнеркәсіп өндірісі мен көліктің пайда болуы мен дамуын білдіреді. Бұл бу қозғалтқышының және оның негізінде жасалған станоктардың, көлік механизмдерінің өнертабысының арқасында болды.

Екінші өнеркәсіптік революция (XIX ғ.екінші жартысы – XX ғ. басы) өндірістің электрификациясымен, темір жол көлігінің пайда болуымен, ағынды өндірістің енгізілуімен және еңбектің бөлінуімен байланысты.

Үшінші өнеркәсіптік революция (XX ғасырдың екінші жартысы-XXI ғасырдың басы) – радиоэлектрониканың, цифрлық және микропроцессорлық техниканың, ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты өндірістерді жаппай автоматтандыру және роботтандыру.

Төртінші өнеркәсіптік революция (XXI ғ.басы) – жасанды интеллект технологиясы мен заттардың интернет технологиялары негізінде автоматтандырылған және роботталған өнеркәсіптік жүйелер өзара және басқа да кәсіпорындармен өзара әрекеттесетін смарт-зауыттардың, кәсіпорындардың пайда болуы. Бұл өзгерістер жаһандық өнеркәсіптік желілердің, интернет заттардың, 3D принтерлердің, нейрондық желілердің және жасанды интеллект саласындағы зерттеулердің пайда болуымен байланысты [1].

Жоғарыда аталған Төртінші өндірістік революция жағдайындағы білім берудің өзгерісі мен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою» міндетінің қойылуы орта білім беруде пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру маңыздылығын алға тартады.

Оқыту білім алушыларға ұғымдарды, білімді меңгеруден, дағдылар мен іскерлікті қалыптастырудан тұрады. Ең бастысы, бұл оқыту мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен қызметі болып табылады. Бұл өзара әрекеттестіктің дидактикалық мәні білім, дағды мен іскерлікті беру

мен меңгеруді оңтайландыру. Бұл оңтайландыруға мазмұнды оқыту әдістермен де, оқу қызметін ұйымдастырумен де қол жеткізіледі. Өзара әрекеттесудің мазмұнды жағын «оқыту әдістері» сипаттайды, ал мұғалім мен білім алушының бірлескен жұмысын ұйымдастыруды «оқыту формалары» анықтайды. «Оқыту әдісі» оқыту процесінің мазмұнды жағын анықтайтындықтан, оқыту әдістері деп білімді беру және игеру тәсілдерін, дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру тәсілдерін түсінуге болады. Осылайша, педагогикалық мағынадағы «оқыту әдісі» ұғымының мазмұны оқытушы мен білім алушылардың (тыңдаушылардың, курсанттардың) бірлескен қызметінің іс жүргізу тарапымен байланысты. Сондықтан оқыту әдісі жиі қарапайым буын ретінде оқыту тәсілін анықтай отырып, оқыту тәсілдерінің реттелген жиынтығы ретінде анықталады. Оқыту әдісі және оқыту әдісі оқыту және оқу тәсілдері болып табылады, бірақ қабылдау – бұл әдіс бөлшегі, құрамдас бөлігі [2].

Оқыту әдістемесінің табыстылығын іске асыруда жалпы білім беретін орта мектептерде ақпараттық технологиялар көмегімен «blended learning» (аралас оқыту) технологиясын кеңінен іске асыру маңызды.

«Аралас оқыту» термині 90-жылдардың соңында пайда болды. Әдебиеттерде «аралас оқыту» және «гибридті оқыту» терминдері осы кезден бастап қолданыла бастаған еді. Ең бірінші бұл терминдерге анықтама мұғалімдердің білім беру үдерісінде міндетті түрде болуы және де онлайн-әдіс негізінде екіжақты пропорционалды жұмыс жасауы деп берілді. Қазіргі кезде аралас оқыту технологиясына көптеген анықтамалар бар [3].

2006 жылы аралас оқыту туралы «The Handbook of Blended Learning: Global Perspectives, Local Designs» американдық зерттеушілердің Curtis J.Bonk және Charles R. Graham алғашқы кітабы жарық көрді. Онда бұл термин қазіргі заманғы «компьютерлік көмегімен оқытумен «бетпе-бет» оқытуды біріктіретін жүйе» ретінде анықтама алды. Дегенмен, әлемдік педагогикалық практикада «аралас оқыту» ұғымы басқаша түсіндіріледі.

Клейтон Кристенсен институты (Christensen) аралас оқытудың анықтамасын қысқа әрі нақты түрде «аралас оқыту – бұл онлайн-оқыту, мұғалімнің (тұлға-мен-тұлға) қатысуымен оқытуды қоса атқаратын және оқушының оқу жолын, уақытын, орны мен қарқынын дербес бақылау элементтерін, сондай-ақ оқыту тәжірибесін мұғаліммен интеграциялауды және онлайн-оқытуды көздейтін білім беру тәсілі» деп ұсынды [4].

Т.И. Краснованың пікірінше «...аралас оқыту дәстүрлі оқыту моделінің логикалық және табиғи эволюциясы болып табылады. Әдістің атауынан шыға отырып, дәстүрлі модельді (яғни ақпараттық технологияларды пайдаланбай) және электрондық оқытуды біріктіру туралы айту керек. Басқаша айтқанда, оқытудың бұл әдісі электронды оқытудың инновациялық техникалық жетістіктерін және аудиториялық сабақтар аясында студенттер мен оқытушының дәстүрлі өзара әрекеттестігінің жылдар бойы тексерілген тәжірибесін ұштастыруды ұсынады» [5].

Қазіргі кезде педагогикада келесідей аралас оқытудың әртүрлі модельдері мен оларды жіктеу тәсілдері бар (кесте 1).

Кесте 1. Аралас оқытуды интеграциялаудың модельдері

Атауы	*Ерекшеліктері*
Face-to-Face Driver	Материал оқытушыдан сыныптағы күндізгі сабақтарда білім алушыларға беріледі. Электрондық қорлар білімді бекіту және тереңдету үшін ғана пайдаланылады.
Online Driver	Білім алушы вебинарларды қарайды, онлайн-міндеттерді шешеді, интернет-тестілеуден өтеді, яғни материалды алыстан игереді. Бірақ қажет болған жағдайда оқытушымен кездесіп, түсініксіз мәселелер бойынша кеңес ала алады.
Flex model	Бағдарламаның негізгі бөлігі онлайн ұсынылады. Педагог тақырыпты түсіну үшін күрделі мәселелерді бақылап, содан кейін оларды топта немесе жеке сабақта талқылау үшін үйлестіруші ретінде әрекет етеді.
Rotation model	Күндізгі және онлайн-оқыту кезектеседі: алдымен білім алушылар материалды өз бетінше интернет арқылы меңгереді, содан кейін сыныпта оқытушымен бірге және керісінше.
Self-blend	Білім алушылар бағдарламаны әдеттегідей өтеді. Бірақ, егер белгілі бір заттар қызығушылық тудырса, олар бойынша қосымша онлайн-сабақтар алуға болады.
Online Lab	Білім алушылар арнайы бағдарламалар мен арнайы сайттарда эксперименттер қойып, педагогтың қарауында тапсырмаларды шешеді.

Педагогикалық практикада аралас оқыту ұстанымдарын қолдану мұғалімге келесі *мақсаттарға* қол жеткізуге мүмкіндік береді:

– білім алушылардың білім беру мүмкіндіктерін қол жетімділігі мен икемділігін арттыру, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін есепке алу, сондай-ақ оқу материалын игеру қарқыны мен ырғағын арттыру есебінен кеңейту;

– білім алушының белсенді позициясын қалыптастыруды ынталандыру: оның мотивациясын, дербестігін, әлеуметтік белсенділігін, оның ішінде оқу материалын меңгеруде, рефлексия мен өзін-өзі талдау кезінде;

– оқытушы стилін өзгерту: білім трансляциясынан білім алушылардың өз білімін құрастыруға ықпал ететін білім алушылармен интерактивті қарым-қатынас жасауға көшу; білім беру үдерісін дараландыру және дербестендіру;

– білім алушы өзінің оқу мақсаттарын, білім беру қажеттіліктерін, мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып, оларға қол жеткізу тәсілдерін дербес анықтайтын, ал оқытушы көмекші және тәлімгер рөлін атқаруы [6].

Ақпараттық технологиялар мүмкіндіктері мен дәстүрлі оқыту технологияларын өзара үйлесімділікте іске асыратын аралас оқытудың келесідей артықшылықтары анықталды:

1. Білім беру үдерісінің икемділігі. Білім беру контентінің кез-келген уақытта, кез-келген жерде қолжетімділігі.

2. Оқытудың ашықтығы. Білім алушылар мен оқытушыларға үнемі кері байланыс орнату.

3. Жеке көзқарас. Мұғалімнің әрбір білім алушыға жеке оқыту әдістері мен дербес тапсырмаларды ұсыну мүмкіндігі. Әр білім алушыға өзіне қажетті бағытта дамуға мүмкіндік береді.

4. Дербестікті дамыту. Білім алушының өзін өзі ұйымдастыру және абсқару дағдылары мен іскерліктерінің дамуы мен қалыптасуы.

5. Мотивацияны арттыру. Оқытудың түрлі элетронды орталары мен құралдары арқылы білім алушының білім алуға қызығушылығын арттыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Китайгородский М.Д. Индустрия 4.0 и ее влияние на технологическое образование. Современные наукоемкие технологии. – 2018. – № 11 (часть 2) – С. 290-294

2 Седнев В.А., Савченко Н.А. Методические основы подготовки и проведения практических занятий: учеб.-метод. пособие. – М. : Академия ГПС МЧС России, 2014. – 68 с.

3 Мишота И.Ю. Развитие смешанного обучения в условиях цифровизации образовательного процесса // Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». 2018. № 3 (13). С. 97–106. DOI: 10.28995/2073-6398-2018-3-97-106

4 Долгова Т.В. Смешанное обучение – инновация XXI века. Интерактивное образование Информационно-публицистический образовательный журнал. 2017, №5, - С.2-9. http://interactiv.su/

5 Краснова Т.И. Смешанное обучение: опыт, проблемы, перспективы. В мире научных открытий, № 11(59), 2014. – С. 11-25.

6 Сапарходжаев Н.П., Ниязова Г.Ж., Рахмет Ү.Р. Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Оқу құралы. – Кентау, 2020 ж. -190 б.

ҒТАМР 14.25.07

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.К. Исабекова
Мұғалім, Қарашілік орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығы, Алматы облысы

Мақалада сыни тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдаланудың тиімділігі жан-жақты қарастырылған, сонымен қатар тиімді тұстары нақтыланған. Сыни тұрғысынан ойлау стратегиялары білім беру сапасын арттырудың, оқу мақсаттарына жетудің бірден бір жолы екендігі баяндалған.

Түйін сөздер: СТО стратегиялары, Венн диаграммасы, ББҮ, ЭССЕ, ЖИГСО, Блум таксономиясы, оқытудың жаңа бағыттары.

Жаһандануы, ақпараттық технологиялардың тез дамуы тенденциясы оқытудың жаңа бағыттарын зерттеу мәселелеріне басқаша көз қарасты талап етеді. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлелуәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. Өркениетке ұмтылған қазіргі қоғам талабына сай Қазақстан Республикасының дамыған елдермен иық тіресіп тұруы және еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздардың міндеті. Қай пәннің болмасын білім сапасын көтерудің бірден – бір жолы білім беру технологиялары мен оқу үрдісін ұйымдастыруды жаңа түрлерін қолданысқа енгізу. Осындай талапқа қол жеткізу үшін мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін үнемі толықтырып, үздіксіз ізденіс, өз мамандығын барынша жетілдіруі және осы саладағы жаңалықтар мен озық тәжірибені үнемі пайдалануы тиіс. Әр шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына білім сапасының артуына ұстаздың өткізген әр сабағы шешуі роль атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстаздың дәріс беру щеберлігі мен жаңа технологияларды тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Білім беру сапасын арттырудың бір көзі жаңа технологияларды қолдану арқылы сабақты түрлендіріп өткізу.

